“It represented a tall, *fair woman*, with something subtly un-English in her face”- “Бұл бойшаң, *аққұба*ша келген *әйелдің* суреті болатын. Бірақ бет-әлпетінен оның ағылшын әйелі емес екені байқалады”. Түпнұсқа мәтініндегі *fair woman* біріккен зат есімі орыс тіліне *блондинка*, ал қазақ тіліне *аққұба* болып аударылады. Ә.Ахметовтың келтірілген аудармасында бұл біріккен зат есім *аққұба*ша келген *әйел* деп аударылған. Бұл аудармада сөз қосу тәсілі қолданылған. Өйткені мұнда «*келген*» сөзі қосылып отыр.

*Сөз түсіру* (опущения), яғни бір компонентін түсіру деп аударма барысында мазмұнға нұқсан келтірмеу шартымен белгілі бір сөздерді түсіруді айтамыз [6]. Мысалы, “Why did you, a young man of thirty-three, *good-looking*, fond of sport, popular with your friends, devote so much of your time to an elderly woman with whom you could hardly have anything in common?” [3.], “Сіз отыз үш жастағы жас, *әдемі*, спортпен шұғылданып жүрген, достарыңыздың арасында беделіңіз бар, сегіз қырлы, бір сырлы жігітсіз, ал соншама уақытыңызды жасы жетіп тұрған кәрі кемпірге арнауыңыздың себебі не?”. Бұл сөз түсіру моделіне жатады. Мұнда «*көрінетін*» мағынасын беретін *looking* сөзі берілмеген. Аудармашы тек *good* сөзін аударумен шектелген.

“They say, “I never eat flesh”, in a way that puts you right off your nice little *beefsteak*”, “Олар еш уақытта да ет жемейміз дегенді айтқан кезде, жегелі отырған бір үзім *emmi* де тастап кетесің” . Бұл аудармада *beefsteak* біріккен зат есімі қазақ тіліне *ет* болып аударылуына қарағанда, мұнда да сөз түсіру әдісі орын алған. Ағылшын тіліндегі *beef* қазақ тіліне *сиыр*, *сиыр еті* болып аударылады.

*Аударманың жақсы жақтары:*

1. Әрбір кейіпкердің табиғатына сай қысқа да нақты сөйлемдердің қолданылуы.
2. Кейбір сәттердегі оқиғаның, көңіл-күйдің, жағдайдың таза қазақы ұғыммен берілуі. Мысалы, жолда бұзылып тұрған көлік Мэтр-тасығышқа өзінің оталмай қалғанын айта келіп: «*Қалиылдадым да қалдым*», - дейді. Сөз емес, сурет! Бұдан бөлек:
  - *Жан досымды біраз жерге апарып тастадың зой...* (Маккуиннің Франческоға айтатыны).
  - *Қасқа-а! Онда мен неғып тұрмын?! (Мэтрдің асыға жөнелетін тұсы).*
  - Біреу «шарқыш» десе, біреу «салдырлақ» дейді... (Жасырын әрекет ұйымдастырушы Коленвалдың айтатыны. Мұндағы «шарқыш» сөзі – өте дәл теңеу).
  - *Ойбо-ой!* (Эмоционалды көңіл-күйдің қазақы леппен дәл берілгені сүйсіндіреді. Жай «ойбай» естілсе, мұнша елікпейтіміз анық).

3. Италиялық жүйрік көлік Франческоның аузынан шығатын қазақша сөздердің итальян тілімен сәтті үндестірілуі. Мысалы, «қалай дәтің барадо?», «байқап көрсеңши» деп итальян тіліндегі *о, е, и* әріптерінің сөз соңында келетін ерекшелігі дұрыс пайдаланылған. Естіген құлаққа таңсық болса да, жағымды. Ең бастысы, қазақ тілінің зор мүмкіндігін паш ете алады.

*Аударманың сәтсіз тұстары:*

1. «Сцепление» сияқты кейбір орысша сөздердің баламасы дәл табылмай, сол күйінде айтылған.
2. «Қойыңызшы», «қоя салыңызшы» дегенге келетін сөз бір тұстарында «тастаңызшы» деп алынған. Бұл орыс тіліндегі «бросьте» деген сөздің тікелей аудармасы екені белгілі.
3. Кей тұстарында қазақ тілінің әдеби нормасы бұзылған. «Кетесіндер ма не?» (дұрысы – «кетесіндер ме, немене?»), «дейсің ба?» («дейсің бе?» болуы тиіс) деген сөздер ауызекі әңгімеде айтыла беруі мүмкін, бірақ жалпы халыққа ұсынылып отырған туындыда болмауы керек. «Жон терін сыпырып аламын» дейді бір эпизодта Франческо Найзагайға. Дұрысы – «жон терісін» болса керек еді. Осындай аздаған олқылықтарын есепке алмасақ, аударма деңгейі өте жоғары.

**Қорыта келгенде, «Көліктер - 2» аудармасының сапасы қандай?** Бірден айтып өту керек, аударма сапасы да, дыбысталуы да өте сәтті. Бас кейіпкерлерді дыбыстаған 5 азамат та барын салған. Олардың дубляж ерекшелігін жақсы меңгеру үшін лос-анжелестік кәсіпқойлардан алған сабағы текке кетпегені байқалады. Мэтр-тасығышты дыбыстаған Азамат Қанапияевтің өз кейіпкерімен тіпті етене болып кеткені күмәнсіз. Мэтрдің даусымен оның «с» әрпін ысылдап айтатыны өте қызық. Ең бастысы, орашалақ, құлаққа тосын естілетін ештеңе жоқ. «Пиксар» компаниясы фильмді бірден қазақ тілінде жасағандай әсер береді. Жалпы аудармадағы кемшіліктерге қарамастан, аударма өте талапқа сай, лексикалық трансформациялардың берілу жолдары талапқа сай деп қорытындылай аламыз.

болмайды. Мысалы, *I opened the door (Мен есікті ашқанмын)* деген сөйлем *Мен есікті жапқан жоқпын* деген сөйлеммен тең емес; келесі сөйлемдердің арасында да теңдік жоқ: *He laughed (Ол күліп жіберді)* - *Ол жылаған жоқ*. Антонимдер бір-бірін контекстің ішінде ғана ауыстыра алатынын ұмытпау керек. Жеке сөздерді антонимдермен ауыстыруға еш уақытта болмайды, мысалы *қараңғы* деген сөзді *bright (жарық)* деген ұғыммен немесе *қауіпті - safe (қауіпсіз)* деген сөзбен аударуға болмайды.

*Ауыстыру* тәсіліне аударма барысында сөз таптарын, сөйлем мүшелерін, синтаксистік байланыс түрлерін, сондай-ақ лексикалық ауыстыруларды (нақтылау, жалпылау, антонимдік аударма, компенсация) жатқызуға болады. Қазыбек Г.К. бұл ретте сөздіктегі сәйкестіктер көркем аудармада ұғымдық-мазмұндық, стильдік және экспрессиялық қызметінде елеулі айырмашылықтар жоқ тілдік құралдардың орны ауыстырылатындығын, ал енді кейбір жағдайларда екі мәтіннің коммуникативті-функционалдық теңбе-теңдігіне қол жеткізу үшін мәтіндегі сөздің дәлме-дәл баламасы емес, мағынасы жуық, сөздің стильдік қызметін нақтылайтын, экспрессивті бояуын бере алатын басқа сөзбен (тіркеспен, фразамен) ауыстырылатындығын айтады [2, 173-175 бб.]. Кейде түпнұсқа сөйлеміндегі нақты атаулар аудармада есімдік арқылы беріледі, кейде керісінше де болуы мүмкін. Бұл бір сөзді қайталай бермеу мақсатынан туған әрекет болып саналады. Бір сөзбен айтқанда, түпнұсқадағы тілдік бірліктер аударма тіліне сол қалпында берілуі шарт емес. Тек мазмұн кемшіліксіз сақталуы қажет. Мына мысалдарды талдап көрейік: “Now then, *school marm*, she said”, сөйлемін аудармашы қазақ тіліне “Ал, *мұғалім мадам*, сіз не дейсіз?-деді ол” деп берген.

Бұл сөйлемде *school marm* біріккен зат есімі *мұғалім мадам* болып аударылған. Бұл аударманы сөз ауыстыру моделіне жатқызамыз. Өйткені, мұнда *school мектеп* сөзінің орнына *мұғалім* сөзі берілген. Яғни, *мектеп мадамы* дегеннің орнына *мұғалім мадам* сөзі қолданылған.

“...and raising the revolver he fired *point-blank* at the woman’s retreating figure just as I flung myself upon him” ], “...ол қаруын көтере беріп, сытылып бара жатқан әйелді *көздеді*. Дәл осы кезде мен оны бас салдым”. Аталған сөйлемде *point-blank* біріккен сөзі қазақ тіліне *көздеді* болып аударылған. Негізінде, *point-blank* біріккен сөзі зат есім қызметінде тұр. Ал аудармашы оны *fire* етістігінің көмегімен етістікке айналдырып аударған. Осы тұрғыдан алып, мұны сөз ауыстыру моделіне жатқызамыз. Ғалымдардың сөз ауыстыру моделі көп жағдайда сөз таптарын ауыстырумен байланысты болады деген пікірін осы мысал қуаттайды.

“A returning *wayfarer*, slightly drunk, was lurching along the pavement and almost collided with Poirot, who said something sharply to him which I did not catch” - “Қарсы жақтан теңселе басып келе жатқан масаңдау *біреу* Пуароны қағып кете жаздады. Пуаро ашуланып, әлгіге бірдеме деді, бірақ оның не дегенін ұқпай қалдым”, сөйлемдегі *wayfarer* біріккен сөзі *біреу* болып аударылған. Бұл аударма сөз ауыстыру әдісі бойынша жасалған. Негізінде, *wayfarer* біріккен зат есімі *жолда жүруші* деген мағынаны білдіреді. Ал қолымыздағы аудармада ол *біреу* деп берілген.

Кейде түпнұсқа сөйлеміндегі нақты атаулар аудармада әр түрлі сөз таптары арқылы берілсе, енді бірде түпнұсқадағы негізгі етістік аударма тілде бірнеше сөзден тұратын аналитикалық формалар арқылы берілуі де мүмкін. Түпнұсқадағы зат есім аудармада етістік түрінде немесе керісінше де беріле алады [3, 32].

*Сөз қосу*(добавления) дегенді түпнұсқада жоқ, бірақ аударма барысында қажет болған қосымша сөздерді қолдану дегенді білдіреді. Мысалы, ағылшын тіліндегі “Some of them must be perfect palaces; the swimming-baths, the lounges, the restaurants *the palm courts*- really, it must be hard to believe that one is on the sea” сөйлемі қазақ тіліне ““Ия, тамаша болар еді”, - деп құптай кеттіп мен оны.“Ол кемелердің кейбіреуін сәулетті сарай десең де артық болмайды, шомылатын бассейндер, демалыс бөлмелері, мейрамханалары, *пальма ағашы өсірілген саяжайлары* – жан рахатының бәрі бар. Тіпті теңізде келе жатқаның да мүлдем есіңнен шығып кетеді” - деп аударылған. Сөйлемдегі *the palm courts* біріккен зат есімі қазақ тіліне *пальма ағашы өсірілген саяжайлары* еркін тіркесі арқылы берілген. *Palm пальма*, *court аула* болып аударылатынын ескерсек, автор аударма мәтініне *пальма ауласы* деп беруді місе тұтпай, қазақ тілді оқырмандарға *the palm courts* біріккен зат есімін түпнұсқа мәтінінен аударма мәтініне сөз қосу арқылы *пальма ағашы өсірілген саяжайлары* деп жеткізуді жөн көрген.

Келесі мысалдарды талдап көрелік: “He only actually lived in it *a fortnight* – then he advertised it to be let furnished”, “Ол да *екі-ақ апта* тұрып, сосын үйді жалға беретіні жөнінде хабарландыру жасайды” . Ағылшын тіліндегі *a fortnight* біріккен үстеуі қазақ тілінде *екі апта* мағынасын береді. Алайда мұнда

бар. Мультфильмді шығарушыларға Қанапияев дыбыстаған Мэтр ерекше ұнапты. «Біз естіп көрген Мэтрлердің ең үздіктерінің бірі», - деді олар.

«Біз осы премьераны 5 жыл күтеміз дегенше, мультфильмнің кейіпкерлері қазақ тілін жетік меңгеріп алды», - деп қалжыңдады Вадим Голенко. Сөзін қорытындылай келе Марина Жигалова-Озкан осы жылдың аяғында мультфильм DVD– дисктерінде шығатынын айтты. Мультфильмді қазақ тілінде көргісі келетін әрбір адам осы дискіні алып көре алады.

«Көліктер 2» – бұл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Болашақ» Қауымдастығы, «Меломан» компаниясы, «Алтын Қыран» халықаралық қайырымдылық қоры және бүкіл әлемге әйгілі екі киностудияның бірігіп шығарған сыйлығы.

«Көліктер 2» мазмұны бойынша: Найзағай Мак Куин мен оның досы Мэтр жаңадан қызықты да шытырман оқиғаларды бастан өткереді. Әлемнің ең маңызды да, айтулы жарысы – Әлемдік Гран-При басталмақ. Бұл сында Формула-1, NASCAR, Le Mans секілді барлық санаттағы жарысушылардың үздігі анықталмақ. Мак Куин Жапонияның, Францияның және Италияның аса қауіпті тасжолдарында үздіктердің үздігімен сайысқа түсуі тиіс. Алайда, ол Мэтр екеуінің шытырман тыңшылық қастандыққа тап болатындарын әлі білмейтін еді.

Найзағай МакКуин мен оның досы Мэтр жаңадан қызықты да шытырман оқиғаларды бастан өткереді. Әлемнің ең маңызды да, айтулы жарысы – Әлемдік Гран-При басталмақ. Бұл сында Формула-1, NASCAR, Le Mans секілді барлық санаттағы жарысушылардың үздігі анықталмақ. МакКуин Жапонияның, Францияның және Италияның аса қауіпті тасжолдарында үздіктердің үздігімен сайысқа түсуі тиіс. Алайда, ол Мэтр екеуінің шытырман тыңшылық қастандыққа тап болатындарын әлі білмейтін.

Қазақ тіліне дубляждalған тұңғыш Голливуд туындысы - "Көліктер-2 (Cарсанимациялық фильмі. АҚШ пен Ұлыбритания, Ресей мен Қазақстан мамандарының қатысуымен дубляждalған "Көліктер 2" мультфильмінің Қазақстандағы тұсаукесері 2011 жылдың 23 маусымы күні өткізілді. Қазақ тілі - "Көліктер 2" туындысы ресми түрде дубляждalған әлемдегі 39-шы тіл болды. Түркі тілдерінің арасында Голливуд туындылары бұған дейін тек түрік тіліне ғана дубляжданған.

Енді «Көліктер -2» мультфильмін талдап көрелік. Аудармалық трансформацияларын ғалымдар әр түрлі жіктейді. Алайда аударматанушылар көбінесе, Л.С. Бархударов та аударма трансформацияларын негізгі сипаттары жағынан төрт топқа жіктеген теориясымен санасады:

1. Орын алмастыру;
2. Сөз қосу;
3. Ауыстыру;
4. Түсіріп тастау (опущения) [1, 190-231 бб.].

*Орын алмастыру.* Бұл – аудару үстінде түпнұсқа тілдегі элементтердің орналасу тәртібін аударма тескте өзгертіп беру. Алмастырылатын, әдетте, сөздер, сөз тіркестері, құрмалас сөйлемдерді құрастырушы сыңарлардың орын тәртібі, дербес сөйлемдердің тіркестегі орны. Бұл трансформацияны мына мысалдар арқылы талдап көрсетуге болады. Аударма материалы ретінде «Көліктер -2» мультфильмінің ұнтаспа материалдарын талдап көрелік. “Therefore, mon ami, I fear that you must forswear your beauty sleep tonight, and join me in my *all-night* vigil in that flat below – armed with that excellent revolver of yours, bien entendu!”, “Соған қарағанда, достым, бүгін тәтті ұйқыңды қиып, төменгі пәтерде менімен бірге *түні бойы* кірпік қақпай отыруға тура келер. Әрине, әлгі тапаншанды өзіңмен бірге ала жүрсен, абзал болар еді”. Бұл сөйлемде *all-night* біріккен үстеуі қазақ тіліне *түні бойы* болып аударылған. Бұл аударманы сөзбе-сөз аударма әдісіне жатқыза аламыз. Мұндағы *all-night* біріккен сөзі сөздіктерде *түні бойы* болып берілген. Алайда бастапқы тілде екінші орында тұрған сөз аудармада бірінші орынға шыққанын айта кеткен жөн. Бұл жағынан бұл аударманы орын алмастыру моделіне жатқызуға болады.

*Антонимдік аударма* – түпнұсқада берілген ұғымның адекватты (дұрыс) баламасын беру үшін, оның сол ұғымға қарама-қарсы сөзбен алмастырылуы арқылы жүзеге асырылатын лексикалық-грамматикалық трансформация (аударма тәсілі). Сонымен бірге мұндай аударма барысында түпнұсқадағы болымды мағынаға ие сөз аударма мәтнінде оған қарама-қарсы мағыналы сөзбен аударылады және керісінше де солай болады.

Мысалы, «It hurts everywhere» деген сөйлемді қазақ тіліне «Ауырмайтын жерім жоқ» деп те аударуға әбден болады. Тәжірибелі аудармашылар шет тілдегі баламаны таппағанда етістікке антонимдік аударма тәсілін қолданады. I never forget it! - *Бәрі де есімде*. Әрине, кезкелген антониммен болымсыздықты пайдалануға, ал антонимдік аударма тәсілін қолданған кезде сөйлемнің мазмұнын өзгертуге

Niyatullayev S.M. <sup>1</sup>,

<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical university named after Abai

## REALIA AS CULTURAL UNITS AND THEIR METHODS OF TRANSFERING IN TRANSLATION (On the basis of trilogy A. Nurpeysov "Blood and Sweat")

Annotation

The article examines the features of cultural units and the methods of translation of the equivalent vocabulary. One of the complex types of translation is artistic translation. We all know that the basis of comparative literary criticism is artistic translation, and therefore the study of the connection between them is very important. In translation from the SL to the TL, it is necessary to preserve the meaningful, significant, external values of thought in the original. This work compares art works in Kazakh, English, and explores the advantages and disadvantages of language functions. Moreover, the article describes the methods of translation and the essence of realias. Also, the similarities, peculiarities and collision of two different cultures in the translation of the translated language are described. Let us dwell on the methods used during the translation, and the separation of realias into different groups by properties. In addition, the features of the transfer of cultural units in A. Nurpeysov's novel "Blood and Sweat" and their translation into English are examined, and the need for several additions and deficiencies with a secondary transfer. In a general, in the article, we collect the opinions of domestic and foreign scholars connected with the art of translating literary works.

**Key words:** literary translation, transliteration, realia, equivalent, national color, grouping.

ГТАХР 16.31.41

А.Онталапқызы

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

## «КӨЛІКТЕР- 2» МУЛЬТИПЛИКАЦИЯСЫ АУДАРМАСЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАРДЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Лексикалық трансформация дегеніміз – аудару тілінен аударма тіліне белгілі бір лексикалық бірліктерді аударған кезде эквивалентсіз, сөздік ордың сәйкес емес берілуі. Лексикалық трансформациялардың қолданысы әр түрлі себептерге байланысты болып келеді.

Аударманың трансформациялық теориясының мәні аударма үдерісі барысында ой-мазмұнды толыққанды беру мақсатында түпнұсқалық лексикалық бірліктің ішкі формасын түрлендіруде немесе оны аударма тілінің лексикалық бірлігімен ауыстыруда. Аударманың трансформациялық үлгісін жасауда аудармашы аударма үдерісі кезінде қиыншылық тудырған күрделі мәселені тауып, оның шешімін табу үшін аударманың басты мақсаты оның адекватты болуы екенін ескере отырып, қажетті аудармалық трансформацияларды жасауы тиіс.

Аударма мағынасының дұрыс берілуі де аудармашының лексикалық трансформацияларды дұрыс қолдануы, лексикалық трансформация дұрыс берілмеген жағдайда аударманың мағынасы түпнұсқа мағынасынан алшақтап кетуінің мәселелері және осы ретте аударманың сапалы болуының маңыздылығын арқау етеміз. Осы күнде де бір тілден екінші тілге аударманы берудің ең тиімді әдісі - лексикалық трансформация екендігі дәлелденеді.

Қазақстан кино индустриясындағы «Көліктер - 2» тұңғыш мультфильмінің аудармасын талдау зерттеу жұмысымыздың өзектілігіне арқау болды.

**Түйін сөздер.** лексикалық трансформациялар, «Көліктер- 2» мультипликациясы, аударма әдістері.

Көліктер 2 (ағылш. *Cars 2*) - Өз жобаларында жанұялық құндылықтарды, қайырымдылықты, өзара қолдауды насихаттайтын «Уолт Дисней» ірі әлемдік киностудиясы үшін қазақ тілі әлемде бар 7 мың тіл арасында ресми дубляждың 39-шы тілі болды.

«Біз дубляждың сапасына ерекше көңіл аударамыз. Сондықтан да біз басқа мемлекеттерге белгілі бір талап қоя отырып, қазақ тіліне де сондай талап енгіздік. Лос-Анджелес, Лондон, Москва және Астана қалаларының мамандарынан құрылған топ үлкен жетістіктерге жетті. Сіздер бұл мультфильмді өз ана тілдеріңізде көре алатындарыңызға біз өте қуаныштымыз», - деді Марина Жигалова-Озкан. Бес басты кейіпкерді дыбыстайтын әртістер Лос-Анджелесте бекітілді. Бір дауысты бекіту үшін фильм режиссері кем дегенде 5-6 дауыс ұсынуы тиіс болды. Басқа кейіпкерлердің дауыстары Алматы қаласында «Уолт Дисней Компани ТМД» компаниясының *Disney Character Voices* бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен бекітілді.

«Көліктер 2» мультфильмінің кейіпкерлерін қазақша дыбыстағандардың қатарында Бақытжан Әлпейісов, Күнсұлу Шаяхметова, Дәулет Әбдіғапаров, Нышанбек Жұбанаев және Азамат Қанапия

Қонақтар ыңғайсызданып қалды да **тымақтарына** жармаса бастады.  
*The guests exchanged glances and then began to move picking up their **tymaks**.*  
**Tymak** – headgear made of animal's skin.

Бұл мысалдарда «бәйбіше», «тымақ» сөздері транскрипцияланып, оның түсіндірмесімен берілген. Ағылшын тілінде баламасы да, ұқсас та аудармасы болмағасын осы әдіс қолданылып отыр. Әдетте реалиялардың басым көпшілігі осы тәсілге салынады.

Қара мақпал **тақия**, қара зегірен **беишент** киіп, тыраитанып алған **тақуа** Ебейсін жұпыны, жүдеу жігіттерге жатырқай қарады.

*He began wearing a black plush **tyubeteyka** and a black foreign tunic, and became neat and pious.* [3, 191]

Ал бұл келтіріліп отырған мысалға назар салсақ біраз өзгеріс бар. Жанама аударма болғасын ағылшын тіліне аударылған роман толық қанды ашылмаған. Қазақтың «тақия» сөзі тюбетейкаға ауысып кейбір мәдени бірліктер түсіп қалған. Сол себепті бұл романның әлі де басқа да қазақ тілінен тікелей аударылған аудармаларға зәру екені байқалады.

Аудармашының шеберлігі – оның тілді жақсы меңгеруімен қатар көркем шығармадағы бейнелеп жеткен ақпаратты толық жеткізу үшін функционалды-баламалы аударма тәсілін қолдануында аудармашының ұғымдық деңгейден күрделі фондық деңгейге көшуі оның шығармашылық ізденісінің көрінісі. [4, 249]

Яғни, қорыта келгенде аударма – бұл тіларалық қатынас үшін пайдаланылатын жалғыз ғана тәсіл. Оның негізі мақсаты – әр түрлі тілдерде сөйлейтін кісілердің қатынасын максималды түрде бір тіл ширегінде сөйлейтіндей ету.

Гете айтқандай, «Аудармада аударылмайтынға жету қажет. Сонда ғана басқа халықты, жат мәдениетті білуге болады». Гетенің сөздерін реалия анықтамасына жатқызуға болады. Өйткені реалия тек қана аймақтық құбылыстарды және ұғымдарды білдіретін берілген, басқа халықтың тұрмысында, тілінде жоқ сөздер. Алайда, аудармашылар реалия сөздерді аударған кезде оларға эквиваленттерді немесе аударма тәсілдерін қолдануға тырысады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Влахов С. Флорин С. *Непереводимое в переводе.* – М.: Высшая школа, 1986. – 416 б.
- 2 Нұрпейісов Ә., «Қан мен тер»: Трилогия. – Алматы: Жазушы, 1991. – 624 б.
- 3 *Blood and sweat: Liberty publishing house.* – New York, 2000. – 765 p.
- 4 Абишева У.К. *Феномен литературного диалога// Вестник КазНПУ им.Абая.* – Алматы, 2015. – № 4. – С. 87-92.
- 5 Жанұзақов Т. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 6 Жұмабекова А.Қ. *Аударма теориясы.* – Алматы, 2010. – 262 б.
- 7 Жолдасбаева Г.С. *Агата Кристи детективтерінің аудармасы және оны қазақ мәдениетіне бейімдеу ерекшеліктері// Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы.* – 2016. – №3 (57).

Ниятуллаев С.М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

#### **РЕАЛИИ КАК КУЛЬТУРНЫЕ ЕДИНИЦЫ И ИХ СПОСОБЫ ПЕРЕДАЧИ В ПЕРЕВОДЫ**

**(На основе трилогий А.Нурпейсова «Кровь и Пот»)**

*Аннотация*

Статья рассматривает особенности культурных единиц и методы перевода без эквивалентной лексики. Одним из сложных видов перевода является художественный перевод. Все мы знаем, что основой сопоставительного литературоведения является художественный перевод, и поэтому изучение связи между ними очень важна. В переводе с ИЯ на ПЯ необходимо сохранить содержательный, значительный, наружный ценности мысли в оригинале. Данная работа сравнивает художественные произведения на казахском, английском языках, и исследует преимущества и недостатки языковых функций. Более того статья описывает методы перевода и сущность реалий. Также, рассказывается сходства, особенности и столкновение двух разных культур в процессе перевода переводимого языка. Остановимся на методах которые используется во время перевода, и разделение реалий на разные группы по свойствам. В дополнении, рассматриваются особенности передачи культурных единиц в романе А.Нурпейсова «Кровь и пот» и их перевод на английский язык, и изучается необходимость нескольких дополнений и недостатков при вторичном переводе. В общем статье собираем мнений отечественных и зарубежных ученых связанный с искусством перевода литературных произведений.

**Ключевые слова:** художественный перевод, транслитерация, группировка, национальный колорит, реалия, эквивалент.





Реалиилерді жеткізуде транслитерация тәсілі сирек қолданылады. Аудармашы көбінесе қоғамдық-саяси өмір мен жалқы есімдерді аударуда осы тәсілге жүгінеді.

Калькалау – сөзбе-сөз аудару арқылы жүзеге асады. Осы тәсілде реалии сөздің мағынасын барынша толық сақтап жеткізуге болады. Алайда мағынасын сақтау оның колоритін сақтауды білдірмейді, өйткені, ол аударма тілдің құралдары арқылы беріледі.

Мағынасы жақын сөздермен ауыстыру тәсілі жиі қолданылады. Осы тәсілде реалиидің функционалды эквивалентін табу көзделеді.

Транслитерациялау арқылы жеткізу мүмкін емес реалиялар сипаттау, түсіндіру арқылы аударылады. Сипаттамалы аударма қолданылған кезде реалияның мазмұны ашылады. Сипаттама аударма (экспликация) – белгілі бір ұғымды басқа тілдің құралдарымен сипаттаудан (оның мағынасын экспликациялаудан) тұратын аударма тәсілі. Бұл тәсіл аударма тілінде сәйкес атаудың болмаған жағдайында немесе аудармашының оны білмеген жағдайында пайдаланылады. Сипаттама аударма – аудармашыға ең қиын жағдайларда көмек көрсететін әмбебап тәсіл. Ол әлеуметтік, географиялық не ұлттық ерекшеліктерге байланысты аударма тілінде сай ұғымды белгілейтін сөз жоқ болғанда өте тиімді. Сипаттама аударма таныс емес реалий сөздерді (баламасыз лексиканы) оқырман мен тыңдаушыға түсіндіріп жеткізеді. Бұл тәсіл транслитерация немесе транскрипция арқылы жиі қолданылады. Бұл аудармашы үшін өте қиын, ал оқырман не тыңдаушы үшін өте жеңіл тәсіл. Сипаттау – сызықша, жақша, сілтеме, кітап соңындағы ескертпелер арқылы беріледі. Тікелей контекстегі реалий сөздерді түсіндіру – көркем аударманың ерекшелігі. Егер аудармашыда басқа елдің заты немесе құбылысы туралы мәліметі, білімі жеткілікті болса, егер де ол осы реалия нені белгілейтінін білетін болса, онда сипаттамалы аударма дұрыс болады.

Контекстуалды аударма бұл тәсіл өз қағидасы бойынша ұқсас аударма тәсіліне ұқсайды, бірақ сөздік аудармаға қайшы. Өйткені осы тәсілдермен аударылып жатқан сөздің мағынасы сөздікте берілген оның эквивалентінің мағынасынан тыс болуы мүмкін. Сонда аудармашы негізінен контекстке бейімделеді. Бұл тәсілдің мәні – сөздікте берілген сөзді контекстке, логикалық жағынан байланысты сөзбен алмастыру.

Реалиямен толықтай таныса келе енді автор еңбегінде келген реалиялардың ағылшын тіліне қалай аударылғанын саралайық.

*Тәңірберген әдетте күндізгі қонағын бәйбішесінің үйінде қабылдап, кіші әйеліне кешке жатарда ғана баратын [2, 191].*

*Tanirbergen only spent the night at his young wife's home, but always receives guests in the large home of his baybishe.*

**Baybishe** – senior wife.

- 3) сөздің номинативті мәні үшін негіз болып табылатын материалдық мәдениеттің заттары;
- 4) өмірдің және тұрмыстың ұлттық ерекшеліктерін белгілейтін сөздер.

Көркем мәтіннің ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсетуде реалиилердің маңызы айрықша. Көркем мәтіннің ұлттық-мәдени элементі ретінде көркем мәтінде кездесетін реалиилер бірқатар лингвистикалық және жеке аудармашылық зерттеулерге арқау болды. Реалиилер – басқа тілдерде сәйкес бірлігі жоқ, сол тілдің тұрмысында ғана кездесетін және сол тілге ғана тән ерекше сөздер мен тіркестердің жиынтығы.

Аудармашы тарихи реалиилерді бірінші, ескі авторлардың көне шығармаларынан және екінші, ежелгі немесе жуырдағы өткенді – көнерген құбылыс-тарды суреттейтін қазіргі заманғы жазушылардың шығармаларынан кездестіре алады. Олардың арасындағы айырмашылықтар олардағы реалиилерді аударуда түрлі тәсілді талап етеді.

Көркем аудармада реалиилерді аудару аудармашыдан шығармашылық пен терең экстра-лингвистикалық білімді талап етеді. Аударма үдерісінде өзге тілде мағынасы мен мазмұнын жеткізу қиын лексикалық бірліктерді зерттеп-зерделеу аудармада сол елдің тілі, мәдениеті, тарихы мен күнделікті тұрмыс-тіршілігін шынайы түрде жеткізуге жол ашады.

Ұлттық әдебиеттің кез-келген туындысы тарихи, мәдени ақпараттан түзілетіні белгілі. Ал ұлт әдебиетінің көрнекті шығармашылық тұлғаларының туындыларында реалиялар мейлінше кең көрініс табады. Осы тұрғыдан келгенде, ұлт әдебиетінің туындыларын аударудағы басты қиындық реалияларды аударумен байланысты анықталады. Реалиялар туралы аударматану ғылымында жинақталған ойлар мен пікірлердің мол қоры бар. Кейбір аударматанушылар реалияларды аудару мәселесін аударматанудың теориясымен сабақтастырады. Әрине, бұл жерде теориялық қағидаларға сүйенудің маңызы үлкен. Солай дегенмен, реалияларды аудару аударма теориясының қағидаларына негізделеді деп біржақты айтуға болмайды. Шындығына келгенде, реалияларды аудару аударма теориясынан шықпайды, аударма теориясы реалияларды тану, пайымдау, аудару тәжірибесінен шығады. Сондықтан, реалияларды аудару мәселесін нақты, салыстырмалы талдау негізінде пайымдаған дұрыс.

Реалиялар белгілі бір басты ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлінеді. С.Влахов пен С.Флорин оларды былайша жіктейді:

- 1) Заттық бөлу:
  - а) Географиялық реалиялар;
  - ә) Этнографиялық реалиялар;
  - б) Қоғамдық-саяси реалиялар;
- 2) Жергілікті бөлу:
  - а) Бір тіл кеңістігіндегі реалиялар;
  - ә) Қос тіл кеңістігіндегі реалиялар;
- 3) Уақыттық бөлу:
  - а) Қазіргі заман реалиялары;
  - ә) Ескірген (тарихи) реалиялар [1, 59].

Ал осы жоғарыда ескерілген географиялық, этнографиялық, қоғамдық-саяси, тұрмыстық және т.б. реалиялар «Қан мен тер» романында да жиі кездеседі. Олардың бәрін қарастыру біздің мақаламыздың міндетіне жатпайды. Біз Ә.Нұрпейсовтың еңбектеріндегі ұлттық мазмұны мен сипаты қанық реалияларды ғана тандап алып, өз ойларымызды солардың ағылшын тіліне аударылу деңгейін анықтауды мақсат еттік. Міне, осы ізденіс пен еңбек жемісті болуы үшін реалияларды аудармас бұрын, олардың мағынасын түсініп, ұғынып алу қажет. Ал содан кейін олардың Ә.Нұрпейсовтың еңбектеріндегі қызметін анықтап болғаннан кейін ғана аудармаға кірісу керек.

Қазіргі таңда реалиилерді аударуда бірнеше тәсіл қолданылып жүр. Реалия сөздерді аударудың барлық тәсілдерін келесі сызбамен белгілеуге болады:

С.М. Ниятуллаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

РЕАЛИЯ СӨЗДЕР МӘДЕНИ БІРЛІКТЕР РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ  
АУДАРМАДА БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ  
(Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясы негізінде)

*Аңдатпа*

Мақалада ұлттық мәдени бірліктердің болмысы мен ерекшеліктері, және баламасыз лексикалардың аудару әдістері қарастырылады. Аударма ғылымындағы қиын салалардың бірі көркем аударма болып табылады. Көркем аударма салыстырмалы әдебиеттанудың белсенді бір негізі екендігіне дау жоқ, ендеше олардың байланысын жүйелі зерттеу зәрулігі көп. Түпнұсқадағы айтылған ой ана тілінде қандай болса, оның мазмұндық, мағыналық, пішіндік құндылықтарын сақтай отырып өзге тілге аударудың тауқыметі жетерлік. Ал бұл еңбекте ағылшын және қазақ тілдеріндегі көркем шығармаларды салыстырып, саралап тіл функцияларының артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделейміз. Сонымен қатар аударма тілге аудару барысындағы екі мәдениет тоғысуы мен олардың ұқсастықтары, ерекшеліктері жайында сөз қозғалады. Және аудару барысында қолданылатын тәсілдермен, реалия сөздердің сипатына қарай бірнеше топқа топталуына тоқталамыз. Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы мәдени бірліктердің ерекшеленіп берілуі, оның ағылшын тіліне аударылуы, әрі жанама аудармадағы кеткен кемшіліктер мен толықтыру керек жайлары қамтылады, және осы еңбектен бірнеше мысалдар келтіріледі. Жалпы мақаламызда көркем әдеби шығармаларды аударуға қатысы бар отандық және шет елдік ғалымдар пікірін жинақталған.

**Түйін сөздер:** көркем аударма, транслитерация, топтау, колорит, реалия, балама.

Қазіргі таңда аударманың танымдық маңызының арта түсуіне әсер беретін оқырман қауым аударылған еңбектердің мазмұны мен идеясын ғана емес, сонымен қатар, ұлттық ерекшеліктерді де қабылдауға дайын. Осыған орай жалпыадамзаттық идея мен ұлттық ерекшеліктердің арақатынасы мәселесі аударманың сәйкестігін бағалау критерийі қатар орын алады. Ұлттық бояу – көркем құрал ретінде танылатын көркем шығарманың басты сипаты болғанымен, көбінесе мәдени-ұлттық, тарихи колоритті көрсету ұлттық бояуға ие реалиилердің еншісіне тиесілі.

Аударма үрдісі барысында ұлттық-мәдени компонентке ерекше назар аудару қажет, өйткені ол аударылып отырған мәтіннің иағынасын анықтайды. Сондықтанда аудармашы түпнұсқа мәтіннің грамматикалық, стилистикалық және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып әдеби мәтін құруы қажет [7]. Бұдан келіп көркем шығарманы бейімдеу мәселесі туындайды. Ал көркем мәтіннің басты қиындығы ол реалия.

«Реалии» сөздер ұлттық ерекшеліктерге ие және ең жиі кездесетін лексикалық бірліктерді құрайды. Бұл терминді ХХ ғасырдың 40-жылдары ұлттық ерекшелікке ие заттың немесе құбылыстың атауы ретінде аударма теориясы мен тәжірибесіне А.В. Федоров енгізді. ХХ ғ. екінші жартысында осы реалиилерді білдіретін лексикалық бірліктерді атау үшін ең нақты терминді іріктеуге талпыныс жасалды («экзотизмдер» немесе «экзотикалық лексика», «локализмдер», «этнографизмдер», «варваризмдер», «тұрмыстық сөздер», «ксенизмдер»).

Кейбір лингвист ғалымдар өз ғылыми зерттеулерінде «реалия» терминін емес, «эквивалентсіз лексика» терминін қолдайды. Алайда «реалия» ұғымын «термин» ұғымынан бөліп қарастыру керек. Реалия сөздер көркем әдебиетте өте жиі кездеседі. Олар белгілі бір халықтың мәдениетімен байланысты. Осы халықтың тілі үшін жалпы қолданбалы, ал басқа тілдер үшін жат. Қандай да болса ұлттық бояусыз, ғылым саласына жататын терминдер жасанды түрде пайда болады. Олар тек қана затты не құбылысты атау үшін қолданылады. Енді «реалия» терминінің әр алуан анықтамаларын қарастырайық:

1) реалия – бұл ұғым, практикалық түрде басқа тілде сөйлейтін адамдардың өмірінде болмайтын ұғым;

2) сыртқы лингвистикамен және аударматанумен зерттелінетін әр түрлі факторлар және олардың тілде бейнеленуі, сондай-ақ берілген елдің мемлекеттік құрылымы, халықтың тарихы, мәдениеті, тілі, берілген тіл меңгерушілерінің байланыстары және т.б.;

Правильный выбор слов означает грамотное использование синонимов. Их неточное употребление может не только сделать текст “корявым” но и исказить его смысл. Повторяемость одного и того же слова, лексическая бедность (в художественных и публицистических текстах) является существенным недостатком. Изменение формулировок такого текста для повышения его “читабельности” и литературного уровня называется “лексическим обогащением”. Иногда в процессе такой проверки текст приходится фактически переписывать заново. Также неправильная грамматика и несоответствующее использование слов и выражений наблюдается в текстах, составленных не носителями языка: такое явление существенно затрудняет понимание. Даже если текст написан неплохо, при повторном чтении специалист, как правило, выявляет огрехи – поскольку при непосредственном написании (перевода) человек занят передачей смысла, а окончательные “штрихи” наносятся потом. Переводчики производят редактирование текстов, написанных “начерно”, чтобы придать им окончательную отточенную форму. Поэтому *редактирование перевода* является частью процесса подготовки перевода, обязательным этапом выполнения перевода, элемент контроля качества.

С профессией переводчика профессию инноредактора объединяет то, что она также предполагает профессиональную работу с текстами и высокопрофессиональный уровень владения языками.

Таким образом, для обеспечения высокого качества перевода переводчик должен уметь сопоставлять текст перевода с оригиналом, оценивать и классифицировать возможные ошибки, вносить необходимые коррективы. Также необходимо отметить что оценка качества перевода – процедура комплексная. Она осуществляется и с учетом переводческих норм, точнее, степени соответствия перевода предъявляемым к нему требованиям, и с точки зрения успешности выполнения текстом перевода присущих ему функций.

#### **Список использованной литературы:**

- 1 Морозова В.А. Редактирование. Общий курс: Учебное пособие. – Ульяновск: УлГТУ, 2002. – 263 с.
- 2 Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский: Учебное пособие. 3-е изд. – М.: Изд-во УРАО, 2002. – 208 с.
- 3 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – М.: Международные отношения, 1974. – 216 с.
- 4 Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. – М.: Издательство ЛКИ, 2007. – 176 с.
- 5 Чуковский К.И. Высокое искусство. – М., 1988. – 296 с.
- 6 Мирам Г.Э. Профессия: переводчик. – Киев, 1999. – 158 с.

Б.Д. Кисикова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

#### **АУДАРМАЛАРДА РЕДАКЦИЯЛАУ – АУДАРМАШЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ**

Аңдатпа

Бүгіндері аударманы сапалы редакциялаудың ролі өзекті. Жаһандану жағдайында мәдениетаралық байланыс және ҚР әлемдік нарыққа шығуына орай аударманың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру қажеттілігі артты.

Бұл мақалада аударма мәтіндерін редакциялаудың негізгі жүйеліліктері белгіленген. Сандық қатынаста өлшеусіз өскен және де сапасы жағынан біркелкі емес аударылған әдебиеттің сыни талдау қажеттілігі белгіленген. Аударманы редакциялаудың негізі аудармашылардың түпкі ісі ретінде көрсетілген. Сонымен қатар сынап талдаудың әдісі аудармашылардың кәсіби құзыретінің қалыптастыруындағы маңызды кезеңі ретінде сипатталған. Бұл мақалада аудармадағы қателіктердің дереккөздері мен олардың пайда болуының қағидалары анықталған. Аударманы сынап талдаудың әдісін меңгеру аудармашылардың кәсіби құзыретінің қалыптастыруындағы негізгі кезеңі ретінде белгіленген.

**Түйін сөздер:** редакциялаудың мақсаты, сыни талдау, аударылған мәтін, аудармашының кәсіби құзыреті, аудармадағы қателер, аударма мәтінінің сапасы.

B.D. Kisikova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai

#### **EDITING TRANSLATIONS AS THE BASIC ACTIVITY OF A TRANSLATOR**

Annotation

This article identifies the patterns of translation editing. Necessity of critical thinking of immeasurably increased number of translated literature and its heterogeneous quality are identified. The essence of translation editing is presented as a basic activity of translators. The article also describes the method of critical analysis of translation as a crucial stage in the formation of the professional competence of a translator. The article identifies the sources of translation errors and principles of their occurrence. It is noted that the mastery of the method of critical analysis of translation is a significant step in the formation of the professional competence of the translators.

**Key words:** aim of editing, critical analysis, translated text, professional competence of a translator, translation errors, quality of translation

Таким образом, овладение методом критического анализа переводов является важным этапом в формировании профессиональной компетенции является важным этапом в формировании профессиональной компетенции переводчика. Следует отметить, что редактирование в переводоведении – это критическая оценка качества текста перевода, которое выполняется переводчиком-специалистом в той области науки, к которой относится редактируемый текст или с которой он связан.

Для начинающего переводчика редактирование означает, во-первых, критическую оценку результатов собственного перевода и, во-вторых, умение оценивать текст перевода, выполненного кем-то другим. Чтобы научиться редактировать тексты переводов, следует получить ответы на следующие вопросы: Что такое “редактирование”? Что такое “качество перевода”? Чем обуславливается качество перевода? Каковы критерии оценки качества перевода? Как классифицируются переводческие ошибки? Какова градация или “оценочный вес” переводческих ошибок? Почему начинающий переводчик должен знать критерии оценки качества перевода, Какова роль “умения редактировать тексты переводов” в совершенствовании переводческого ремесла? Одним из наиболее важных параметров критического анализа являются исследования переводческих ошибок и принципы их возникновения.

Два основных источника переводческих ошибок связаны с трансляцией исходного содержания и адаптацией создаваемого текста к новым условиям восприятия. Отсюда – грубое искажение содержания, неточная передача смысла оригинала, отклонения от стилистических норм переводящего языка, нарушения обязательных норм языка перевода.

Переводческие ошибки могут возникать на любом этапе процесса перевода, а именно при декодировании языковых знаков, перевербализации понятий и при выборе решений. Ниже представлен пример редактирования текста перевода:

Для того чтобы научиться быстро и качественно выполнять редактирование научных текстов нужно развивать в себе такие качества как любознательность, терпеливость самокритичность. Главное для начинающего переводчика – приучить себя заканчивать любой перевод текста самооценкой результата.

Чтобы поправить одно единственное слово в переводе переводчику подчас приходится внимательно перечитывать весь текст целиком (точнее два текста – оригинал и прежний перевод), чтобы выяснить, не встречалось ли это слово в уже переведенном тексте, и как оно было переведено прошлый раз.

Порой, чтобы вставить одно-единственное слово переводчику порой приходится полностью менять весь порядок слов в предложении и проверять, не меняется ли тем самым смысл соседних предложений.

Переводчик не может просто доперевести добавленные в оригинале предложения и абзацы: они должны логически и стилистически вписываться в остальной текст. Чисто механический перевод отдельных слов и фраз, вырванных из контекста, может оказаться неверным и исказить общий смысл документа [2,3].

Полнота передачи содержания оригинала в переводе является важнейшей характеристикой меж-языковой коммуникации.

В процессе редактирования переводчик стремится к тому, чтобы каждое предложение было адекватно оригинальному тексту, но построено грамотно на языке перевода. Адекватный перевод – перевод, смысл которого точно отвечает оригиналу. Особое внимание уделяется правильности употребления терминов, в ряде случаев, при работе с объемными текстами одной тематической направленности, составляются тематические глоссарии, что позволяет обеспечить максимальное качество перевода.

В отличие от пословного перевода, адекватный перевод передает смысл и точные данные, но позволяет опускать чуждые для языка перевода конструкции. Средства, функционально соответствующие друг друга в разных языках, формально могут быть различными. Многие грамматические и синтаксические конструкции и речевые обороты требуют замены, так как не передаются буквально. Буквально передаются названия, термины и т.д. но и с терминами нужно быть осторожным – существуют слова, называемые “ложными друзьями переводчика” похожие по написанию или звучанию, но означающие совершенно разные вещи [4, 5, 6].

В отличие от вольного перевода, при адекватном переводе важна точность, а не пересказ. Также в тексте перевода важна грамотность, в том числе правильное использование слов в соответствии со стилем текста, т.е. его стилистикой. В языке существует несколько функциональных стилей: научно - технический, официально - деловой, публицистический, художественный и разговорный. Некоторые ученые-филологи выделяют большее количество стилей. От стилевой принадлежности текста зависит выбор языковых средств.

Редактирование – новая гуманитарная дисциплина. В памяти людей среднего и старшего поколения еще живы споры о том, может ли редактирование рассматриваться как самостоятельная наука. Большой вклад в развитие редактирования как науки внесли профессора А.В. Западов, Н.М. Сикорский, К.И. Былинский, Д.Э. Розенталь, Э.А. Лазаревич, А.Э. Мильчин, В.И. Свинцов, К.М. Накорякова, С.Г. Антонова и др. Сегодня они известны как авторы учебников по редактированию.

Редактирование в переводе с латинского означает приведение в порядок. Это род профессиональной деятельности, связанной с подготовкой к выпуску печатных изданий, составная часть издательского процесса, в который входит работа над рукописью произведения, чаще всего совместно с авторами, в целях его улучшения с точки зрения научной, литературной. Это многообразная творческая литературная работа над текстом. Одна из важнейших задач редактирования – помочь автору в его творчестве. Невозможно рассматривать редактирование в отрыве от других учебных дисциплин специальности [1].

Эпоха рубежа двух веков, когда в общественном сознании смутно замаячил призрак грядущих социальных и нравственных катаклизмов, нашла своеобразное отражение в издательской практике. Просвещение коснулось к тому времени уже достаточно широкого круга населения. Грамотность распространилась в среде, которая традиционно не относилась к категории потребителей художественного чтения. В условиях “рыночной экономики” частные, децентрализованные издательства – крупные и мелкие – осуществляют выпуск большими тиражами переводной художественной литературы. Причем уровень выполнения переводов, редакционной “отделки” текста издания и полиграфического исполнения оставляет желать много лучшего (достаточно вспомнить знаменитую детективную серию о Нике Картере). Однако в данном явлении не следует усматривать нечто экстраординарное. Элементарное, “фабульное” восприятие иноязычных произведений литературы в общественном сознании нации нередко предшествует углубленному творческому восприятию – и это проявляется, прежде всего в эволюции переводческой практики.

Двадцатое столетие стало, свидетелем окончательного формирования двух основных школ, или подходов к переводу, двух методов: перестраивающего и воспроизводящего. Сторонники “перестраивающего” метода считают, что произведение так или иначе “подключено” к какой-либо стилиевой традиции, оторваться от которой невозможно. И при переводе следует эффективно подключать текст к другим традициям.

Сторонники “воспроизводящего” метода перевода ставят своей целью дать наиболее полное представление об оригинале, отразить все особенности подлинника. Невозможно, впрочем, говорить о каких-либо переводчиках, придерживающихся исключительно “перестраивающего” или “воспроизводящего” метода. В творчестве лучших представителей отечественной переводческой школы присутствует некий синкретизм обоих начал.

В послереволюционный период издательская деятельность в стране подверглась тотальному реструктурированию, переориентации и централизации.

Сегодня представляется весьма необходимым и нужным критический анализ неизмеримо возросшего в количественном отношении и весьма неоднородного в качественном плане потока переводной литературы

Таким образом, интенсификация труда в современных издательствах, выпускающих переводную литературу, неизбежно влечет за собой деградацию содержательной стороны издаваемых книг.

Особенности редакционной подготовки издания определяются его типом и видом, а также характером литературного произведения. Для подготовки наиболее ответственных собраний сочинений зарубежных писателей-классиков, например, привлекают редакторов со знанием соответствующего иностранного языка. С другой стороны, большое количество изданий переводов практически не подвергаются редакторской обработке или обрабатываются чисто номинально. Одной из особенностей деятельности современных издательств является пропуск некоторых этапов издательского цикла, например контрольного редактирования и считки.

Следуя Райс, среди целей и функций научной критики перевода можно назвать три. Во-первых, она должна вносить свой вклад в повышение качества переводческой деятельности, мастерства переводчиков. Во-вторых, важной ее функцией является функция просветительская, т.е. критика перевода должна повышать осведомленность общества, пользующегося услугами переводчиков, об особенностях данного вида деятельности. Благодаря этому общество, конкретные его представители будут воспитываться на лучших переводческих образцах осознанно выбирать тот или иной перевод, того или иного переводчика. Наконец, критика перевода призвана сыграть существенную роль в процессе подготовки будущих переводчиков.

С.И. Кадикова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

## МАНГО АУДАРМАСЫНДАҒЫ ФОРЕНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ДОМЕСТИКАЦИЯ

Аңдатпа

Бұл мақала креолизданған тексттердің ерекше бір түрі болып табылатын манга аудармасы кезінде туындайтын қиындықтар мәселесіне арналған. Сонымен қатар манга және жалпы жапон әдебиетінің Қазақстандағы көпшілік мәдениетіндегі алатын орны жайында әңгіме қозғалады. Бұл мақалада манга аудару үшін теориялық негіз ретінде аударматанудағы скопос-теориясы мен «форенизация» және «доместикация» аударма стратегиялары қарастырылады. Жапон комикстерін аудару кезінде бұл теориялардың қолданылуы қаншалықты орынды екені жайында дәйектер келтіріледі. Қорытынды ретінде аударма стратегиясын оңтайлы таңдау, аударманың мақсаты мен аударма сипатына байланысты екендігі айтылады.

**Түйін сөздер:** манга аудару, скопос-теориясы, доместикация және форенизация.

S.I. Kodikova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>al-Farabi named Kazakh National University

## TRENTALIA AND DOMESTICATION IN THE TRANSLATION OF THE MANGA

Annotation

The article is devoted to the problem of the translation of Japanese manga comics as a special kind of creolized texts. Creed texts in this article are texts, the text of which consists of two non-homogeneous parts: verbal (linguistic / verbal) and non-verbal (belonging to other sign systems, rather than natural language). The article describes the popularity of manga and Japanese literature in the mass culture of Kazakhstan. We consider: the theory of scopos and two opposite concepts of translation: «forenization» and «domestication» of the original as a theoretical basis for the translation of the manga. An attempt is made to build the structure of the manga translation based on the above translation theories. Arguments are made about the expediency of applying these strategies when translating Japanese comic books. It is concluded that the optimal choice of an appropriate translation strategy, first of all, depends on the goals and the nature of the transfer itself.

**Key words:** manga translation, scopos-theory, domestication and foreignization.

### МРНТИ 16.31.41

Б.Д. Кисикова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

## РЕДАКТИРОВАНИЕ ПЕРЕВОДОВ КАК ОСНОВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПЕРЕВОДЧИКА

Аннотация

Роль качественного редактирования переводов является актуальной на сегодняшний день. В условиях глобализации, налаживания межкультурных связей и выхода Республики Казахстан на мировые рынки потребность в формировании профессиональной компетенции переводчика возросла.

В статье выявляются основные закономерности переводческого редактирования текстов. Определяется необходимость критического анализа неизмеримо возросшего в количественном отношении и весьма неоднородного в качественном плане потока переводной литературы. Представлена сущность переводческого редактирования, как основная деятельность переводчика. Также описывается метод критического анализа переводов как важный этап в формировании профессиональной компетенции переводчика. В статье определяются источники переводческих ошибок и принципы их возникновения. Отмечается, что овладение методом критического анализа переводов является важным этапом в формировании профессиональной компетенции переводчика.

**Ключевые слова:** цель редактирования текстов, критический анализ, переводной текст, профессиональная переводческая компетенция, переводческие ошибки, качество перевода

В настоящее время значительно возрастает количество переводной литературы, и вопрос о качестве переводимой литературы, безусловно, зависит от качественного редактирования перевода.

Сегодня представляется весьма необходимым и нужным критический анализ неизмеримо возросшего в количественном отношении и весьма неоднородного в качественном плане потока переводной литературы и поэтому переводы должны выверяться и проходить процесс редактирования. Следовательно, необходимо отметить, что роль редактирования переводов набирает большую значимость изо дня в день.

Язык медицины привлекает в последнее время внимание многих лингвистов-практиков и считается одной из разновидностей языка для профессиональных или специальных целей. Медицинская тематика, является, пожалуй, одной из самых сложных для перевода. Симптомы болезни, диагностирование, схемы лечения и реабилитационные мероприятия, сопроводительные документы на лекарства и медицинское оборудование составляют такую область, где недопустима приблизительность формулировок или неточность терминов. Язык данной отрасли науки представляет собой язык жёстких форм, клише, точности; текст перевода должен содержать тщательно выверенную медицинскую терминологию. Данные положения свидетельствуют об *актуальности исследования* проблем перевода текстов медицинской тематики.

Как и в других текстах, где доминирует когнитивная информация, в текстах медицинской тематики фоном, на котором выступают термины и специальная тематическая лексика, а также грамматические и жанрово-стилистические особенности медицинских текстов, является консервативный вариант *письменной литературной нормы*. Подобный стиль изложения призван настроить реципиента на необходимость серьёзного восприятия содержания медицинского текста. Соответственно, данный стиль изложения подлежит обязательному воспроизведению в тексте перевода [1,143].

1. Ақпаратты бастапқы тілде тыңдау жән түсіну арқылы қабылдау;
2. Ақпаратты декодтау арқылы аудару және оның баламасын аудармашының аударма тілінде табу;
3. Берілген ақпаратты аударма тілінде құрастыру.

Бұл үрдістер берілген ақпаратты аударма тілінде беру үшін аудармашыдан бастапқы тілдегі ақпаратты үздіксіз қаратсыра отырып, оны жадында сақтап және аударма тілінде қайта қалпына келтіруді талап етеді.

Ли Нидің [8, 548-557] айтуы бойынша, «аудармада пайда болатын басты мәселе екі тілдің семантикалық құрылымының сәйкессіздігі болып табылады». Осындай күрделі лингвистикалық және когнитивті операцияны жүзеге асыруға қажет «ми гимнастикасы» тіпті маман аудармашыларды да лексикалық немесе синтактикалық сөз іздеу стратегияларына, яғни, заманауи тілмен айтқанда «орнын толтыратын» стратегияларына жүгінуге әкеп соқтырады.

Бұған қосымша ретінде, арнайы жұмыс барысындағы аудармашылар өздерін тындап отырған аудиторияны көріп тұруы қажет. Бюхлердің пікірінше [9,49-54], бір адамның сөйлеу барысында, оған тындаушыларынан үзілмелі, бірақ уақытылы кері байланыс қажет, яғни, ол тындау барысында және тындаушыларына қарап отырып аудару барысында олардың түсініп, сеніп-сенбей отырғандарын, таңғалғандары немесе керісінше, бұл берілен ақпарат оларды зеріктіргендігін байқауға болады.

Қорытындылай келе, ілеспе аудармашы жоғарыда атап өтілген қиындықтар мен ілеспе аударманың ерекшеліктерін негізге ала отыра, аударма үрдісін тындаушыларға барынша тиімді етуі қажет.

Қалай десекте, аударманың нәтижелі болуы аудармашының тілдік білімі, аялық білімі, контексті түйсінуі, филологиялық білім мен шығармашылық талантына байланысты болатыны даусыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Elif Ersozlu. *Training of Interpreters: Some Suggestions on Sight Translation Teaching*, Ph.D. lecturer at Hacettepe University. – Ankara/Turkey. – Б. 1-2.

2 Г.Н. Смағұлова. "Ұлттық тәрбиенің өзегі ана тілде" // ҚазҰПУ Хабаршысы "Филология ғылымдары" сериясы. – 2015. – №1 (55). – Б. 230-234.

3 Жұмабекова А.Қ. *Аударма теориясы: Оқу құралы*. – Алматы, 2010. – 35 б.

4 Нурметова Д.А. *Ілеспе аударма кезіндегі сөйлем компрессиясын лексико-семантикалық деңгейде қолдану технологиясы*. – Алматы, 2011. – Б. 5-19.

5 *The Many Difficulties of Simultaneous Interpreting* [Электрон.ресурc]. – URL <http://lighthouseonline.com/blog-en/the-many-difficulties-of-simultaneous-interpreting/> (дата обращения: 18.02.2017).

6 Elizabeth Biscaye "Problems in Interpretation". *Meta: journal des traducteurs / Meta: Translators' Journal*, vol. 38, n. 1, 1993. – P. 101-103.

7 Чернов Г.В. *Основы синхронного перевода. Учебник для институтів и факультетов ин.яз.* – М., Высш.школа, 1987. – 256 с.

8 Raja Al-Khanji, Said El-Shiyab et Riyadh Hussein "On the Use of Compensatory Strategies in Simultaneous Interpretation" *Meta: journal des traducteurs / Meta: Translators' Journal*. – Vol. 45, n. 3, 2000. – P. 548-557.

9 Bühler, Hildegund. "Conference Interpreting". – *Meta* 301 (1985). – P. 49-54.

Ж.С. Ахметжанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақский национальный педагогический университет имени Абая

#### **НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРОЦЕССЕ СИНХРОННОГО ПЕРЕВОДА**

Аннотация

В настоящей статье описываются проблемы с которыми сталкивается синхронный переводчик в процессе своей работы, а также раскрываются отличительные черты синхронного перевода. В современных условиях высокого спроса на синхронный перевод, от синхронного переводчика требуются соответствующие профессиональные навыки и наличие фоновых знаний. На сегодняшний день под влиянием внутренних и внешних факторов синхронный переводчик сталкивается с некоторыми трудностями перевода. В связи с этим рассмотрены определения стратегии, этапов, фаз и процессов в синхронном переводе, принадлежащих зарубежным переводчикам, которые представляется важным для избежания проблем перевода. Однако, указывается, что для преодоления данных проблем, прежде всего необходимо наличие у синхронного переводчика собственного опыта, профессионально-необходимых навыков.

**Ключевые слова:** устный перевод, синхронный перевод, последовательный перевод, контекст, межкультурная коммуникация, процесс перевода, стратегии, трудности.

Ілеспе аудармашының жұмысындағы аса үлкен қиындықтардың бірі – уақыттың тапшылығы [5]. Барлық аудармалар тек бір-екі сағатқа ғана созылмайды. Кейбір жағдайларда бұлар бірнеше күнге созылып, аудармашыға қиындықтар тудыруы мүмкін. Аудармашылар кез келген уақытта «дайын» болумен қатар олардың тамақтары тез құрғап, олар тез-ақ шаршап қалулары ықтимал. Бұл аударма түрін сәтті іске асыру үшін, берілген аударма көлемін орындау мақсатымен екі немесе үш аудармашының кезектесіп жұмыс істеуі жақсы болады. Сол кезектер арасында, аудармашылар үзіліс жариялап, тамақтарын жібітіп алуларына да мүмкіндік туады. Осындай үзілістердің болмауынан аударманы жақсы/жоғары деңгейде орындай алмау қаупі бар. Сонымен қатар, ілеспе аудармашыға аударма жасауы үшін кезекті аудармашыға берілетін уақыттан 2 есе, ал сол мәтінді жазбаша аударуға кететін уақыттан 20-30 еседей аз уақыт беріледі [6,101-103].

Кей кездері конференцияларда әдетте кездесе қоймайтын күрделі лексика мен арнайы салалық терминдер айтылып қалады. Бұл кезде аудармашы қабылдаушыға қажет әсер беру мақсатымен сол терминдерді өзі түсініп, нақты мағынасын білуі қажет. Бұл аударма түрін жүзеге асыру үшін аудармашы бұл термин сөздерді алдын ала қарастырып, аялық білімін әрдайым арттырып жүруі міндетті.

Аударма барысындағы тағы бір ерекшелік ілеспе аудармашыдан шешеннің сөз сөйлеу қарқынымен үлгере отырып, аударма жасау талап етіледі. Сонымен қатар, ілеспе аудармашы өз функциясына қоса редакторлық міндетті жүзеге асыруы қажет.

Ілеспе аударманың тағы бір ерекшелігі – аудармашының нәтижелі жұмыс істеуі үшін оған аудиторияның шуынан бөлек арнайы бөлмелерді қамтамасыз етіп, оның сөзін әр тыңдаушыға тиімді ету қажет [6, 263].

Аталып өтілген күрделі талаптар мен В.Н. Комиссаров атап өткендей, екі тілді жақсы меңгерген адам аудармашы бола алады деген дәстүрлі формуланы ілеспе аудармашыға қолдануға келмейтіні арқылы аударманың күрделілігін сипаттайды.

Өзінің лексикасы және құрылымымен аудармашылардың деңгейінен жоғары тұрған тілді сол аудармашылардың өздері қалайша түсінсін? Көбінесе, олар берілген мәліметтерді ұғыну үшін лингвистикалық құзіреттіліктерінің шеңберінен шығып жатады, яғни, олар контекстті, аялық білімдерін және басқаларының арасындағы қол жетімді басқа да экстралингвистикалық ақпараттарды қолданады. Аударманы орындау барысындағы аудармашының кездестіретін қиындықтарын көрсету мақсатымен, Уеллер былай дейді [7, 548-557]:

*«Аударма жасауға келіскен уақытта, аудармашы алдында не күтіп тұрғанына беймәлім. Дәл осы кәсіби қиындық аудармашыны аяғына тік тұрдырады. Білікті аудармашылар үлкен сөз қорына ие болып, дауыс ырғақтарын дұрыс қадағалай алып, көптеген акценттерді түсінумен қатар, беймәлім жағдайлардан оңай шығуға болатын бірнеше стратегияларға да ие».*

Жоғарыда атап өтілгенді қорытындылай келсек, ауызша аудармашылар аударма барысында қиындықтарға тап болған жағдайда, арнайы стратегияларды қолданатындарын байқадық.

Хендерсонның [8, 548-557] ойынша ауызша аударма үш фазадан тұрады:

1. Логикалық немесе хронологиялық түрде басқа сөйлеушінің сөз элементтерін тыңдап, одан шыққан материалды жинап, содан соң ғананәтижеге қол жеткізеді, яғни, қорытындыға келеді.

2. Қандай мәселе туындап отыр? Оның туындау себебі қандай? Аудармашының жұмысы нақты сөздердің баламаларын табумен ғана шектелмейді, сонымен қатар идеялар мен арнайы ойларды аудару болып табылады. Тек кейбір қарапайым жағдайларда ғана ілеспе аудармашы тек бастапқы тіл элементтерін ауыстырушы ретінде қаралады. Аудармашы бастапқы ақпаратты түсініп, сосын жақсы нәтиже беру үшін ұдайы ақпаратты (сөздерді емес) бағалау, сүзгілеу және оны редакциялау жұмыстарына қатысып отырады.

3. Кенеттен сөйлеудің белсенді түрі. Хендосрон екінші фазада, ілеспе аударма әдеттегі кенеттен сөйлеу үрдісінен түп тамырымен ерекшеленетіндігін нақтылап өтті. Аудармашы бір уақытта екі әр түрлі іс-әрекетке қатысып отыруымен қатар, ол сөйленіп жатқан сөзге мән беріп, өзінің сөйленген сөздеріне сыни көзқарас таныта білуі қажет.

Ал Хендрикс [8,548-557] болса, ілеспе аударманы 4 этапқа бөледі:

1. Тыңдау, яғни дыбыстарды қабылдау;
2. Түсіну, яғни дыбыстардың мағынасын ұғыну;
3. Аударма, яғни, мағынаны лингвистикалық бірліктермен немесе басқа тіл бірліктерімен алмастыру;
4. Дыбыстау, яғни, тұжырымдап, жаңа сөйлем айтылымын құру.

Хендерсон, Хендрикс және Селесковитч секілді басқа да ғалымдар ілеспе аударманы негізгі психоллингвистикалық қасиеттерді қажет ететін когнитивті үрдіс екендігіне бір ауыздан келісіп отыр.

Берілген мақалада аудармашы ілеспе аударма жасау барысында кездестіретін қиындықтары туралы сөз болады.

Ауызша аударма ең алғаш кеңінен қолданыла бастаған кезде, сөйлеушілер әрбір айтылған сөйлемнен кейін тоқтап, аудармашыға сөз беруді ұсынған. Сол кезде ауызша аударма сөзбе-сөз аударылады деген түсінік қалыптасқандықтан, аудармашы бұл әдісті тиімді қолданып, айтылған сөйлемдегі сөздерді есінде сақтап, сосын соларды аударуға толық қабілетті деген көзқарас пайда болды.

Дегенменде, контексттен бөлек алынған сөйлемнің мағынасы контекстпен бірге аударылған мәтіннен әлдеқайда алшақтау. Осыған байланысты, қазіргі таңда аудармашылар сөйлеушілерден өз сөздерін тоқтаусыз жалғастыра берулерін сұрайды, өйткені мәтіннің толық берілуі айтылған ойды жеткілікті дәрежеде білдіре алады.

А.В. Федоров өзінің «Аударма теориясына кіріспе» атты танымал еңбегінде аударма теориясының бірқатар сұрақтарына анықтама беріп, түпнұсқаның жеке ерекшеліктерінің аудармада дұрыс берілу мәселесін қарастырғанда автор тек мәселенің жалпы құрылысымен шектелуге мәжбүр болады деген ойын айтады [2; 95].

Ілеспе аударма ауызша аударманың ішіндегі ең жауаптысы және оның бағыты қарапайым емес. Бұл – түпнұсқа мәтінінің айтылуымен бір уақытта іске асырылатын ауызша аударма түрі.

Ілеспе аударманы бірнеше түрге бөлуге болады:

- тыңдау арқылы ілеспе аударма жасау,
- парактан ілеспе аударма жасау,
- алдын ала аударылған мәтінді ілесе оқу [3,35].

Аударманың бұл түрі аудармашының арнайы және сирек кездесетін дағдылары мен білімін, сонымен қатар үлкен тәжірибесін талап етеді. Л.Виссон, А.Ф. Ширяев, А.Д. Швейцер сияқты зерттеушілер ілеспе аударманы сипаттағанда оның басты ерекшелігі ретінде сөз сөйлеу мен аударма тілінде сөз тудырудың параллельді түрде жүзеге асырылуын атап көрсетеді. Бұл – дұрыс пікір. Алайда біздің ойымызша ілеспе аударма бұдан әлдеқайда күрделі барыс. Ол аудармашының сөз сөйленетін тіл мен аударма жасалатын тілдегі жеткілікті тілдің құзыретіне сүйенетін аудармасын ғана емес, аударма жасау барысында қолданылатын амал-тәсілдерді, аудармашының жиналыс барысында туындауы мүмкін экстремалдық жағдайларға психологиялық тұрғыдан әзірлігін, ілеспе аудармашының бойынан табылатын қабілеттер мен қасиеттер жиынтығын қамтиды. [4,11].

Әрине, ілеспе аудармашының бойында мынандай қасиеттер болуы қажет:

- Мол тәжірибе;
- Берілген сала білгірі;
- Шет тілі ен ана тілін жоғары деңгейде меңгеру;
- Аударып отырған саласын жетік білу;
- Сөздік қорының бай болуы.

Егер осы қасиеттердің барлығы ізбе-із немесе жазбаша аудармашыларға айтарлықтай жетеді деп ойласақ, ал ілеспе аудармашылар үшін, керісінше, бұл тек бастамасы.

Көптеген адамдар Нюренберг үрдісінде қажеттілік тумағанға дейін ілеспе аударманы жасау мүмкін емес деп ойлаған. Шындығында, ілеспе аударма күрделі бір үрдіс, бірақ арнайы дайындық болса, ілеспе аударманы кез келген тілде жүзеге асыруға болады.

Бұл күрделі қызметті іске асыра алатын не? Әдетте біз нақтылы бір Бұл күрделі қызметті іске асыра алатын не? Әдетте біз нақтылы бір қабілеттіліктің, білім және дағдының тіркесі туралы айтамыз: мысалы, тілді еркін игеру, білімдарлық, тез әрекеттілік, қиын жағдайлардан тез шыға білу қабілеттілігі. Дегенмен, осы қасиеттердің барлығы да бір аудармашының бойында болғанымен, оның да өз жолында кездестіретін қиындықтары міндетті түрде шығады.

Ілеспе аудармаға тән бірқатар ерекшеліктер мен қиындықтар бар. Ең үлкен қиындықтардың бірі көптеген үрдістердің бір уақытта орын алуы болып табылады. Сөйлеушінің сөзі тыңдалып және сарапталып болғансоң, қысқа мерзімді жад іске қосылып, аудиторияда отырған тыңдаушылардың тілінде жеткізіледі. Сөйлеушінің сөйлеу темпінің жылдамдығы мен тақырыптың таныс болмауы бұл үрдісті одан бетер қиындатып жіберуі мүмкін.

Ілеспе аудармаға тән басқа да қиындық болып сөйлеушінің сөзін аудару барысында келесі сөзін мұқият тыңдап, оны саралап, аударып, аудиторияның ақпаратты қабылдауын қамтамасыз ету қажеттілігі. Бұл үрдіс сөйлеуші сөзін аяқтағанға дейін жалғасып, аудармашыдан ойының толық шоғырлануын талап етеді.

Аудармашының аударған мәтінің қажет стиль мен сарынды сақтай отыра дұрыс бере алғандығына көз жеткізу - ілеспе аудармаға тиісті жайттардың қатарынан табылады.

друзей, слова написаны на двух языках и звукопохожий, но разные значения. Таким образом, правильный перевод слов используется как ложный перевод.

**Ключевые слова:** ложная альтернатива, синонимом межъязыкового перевода ложных друзей, межъязыковой омоним, технический текст, межъязыковая графика, грамматическая и смысловая подобия, межъязыковой пароним, лингвистика, межнационального общения аналогов, интернационализм, морфологической нормы, альтернативные, альтернативный транспорт, межъязыковая гиперонима, динамическая достаточность перифраза межнационального общения.

*A.M. Asilbekova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical university named after Abai*

## **THE ORIGIN OF “FALSE FRIENDS OF INTERPRETER” IN MASS MEDIA**

*Abstract*

This article discusses the history of false friends. Each day of talks between representatives of different countries and business meetings. This is only possible thanks to the great and hard work of the translators. There are a number of issues in the course of their hard work translators often make mistakes. But only now beginning to study English language errors, and it's not a terrible thing. And if you have a specialist working in the field of their own mistakes, it is funny and tragic at the same time. False friends, the most difficult type of translation the translator. Under this term, the translator of false friends, words are written in two languages and sound similar, but different. Thus, the correct translation of words used a false translation.

**Key words:** a false alternative, synonymous with cross-language translation of false friends, cross-language homonym, technical text, cross-language graphics, grammatical and semantic similarity, cross-language paronym, linguistics, international communication counterparts, internationalism, morphological rules, alternative, alternative transportation, interlingual spook, dynamic sufficiency paraphrase of international communication.

**МРНТИ 16.31.41**

*Ж.С. Ахметжанова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ІЛЕСПЕ АУДАРМАШЫНЫҢ АУДАРМА БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСТІРЕТІН ҚИЫНДЫҚТАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада аудармашының ілеспе аударма жасау барысындағы кездестіретін қиындықтары және ілеспе аударманың басқа ауызша аударма түрлерінен ерекшеліктері жайлы сөз қозғалады. Ілеспе аударма ауызша аударманың ішіндегі ең жауаптысы және оның бағыты күрделі. Қазіргі заманда ілеспе аудармаға сұраныс өте жоғары болғандықтан, ілеспе аудармашыдан да жеткілікті аялық білім мен дағды талап етіледі. Аталмыш жағдайларда аудармашы аударма үрдісіндегі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен туындайтын біраз қиындықтарға жолығады. Мақалада шетелдік аударматанушы ғалымдар ілеспе аудармада кездесетін қиындықтарының алдын алуға арналған этаптар, фазалар, стратегиялар мен ілеспе аудармада орын алатын үрдістердің түрлеріне анықтама беріп, олардың ілеспе аудармашыға қаншалықты маңызды екендігін қарастырады. Ілеспе аударма кезінде кездесетін қиындықтарды жеңу – әр ілеспе аудармашының жеке тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, бойына сіңген дағдыларына байланысты.

**Түйін сөздер:** ауызша аударма, ілеспе аударма, ізбе-із аударма, контекст, мәдениетаралық қарым-қатынас, аударма барысы, стратегия, қиындықтар.

Халықаралық қатынастар, бизнес, сауда, жаратылыстану ғылымдары, технология салаларындағы соңғы жаңалықтар және қысқа уақыт арасында қажет ақпаратқа қол жеткізу мақсаты белсенді және пайдалы қарым-қатынасқа қажетті ортаны талап ете бастады. Және осындай заманның қарқынды даму барысында көмекке келетін аударма болып табылады. [1,1]

Аударма нақты қай кезде пайда болды деген сұраққа дәл басып жауап беру қиын, дегенмен адамзаттың сөйлеуді білгеннен бастапқы тарихы қаншалықты ұзақ болса аударма тарихы да соншалықты ұзақ, себебі сонау ерте заманда түрлі тайпалар бір-бірінің тілін түсінбеген, олар өзара барыс-келіс немесе сауда саттықты іске асыру үшін екі жақтың да тілін түсінетін адамдарға жүгінген, міне олар адамзат тарихындағы ең алғашқы аудармашылар болып саналады. Осындай жағдайларда аудармашылар келіссөздер мен айырбастарда бір-бірін түсінбейтін екі жаққа агенттік қызмет атқарған. Соның нәтижесінде ауызша аударма да бір-бірінің тілін түсінбейтіндерге мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік тудырды.

(публицистика мен ақпараттық талдау бағдарламалары жарнамамен бөлінеді, ал жаңалықтар шолуға жақын болады), бір-біріне ықпал жасайтын табиғи жағдай деуге болады. Кей кейде мұндай ықпалдасулар мен бір-біріне әсер ету процесі «Инфотеймент» (infotainment) немесе «инфомерция» (infomercial) сияқты жанрлық-стилистикалық жағына жаңа гибрид жанрдың пайда болуына себепші болады. Адамдарды шаттандыруға (развлекательный) арналған немес жарнамалық құрамдар (компоненттер) барынша үлкен аудиторияны қамтуға тырысатын бұқаралық коммуникацияға жатады [5, 85 б.].

**Қорытынды.** Аударма ісі – бұл сөзсіз адамзат іс-әрекетінің өте ежелгі түрінің бірі. Аудармашылық тәжірибеде аударманың қиындықтары деген ұғым бар. Бұл ұғымның құрамдас бөліктерінің бірі «аудармашының жалған достары», – аудармашылық тәжірибеде жеткілікті түрде жақсы зерттелген тіларалық құбылыс болғанымен, аудармашылар мен өзге де тіл мамандары үшін ерекше қызығушылық тудырып отыр. Берілген сөздердің санаты тілді өте жоғары деңгейде меңгерген тәжірибелі аудармашыларды да қателестіріп, аудару кезіндегі мағынаның бұрмалануына алып келуі мүмкін.

Менің анықтауым бойынша, берілген тіларалық құбылыс екі туыстас тілдердің бір-біріне өзара әсер етуі нәтижесінде пайда болған. Бұл сөздер омонимдер және паронимдер деп аталады – шығу тегі бірдей, жазылуы және дыбысталуы бойынша ұқсас, бірақ мағынасы түрлі қос тілдегі сөздердің жұбы. Бұл сөздер мәтінді аудару кезінде белгілі бір қиындықтар тудыруы мүмкін. Екінші тарауда біз «жалған достардың» түрлеріне сипаттама бердік. Жеке сөздерден басқа, «аудармашының жалған достарын» жеке сөйлемдер мен синтаксистік құрылымдар деңгейінде, сонымен қатар, фразеологиялық бірліктер деңгейінде қарастыруға болады. Олардың әрқайсысының ерекшеліктері толықтай қарастырылған және тікелей мысалдарда аудару кезінде туындауы мүмкін сипатты қателіктер келтірілген. Айтылғандардың барлығын ескере отырып, аудармашыға аударылып отырылған мәтіннің мағынасын бұрмалауды болдырмауға көмектесетін кеңестер ұсынылған.

Сөзсіз, берілген тақырып аудармашылық әдебиеттерде кең тараған және мұқият зерттеуді қажет етеді. Оның өзектілігінің арқасында біз болашақта берілген сұрақты терең зерттеуді жоспарлап отырмыз.

#### **Пайданылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Акуленко В.В. *Англо-русский и русско-английский словарь «ложных друзей переводчика»*. – Москва: Советская Энциклопедия, 1969. – 354 с.
- 2 Алдашева А. *Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер*. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.
- 3 Борисова Л.И. *Ложные друзья переводчика*. – М.: НВИ, 2005. – 189 с.
- 4 Варникова А.П. *Непохожие значения похожих слов // Журнал Иностранные языки PLUS*. 2. – 2007. – 75 с.
- 5 Комиссаров, В.Н. *«Ложные друзья» переводчика в структуре английского высказывания // Журнал переводчиков «Мосты»*. – 2005. – 69 с.
- 6 Рецкер Я.И. *О закономерных соответствиях при переводе на родной язык // Тетради переводчика*. – Вып. 5. – М.: Международные отношения, 1986. – С.156-178.
- 7 Солганик Г.Я. *О языке газеты*. – М., 1968.
- 8 Билинский И. *Язык газеты. Избранные работы*. – М., 1996
- 9 Володская М.Н. *Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования*. – М., 2004.
- 10 *Англо-русский словарь ложных друзей переводчика (автор К.В.Краснов, издан в 2004 году. М.: Изд.Э.РА, 2004.*
- 11 Борисова Л.И. *Ложные друзья переводчика*. – М.: НВИ-Тезаурус, 2005. – 211 с.
- 12 Комиссаров В.Н. *«Теория перевода (лингвистические аспекты)»*. – М.: Высшая школа, 1990.
- 13 Комиссаров В.Н. *«Ложные друзья» переводчика в структуре английского высказывания // Журнал переводчиков «Мосты»*. – 2005. – №2. – С. 15-17.
- 14 [http://www.lingvotech.com/lognie\\_dryzya1](http://www.lingvotech.com/lognie_dryzya1) (дата обращения 25.04.2017).
- 15 [http://www.norma-tm.ru/false\\_friends.htm](http://www.norma-tm.ru/false_friends.htm) (дата обращения 25.04.2017).

А.М. Асылбекова<sup>1</sup>

#### **<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, ПРОИСХОЖДЕНИЕ «ЛОЖНЫХ ДРУЗЬЕЙ ПЕРЕВОДЧИКА» В ЯЗЫКЕ СМИ**

*Аннотация*

В данной статье рассматривается история ложных друзей переводчика. Каждый день между представителями разных стран проводятся деловые встречи и переговоры с помощью переводчика. Это возможно только благодаря большой и упорной работе переводчиков. Есть целый ряд вопросов в процессе их тяжелой работы, но переводчики часто делают ошибки. Но только сейчас начали изучать ошибки английского языка. Ложные друзья, самый сложный вид перевода переводчика. Согласно этому термину, переводчик ложных



енген орасан зор ағылшын кірме лексикасы енді. Бизнес, менеджмент, маркетинг брокер, диллер, спонсор, спикер, спичайттер, трейдер, киллер, диджей, драйв, рейв, шоумен, промоушн, пати, файл, электорат және басқа ағылшын кірме сөздері қазіргі қазақ тілінің құрамды бөлігі ретінде сөздік қорға еніп, қалыптаса бастады. Көзқарастар жүйесі бойынша бағамдасаң, қызмет саласындағы ұлттық мәдениеттің кез-келген аясында кірме лексиканың енуі байқалады. Мысалы, британ баспасөз беттерінің өзінде де француз тілінен енген сөздерді жиі кездестіруге болады, олар қолданыстық өмірдегі заттарды білдіру үшін қолданылады, сондай-ақ мода үлгілерін, гастрономия заттарын атау үшін мол қолданылатыны байқалады. Мысалы: haute couture, clientele (клиент), vin de table(табло) т.б. өз кезегінде, ағылшын тілінен енген кірме сөздер бизнес, саясат, спорт компьютерлік технология, кең тараған музыка (саз), жастар мәдениетіне байланысты сөздер саласында мол қолданылатынын бағамдаймыз. Белсенді түрде шетелдік арналар арқылы тілдік қарым-қатынасқа түсетін БАҚ-тарда сондай-ақ белгілі бір ақпараттық-сараптау стильдерін қолдану және тарату үрдісі пайда болып келеді. Ақпараттық-тарату стилі ұғымы бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей байланысты және оқырмандармен белгілі және ерекше тонмен сөйлеу тәсілі арқылы іске асырылады, сондай-ақ, тыңдармандармен де, көрермендермен де әрбір бұқаралық ақпарат құралдарының өзіне тән сөйлеу, сөйлесу тәсілдері болады, бұл – әрбір газетке, журналға радиохабар тарату мен телебағдарламаларға тән болып келеді. Әрбір БАҚ субъектісі өз аудиториясымен белгілі бір тонмен «сөйлеседі», олармен қарым-қатынасқа түсу үшін, мәтіндік коммуникация жасау үшін берік медиастилистикалық және шешендік (риторикалық) құралдар қолданады. Мысалы, сапалы газет баспасөзінде (пресса) қарым-қатынас жасаудың бір түрлі стилі тән болса, кең тараған баспасөз құралдарында басқа стиль түрлері қолданылады. Мысалы, британ жаңалық тарату құралдарының стилі Ресей тележаңалықтары стилінен ерекшеленетіні сияқты қазақстандық каналдардың да жаңалық тарату ерекшеліктері бар т.б. Сазды үйлесім мен үндестікке қарай бұқаралық медианың әртүрлі субъектісінің саздылығы (тональность) көптеген экстралингвистикалық (сыртқы тілдік факторлар) факторларға байланысты түрленеді, атап айтқанда, ол саяси, тарихи, мәдени, идеологиялық, әлеуметтік салаларға қарай түрленіп отырады. Ақпараттық-тарату стилі ресми дәрежеге дейін көтеріліп қолданылса, кеңес дәуіріндегі теледидарлық жаңалықтар белгілі дәрежеде шектеулі, арнайы електен (цензурадан) өткен үлгіде берілді, ал қазіргі мемлекеттік және жекеменшік арналарда жаңалықтар белгілі бір объективті жаңалыққа ұмтылыс жасауда, ал көңіл көтеруге арналған радио мен телебағдарламаларда ағайынгершілікке негізделген стиль қолданылады. Салыстырмалы зерттеу негізінде медиамәтіндердегі мынандай өзгерістер айқындалды, олар қазіргі кездегі медиакөшіністің жаһандануының ішінара алмасуына, ауысып тұруына бейімделеді, ал кей кезде кейбір ақпараттық-тарату стильдерін (қолданыстарын) түгел көшіріп алуға бейімдейді, соған алып келеді, оның ішінде қазақ бұқаралық ақпараттық құралдары да бар екенін айтуымыз керек, мұндай көрініс «Екі жұлдыз» сияқты саздық бағдарламаларда бірден байқалады. Мысалы, жариялылық пен қайта құру кезеңіндегі өзгерістер посткеңестік БАҚ-тарда қарым-қатынастың үндестігіне алып келді, нәтижесінде ақпараттық-тарату стиліне де батылдық әкелді. Көптеген посткеңестік медиадискурстар англо-американдық медиасөйлеудің ықпалымен пайда болды.

Бұқаралық медианың ішкітілдік немесе интерлингвистикалық деңгейінің дәрежесін талдау БАҚ-тың тілдік қызметінің бір саласы лингвомәдени аймақтың ауқымына қатысты қалыптасты. Бұқаралық медианың іске асыратын механизмі болып табылатын тілдік процестерді сөз еткенде, бірінші кезекте мыналарды бөліп айтуға болады:

1. Нақты стильдік шекараны жою дәстүрі;
2. Медиасөздің базалық корпусында ауызекі стильдің нормасын тарату (жаңалықтар, ақпараттық талдау, шолу);
3. Қате сөз қолданыстарды тарату (екпінді дұрыс қоймау, грамматикалық қателер, нақты емес тіркестер);
4. БАҚ-та жаргондарды, нормаға жатпайтын сөздерді қолдану арқылы сөз нормасын төмендетіп, мәнін кетіру т.б.

Медиасөздің ішкі корпусындағы дәл де нақты стильдік шектеуді жоюдың ұстанымын көптеген зерттеушілер, оның ішінде Ресей, шет елдердегі ізерттеушілер қарастырып келеді. Мүмкін бұл бағыт төтенше жылжымалылықтың және медиакүрестің өзінде жанрлық технологиялық динамикалық қозғалыстың тууына, пайда болуына себепші болатын шығар. Медиамәтіндердің негізгі типтері, оның ішінде жаңалықтар, ақпараттық талдаулар (comment and analysis), публицистика (features) және жарнама жанрлары бір-бірімен үнемі кеңістікте және уақытша жақын болып өзара әсер ететіндіктен

медиакөріністегі кез келген тіл мен мәдениеттің таралу аймағын (ареалы) түсіну арқылы лингвомәдени кеңістіктің пікірі мен ұстанымы шын мәніндегі аймақтық, мемлекеттік шекара мен ақпараттық саладағы әсер мен ықпалдың шын мәнінде бір-біріне сәйкес келмейтіндігін білуге мүмкіндік тудырады. Демек, ағылшын-америкалық лингвомәдени кеңістігінің аталған елдердің аумағынан алысқа шығып кеткенін байқаймыз, себебі ол ағылшын тілді медиахабардың және Интернеттің орасан зор аумақты қамтуына байланысты болып отыр. Сонымен, тілдік процестің қозғалысындағы БАҚ-тың ролі тек қана өзгерістерге ғана байланысты емес, жалпы лингвомәдени жағдайлардың сапалық туындауына да байланысты болады. Қазіргі бұқаралық медианың тілдік процестердің туындауына ықпалын бағалай отырып, талдаудың үш түрлі деңгейіне тоқталуға тура келеді. Олар мыналар:

1. Геолингвистикалық деңгей;
2. Интерлингвистикалық деңгей;
3. Интралингвистикалық деңгей[4, 46 б.].

Геолингвистикалық деңгей әлемдегі және аймақтардағы жалпы лингвомәдени жағдайлардың және оның дамуына бұқаралық ақпарат құралдарының қалай ықпал жасайтындығына талдау жасауды шамалайды және \*\*\*. Бұл жерде төмендегідей маңызды сандық және аймақтық жетістіктерге назар аударылады, тіл саласының ықпалының шегі қандай: бір тілде және басқа тілдердегі сөйлеушілердің сандық өзгерісі, әлемдегі ақпараттық кеңістіктен белгілі бір тілдің өзіндік ролі басқа тілдердің ролінің азаюы т.б.

Интерлингвистикалық деңгейде немесе тіларалық деңгейде зерттеушілер тілдердің өзара ықпалдасуы мен өзара әсер етуі мәселелерін қарастырады, кірме лексиканың тәсілдерімен механизмдері зерттеледі, сондай-ақ шет тілдердің ықпалына ұшыраған тілдер мен сөз қолданудың саласы мен функционалды стильдерді зерттейді.

Интралингвистикалық деңгей немесе ішкі тілдік деңгей бір лингвомәдени аймақтың аясындағы тілдік процестердің медиакеісіміне басты назар аударады. Оған мыналар жатады: нақты стильдік шекараның бұзылу мақсаты, медиасөйлеудің базалық корпусында ауызекі сөйлеу стилі нормаларының таралуы (жаңалықтар, ақпараттық талдау, шолу), қатетілдік қолданыстардың таратылымы (екпіннің қате қойылуы, грамматикалық қателер, қате құрастырылым т.б.), бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдік нормалардың қолданысының төмендеуі және нормаға жатпайтын лексиканың қолданылуы т.б.

Ағылшын медиамәтіндерінің бүтіндей көлемі бірқатар экономикалық, саяси, әлеуметтік салаларда қарқындап өсуі басқа әлем тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде де мәтін көлемін арттыруға ықпал етуде, бұл тілдік процестің ағымында болатын құбылыс, сондай-ақ мұндай тілдік процестер сөз қолданысының сапалық жағына да, тілдік нормасының қозғалысына да, тілдер мен мәдениеттердің өзара ықпалдасуына да өз әсерін тигізуде.

Интерлингвистикалық деңгейдегі тілдік процестердің қозғалысындағы БАҚ-тың ролін үйрену тілдердің өзара ықпалдасуындағы медиақамтамасыз ету механизмдеріне талдау жасауды қажет етеді, оның ішінде, нақты айтқанда лексикалық бірліктердің ауысу тәсілдеріне, коммуникативтік-ақпарат стилінің өзара ықпалдасуына да әсер етіп, ықпал жасайтын фактор болып табылады. Ақпараттық қоғам жағдайында мәдени тілдік ықпалдастық (әсер ету) бұқаралық ақпарат құралдарының арналарында белсенді көрініс береді, әлемдік ақпарат кеңістігіне ағылшын тілді медиасөйлеудің басым ықпал жасауы, оның ішінде оған деген қазақтық сегмент жоғарыдағыдай медиадискуртарды талдау барысында айқын көрініс беруде.

Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарына ағылшын-американдық бұқаралық медианың тигізіп отырған ықпалын олардың формат деңгейі мен мазмұнынан, сондай-ақ тілінің деңгейінен де байқауға болады. Ағылшын тілді үлгілердің теледидар және радиоөнімдеріне кең тарауы (олардың қатарында лицензияланған, сондай-ақ лицензияланбаған пираттық өнімдер де байқалады), форматы мен мазмұнының көшірілуі, ағылшын тілдік кірме элементтердің орасан зор толқыны, коммуникативтік-ақпараттық еліктеу стилі – қазіргі қазақ медиамәтіндеріне тән белгілер болып келеді.

Орыс ақпарат құралдары арқылы келген англо-американдық белгілі теле және радиохабарлар Қазақстанда жаңа заман талабына сай нәтижелі бейімделуде: мұндай ағылшын тілді бұқаралық медиаформаттарының қатарына: «Шоу-бизнес» (reality show), «Таңшолпан» (Доброе утро), «Біздің көршілер» (Наши соседи), «Алаң» сияқты хабарларды жатқызуға болады және олардың қатары күннен-күнге артуда. Тілдік деңгейде англо-американ бұқаралық медианың әсерімен ағылшын тілінен

IV. Тілралалық антонимдер деп ұғымдардың қарама-қайшылығы барысында анықталатын сөздерді айтамыз. Аударма теориясында тілралалық антонимдер антонимдік аударма барысында қолданылады (я ничего не забыл – бәрі де есімде).

V. Тілралалық гипонимия және гиперонимия. Тілралалық гипонимия деп бір тілдегі тектік ұғымдарды білдіретін сөздерге түрлік ұғымдардың қатысын айтамыз. Ал тілралалық гиперонимия дегеніміз – түрлік ұғымдарды білдіретін лексикалық бірліктерінің тектік ұғымдарды «білдіретін» лексикалық ұғымдарға қатысы (гүл > тюльпан, роза, ромашка сөздердің гиперонимі болады).

VI. Тілралалық перифраз. Тілде перифразалардың сан қилы түрлерінің болуы ойлаудың логикалық құрылымындағы ерекшеліктермен байланысты. Философтар мен логиктер ерте заманнан бастап, түрлі айтылымдардың (высказывания) баламалығы мен оларды алмастыру мүмкіндіктерін қарастырған. Логикалық семантика негізін қалаушылардың бірі Г.Фреге талдау барысында сәйкестіктің баламалылық деңгейін қарастырған. Мысалы, Париж – Францияның астанасы; мұнай – черное золото.

Пән бойынша әдебиеттерді қарап шыққаннан кейін, біз аудармашының жалған достары келесі түрлерін ажыратуға болады:

**Бірінші түрі** негізгі тілдегі сөздер аударылатын сөздерге дыбыстық және графикалық тұрғыдан сәйкес бірақ мағыналары әртүрлі. Мысалға, artist – суретші, артист емес, magazine – журнал, дүкен емес, family – отбасы, аты-жөні емес, intelligent – ақылды, зиялы емес.

**Екінші түрі** негізгі тілдің көпмағыналығына жатады, аударылып отырған тілге дыбысты әріптерінің аналогіне мағыналық жағынан ұқсас келеді, бірақ біраз мағыналары өзгешелеу. Мысалға: aggressive – қайратты; жігерлі; отты; fruit – ұрық (кең мағынада), жеміс; record – тек рекорд емес, жеке жұмысы, жазып алу.

**Үшінші түріне** негізгі тілдің сөздері жатады, аударылатын тілге көпмағыналы дыбысты әріптерінің аналогіне мағыналық жағынан сәйкес келеді, бірақ басқа мағыналары негізгі тілге мүлдем қатысы жоқ. Мысалға: football – футбол (американдық), европалық футбол – soccer; rock – рок (музыка), рок (тағдыр) – fate.

**Төртінші түріне** өлшеу бірліктері жатады, бірнеше тілдерде дыбыстық және жазу жағынан ұқсас келеді, бірақ саны жағынан сәйкес келмейді. Мысалға: decade – 10 жыл, декада сөзі орыс тілінде 10 күндік дейді. (2) Бірнеше шет тілдерді меңгерген аудармашыларға аударма барысында жазу мен дыбысталу жағынан қиыншылықтар туғызады. Аудармашының жалған достары жиі аударылған мәтіндерді дұрыс түсінбеушілікке алып келеді.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басы ақпараттық коммуникация (қарым-қатынас) мен жана ақпараттық технологияның қарқынды өсуімен ерекшеленеді. Дәстүрлі БАҚ-тың қарқынды дамуы – баспа, радио, теледидар, әлемдік жаһантор – Интернеттің (жаһантордың) пайда болуы мен таралуы – бірыңғай ақпараттық кеңістіктің, ерекше үздік те озық ортаның, көптеген медиаағымдар жиынтығының пайда болуына алып келді. Осының бәрі сөздің пайда болуы мен таралуына, сөздік қолданыстың ерекшеліктеріне, тілдегі өзгерістердің сипатына ықпал етпеуі мүмкін емес еді. Осындай сөз қолданудың ауқымды ағымы бүгінгі бұқаралық ақпарат саласына да келіп жетті. А.Байтұрсынов мұны «Әдебиет танытқыш» еңбегінде баспасөз стилі деп атап кеткен болатын [1, 114 б.]. Бұқаралық ақпарат мәтіндері немесе медиамәтіндер, қазіргі тұрмыстық тілдің ең кең тараған саласының бірі болып табылады, олардың жалпы жиынтығы (жиыны) адамдар қызметіндегі басқа салалардағы сөйлеу түрлерінің жалпы жиынтығынан әлдеқайда асып кетеді. Осыдан мәтінде жиынтығы (қазіргі лингвистикалық тіл қолданудың әртүрлі саладағы барлық мәтіннің жиынтығын білдіретін қолданыстағы термин) деп аталатын термин пайда болды, оның БАҚ арналарында күнделікті қолданылып, беріліп отыратын түрлері мен үлгілерінің мөлшері артып қана қоймай, күн сайн өсе түсуде [2, 76 б.]. Бірыңғай ақпараттық кеңістік туралы пікірлердің тілдегі өзгерістердің ерекшеліктерін ұғыну мен түсінуде үлкен мәні бар, өйткені ол әлемдік және ұлтық ақпарат құралдарының біртұтас жүйесі мен бірлігінің сан қырлы қызметін түсінумен қатар, лингвомәдени процестердің дамуы мен ағымын түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі ғылымда осы ұланғайыр озық, мемлекеттік аумағы жоқ және кедергі таңдамайтын кеңістікті білдіру үшін қаншама ұғымдар мен терминдер қолданылады, олар белгілі бір мағыналық топқа қатысты болады және бұқаралық ақпарат құралдарының ерекшеліктерін білдіріп, төмендегідей болып келеді; олар: ақпараттық кеңістік, ақпараттық орта, ақпараттық ая (алаң), медиаорта, медиаландшафт, инфосфера (инфосала), т.б. [3, 29 б.].

Лингвомәдени жиынтық (комплект) әлемдік ақпараттық кеңістіктің маңызды құрастырушысы болып табылады, оның мәнін түсіну және бағалау өте қиынға соғады, өйткені кез келген ақпараттық сөз қолданыстары белгілі бір тіл мен мәдениеттің нақты көрінісі болып табылады. Әлемдік

лексикалық функциялар. Тұтастай айтылған ойдың белгілі бір синтаксистік түрленуі барысында нақты бір мағынаны білдіретін сөз тірек сөздің орнына жұмсалуды мүмкін. Белгілі американдық аударматанушы Юджин Найда (*E. Nida*) динамикалы баламалылық терминін ұсынды. Оның мағынасы: аударманы қабылдаушының әсері мен түпнұсқаны қабылдаушы әсерінің сәйкестігі. Жалған балама - екі түрлі тілдегі айтылуы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы басқа сөздер. Жалған баламаларды *Аудармашының «жалған достары»* деп те айтады. Бұл тіларалық омонимдер, яғни айтылуы мен жазылуы бірдей, бірақ беретін мағыналары әртүрлі болып келетін сөздер. Мысалы: орыс және украин тілдерінде кездесетін тіларалық омонимдер: *вино* (орыс) – *вино/віно* (укр.), *рожа* (орыс) – *рожа* (укр.). Дұрыс баламалармен салыстырайық:

1) **Вино** (укр.) – устар. «приданое» (орыс). **Вино**<sup>1</sup> (укр.) – масть карт «пики» (орыс). **Вино**<sup>2</sup> (укр.) – алкогольный напиток (орыс)

2) **Рожа** (укр.) – 1. «Мальва» (гүлдің аты). 2. Роза (сөйлеу стилі). **Рожа** (орыс) – бет (сөйлеу стилі) орыс және поляк тілдерінде кездесетін тіларалық омонимдер/ антонимдер: *uroda* (поляк) – *урод* (орыс). Шын мәнінде **uroda** (поляк сөзі) орыс тіліндегі «красота» деген мағынаға сәйкес.

· орыс және қазақ тілдеріндегі жалған баламалар: *сарай* (орыс) – *сарай* (қаз.), ай (орыс) - ай (қаз.), т.б. **Сарай** (парсы тілінен енген сөз) – «1. Дворец, отличающееся великолепием здание. 2. Дом со множеством помещений. 3. Крытое строение для содержание скота, хранения хлеба, зерна, сена и различного имущества. 4. Жан сарайы - внутренний духовный мир человека» [Рустемов: 1989, Б.249] Қазақ тілінде *сарай* сөзі орыс тіліндегі *сарай* сөзімен жоғарыда көрсетілген тек 3-ші мағынамен сәйкес, ал 1-ші және 2-ші мағынадағы *сарай* сөзімен жалған балама болып табылады. **Ай** – орыс тілінде одағай. Қазақ тілінде: 1. Ай – түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета (луна); 2. Ай – жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, 30 күндік мерзім (месяц). Орыс және қазақ тілдеріндегі жалған баламаларға басқа да мысалдарды келтіруге болады: **баран, зина, мама, май, бас, бал, жара**, т.б.

Түрік және орыс тілдеріндегі жалған баламалар: *bardak* (түр.) – *бардак* (орыс), *pasta* (түр.) – *паста* (орыс), *durak* (түр.) - *дурак* (орыс). Дұрыс баламалар: **bardak** – стакан, **pasta** – пирожное, **durak** – остановка.

Түрік және қазақ тілдеріндегі жалған баламалар: *masa* (түр.) - *маса* (қаз.), *para* (түр.) - *пара* (қаз.), т.б. Дұрыс баламалар: **masa** – үстел, **para** – ақша.

А.М. Алдашева көрсеткендей, аудару кезінде қателіктер де кездеседі, олар түпнұсқадағы сөздің сыртқы нысанын жиі қолданыстағы таныс сөздің графикалық көрінісімен шатастырудан туады [Алдашева: 1998, Б.191]. Тіларалық сәйкестіктердің заңды сипатын анықтауда тек жоғарыда аталған факторлар ғана емес, тіларалық деңгейде лексикалық-семантикалық категориялардың болуы да ескеріледі. Түрлі белгілердің негізінде аудармашылық сәйкестіктерді бөліп ажыратудың алдында аталған категорияларды талдау қажет. Салыстырылып отырған лексикалық бірліктердің семантикалық мазмұнын, олардың дыбыстық (графикалық) формасын және тілдік сипаттамасын ескере отырып, ғалымдар тіларалық категориялардың синонимдік, омонимдік және паронимдік деп аталатын түрлерін бөліп көрсетеді. Тілдер лексикасындағы интернационалды элементтерді салыстырмалы талдау мәселелерімен шұғылданған ғалымдар сөздердің бұл категорияларын төмендегі ретте анықтайды:

I. Тіларалық синонимдер дегеніміз - тілдегі мағынасы мен қолданысы жағынан толық немесе ішінара сәйкес келетін, аудармада бір-біріне балама болып табылатын сөздер. Толық тіларалық синонимдерге баламалар жатқызылады. Мұндай синонимдердің негізін жалпы халықаралық сөздер құрайды. Олар қандай да бір эмоционалды-экспрессивті реңкке ие болмайды, бейтарап стильде қолданылады (вторник- сейсенбі, красный- қызыл т.б). Ішінара тіларалық синонимдер немесе нұсқаулық сәйкестіктер деп заттың мағыналық мазмұны сәйкес келгенімен эмоционалды-экспрессивті стильдік не болмаса басқа бір белгісі бойынша сәйкес келмейтін синонимдерді айтамыз (бет – лик, морда, рыло, личико, мордашка, рожа, харя, физиономия). Мұндай сәйкестіктерді экспрессивті синонимдер деп атауға болады.

II. Тіларалық омонимдер дегеніміз – екі тілдегі дыбыстық (графикалық) формасы жағынан сәйкес келетін, алайда, түрлі мағынаға ие сөздер. Тіларалық омонимдерді аудармашының жалған баламалары деп те атайды. Мысалы: *жара* (орыс.) – *жара* (қаз.).

III. Тіларалық паронимдер дегеніміз – формасы жағынан толық сәйкес келе бермейтін, алайда, кей жағдайда мағынасын қате түсінуге болатын сөздер (диабетические палочки – диетикалық таяқшалар).

ғалымдар аудармашының жалған достарын басқа қырынан зерттеген. Айта кетсем, Иванова.Л.Б аудармашының жалған достарын ғылыми – техникалық мәтіндерде қарастырған және Разморо Муртазо өз ғылыми жұмысында аудармашының жалған достарын екі тілде салыстыра зерттеген, ол араб және парсы тілдерін қарастырған. Осы ғылыми жұмыстарға талдау жүргізе, бұқаралық ақпарат құралдарындағы “аудармашының жалған достары” әлі де тың тақырып болып отыр.

**Талқылау.** Соңғы жылдарда аударма байланысты әдебиеттерде кездесетін аудармашының жалған достары санатындағы сөздерге көптеген зерттеушілер қызығушылықтарын танытады. Бұл кездейсоқтық қызығушылық емес. Аударма талдауы қателер санын өте жоғары деңгейде көрсетеді. Оларды жоғары білікті аудармашылар жасайды. Осылайша, осы санаттағы сөздер аударма практикасында қажетті болады.

Соңғы жылдары ғалымдардың тіларалық синонимдер, омонимдер және паронимдерді аудару барысында кездесетін аудармашының жалған достары мәселесіне қызығушылық артып отыр. Тіл-аралық графикалық, грамматикалық және семантикалық ұқсастықтардың болуына байланысты бұл сөздер категориясын аудару барысында жалған ұқсастық пайда болады. Осындай ұқсастықтардың нәтижесінде жалған эквиваленттер жиі кездеседі, сондықтан аудармашылардың семантикалық құрылысында болатын өзгешіліктерді жиі ұмытады. Аудармашының жалған достары құбылысының кең таралғандығына қарамастан, аудармашының жіберетін қателігінің пайызы өте жоғары. Осы тұрғыдан қарастырғанда бұл зерттеу жұмысының өзектілігін сөзсіз арттырады. Себебі көптеген ғалымдар аудармашының жалған достарын басқа қырынан зерттеген. Айта кетсем, Иванова.Л.Б аудармашының жалған достарын ғылыми – техникалық мәтіндерде қарастырған және Разморо Муртазо өз ғылыми жұмысында аудармашының жалған достарын екі тілде салыстыра зерттеген, ол араб және парсы тілдерін қарастырған. Осы ғылыми жұмыстарға талдау жүргізе, бұқаралық ақпарат құралдарындағы “аудармашының жалған достары” әлі де тың тақырып болып отыр.

Аудармашының жалған достары француз тілінен faux amis du traducteur калька тәсілімен аударылған. 1928 жылы француз ғалымдары М. Кесслера және Ж. Дерокинның [М. Koessler, J. Degosquigny, 1928] жұмыс барысында пайда болды. Осы сөзді білдіру үшін сол уақыттан бастап әртүрлі тілдердегі бірнеше атаулар пайда болды. Неміс және ағылшын тілдерінен калька тәсілімен аударылған түрі: falsche freunde des ubersetzers [A. Brunner, 1976] және false friends [M. Perl, R. Winter, 1972]. «Аудармашының жалған достары» өзінің артықшылығымен аудармашылық құбылысты дәл сипаттайды. Осы деңгейдегі сөздерді аудару барысында жалған ұқсастықтар кездеседі, өйткені тіл-аралық аналогизмдер графикалық немесе грамматикалық, көбінесе семантикалық ортақтылықты талап етеді. Қазіргі таңда аудармашының жалған достары термині, көбінесе автор аударманың теориясы мен практикасы туралы мәселелерімен айналысқан уақытта қолданысқа ие болады. Бірақ, не дегенмен кейбір авторлар бұл терминді мақұлдамайды, себебі бұл сөзге лингвистикалық зерттеу жүргізген. Мысалға, Г.М. Готлиб образды метафорикалық атаудың орнына, ол тіларалық аналогизмдерді қолдануды жөн көрді. Бұл ұтымды әдіс, себебі бірнеше ғалымдар тіларалық аналогизмдерді шынайы екі тілділік жағдаяттарда зерттеу ғана емес, бұл деңгейдегі сөзге синхронды – салыстырмалы әдіс жүргізген. Көптеген ғалымдар аударма үрдісінде интернационалдық лексикадан бірнеше қателіктер туындайды. Ағылшын-қазақ-орыс тілдерінде басқа тілдерден енген, әсіресе латын, грек тілдерінен енген халықаралық сөздер кезігеді.

Интернационализм - 1. бірқатар тілдерде кездесетін және белгілі дәрежеде фонетикалық, грамматикалық және семантикалық ұқсастыққа ие сөздер; 2. түрлі тілдердегі тегі бір ортақ (көбіне грек немесе латын тілдерінен шыққан) мәні бір, алайда, сол тілдің фонетикалық және морфологиялық нормалары ескерілген сөздер. Интернационал сөздер дегеніміз-көп тілдерде формасы, мағынасы жағынан ұқсас, ортақ, лексикалық бірліктер: film, textm radio, dialect, doctor, atom, legal. Халықаралық сөздер ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында, химия мен медицинада, физикада көптеп кездеседі.

Халықаралық сөздерді аудару негізінен көп қиындық келтіре қоймайды. Бірақ халықаралық сөздердің көпшілігі ағылшын-орыс-қазақ тілдерінде формалары бірінші деп болғаны әртүрлі мағыналары болатынын білу керек. Оларды жиі аудармашының «жалған достары» деп атайды. Мысалы: accurate -мочный (аккуратный емес, resin-смола (резина емес), control -не только контролировать но и управлять. т. б. Балама аударма ғылыми ұғымына анықтама берер алдында *балама* терминіне және бұл түбірден өрбіген басқа да ғылыми ұғымдарға тоқталайық. **Баламалар** - контекске тәуелсіз бастапқы және аударма мәтіндерінің тең мағыналы тұрақты сәйкестіктері, тіларалық синонимдер. **Баламалық ауыстырулар** (эквивалентные замены) – мағыналары тірек сөзбен синонимдес келетін

## АУДАРМАТАНУ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

ГТАХР 16.31.41

*А.М. Асильбекова*  
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*  
*Алматы қ., Қазақстан*

### БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ТІЛІНДЕГІ “АУДАРМАШЫНЫҢ ЖАЛҒАН ДОСТАРЫНЫҢ” ШЫҒУ ТАРИХЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақала аудармашының жалған достарының шығу тарихы қарастырылады. Күн сайын әртүрлі елдердің өкілдері арасында көптеген келісім сөздер мен іскерлік кездесулер өткізілуде. Бұл тек аудармашылардың орасан зор және ерен еңбегінің арқасында мүмкін болып жатыр. Аудармашылар өздерінің ауыр жұмыс барысында бірқатар мәселелер кездеседі және жиі қателіктер жасайды. Бірақ қателіктерді тек енді ағылшын тілін үйренуге кіріскен адамдар, бұл қорқынышты жайт емес. Ал егер өз саласында жұмыс істейтін маманның қателіктері болса, бұл күлкілі және бір мезгілде қайғылы жайт. Аудармашының жалған достары аударманың ең қиындатылған түрі. Терминге жүгінетін болсам, аудармашының жалған достары деген сөздер екі тілде де жазылуы және дыбысталуы жағынан ұқсас, бірақ мағыналары әртүрлі. Сол себептен аударма кезінде дұрыс сөздерді қолданбаған жағдайда жалған аударма болады.

**Түйін сөздер:** жалған балама, тіларалық синоним, аудармашының жалған достары, тіларалық омонимдер, техникалық мәтін, тіларалық графика, грамматикалық және семантикалық ұқсастық, тіларалық паронимдер, лингвистика, тіларалық аналогизм, интернационализм, тіларалық гипонимия, морфологиялық норма, балама, баламалық ауыстырулар, тіларалық гиперонимия, динамикалық баламалылық, тіларалық перифраз.

**Кіріспе.** Күн сайын әртүрлі елдердің өкілдері арасында көптеген келісім сөздер мен іскерлік кездесулер өткізілуде. Бұл тек аудармашылардың орасан зор және ерен еңбегінің арқасында мүмкін болып жатыр. Аудармашылар өздерінің ауыр жұмыс барысында бірқатар мәселелер кездеседі және жиі қателіктер жасайды. Бірақ қателіктерді тек енді ағылшын тілін үйренуге кіріскен адамдар, бұл қорқынышты жайт емес. Ал егер өз саласында жұмыс істейтін маманның қателіктері болса, бұл күлкілі және бір мезгілде қайғылы жайт.

Аудармашының жалған достары аударманың ең қиындатылған түрі. Терминге жүгінетін болсам, аудармашының жалған достары деген сөздер екі тілде де жазылуы және дыбысталуы жағынан ұқсас, бірақ мағыналары әртүрлі. Сол себептен аударма кезінде дұрыс сөздерді қолданбаған жағдайда жалған аударма болады.

Соңғы жылдарда аудармаға байланысты әдебиеттерде кездесетін аудармашының жалған достары санатындағы сөздерге көптеген зерттеушілер қызығушылықтарын танытады. Бұл кездейсоқтық қызығушылық емес. Аударма талдауы қателер санын өте жоғары деңгейде көрсетеді. Оларды жоғары білікті аудармашылар жасайды. Осылайша, осы санаттағы сөздер аударма практикасында қажетті болады.

**Зерттеу әдістемесі.** Зерттеу барысында бұқаралық ақпарат құралдарындағы жалған баламалықтың лексикалық талдау, салғастыру, жіктеу, жинақтау, сипаттау, жүйелеу, қорытындылау әдіс тәсілдері қолданылды.

**Нәтижелер.** Соңғы жылдары ғалымдардың тіларалық синонимдер, омонимдер және паронимдерді аудару барысында кездесетін аудармашының жалған достары мәселесіне қызығушылық артып отыр. Тіларалық графикалық, грамматикалық және семантикалық ұқсастықтардың болуына байланысты бұл сөздер категориясын аудару барысында жалған ұқсастық пайда болады. Осындай ұқсастықтардың нәтижесінде жалған эквиваленттер жиі кездеседі, сондықтан аудармашылардың семантикалық құрылысында болатын өзгешіліктерді жиі ұмытады. Аудармашының жалған достары құбылысының кең таралғандығына қарамастан, аудармашының жіберетін қателігінің пайызы өте жоғары. Осы тұрғыдан қарастырғанда бұл зерттеу жұмысының өзектілігін сөзсіз арттырады. Себебі көптеген

қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан, 2012.

2 Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

3 Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2004.

4 Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж. Педагогика. – А., 2007.

5 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. – М., 2002

6 Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. – М., 1998.

7 Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

8 Б.Т.Кенжебеков. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі // Бастауыш университет. – 2005, №3. – 3-7 б.

9 Амельченко В.И., Амельченко Л.Б. Формирование педагогической компетенции будущих специалистов как необходимое условие повышения качества образования// Инновационные технологии обучения и интерактивные методы в высших учебных заведениях: Материалы республ.научно-практ.конференции. – Уральск, 2006. – С.137-139.

10 Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту// Білім берудегі менеджмент, № 4, 2009.

<sup>1</sup>Г.Т. Уразова

*Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова*

### **ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ.**

*Аннотация*

В Казахстане происходит резкая переориентация оценки результата образования с понятий «подготовленность», «образованность», «общая культура», «воспитанность», на понятия «компетенция», «компетентность» обучающихся. То есть делается существенная ставка на компетентностный подход в образовании.

Компетентность означает доскональные знания в какой-либо области. Компетентный человек – это знающий, хорошо осведомленный о чем-либо человек, т.е. компетентность, как правило, связывают с квалификацией специалиста, имеющего исчерпывающие знания в какой-либо профессиональной области.

В настоящее время бизнесу и государству нужна не квалификация, которая слишком часто ассоциируется с умением осуществлять те или иные операции материального характера, а компетентность, которая рассматривается как своего рода коктейль навыков, свойственных каждому индивиду, в котором сочетаются квалификация в строгом смысле этого слова, социальное поведение, способность работать в группе, инициативность и любовь к риску.

**Ключевые слова:** парадигма, конкурентоспособность, компетентность, компетенция, информация, инновация, метод, концепция, рынок, функциональная грамотность, процесс, специалист, потенциал.

<sup>1</sup>G.T. Urazova

*Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov*

### **FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF STUDENTS IN THE EDUCATION SYSTEM**

*Abstract*

In Kazakhstan there is a sharp reorientation of education assessment results with the notions of "preparedness", "Education", "common culture", "education" on the concept of "competence", "expertise" of the students. That is done substantial bet on the competence approach in education.

Competence means a thorough knowledge in any field. Competent person - is knowledgeable, well-informed about anything a person, i.e. competence, as a rule, linked to professional qualifications, which has a comprehensive knowledge in a professional field.

Currently, businesses and the state does not need the qualification, which is too often associated with the ability to carry out certain transactions of a material nature and competence, which is seen as a kind of cocktail skills peculiar to each individual, which combines expertise in the strict sense

**Key words:** paradigm, competitiveness, competence, expertise, information, innovation, method, concept, market, functional literacy, a process, specialist, capacity.

Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігін айтады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық үдеріске енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Қоғам талабына қарай оқытушының білім берудегі міндеті нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру. Қазіргі уақытта оқытушымен бірге, студенттердің алдына қойылатын талаптар да өсуде. Талап студенттердің бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға:

- нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде;
- қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде;
- практикалық өмірде мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда;
- еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда өмірден өз орнын анықтауға;
- өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Құзыреттілік ең алдымен студенттердің ақпараттық сауаттылығы мен кез келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу оқушы мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Мұнда студенттердің өз бетімен жұмысына көп мән беріледі. Студенттер өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етсе, ал оқытушының мақсаты – студентке білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру.

Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер:

- студенттерді өз бетінше талдауға;
- өз қызметіне мақсат қоюға;
- жоспарлауға, жинақтауға;
- қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге;
- өзін-өзі бағалауға;
- өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге;
- нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға.

Сонымен қатар, академиялық ұтқырлықтың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде студенттердің басқа оқу орындарында оқу пәндерін таңдап оқуы және олардың кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы рөлі зор. Өйткені, студент сыни тұрғыдан өз білімін бақылайды, бөгде ортада өз шеберлігін айқын көрсетеді және оқыту орталарын салыстырады [9, 135 б.].

Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманның бойында белгілі бір құзыреттіліктер қалыптасуы қажет:

- мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзыреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті) [10, 16 б.].

Сонымен, кәсіби құзыреттілік дегеніміз ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-



Болон процесіне ену нәтижесінде жоғары білім беру жүйесіндегі реформаларға сәйкес қойылған міндеттерді Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының өз беттерімен шешуіне мүмкіндік жасауда. Жоғары оқу орнын бітірушілердің біліктілігін жоспарлау, тұжырымдау және бағалауға қойылатын талаптар да өзгеруде. Бүгінгі маманның біліктілігі, оның білімінің нәтижесі құзиреттіліктер болып танылуда.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуде жасаған қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Білім берудегі жаңа басымдықтар – ізгіліктік педагогика, студенттердің тұлғалық әлеуетін анықтау және дамыту, әлеуметтік үдерістер мен тұлғааралық қарым-қатынастарды ұйымдастырудың ерекше формасы ретінде танылатын оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру болып отыр.

Болашақ кәсіби құзиретті маман ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы.

Құзиреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін мемлекет тарапынан көп шаралар жасалуда. Соның ішінде «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» ең маңызды орын алады. Бұл тұжырымдамада жоғары білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын жағдайларда алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатта алға қойылған міндеттер: студенттердің сапалы білім алуы, оқытушының біліктілігі мен педагогикалық шеберлігінің ұдайы арттырылуы [3, 12 б.].

«Құзиреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалым Н.Хомский енгізген болатын, бастапқыда ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер деген түсінік берді.

“Құзиреттілік” түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. “Кәсіби құзиреттілік, жете білушілік” ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, “кәсіптілік”, “біліктілік”, “кәсіби мүмкіндіктер” және т.б. түсініктерді біріктіреді [4].

Ғалым Дж. Равеннің «Қазіргі заманға қоғамдағы құзиреттілік» атты еңбегінде «кәсіби құзиреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деген анықтама беріледі [5, 36 б.].

Л.М. Митина «құзиреттілік» ұғымына «білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесімде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері», - деген анықтама береді [6, 11 б.].

Б.Т. Кенжебеков құзиреттілік жөнінде: «Құзиреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез-келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзиретті болып саналады», - деп анықтама береді [7, 5 б.].

«Құзиреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзиреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады.

Құзиреттілік – студенттердің іс-әрекетін меңгеруден көрінетін білім нәтижесі. Білім мазмұнын жаңалау – негізгі мақсат болып табылады. Басты мақсаттың бірі – білім игеру кезінде күтілетін нәтижеге қол жеткізу. Негізгі бағыт оқытушы жеке тұлғаға ауысады, яғни, жеке тұлға бұрын білімді қабылдаушы рөлін атқарса, ал жаңа талап бойынша өздігінен білім алушы, үйренуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаның бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындауымыз керек. Бүгінде білім беру стратегиясын «құзиретті білім беру» деп те атап жүр. Құзиреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне қатысты нәрсе. Студенттердің кәсіби құзиреттілік мәселелері туралы пікірлер отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табауда. Оқыту үрдісіндегі құзиреттіліктерге ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген.

Б.Т. Кенжебеков жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби құзиреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзиреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», - деп тұжырымдаған [8, 6 б].

S.A. Nurgalieva<sup>1</sup>, F.A. Kurabaeva<sup>2</sup>, G.K. Espolova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>East-Kazakhstan State University named after S. Amanzholov

<sup>2</sup>Pavlodskaya State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan.

## TO THE QUESTION OF THE PROFESSIONALLY-ORIENTED TRAINING FOR FOREIGN LANGUAGE IN HIGHER SCHOOL OF THE KAZAKHSTAN

*Abstract*

The article deals with the problem of the professionally-oriented instruction in the foreign language of the students in higher educational institutions of the Kazakhstan, which has recently acquired special relevance in connection with the growing role of foreign-language communication in the professional activity of modern specialists.

In the annual Message of the President of Kazakhstan N.A. Nazarbaev to Kazakhstan people “Socio-economic modernization – main direction of development of Kazakhstan” the relevance of multilingual education was noted, because “one of the most important values and the main advantage of our country is a multicultural and multilingual”. In accordance with the objectives, set by the President in the State Program of Education Development of the Republic of Kazakhstan for 2011–2020, State program of functioning and development of languages for 2011–2020 and cultural program “Trinity of languages” by 2020 all people of Kazakhstan should seize Kazakh language, 95 % – Russian language and 25 % – English.

The increase in the demand for the state language and the study of English and other languages, the development of the country's intellectual potential on the basis of its involvement in the values of language and culture are all priority at the present time.

**Key words:** vocational training, professionally-oriented training, competitive specialist, professional competence.

**МРНТИ 14.07.03.**

*Г.Т. Уразова<sup>1</sup>*

*Х.Досмұханбетов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,  
Атырау қ., Қазақстан*

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада педагогика ғылымындағы жаңа көзқарас бойынша тұлғаға бағдарлы үлгі балаларға білім негіздерін беруді емес, оқу және өмірлік жағдаяттарда алған білімдерін шығармашылықпен қолдануына, түйінді және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы өзін-өзі дамытуына, қоршаған шынайылықты түйсінуге, өзінің даралығын сезінуге, негізгі оқу және айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін ой елегінен өткізуге жағдай жасауды мақсат ететіні жайлы сөз болады.

Қазіргі өзгермелі уақытта білім берудің жай-күйі дүние жүзінде де күрделі және қарама – қайшылықтарға толы. Қоғамның дамуы білім беру саласынан үнемі алда болды, тіпті бұл алшақтық кейбір кездерде ондаған жылдармен өлшенеді. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қояда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама – қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті оқытушылардың әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог – мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзырлығын негізінде жүзеге асыру қажеттілігі туындайды.

**Түйін сөздер:** парадигма, бәсекеге қабілетті, құзыретті, құзыреттілік, ақпарат, инновация, әдіс, тұжырымдама, нарық, функционалдық сауаттылық, үдеріс, маман, әлеует.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1, б б.].

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы еліміздің индустриалдық – инновациялық даму аясында білім беру саласына жаңа тұрпаттағы міндеттерді жүктеп көрсеткен [2, 23 б.].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 «Концепция развития иноязычного образования РК». - Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, 2006 г. – С.4.
- 2 Алексеева Л.Е. Оптимизация процесса обучения иноязычному профессионально-ориентированному общению студентов факультета международных отношений: Дис. к.п.н. - СПб., 2002. – 313 с.
- 3 Хаустов О.Н. Моделирование системы профессионального обучения деловому английскому языку специалистов экономического профиля в условиях высшей школы : автореф. дис. ... канд. пед. наук – Тамбов, 2001. – 21 с.
- 4 Хохленкова Л.А. Технология профессионального педагогического общения при обучении иностранному языку студентов неязыковых специальностей: Дис.... к.п.н., Тольятти, 2000. – 299 с.
- 5 Коннова З.И. Развитие профессиональной иноязычной компетенции будущего специалиста при многоуровневом обучении в современном вузе. Автореферат ... д.п.н., Калуга, 2003. – 36 с.
- 6 Образцов П.И., Ахулкова А.И., Черниченко О.Ф. Проектирование и конструирование профессионально-ориентированной технологии обучения. / Под общ. ред. П.И.Образцова – Орел: ОГУ, 2003. – 94 с.
- 7 Рыбкина А.А. Педагогические условия формирования профессиональных умений курсантов учебных заведений МВД в процессе обучения иностранному языку. Саратов: Саратов. юрид. ин-т МВД России, 2005. - 152 с.
- 8 Образцов П.И., Иванова О.Ю. Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку на неязыковых факультетах вузов. Орел: ОГУ, 2005. - 114 с.
- 9 Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранному языку. Пособие для учителя.- М.: АРКТИ – Глосса, 2000. - 192 с.
- 10 Funk H. Berufsbezogener Deutschunterricht. Grundlagen-Lernziele-Aufgaben // Fremdsprache Deutsch. Zeitschrift für die Praxis des Deutschunterrichts. Sondernummer, 1992. – S. 4–15.
- 11 Хусаинова М.А. Становление профессиональной позиции студентов – будущих менеджеров средствами иностранного языка: Дис. канд. ... пед. наук. Самара, 2006. - 165 с.
- 12 Волкова А. Ю. Проблемы профессионально-ориентированного обучения иностранному языку студентов неязыковых факультетов // Молодой ученый. – 2015. – № 15. – С. 575-577.
- 13 С.А. Нурғалиева, С.Ж. Зейнолла. К вопросу об организации трехязычного образования в Казахстане (на примере (РИПКСО) – ФАО «ОРЛЕУ») // Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Филологические науки», №3(57), 2016. – С. 248-253
- 14 Шангереева Ш.Т. Көптілді оқытудың интеллект жүйесін пайдалану // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки», №1(47), 2014. – С. 178-180.

С.А. Нурғалиева<sup>1</sup>, Ф.А. Курабаева<sup>2</sup>, Г.К. Есполова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Восточно-Казахстанский государственный университет  
им. С.Аманжолова

<sup>2</sup>Павлодарский государственный педагогический институт

**К ВОПРОСУ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ  
ЯЗЫКУ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА**

Аннотация

В статье рассматривается проблема профессионально-ориентированного обучения иностранному языку студентов в вузах Казахстана, которая в последнее время приобрела особую актуальность в связи с возрастающей ролью иноязычного общения в профессиональной деятельности современных специалистов.

Реализация принципа триединства языков в нашей стране будет подниматься на качественно новый уровень. Главная цель нововведений – повышение конкурентоспособности кадров и рост экспортного потенциала образовательного сектора. В этой связи, целенаправленная подготовка квалифицированных кадров, внедрение единой системы полиязычного образования и разработка научно-методические рекомендации по широкому внедрению полиязычного образования в школах и вузах не вызывает сомнения.

Повышение востребованности государственного языка и изучение английского и других языков, развитие интеллектуального потенциала страны на основе ее приобщения к ценностям языка и культуры – все эти направления приоритетны в настоящее время.

**Ключевые слова:** профессиональная подготовка, профессионально -ориентированное обучение, конкурентоспособный специалист, профессиональная компетенция.

тұжырымдамалық; сөйлеу (қарым-қатынас үдерісінде өз ойын жеткізу үшін ауызша және жазбаша түрде қисынмен сөйлеу біліктігі); әлеуметтік-лингвистикалық (қарым-қатынас жағдайларына сәйкес сөйлеу көрсеткіштерін меңгеру); елтанушылық-мәдениеттанушылық (әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді, өмір салтын білу). Кәсіби-бағдарланған өзге тілді құзыреттіліктің көрсетілген түрлері әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, дидактикалық-әдістемелік және жалпы әдістемелік принциптерге бағытталған пәнаралық оқыту жүйесінде шет тілге оқытуда табысты жүзеге асырылады [11, 165].

Демек, жоғарыда келтірілгенді есепке ала отырып, жоғарғы оқу орнындағы шет тілге кәсіби-бағдарлап оқытуың негізгі және түпкі мақсаты студенттердің шет тілін белсенді меңгеруін күнделікті қарым-қатынас аймағында және сәйкес мамандық саласында ойды қалыптастыру мен тиянақтау, болашақ кәсіби қызметте шет тілін практика жүзінде пайдалану үшін жеткілікті деңгейге жету құралымен қамтамасыз етеді.

Осылайша, шет тілге кәсіби-бағдарлап оқытуың тәсілдері шет тілге оқытудың әдістемесі отандық және шетелдік бірыңғай моделін дайындау қажеттілігін көрсетеді.

#### Зерттеу нәтижелері

Шет тіліне кәсіби-бағдалап оқытудың мақсаты ұғымын саралай отырып, берілген ұғымның көпкомпоненттілігі мен біртәнді еместігін белгілеу қажет. Мақсаттың келесідей компоненттерін ажыратады: білім берушілік, тәрбиелік, дамытушылық және практикалық. Білім берушілік мақсаттарды жүзеге асыру үшін студенттердің таңдаулы болашақ кәсіби қызмет саласымен байланысты лингвистикалық білімнің белгілі көлемін алуды көздейді.

Республиканың бағдарлау жағдайында ғылыми-техникалық және индустриалды даму жолында әр түрлі бейінді тілдік емес жоғарғы оқу орны жүйесінде «шет тілі» білім беру саласында әлеуметтік тапсырыс шет тілін меңгерген мамандарды даярлау тілді тасымалдаушылармен жеке, ғылыми және мәдени байланыстарды орнату, болашақ өндірістік қызметте тиімді еңбек тәжірибесімен алмасу үшін кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде жасалады.

Берілген жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің оқуы екі кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезеңде (1 курс) 4-ші (B<sub>2</sub>) еуропалық деңгейін меңгеруін болжайды. Шет тілін 4-ші (B<sub>2</sub>) еуропалық деңгейін меңгеруі студенттің өмірдің кәсіби салаларындағы жеке, қоғамдық, оқу немесе кәсіби тақырыптардағы күрделі ақпаратты түсінуі, астарлы сөздерді ұғынуы, тілді шапшаң пайдалануы, жеке, жалпы және кәсіби тақырыптарға грамматикалық тұрғыда жақсы орындау.

Екінші кезеңде (2-ші және 3 соңында) арнайы мақсаттар үшін (LSP) шет тілін пайдаланумен нақты мамандық шеңберінде кәсіби-бағдарлы қарым-қатынасқа оқытуды божайды.

Студенттердің кәсіби-коммуникативті біліктерін меңгеруі мамандықтың мақсатты ұғымдық-терминологиялық аппаратын, түпнұсқалық текст материалында ақпараттық базасын кеңейту, оқу стратегиясын меңгеру, түсіндіру білігі, пікірталас жүргізу, дәлелдеу, типтік стандартты және кәсіби-бағдарланған тапсырмаларды орындауды қамтиды.

Тілдік емес әр түрлі бейінді жоғарғы оқу орындарында өзге тілді білім беру мына формулада мазмұнды және құрылымды ұсынылуы мүмкін: B<sub>2</sub> + LSP деңгейі, шет тілін халықаралық-стандартты меңгеруіне сәйкес.

Берілген жоғарғы оқу орындарындағы арнайы мақсаттарға арналған (LSP) тілге оқыту сол жоғарғы оқу орындарында келесі жағдайларды құруды талап етеді:

- Шет тілін оқу пәні ретінде жалпы білім беру әлеуметтік-гуманитарлықтан жалпы кәсіби бөлімге көшу;
- Оқытудың мерзімдік шекараларын тиімді бөлу (1-4 к.к.)
- Оқу үдерісін нормативті, оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

#### Қорытынды

Шет тіліне кәсіби-бағдарлап оқыту қазіргі уақытта білім берудің басым бағыты болып танылады [13, 248-253].

Алайда, тілдік емес факультеттерде шет тіліне кәсіби-бағдарлап оқыту оқытудың мазмұнын таңдауға және жаңа мәселелерді шешуге тәсілдерді талап етеді. Студенттер шет тілін оқудың тек теориялық жағынан емес, өз білімдерін практика жүзінде қолданатын оқу үдерісінің табиғи өзгеруі талап етіледі. Осындай ақпараттық көшу болаша мамандарда шет тіліне оқудың табиғи мотивациясын қалыптастырады. Мұндай білім беру адами қызметтің кез келген саласында соңғы жетістіктеріне бағдарлану, оқушылардың кәсіби қызығушылығын қалыптастыра отырып және оларға ары қарайғы кәсіби өсу үшін мүмкіндік бере отырып ғылыми жаңалықтарды уақытында көрсету керек.

Кәсіби бағдарланған оқыту оқу материалдарының мазмұнын ғана емес, кәсіби іскерліктерін қалыптастыратын әдістер мен операцияларды қамтиды. Іс-әрекеттің кәсіби бағыттылығы, біріншіден, «шет тілі» бейіндік пәндермен біріктіруді талап етеді, екіншіден, кәсіби білімдерін жүйелі түрде толықтыру құралы ретінде, сонымен қатар кәсіби білік пен дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде шет тілді пәнаралық байланыстар негізінде шетел тілінің оқытушысының алдына болашақ мамандарды оқыту міндетін қояды, үшіншіден, болашақ маманға қажетті кәсіби білік пен дағдыларды қамтамасыз ете алатын оқытудың әдістері мен формаларын пайдалануды болжайды.

Егер тілдік жоғарғы оқу орнында шет тілі арнайы база болып табылса, ал басқа жоғарғы оқу орындарында – бұл жалпы мәдениетке қосымша болып табылады, сондықтан да техникалық жоғарғы оқу орнында түпкі мақсат айқындауды талап етеді. Шет тілін практика жүзінде меңгеру пәннің бір жақты кәсіби-бағдарланған оқытуын ғана құрайды. Рыбкинаның А.А. пікірінше, шет тілі игеру объектісі ғана емес, ал кәсіби біліктерді дамыту құралы бола алады. Бұл бір компонентті – оқу материалы мазмұнының кәсіби-бағдарланған бағыттылығын қамтитын «кәсіби бағдарлылық» ұғымының кеңейуін болжайды [7,152].

Техникалық жоғарғы оқу орындарында шет тіліне кәсіби-бағдарланған оқыту пәннің мазмұнын таңдауда жаңа тәсілді талап етеді. Ол адам іс-әрекетінің саласындағы соңғы жетістіктерге бағдарланып, білім алушылардың кәсіби қызығушылықтарын қамтитын салаларда ғылыми жетістіктерін қамтуы тиіс және де оларға кәсіби өсуге мүмкіндік беруі тиіс [8,114].

Осылайша, шет тілге оқытудың мазмұны білім алушылардың оқу үдерісінде шет тілін меңгеру деңгейі мен сапасының жиынтығын тең деңгейде қарастыру дұрыс болады. Шет тілін оқытудың мазмұнын іріктеу студент тұлғасын жан-жақты және жалпы қалыптастыруға, оның болашақ кәсіби қызметіне даярлыққа әсер етуге тиіс.

Гальскованың Н.Д. пікірінше, шет тіліне оқытудың мазмұнына мыналар енеді:

- студенттердің кәсіби бағыттылығын есепке алатын коммуникативті қызмет салалары, тақырыптар мен жағдайлар, сөз іс-әрекеттері мен сөздік материал;
- тілдік материал (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық), оны рәсімдеу ережелері мен дағдылары;
- шет тілін практикалық меңгеру деңгейін сипаттайтын арнайы (сөйлеу) біліктер кешені қарым-қатынас құралы ретінде;
- оқып жатқан тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен мемлекеттің діні туралы білім жүйесі [9].

Шет тіліне кәсіби-бағытталған оқытудың маңызы қосымша кәсіби білім мен тұлғаның кәсіби сапаларын қалыптастыру мақсатында арнайы пәндермен оны біріктіруінде болып табылады.

Дәл осы жағдайда шет тілі студенттердің кәсіби құзыреттілігін жоғарлату мен жеке кәсіби дамуының құралы ретінде қарастырылып, басқа тілді серіктестермен іскерлік қарым-қатынасты жүзеге асыра алатын заманауи жоғарғы мектептің маман-түлегінің табысты кәсіби қызметіне қажетті шарты болып табылады.

Осылайша, шет тіліне кәсіби бағытталған оқытудың негізін сипаттау барысында бір жағынан шет тіліне оқытудың жалпы тілдік және кәсіби тілдік шектеу туралы, екінші жағынан жұмыс бағдарламасы мен оқу жоспарын дайындау принциптері, оқытылатын материалды жаттықтыру мен енгізу, шет тіліне кәсіби бағдарлап оқытудың дидактикалық түйінін (тақырыптық және лексикалық материал) анықтау мен іріктеу принциптері туралы айтылады. Шет тіліне оқытудың кәсіби бағытталған курсы жоспарлауда ең маңызды элемент – ол оқытудың мақсатын анықтау. Мақсаты тұжырымдау оқу материалдарын жоспарлау, дайындау үшін негіз, сонымен қоса оқытудың анықтаушы мотивациясы болып табылады. Функтың Г. [10,4-15] анықтауы бойынша шет тіліне кәсіби бағытталған оқыту – ол белгілі кәсіби саланың талаптарына сәйкес оқу жоспары шеңберінде шет тілін меңгеруге бағытталған. Оның мақсаты мамандық бойынша жұмыста және арнайы білім беруді алу үдерісінде тілдік құзыреттілігін дамыту болып табылады. Бұл жағдайда ол оқытудың жалпы педагогикалық және кәсіби мақсаттарынан шығып, кәсіби ерекшелік пен коммуникативті құшыреттіліктердің жалпы аспектілерін қамтиды. Осылайша, профессор Функтың кілтті элементі прагматика мен мақсатқа бағдарлауды қамтиды, сонымен қоса, автор түрлі кәсіби салалардағы кәсіби тілдің талаптары мен кәсіби қарым-қатынастың интерактивті сценарийі мен практика жүзінде қолдану, лексикалық-грамматикалық материалға қатысты да көбінесе кәсіби тілге ұқсас.

Шет тілге бейіндік-бағдарлап оқыту нәтижесі кәсіби-бағдарланған өзге тілді құзыреттілікпен ұсынылады және келесі оның түрлерін қамтиды: ақпараттық-тақырыптық (пәндік жоспар); ұғымдық;

Бұл жағдайды шет тілі, LSP және LAP әр түрлі деңгейдегі алуандығын толығымен қамтамасыз ететін кадрлық құрамның жетіспеушілігімен, мемлекетпен қаржыландырылатын шет тілі бойынша білім алатын кадрларды қайта даярлау жүйесін жоюмен, оның төмен жаңғыртылуымен және соның салдарынан – шет тілі мұғалімдерінің орта оқу мекемелерінің төмен деңгейде қамтамасыз етілуі қиындатылады. Мұның барлығы республикалық басқа тілде білім берудің барлық деңгейлерінде шет тілдің оқығандық сапасына кері әсер етті: республиканың егемендігі жағдайында түлектердің көп бөлігі шет тілін тасымалдаушылармен жеке және кәсіби байланысқа әсер етті [1,4].

Әдіснама:

Ғылыми және ғылыми-әдістемелік дереккөздердің анализі қазіргі таңда педагогикалық ғылымда жоғарғы оқу орынның тілдік емес факультеттерінде шет тілін оқыту модельдерінің саны дайындалғанын көрсетті. Осыған орай, белгілі мәселе шеңберінде ерекше назарды талап ететін кейбір модельдерді саралау қажеттілігі туындайды. Мысалы, Алексеева Л.Е. халықаралық қатынастар факультеті студенттерінің кәсіби-бағдарланған басқа тілге оқыту үдерісінің моделін ұсынды: тапсырма – бөлім – кезең [2,313]. Автор тақырыбы бойынша жеке тарауларға біріктірілген әрбір немесе бірнеше сабақтардың моделі кезеңдер қатарынан тұрады: танысу, жаттығу мен сөйлеу практикасы. Әрбір кезеңге бөлімдерді енгізумен кенейту ұсынылады. Модельге бұл бөлімдерді енгізу сөйлеу білім мен дағдыларын қалыптастыру мен жаттықтыруды қамтамасыз етеді. Әрбір бөлім өз кезегінде бір нақты талаппен біріктірілген тапсырмалар қатарын орындауға бағытталған. Автор ұсынған модельді пайдалану нәтижелілігі оқытушының оқу тәсілдерін студенттердің психологиялық ерекшеліктері мен тәртіп мінез-құлпын есепке ала отырып қаншалықты дұрыс таңдайтына тәуелді.

Хаустов О.Н. дайындаған кәсіптік оқыту жүйесінің іскерлік ағылшын тіліне оқыту жүйесінің моделі оқытудың әлеуметтік тапсырысы мен экономикалық бейіндегі білікті маман тұлғасын қалыптастыруды есепке ала отырып жобаланған [3]. Оны негіздеуде автор жүйелі тәсілдер ережелерін, модульдік және проблемалық оқытудың негізгі әдістерін қолданған. Берілген модельде келесі компоненттер анықталған: мақсатты, мотивациялық, мазмұндық, тұлғалық-әрекеттік, процессуалды-коммуникативті, басқарушылық, бағалаушы-нәтижелік. Кәсіптік оқыту жүйесінің іскерлік ағылшын тіліне оқыту жүйесінің жобаланған моделі іскерлік ағылшын тілі саласындағы мамандардың кәсіби құзыреттілік деңгейлерін белгілейтін оқытудың үш негізгі кезеңі мен бір қосымша кезеңін қарастырады. Автордың пікірінше, оқытудың мақсаты іскерлік ағылшын тілі саласындағы білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктің базалық, функционалды және кәсіби деңгейлерін қалыптастыру болып табылады. Өкінішке орай, берілген кәсіптік оқыту жүйесінің іскерлік ағылшын тіліне оқыту жүйесінің модельді жүзеге асыру экономикалық бейіндік факультеттерінде ғана мүмкін.

Хохленкова Л.А. ұсынған тілдік емес мамандықтардың коммуникативті қабілеттерін қалыптастыруға әсер ететін кәсіби педагогикалық қарым-қатынастың жалпыланған моделі басқаша көрінеді [4,299]. Оның моделінің негізін ауызша және жазбаша коммуникациясының интенсивті-коммуникативті кәсіби бағдарланған оқыту құрайды. Ол екі блоктан тұрады: - ақпараттық-теориялық-педагог тұлғасының жоғары кәсіби сипаттау мінездемесін, білім алушының психологиялық портретін құруды, оқу әрекетін ынталандыруды, коммуникацияның вербалды емес құралдарының рөлдерін есепке алуды, жағымды эмоционалды ортаны құруды қамтиды; 2 блок шет тілдеріне оқытудың лингводидактикалық моделінің тілдік қызмет компоненттерін ұсынады.

Коннова З.И. дайындаған заманауи жоғарғы оқу орнында көп деңгейлі оқытуда маманның кәсіби басқа тілді құзыреттілігінің даму үдерісінің теоретикалық моделіне қызығушылық танытады [5,36]. Оның негізі оқытудың барлық кезеңдерін қамтитын (бакалавр – маман – магистр) үздіксіз тілдік даярлау жүйесі болып табылады және де болашақ маманның кәсіби басқа тілдік құзыреттілігіне дамытуға бағытталған. берілген модельдің негізгі компоненттері: мотивациялық-құндылықтық, мазмұнды, процессуалды-коммуникативті. Автор басқа тілді кәсіби құзыреттілік құрылымындағы мазмұнды компонентінің рөліне ерекше көңіл бөлінген.

Кәсіби-бағдарланған шет тілін оқытудың теориясын дайындауға елеулі еңбекті Образцов П.И. бірлескен авторлармен атқарған. Олар тілдік емес жоғарғы оқу орнында шетел тіліне оқыту барысында оқу материалының кәсіби бағыттылық принципін дәлелдеді. Авторлар шет тіліне үйрету қара бастың қамы үшін емес, ал білімділік деңгейін жоғарлату мақсатына жету, өз мамандығының шеңберінде білгірлік құралы болуы керек. Олардың пікірінше, бейіндік мамандықтар спецификасының есебі келесі бағыттар бойынша өткізілуі тиіс: арнайы мәтіндермен жұмыс, ауызекі тілді дамыту үшін арнайы тақырыптарды зерттеу, сәйкес мамандық бойынша сөздік минимумын зерттеу, білім алушылардың грамматикалық және лексикалық материалдарын белсенді қылу үшін оқытушылардың оқу құралын құрастыру болып табылады [6,61].

Т.М. Мансурова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ АСПЕКТІСІНДЕ АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА  
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕДЕРГІЛЕРІ**

*Аңдатпа*

2016 жылдың қазан айынан бастап 2017 жылдың наурыз айына дейін Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің студенттері арасында мәдениетаралық коммуникация кедергілерді зерттеу сипаттама жүргізілді. Деректер жинау әдістері топтық талқылау және терең сұхбат фокустау қолданылған. Ғылыми-зерттеу бойынша түрлі тілдік және мәдени ортадан шыққан студенттер арасында мәдениетаралық коммуникация кедергілері: этноцентризм, тысқары пікір, өткен тарихи қағидалары, тіл және әлеуметтік мәдени вариациялар деп табылды. Кейде түсініспеушілік мәдени бәсекелестік, саяси және әлеуметтік нақтылық салдарынан осы уақытта ұлттық деңгейде қолданыстағы орын алған. Университет құрылымы құрылған мүмкіндіктерін болмауы, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация нақтыланған кедергілерді ретінде саналған. Осылайша, әртүрлілік және көпмәдениетті құзыреттілігін үшін толеранттылық мектепте түрлі деңгейіне жүзеге асырылатын ұсынылды.

**Түйін сөздер:** мәдениетаралық коммуникация, этноцентризм, тысқары пікір, тіл және әлеуметтік мәдени вариациялар.

**МРНТИ:16.31.51**

С.А. Нурғалиева<sup>1</sup>, Ф.А. Курабаева<sup>2</sup>, Г.К. Есполова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,  
Павлодар қ., Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОО ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ  
КӘСІБИ-БАҒДАРЛАНҒАН МӘСЕЛЕСІ**

*Аңдатпа*

Мақалада заманауи мамандардың кәсіптік қызметіндегі басқа тілде сөйлеудің артушы рөліне байланысты соңғы кезде ерекше көкейкестілікке ие Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында студенттерді шет тіліне оқытудың кәсіби-бағдарланған мәселесі қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай: «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады». Ол шындығында да солай. Ағылшын тілі – халықаралық қатынас тілі, ағылшын тілін білу - әлемдегі болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды қабылдау және дұрыс пайдалану мүмкіндіктерін береді. Ағылшын тілін білу - өмір жолыңыздағы жетістіктердің кепілі, қарым-қатынастың жаңа, бір саты жоғары кеңістігі, шетел халықтары мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерімен танысу, білімің мен ой-санаңды байыта алатын жоғары білікті мамандар ортасына кіру мүмкіндігі.

**Түйін сөздер:** кәсіби даярлау, кәсіби-бағдарланған оқыту, бәсекеге қабілетті маман, кәсіби құзыреттілік.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда шет тілге кәсіби-бағдарланған оқыту қазақстандық жоғарғы мектеп мазмұны жаңаруындағы басым бағыт болып танылады.

Жоғарғы кәсіби білім беруді жаңғыртудың бағдарламалық құжаттары басымды мақсаты ретінде үздіксіз кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіби мобильділікке дайын, кемінде үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген әлемдік стандарттар деңгейіндегі мамандық бойынша тиімді жұмыс жасай алатын білікті маманды даярлауды анықтайды.

Алайда, айтылған оң үдерістерге қарамастан, Республикадағы басқа тілді ұйымдардыңтеріс жақтары да баршылық.

Үздіксіз және бірзділікті-вариативті басқа тілді білім беру мен оны жүйелі нормативті қамтамасыз ету үшін бірыңғай әдіснамалық тұғырнаманың жоқтығы оқу мекемелерінің шетелдік бағдарламалар мен оқу материалдарын шет тілін оқытудың отандық шарттарына сәйкестендірмей ерікті түрде таңдауға әкеп соқты. Мұндай оқыту білім алушылардың жоспарланған іс-әрекет нәтижелері мен оларды бағалау критерийлері туралы нақты ойларын, апатты инновациялық сынақтардың өсуін, мемлекеттік басқа тілді саланың кемшіліктерін «толтыру» үшін шет тілі бойынша білім беру қызметі нарығының даму шарттарының сәйкестігін ескермейді.

language and we have got one religion. We are completely different from other nations and nationalities and peoples because we speak different language”.

Another cause for intercultural communication barriers is that there is language problem among the students from different cultures and linguistic backdrops. Some students namely the Native Kazakh from China and Mongolia didn't speak Kazakh language. The former have only one alternative to communicate with the students at University via English medium. A student said that “*With most of the students, it is difficult for us to communicate in Kazakh and for them they don't know English well. For the first time we suffer so much with language and communications barriers*”.

### Conclusion

The in depth interviews and the focused group discussions held with the students and key informants about the intercultural communication barriers and challenges among social science and law students at Asfendiyarov Kazakh National Medical University revealed that there are many causes for intercultural communication challenges among students. They have clearly listed causes of the intercultural communication barriers such as ethnocentrism, past unfair political relations among various nations, nationalities and peoples, linguistic and cultural difference, wrong perception of cultural equality and cultural difference and food habit of the different students might be a source of intercultural communications challenges at the university. Thus, more or less the little intercultural communication among ethnic groups seems to reflect the difference in cultural and socio-political conditions prevailing in the country.

### References:

- 1 Sumner W.G.( 1906).*Folkways: a study of the sociological importance of usages, manners, customs, mores, and morals* (Boston: Ginn and Co., 1906)
- 2 Lin Y., Rancer A.S. and Trimbilas O.(2004). *Ethnocentrism and Intercultural-willingness to communicate: A cross cultural comparison between Romanian and American college students, Paper presented at the National Communication Association Convention, Chicago, and II.*
- 3 Gudykunst W.B. & Kim Y.Y. (1992).*Communicating with Strangers: An Approach to Intercultural Communication*. New York: McGraw-Hill.
- 4 Samovar L.A. and Porter R.E. (1997). *Intercultural Communication: A reader* (8:th Ed.).Belmont Ca: Wadsworth Publishing company.
- 5 Jandt F. (2001). *Intercultural communication: An introduction*, Thousand Oaks, CA , Sage.
- 6 Gudykunst W. B.& Mody B. (Eds.). (2002). *Handbook of international and intercultural communication* (2nd ed.). Thousand Oaks, CA: Sage.
- 7 Allwood J.(2003).*Intercultural Communication*. Retrieved from: <http://www.immi.se/intercultural/>
- 8 Barna, Laray M. (1997). *Stumbling Blocks in Intercultural Communication*. In Samovar, Larry A. and Porter, Richard E. (Ed ): *Intercultural Communication – A Reader 8:th edition* . Wadsworth, California: USA.
- 9 Bennett J.M. (1993). *Cultural Marginality: Identity Issues in intercultural training*. Retrieved from <http://www.immi.se/intercultural/>
- 10 Жумабекова А.К., Тохметов А.Т., Кусаинов А.Е. Языковая ситуация Китая: взаимодействие современного китайского языка путунхуа с диалектами //Вестник КазНПУ им. Абая. Серия “Филологические науки” – 2016. № 3 (57). 31-37 с.

Т.М. Мансурова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

### КОММУНИКАЦИОННЫЕ БАРЬЕРЫ СРЕДИ УЧАЩИХСЯ НАЦИОНАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. АСФЕНДИЯРОВА В АСПЕКТЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

Аннотация

Исследование межкультурных коммуникационных барьеров среди студентов Казахского Национального Медицинского Университета имени Асфендиярова проводилось с октября 2016 года по март 2017 года. Исследование использовало описательный метод, методы сбора данных: обсуждение в фокус-группах и интервью. Исследование показало, что барьерами для межкультурных коммуникаций среди студентов из различных языковых и культурных сред являлись этноцентризм, предубеждение, исторические устои, лингвистические и социокультурные вариации. Иногда непонимание происходило из-за культурной конкуренции, политической и социальной реальности, происходящей на национальном уровне во время исследования. Нехватка условий, создаваемых университетской структурой, также рассматривалась в качестве барьеров для межкультурной коммуникации. Таким образом, проявление толерантности к многообразию и многокультурной компетенции было рекомендовано к применению на различных уровнях образования.

**Ключевые слова:** межкультурные коммуникации, этноцентризм, предубеждение, лингвистические и культурные вариации.



another society. The reason for this assumption might also be our discomfort in dealing with difference. In any case, as we have learned by now, people have different assumptions and worldviews, in a word cultures. Unless we are aware of these differences, we are certain to face difficulties in communicating with people from other cultures. The second and third stumbling blocks according to Barna are linguistic ones, in other words language differences and nonverbal misinterpretations.

The fourth block is the preconceptions and stereotypes that we might hold. Samovar and Porter defines stereotypes are over generalized, second hand beliefs that provide conceptual bases from which we “make sense” out of what goes around us, whether or not they are accurate or fit the circumstance. Stereotypes are stumbling blocks for communicators because they interfere with objective viewing of stimuli. In other words we have a certain stereotypical preconception of a person from a culture and we interpret his/her behaviour according to this preconception, whether or not the reason for the behaviour is what we think it is.

The fifth stumbling block is the tendency to evaluate. We tend to approve or disapprove the statements and actions of other person or group rather than to try to comprehend completely the thoughts and feelings expressed from the worldview of the other. This prevents the open-minded attention needed to look at the attitudes and behavioural patterns from the other’s point of view. Finally, the sixth block is called high anxiety or tension. It is also known as stress. Too much anxiety or tension requires some form of relief which too often comes in the form of defences, such as the skewing of perceptions, withdrawal, or hostility. High anxiety often underlies and compounds the other stumbling blocks.

Because we learn to be members of our own culture, a phenomenon called *ethnocentrism* may result. Ethnocentric people tend to value their own culture above everything else and judge the others using one’s own cultural criteria. To some extent, all the cultures are ethnocentric. This is natural, since people have been brought up thinking that their way is “the natural” way to do things.

At the opposite direction from ethnocentrism is ethno relativism. Bennett (1986) has developed a model for development from one end of the continuum to the other. The core concept of this model is difference. We must recognize that cultural differences exist among people in order to move from ethnocentrism to ethno relativism. According to Bennett (1993), this happens in six stages, which are denial, defence, minimization, acceptance, adaptation and integration. In the first stage the assumption is that everyone in the world is the same as us. Characteristic for the second stage is the feeling of superiority of one culture over another. On the stage three differences are recognized but trivialized by assuming that basically all humans are alike [9, 32]. The fourth stage represents acceptance and respect for cultural differences. On the fifth stage this recognition turns into observable behaviour. People show cultural empathy and pluralistic way of thought. On the final stage we not only adapt to cultural differences but enjoy experiencing such differences.

### **Findings**

*Before I came here I speak one language and I have experienced with one culture but since my arrival I have got exposure to various cultures and language groups and I can deal with people of different cultures now after two years of my stay here.*

The students who came from North Korea further explained that they cannot tolerate anything about the diversity of cultures, language and religion at the beginning of their university life. But now they can tolerate any difference such as religion, and other cultures that they might encounter in the university. Therefore, they suggested that tolerance is very important for people who came from cultural diversity as this enable us to work and live together to promote the progress of the society. The tolerance for diversity can avoid much obstacle which we face such as intercultural conflict which could be raised from intergroup conflict and/ or inside group sudden clashes due to linguistics and cultural differences.

*“You know really when I was there that I could only see the same French people that have the same language, same religion, same tradition wherever you go in France region. However, when I came to Asfenditarov Kazakh National Medical University, I can see people who are speaking different languages, who were following different religions and different cultural practices. So the exposures they have got from coming to this place have really changed us in many ways to develop tolerance to difference and diversity in our society.*

The second important lesson we have got from this experience is that even though the intercultural communications has a positive side it has some obstacles too. The ethnocentrism is very much deep rooted here in the minds of the students who came from different regions. The French group stated the intercultural communications barriers among students as follows: “Yes we came from other region and we speak one

Research into and the usage of intercultural communication is one of the most essential objectives for a today's students and educational leaders in nowadays multicultural context. Awareness of different cultures and subcultures, determination and management of barriers to intercultural communications would definitely improve sharing of the good practice and innovation spread for the purpose of ensuring positive abilities for novel and conducive learning atmosphere among students with diverse cultural and linguistic background.

### **Statement of the problem**

Intercultural education has been brought up in many countries since the 1960s. Previously, however, these educational programs have mainly concentrated on acculturating immigrants and other minorities into the majority population of a nation.

Over the past three decades, however, the view point of multiculturalism has been clearly becoming more and more visible in this country. It goes on to implicate, those students from diverse backgrounds are enrolled to higher educational level. As a result, universities are becoming an arena where increasing interaction exhibit among people from various different cultures. In due course of interaction people tend to communicate with each other. However, when communicating with someone from a different culture, we can therefore, expect cultural differences to have influence in our way of communications.

Thus, by understanding how people perceive the world, their values and beliefs we can better understand what they say and can anticipate potential cross-cultural misunderstandings. Samovar and Porter's [4, 49] model shows the possibility of misunderstandings that always exist in intercultural communications, especially if there is great variation in cultural differences.

### **Understanding Culture and Intercultural Communication**

#### **Culture and communication**

Before studying what does or should happen when cultures meet, it is of the essence to define the term culture. Culture can be seen as the 'sum total ways of living, including behavioral norms, linguistic expression, styles of communication, and patterns of thinking ,and beliefs and values of a group of large enough to be self-sustaining transmitted over the course of generations [5, 23]. The definition of culture stated above refers largely to our country context where stable practices happening within an ethnically stable group of people within stable physical and legal national borders.

As mentioned above culture and communication, are indivisible form each other; the understanding of one demands the understanding of the other and the changes to one will cause changes in the other. In line with this Samovar and Porter, sated that when culture vary, communication practice also vary [4, 49].

Intercultural communication as a human activity has been around since human history began. It has been a human concern for millennia. It takes place when culturally diverse people interact. Seen in this light, intercultural communication is not a new phenomenon. However, what is new is (the systemic study of exactly what happens when cross-cultural contacts and interaction takes place –when message producer and message receiver are from different cultures [4, 55]. It investigates the relation among people representing different cultures [6, 16].

Today the world we live in is a global village where no nation, group or culture can remain anonymous [4, 50]. There are now an increasing number of intercultural contacts leading to communication between people from diverse linguistic and cultural backgrounds. This communication occurs as a result of intercultural contacts such as in the field of business, mass media, science and education [7, 24].

It is therefore vital to point out that intercultural communication involves sharing information among representatives of various cultures i.e. communication among separate individuals identifying themselves as being different on the background of communication. In addition to this, other authors, Rogers and Hart were emphasizing the importance of culture in communication claim that this sort of communication analyses difficulties of different cross-borders and cultures [4, 52].

#### **Barriers to Intercultural Communication**

People from different cultures may be not able and not willing to communicate with others due to various reasons. With this regard, dozens of studies have been conducted. One of the researchers into intercultural communication, Laray M. Barna [8, 22], has identified six stumbling blocks in intercultural communication. These refer to the main causes of frustration and misunderstanding in intercultural encounters.

The next barrier to intercultural communication is assuming similarity instead of dissimilarity. When people are acting in a home manner in the different culture it might cause a lot of problems. In order to prepare yourself for various circumstances it is very important to assume laws, habits, and attitudes of

гармоническое развитие человека. Показаны соответствие социального заказа общества и потребность обучающихся в современном мире, где господствует глобализация в целом. Ценностные ориентации определены как механизм совершенствования методов обучения родному языку в общеобразовательных школах. Обоснованы факторы, влияющие на осознание учеником языка как национальная ценность.

**Ключевые слова:** ценностные ориентации, личность, духовные и материальные ценности, процесс обучения языку, результаты обучения, методика преподавания.

*M.Kavakly<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*International Kazakh-Turkish University named K.A.Yesevi*

## **ISSUES OF FORMATION OF PUPIL'S VALUABLE ORIENTATIONS IN THE PROCESS OF "ROUHANI ZHANGYRU" IDEA REALIZATION**

*Abstract*

This article is concerned with the actual problem of formation of values and valuable orientations at pupils of comprehensive schools. This article deals with the priority directions of improvement of modern educational space in the conditions of realization of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev idea "Rouhani Zhangyru". The principles of the native language education in formation of pupil's valuable orientations are disclosed.

In article interrelation of language and cultural and material values of the people are considered. The ways of realization of intellectual, educated generation formation are opened. Education and spiritual education are considered as a key of valuable relation formation to life providing sustainable and harmonious development of the person. Compliance of the social order of society and need of students for the modern world where globalization in general dominates are shown. Valuable orientations are defined as the mechanism of improvement of the native language education methods in the comprehensive schools. The factors influencing understanding by the pupil of language as national value are proved.

**Key words:** valuable orientations, personality, cultural and material values, process of language education, education results, teaching method.

**МРНТИ 14.07.03**

*T.Mansurova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh national pedagogical university named after Abay, Almaty, Kazakhstan*

## **COMMUNION BARRIERS AMONG THE STUDENTS OF ASFENDIYAROV KAZAKH NATIONAL MEDICAL UNIVERSITY IN THE ASPECT OF INTERCULTURAL COMMUNICATION**

*Abstract*

The exploration of intercultural communication barriers among the students of **Asfendiyarov Kazakh National Medical University** from October 2016 to March 2017. The study was based on qualitative descriptive one. The data collection methods were focus group discussion and in-depth interview. The research found that the barriers for intercultural communications among the students from various linguistic and cultural backgrounds were ethnocentrism, prejudice, past historical back drops, linguistics and socio cultural variations. Sometimes misunderstanding occurs due to cultural competition and political and social reality existing in at the national level at this time of the study. Lack of opportunities created by university structure was also considered as the proximate barriers for intercultural communication. Thus, the promotion of tolerance for diversity and multicultural competency has been recommended to be implemented to various level of schooling.

**Key words:** intercultural communications, ethnocentrism, prejudice, linguistic and cultural variations.

### **Introduction**

Kazakhstan is a multilingual and multicultural country. It is thus critical for the country to promote cultural diversity and appreciate cultural heritages of various nations, nationalities and people living in the country but, the lack of acceptance of cultural diversity has a strong tendency lead to negative evaluation of others way of life and it creates what Summer [1, 28] suggested that ethnocentrism which refers to one's own group is the center of everything, and all others things are related to or depends on it.

Research has shown that ethnocentrism tends to be negatively correlated with intercultural communication. Most often researchers view ethnocentrism as producing negative communication effects. People form opinions and perceptions based on their ethnocentric tendencies [2, 17]. Thus, high levels of ethnocentrism can result in stereotypes and misconceptions of people from other cultures [3, 35]. These misperceptions can affect communication patterns, styles and many other dynamics related to intercultural communications.

2) Көшпелілік қозғалыспен тығыз байланысты, ал қозғалыс – жетілгендікке, жанаруға үздіксіз ұмтылыс.

3) Көшпелілік өмір салты танымның практикалық сипатын артырады.

4) Көшіп-қону, ұзақ жол қазақтардың бойында шыдамдылық, өзара түсіністік, қамқорлық, ұйымшылдық, тәртіптілік және тағы басқа адамгершілікті қасиеттерді тәрбиеледі.

5) Отырықшылықта билікке, еркіндікке ұмтылу мәселесі туындайды, ал көшпелі қоғамда адамдардың арасындағы қатынастар салт-дәстүрлер арқылы басқарылып, реттеліп отырды.

6) Көшпелі өмір кеңістігінің шексіздігі ерекше мәдениеттің, өнердің, шығармашылық шабыттың шарықтауына негіз болды [6, 45-б.].

Қазақ халқының көшпелі өмір салты оның дүниетанымы мен тілінің негізі болғандығын белгілі неміс философы Мартин Хайдеггердің «Тіл – болмыстың үйі» деген тұжырымына сүйеніп те дәлелдеуге болады [7, 9-б.]. Ғалымның тіл туралы ойлары қазақ тілінің құндылықтық негіздерін ашуда маңызды болып саналады. Мысалы, Хайдеггер болмыс тек тілде ғана беріледі деп есептейді, бірақ ол қарапайым, күнделікті тілде емес, поэзия тілі мен философия тілінде дегенді алға тартады. Оның пікірінше, тіл адамнан күшті, тіл – сөйлеуге мүдделі ететін құбылыс. «Ақын емес, музалар ол арқылы сөйлейді, ойшыл өзінің ойы арқылы емес, болмыстың естілген даусы оның ойын бағыттап отырады. Тіл кеңістікке жол ашады, бұл кеңістіктің ішінде адам болмыс пен оның талаптарына сай келуге қабілетті» дегенді алға тартады [7, 11-б.]. Бұл баланың тіл туралы дүниетанымын қалыптастыруда мәні терең, тілі көркем сөз үлгілерін жиі қолдануға, ойлауға үйретуге ерекше мән берілуін қажет етеді.

Сонымен, тілді оқытуда басшылыққа алынатын философиялық қағидалар тіл арқылы жас ұрпақтың өз халқының және оның өмір салтының қайталанбас ерекшеліктерін түсінуіне, сол арқылы дүниетанымының қалыптасуына да негіз болады. Мұндай саналы түсінік баланың тілді оқуға қызығушылығын оятып, білімге ынтасын арттырады. Ең бастысы, оқушының санасында «болмысы ерекше халықтың тілі де ерекше болады» деген ойды қалыптастыратыны күмәнсіз.

Тілдің ұлттық құндылық, жалпыадамзаттық құндылық екендігін таныту орайында мектеп оқушыларына берілетін оқу материалдарында қазақ халқының тілге, өмірге, мәдениетке қатысты даналық сөздері мен мақал-мәтелдерін де мол қолдану тиімді болады. Бірақ бұл бағыттағы жұмыстар тек жаттатумен немесе оған грамматикалық талдау жасаумен шектелмеуі тиіс. Ең маңыздысы – сол оқу материалдарындағы сөз мағыналарының, этимологиясының, түйінді тұжырымдардың мәнін ашуға көңіл аударылып отыру. Өйткені өмірлік мәні бар тұжырымдарды баланың жас ерекшелігіне сай, оның санасына, қабылдауына лайықтап, орнымен дұрыс қолдану олардың ойлау қабілетін дамытады, білімнің саналы игерілуіне мүмкіндік береді. Тілді оқыту үдерісінде тұлғаның құндылықтық бағдарын күшейту де осындай жүйеде толық жүзеге асырылатын болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Назарбаев Н.Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*// Егемен Қазақстан.- 12 сәуір, 2017.
- 2 Нұрмұратов С. *Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау.* – Алматы, 2000. - 180 б.
- 3 *Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.* – Астана, 2010. – 24 б.
- 4 Леонтьев А.Н. *Деятельность. Сознание. Личность.* – Москва, 1977. – 213 с.
- 5 Нұрышева Г. *Адам өмірінің философиялық мәні* //Кітап: *Қазақстан халқының философиялық мұрасы: 20 том.* – Астана: Аударма, 2006. -19-т. – 223-271 б.
- 6 Нуржанов Б. *Город и степь* //В книге: *Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность.* – М., 1997. –№ 3. – С. 121-128.
- 7 Хайдеггер М. *Путь к языку* // В книге: *Время и бытие.* – М., 1993. – 266 с.

М.Каваклы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Яссави

#### **ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ИДЕИ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»**

Аннотация

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме формирования ценностей и ценностных ориентаций у учащихся общеобразовательных школ. В статье речь идет о приоритетных направлениях совершенствования современного образовательного пространства в условиях реализации идеи «Рухани жаңғыру» Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева. Ааскрыты принципы обучения родному языку по формированию ценностных ориентаций учащихся.

В статье рассмотрены взаимосвязь языка и духовных и материальных ценностей народа. Раскрыты пути реализации формирования интеллектуального, образованного поколения. Образование и духовное воспитание рассматриваются как ключевое формирование ценностного отношения к жизни, обеспечивающее устойчивое и

мен философияның арақатынасы туралы пікірталас ғалымдар арасында ғасырлар бойы жүріп келе жатыр. Философтардың бір тобы философия тілін ұлттық тілдерден жоғары тұратын әмбебап тіл ретінде қарастырады. Бұл құбылыс Жаңа дәуір философтарында ерекше байқалады. Олар классикалық философияның тілі ақыл-ойдың, ойлаудың таза да шынайы бейнеленуі болуы тиіс деп есептеп, осы мақсатқа философтар мен ғалымдар емес, көпшілік халық дүниеге әкелген ұлттық тілдерді қолдануға болмайды, себебі олар жетілмеген, тым қарапайым деп тұжырымдады және айрықша, мінсіз тілді құрастыруға тырысты.

Бұл ойлардың бастауы Аристотельде жатыр. Оның пікірінше, тілдер өздерінің сыртқы формаларымен ғана ерекшеленеді, ал ішкі құрылымдары біртекті, ойлау бәрінде бірдей, яғни тіл – ойлауға бағынышты қатынас құралы, ойлау – алғашқы.

Классикалық емес дәуірдің философтары сананың тәуелсіздігін бұзатын таптық мүдделер мен тағы басқа факторларды анықтады, тілдің өзіндік табиғаты бар екендігін, нақты өмір сүретін тілдердің көптүрлілігін мойындады. Герменевтика сананың тілмен байланысын және ойлаудың тілдің соңынан жүретіндігін мойындатты.

Классикалық философия нақты өмір сүріп отырған тілдерді философияның пайымдау объектісі ретінде танудан бас тарта отырып, өзінің тілдердің ізімен жүретіндігін байқамай қалды. Мысалы, категориялардың Аристотель жасаған жіктемесі көне грек тілімен байланысты, Гегель өзінің философиясын неміс тілінде ғана баяндауға болатынына сенімді еді. Қазіргі заманғы философиялық бағыттарды талдасақ, аналитикалық философия негізінен ағылшынтілді, герменевтика – немістілді, структурализм мен постструктурализм – французтілді, орыс философиясының да тек өзіне тән тақырыптары, басқа тілге аударғанда түсініксіз болып, мағынасын жоғалтатын терминдері бар. Осы тұрғыдан қарастырғанда, әр ұлттың философиясын сол ұлт тілімен байланысты, тек сол тілді меңгерген адамға түсінікті ұғым-категориялар тән деп айтуға болады» [5, 239-б.]. Сондықтан да қазақ тілі қазіргі қазақ философияның объектісі бола алады және мемлекеттік тілді оқытуда жалпы философияға, соның ішінде қазақ философиясына, тіл мен философияның интеграциясына сүйену бұл бағыттағы ізденістерді жемісті етері сөзсіз.

Осы тұжырымдарға сүйене отырып, тілді оқыту әдістемесін жетілдіру мәселесі тіл мен философияның арақатынасын зерделеп жүргізілгенде биік нәтижелерге қол жеткізуге болатыны тұжырымдалды. Өзге де ғылым салалары секілді тілді оқыту да өз аймағында белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме деп танымның ғылыми әдісі туралы ілімді, жоспарланып отырған қызметке оның барлық сатыларында бірдей байқалатын белгілі бір көзқарасты, зерттеуші басшылыққа алатын бастапқы ұстанымдар жиынтығын, теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы айтылады.

Әдістемелік зерттеулерді ғалымдар үш деңгейге бөлуге болады деп санайды: «жалпы философиялық әдістеме, жалпығылымдық әдістеме және бір ғылымға ғана тән жеке әдістеме. Осы тұрғыдан алғанда тілді лингвистиканың объектісі ғана деп қарастыруға болмайды, міндетті түрде оның философиялық негізін талдау қажет» [5, 223-б.]. Себебі тіл – материалдық пен идеалдылық тығыз байланысып, күрделі астасып жатқан нақты құбылыс және пәнаралық зерттеу объектісі.

Тілді құндылықтық тұрғыдан оқытуда басты ұстаным-әдіс ретінде қандай философиялық тұжырымдарды ұстану тиімді болар еді? Зерттеушілер әрбір тіл сол тілдің иесі болып табылатын халықтың материалдық және рухани болмысымен тығыз байланысты екені сөзсіз. Сондықтан қазақ тілін оқыту барысында құндылықтарды таныта үйрету үшін қазақ сөздік қордағы тіл байлығын құрайтын сөздердің астарындағы халықтың өмір сүру тәсіліне, шаруашылығына, дүниетанымына мән бергізіп, тіл табиғатындағы ерекшеліктерді солармен сабақтастырып отыру қажет.

Қазақ халқының дүниетанымы, тілі көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Соңғы жылдарға дейінгі ғылыми әдебиеттерде көшпелі өркениет туралы ортақ түйін-тұжырым бола қойған жоқ. Европоцентризм көшпелі мәдениет туралы жағымсыз пікір қалыптастырғаны белгілі. Бірақ соңғы жылдардағы ұлттық философияны жаңаша зерделеп жүрген ғалымдардың еңбектеріне сараптау жүргізгенде, олардың айқындауында көшпелі өмір салтының ерекшеліктері, мәдени-шығармашылық әлеуеті өте мықты екендігін және оның қазақ дүниетанымының басты ұғымдарының, ұлттық тілінің қалыптасуына негіз болғанын туралы өте маңызды пікірлер бар. Мысалы, философия ғылымдарының докторы, профессор Б.Ғ.Нұржанов өз еңбегінде қазақ халқының көшпелі өмір салтының мынадай сипаттарын атап көрсетеді:

1) Көшпелі қазақ халқы табиғатпен біртұтас, «адам – дүние» парадигмасын ұстанып өмір кешті және осы ерекшелік айқындаушы болды.

ұрпаққа жеткізу. Өйткені қай заманда да әр халықтың уақыт көшінде өрлеуі мен құлдырауы, ыдырауы мен бірігуі қоғамдық үрдістерге тән объективтік құбылыс болып саналады. Зерделей қарасақ, ұлт тарихындағы осындай алмасулар материалдық және рухани құндылықтардың да мәнінің өзгеріп, алмасып отыруына әсер етеді. Заман талабы, дәуір шындығы адамзаттың ұғымы мен түсінігінде әрдайым жаңа леп туғызып отырады. Міне, бүгінгі кез келген елдің жас буынының ғаламдану үрдісінің катал сынынан сүрінбей өтуі де, өзіндік қалпын, дәстүрін сақтап қалуы да көп ғасырдан өтіп, бүгінге жеткен рухани құндылықтардың мәнін және олардың атқаратын ролін анықтап, өзінің өмір салтына, білім жүйесіне, даму бағдарына негіз етіп ала білуіне байланысты.

Ғылыми еңбектерде құндылыққа мынадай анықтама берілген: «Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Сол себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуші іспетті» [2, 52-б.]. Осыдан шығатын түйін: құндылықтар – адамның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін, оларды ізгілікке бастайтын, қоғамдағы өз орнын саналы түрде иемденуге, адамзат баласын бірін-бірі, өзі өмір сүріп отырған ортаны, ғаламды сүюге, құрметтеуге ықпал ететін рухани көз. Соңғы жылдары білім беру саласының алдына қойылып отырған қоғамдық-әлеуметтік талаптар әрбір білім алушыны интеллектуалдық тұлға деңгейіне көтеретін тағылымдық-тәжірибелік жолдарды айқындауды қажет етіп отыр.

Жаңа кезеңдегі жаңа бағыттағы ізденістердің негізіне жас ұрпаққа берілетін білімнің құндылықтық бағдарын күшейту мәселесінің алынуы – уақыт тудырып отырған заңды талап. Сол себепті білім беру жүйесіндегі таптаурын оқыту үдерісінен бас тартып, жаңа сапаға көшу үшін күн тәртібіне қойылатын маңызды сұрақтың бірі «Ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесінің жалпы білім беретін мектеп сатысында қалай қолдануға болады?» деген сипатта болуы тиіс. Бұл үздіксіз білім беру жүйесінің барлық буынында, әсіресе, жалпы білім беретін мектептерде арнайы пән ретінде оқылатын ана тілін, мемлекеттік мәртебе алып отырған тілді оқытудың әдістемелік жүйесін жаңарту, жаңғырту мәселесінде алға шығарылуына, дұрыс шешілуіне байланысты.

Бүгінгі мектеп партасында отырған оқушы – өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің азаматы, белгілі бір халықтың өкілі, ұлттың мүшесі, бар байлығының мұрагері. Олай болса, оқушының алатын білімі менбілігін шындап, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруде барлық мектеп пәндерітүгелдей қажет, дегенмен, оның адамдық болмысын сомдауда рухани жан-дүниесінің дамуына жол ашатын гуманитарлық пәндер ерекше рөл атқарады. Бұл орайда сол білімді де, тәрбиені де меңгерту құралы саналатын ана тілінің орны бөлек. Сондықтан ана тілі пәнін оқыту осыған дейінгі кезеңдегідей тек грамматикаға байланып оқытылмауы керек. Сонымен қатар соңғы уақыттағы қалыптаса бастаған үрдіс секілді тек сөйлеуге үйрету деген сылтаумен құранды лексикалық тақырыптар бойынша жекелеген танымдық мәгіндер ауқымында да қалмауға тиіс. Бұлай деуіміздің себебі: мектеп бітірушілердің білім деңгейін Ұлттық бірыңғай тест тапсырмаларымен тексеру талабына сәйкес барлық мектептер оқушыларға грамматиканы жаттап оқуға мәжбүрлеп келгені аян. Ондай жағдайда білімнің схоластикалық деңгейден аса алмайтыны белгілі. Ал, жаңа кезеңде тіл сабақтарында сол тіл туралы білім беріп, оқушының тіл туралы дүниетанымын, оның ешбір тілге ұқсамайтын даралығын таныту арқылы мәдени-танымдық, мәдени-қатысымдық дағдыларын қалыптастырудың орнына әрқилы лексикалық тақырыптардың аясынан аса алмайтын, ал тілдің құрылымдық жүйесінің шашыраңқы, грамматикалық тақырыптардың жүйесіз, үзіп-жұлып түзілуінен тұратын мазмұнға құрылып отыр. Мұндай жүйе оқушының білімді үстірт меңгеруіне, сауатсыздыққа әкеліп соғатыны сөзсіз.

Жалпы білім беру саласында білімді, интеллектісі жоғары ұрпақ қалыптастыру үдерісін адамгершілік тәрбиесімен қатар жүргізу үшін тілдің грамматикалық мәселелері оқушының тіл арқылы дүниені тануына ыңғайландырылуы шарт. Сондықтан оқушылардың ойын дамыту, тілді дүниені танудың кілті екенін сезіндіру жолдарын табу маңызды. Бұл, әсіресе, бүгінгідей рухани жаңғыру жағдайында оқушының ана тілінің құндылықтық мәнін жете түсінуін қажет етіп отыр. Тілді құндылық деп қабылдамайынша, грамматика да, жалаң сөйлеуге үйрету де нәтижеге жеткізе алмайды. Себебі құндылықтық мәні жоқ білім оқушының оқу мотивтерін тудыра алмайды. Ғалымдардың тұжырымдауынша, «мотив болмаса, әрекет те болмайды» [4, 23-б.]. Мотивация бар жерде қызығушылық пен талпыныс бар, білім алушының өзі еңбекпен ұмтылып алған білімнің сапасы да жоғары болатыны аян. Сондықтан тіл пәнін меңгертуде сауаттылық пен дүниетаным бірге, қатар қалыптасу үшін оқыту үдерісі мен оқыту нәтижесінің арасындағы сабақтастықтың негізіне рухани құндылықтардың салынып отыруы керек деп санаймыз.

Тілді оқыту үдерісінде оқушылардың құндылықтық бағдарын арттыру мәселесі тіл философиясынан, жалпы ұлттық философиядан тыс қаралмайды. Зерттеушілердің пайымдауынша, «ұлттық тіл

adoption, implementation. The result is guided by a qualitative change. Innovation shows the creative research and novation is the result of research. New innovative solutions bring favorable changes in other systems. It studied the process and the result of the beginning of the new technologies. The basis of functional literacy - a purposeful opening innovations, mastering and distribution

**Key words:** functional literacy, pedagogical innovation, modernization, modification, pedagogical refleksiya, innovative process.

ГТАХР 14.07.03

М.Каваклы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ,  
Түркістан қ., Қазақстан

### «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыру жағдайында жалпы білім беретін мектептерде ана тілін оқыту үдерісінде тұлғаның құндылықтық бағдарын арттыру мәселесі қарастырылады. Тіл мен халықтың рухани құндылықтарының өзара сабақтастығы айтылады.

Жалпы білім беру саласында білімді, интеллектісі жоғары ұрпақ қалыптастыру үдерісін адамгершілік тәрбиесімен қатар жүргізудің жолдары қаралады. Ол үшін тілдің грамматикалық мәселелерін оқушының тіл арқылы дүниені тануына ыңғайландыру қажеттігі дәлелденеді. Сондықтан оқушылардың ойын дамыту, тілді дүниені танудың кілті екенін сезіндіру жолдарын табудың маңыздылығы көрсетіледі. Уақыт талабына сай мектеп оқушысының ана тілінің құндылықтық мәнін жете түсінуіне ықпал ететін факторларды ескеру қажеттігі негізделеді. Себебі тілді құндылық деп қабылдамайынша, грамматика да, жалаң сөйлеуге үйрету де нәтижеге жеткізе алмайды.

**Кілт сөздер:** құндылықтық бағдар, тұлға, рухани және материалдық құндылықтар, тілді оқыту үдерісі, білім нәтижелері, әдістеме.

Білім беру саласы – әрбір мемлекеттің дамуында айрықша орын алатын, оның болашағының бағыт-бағдарын анықтайтын іргелі сала. Сондықтан саланың жетілдірілуі ел дамуының бағыттарымен үндес жүргізілуі міндетті. Бұл білімнің кез келген мәселесінің өз дәуіріндегі озық идеяларға негізделіп отыруын талап етеді. Олай болса, рухани жаңғыру мәселесі күн тәртібіне қойылып отырған бүгінгі уақыт сұранымы жалпы білім беретін мектептегі пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіруге тірек болып отыр. Өйткені жаһандану үдерісі әр халықтың өз тілін, тарихын, дәстүрін сақтаудың маңыздылығын күнен күнге дәлелдеп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мәні зор еңбегінде бұл мәселені шешудің бағытын анық көрсетті: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» [1, 1 - б.]. Елбасының көтерген жаңғыру идеясы білім саласын дамытудың жаңа бағыттарын айқындауға негіз болып отыр.

Біздің ойымызша, рухани жаңғыруға тірек болатын басты мәселенің бірі – білім беруде тұлға қалыптастырудың құндылықтық бағдарын күшейту. «Халықтың, өркениеттің болашағы және оның өміршендігі – рухани құндылықтарды қадірлеумен, оларды дамытумен байланысты. Өйткені өмірдің адамдық мәнін ашатын, оған гуманистік келбет пен шынайы нәр беретін дүниелер – рухани байлықтар. Оларды тәрк еткен жеке адам да, қоғам да өзінің болашақ ұрпағының жолын кеседі, өзінің қазір көрген “қызығына” ғана мәз болады. Адами құндылықтар құнсызданса, қоғам дағдарысқа ұшырайды» [2, 47- б.].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» деп көрсетілген [3, 2-б.]. Шын мәнінде, әрбір ұлттың төлтума мәдениетінің сақталуының, өрлеп, өрбуінің шарты – рухани және материалдық құндылықтарын жоғалтпау, оларды кейінгі

Педагогика ғылымында жаңалықты: абсолютті ( бұрыннан белгілі емес новацияны іске асыру арқылы жаңалық енгізу), біршама (жаңаның бір ғана элементін енгізу) және субъективті (объект субъектіге жаңа, жаңа пән) деп бөледі. Сонымен қатар педагогтарды: педагог-новатор (өзі ізденіп жаңа нәтижеге жететін), педагог-модернизатор (жаңа технологияның элементтерін пайдалану арқылы өзінің білімін жетілдіру) және педагог-мастер (дәстүрлі әдістер мен жаңа технологияларды бір-бірімен байланыстыра тиімді қолдану) деп бөледі. Сонымен новация – өзгеріс, ол үдеріс емес, нәтиже. Яғни білім сапасын көтеру үшін пайдаланылатын құрал, әдіс-тәсіл. Новация – инновацияның құралы. Демек инновация – оқыту үдерісіне енгізілген новация. Ал инновациялық үдеріс инновациялық әрекеттің негізінде іске асырылады. Сондықтан инновациялық оқыту үдерісінің негізін және мазмұнын инновациялық әрекет құрайтыны белгілі [4].

Инновациялық әрекет дегеніміз – инновациялық үдерісті қамтамасыз етудегі кешенді шаралар мен технологиялар. Оның негізгі қызметі – педагогикалық үдерістің компоненттеріне: мақсатына, білім берудің мазмұнына, ұйымдастыру формасына, әдіс-тәсіліне, техникалық құрал-жабдықтарына, басқару жүйесіне өзгерістер енгізу. Инновациялық әрекет – білім беруде мақсатты түрде жаңалықты өмірге әкелу, тарату және игерудің негізінде өзгерту. Жоғары мектеп оқытушысы функционалдық сауаттылықтың негізінде кәсіби құзыреттілік пен педагогтік шеберлікке жете алады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Крупник С.А., Мацкевич В.В. *Функциональная грамотность в системе образования в Беларуси*. - Мн. АПО, 2003.

2 Слостенин В.А., и др. *Педагогика: инновационная деятельность*. – М.: Магистр, 1997. - 224 с.

3 Юсуфбекова Н.Р. *Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки инновационных процессов в образовании*. – М., 1991. – 91 с.

4 Ибраева А. *Қаламгердің әдеби шығармашылық әлемі.// Абай атындағы Қазақ қлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Филология ғылымдары сериясы»*. – 2015. – №2 ( 52), 2015.– 128 б.

А.Д. Ибраева<sup>1</sup>, Н.М. Рахманова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

<sup>2</sup>Университет Алматы

## **ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ**

### *Аннотация*

В статье рассмотрены вопросы совершенствования уровня профессиональных умений и навыков преподавателей в соответствии с требованиями времени. Раскрыты научные основы функциональной грамотности. Исследованы цели, которые ставит преподаватель по развитию инновационных систем в обучении. Авторы рассматривают внедрение и распространение инноваций в процессе обучения, как основу функциональной грамотности преподавателя высшей школы. В статье, говорится, для формирования инновационной системы нужно знать значение терминов. Также в статье, говорится, о форме педагогической инноватики. Определяется процесс и результаты педагогической инновации. Процесс состоит из этапов разбора, принятия, внедрения. Результат руководствуется качественным изменением. Инновация показывает творческие исследования, а новация результат исследования. Новые инновационные решения приносят выгодные изменения другим системам. Изучено, что процесс и результат начало новой технологий. Основа функциональной грамотности – это целенаправленное открытие новшества, овладение и распространение. В статье анализируется, чтобы следовать мировому уровню знания, нужно адаптироваться современному течению.

**Ключевые слова:** функциональной грамотности, педагогический инноватика, модернизация, модификация, педагогическая рефлексия, инновационный процесс.

А.Д. Ибраева<sup>1</sup>, Н.М. Рахманова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical university named Abai

<sup>2</sup>Almaty university

## **FUNCTIONAL LITERACY I-THE REQUIREMENT OF TIME**

### *Abstract*

The article deals with the issues of improving the level of professional skills of teachers in accordance with the requirements of the time. Disclosed scientific basis of functional literacy. Abstract goals set by the teacher for the development of innovative systems for training. The authors consider the introduction and prevalence of innovation in the learning process, as the basis of functional literacy of high school teacher. In the paper says, for the formation of innovation system needs to know the meaning of terms. Also in the paper, it is stated on the form of pedagogical innovation. It determines the process and results of pedagogical innovation. The process consists of parsing stages of



екінші кезеңде таңдаған мамандығы бойынша еңбек етуге жарамдылығы, үшінші кезеңде таңдаған мамандығы бойынша құзыреттілік пен шеберлік таныта білуі. Жоғары мектеп оқытушысы оқу процесін жоспарлауға, оқытудың инновациялық жүйесін қолдануға, педагогикалық рефлексияны іске асыруға, яғни кәсіби әрекетіне шығармашылықпен қарауға міндетті. Демек, функционалдық сауаттылықтың ғылыми негіздері мынадай: жоғары мектептегі оқытушылық жұмысқа үміткерлік–кәсіби сапа – кәсіби қабілет – кәсіби педагогикалық білім – кәсіби іскерлік – кәсіби құзыреттілік–педагогтік шеберлік. Демек, әр оқытушының өз пәні бойынша: кәсіби сапасы, кәсіби қабілеті, білімі, іскерлігі, құзыреттілігі, шеберлігінің болуы функционалдық сауаттылықтың негізін құрайды.

Функционалдық сауаттылықтың маңызды бір аспектісі – инновациялық құзыреттілік болғандықтан, жоғары мектеп оқытушысы инновациялық терминдерді де саралап қолдануы маңызды. Бүгінде инновациялық технологиялардың оқыту тәжірибесінде кеңінен қолданыла бастауының басты себебі – әлемдік білім кеңістігіне ену үшін білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені ұлттың бәсекелестік қабілеті келешек ұрпағының білім, білік деңгейіне, яғни инновациялық әрекеттеріне тікелей байланысты. Инновациялық әрекет жаңа идеяларға, ғылыми ізденістерге бағыттала отырып, нәтижесінде елдің экономикалық жағынан өсуіне жағдай жасайды. Сондықтан білім берудегі ұлттық саясаттың бағыты да – халықаралық әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан озық деп танылған оқыту модельдерін өз мүмкіндігімізге сай үйлестіре қолдану арқылы инновациялық жүйені қалыптастыру. Инновациялық жүйені қалыптастыруда оқытушы ең алдымен оған қатысты қолданыстардың (терминдердің) мәні мен мағынасын ажырата алуы қажет. Мысалы, педагогиканың лексиконына: «новация» «инновация» «педагогикалық инноватика», «инновациялық білім беру», «инновациялық үдеріс», «инновациялық әрекет», «инновациялық технология» деген терминдер енді. Бұл терминдердің бәрі де педагогикаға, яғни білім беруге қатысты болғанымен, олардың басын қосып бір арнаға салатын және әрқайсының табиғатын айқындайтын бағыт *педагогикалық инноватика* ғылымы.

Педагогикалық инноватиканың негізгі ұғымдары: *педагогикалық жаңалық, инновация, инновациялық үдеріс, инновациялық әрекет, жаңашыл педагогика, инновациялық технология т.т.* Нысаны: білім беру тәжірибесіне инновациялық үдерістің енуі, дамуы, игерілуі. Педагогикалық инноватика педагогика ғылымының бір бөлімі ретінде инноватиканың табиғатын: педагогикалық жаңалықты, инновацияны зерделейді. Педагогикалық инноватика – білім мен тәрбие беру жүйесіне жаңалықтар енгізу, оның тиімділігін бағалау, игеру және тәжірибеде қолдану туралы ғылым [2]. Педагогикалық инноватика педагогикада қалыптасқан тұжырымдарды, теориялық зерттеулерді, әдіс-тәсілдерді негізге ала отырып, жаңа бағыттарды, олардың тиімділігін салыстырмалы түрде бағамдайды. Педагогика ғылымында «білім беру жүйесіндегі инновация» және «инновациялық оқыту» деген қолданыстар кездеседі. Бұларды (бір-бірімен тығыз байланысты болса да) да ажыратып қолдануға болады.

Бірінші қолданыс білім беру жүйесін модернизациялау, модификациялау, жетілдіру, өзгерту (заң, тұжырым, модель т.т.) болса, екіншісін оқытудың белгілі бір мақсатқа, технологияға бағытталған ерекше бір типі ретінде түсінуге болады. Педагогикалық инновация – үдеріс және нәтиже. Білім беру сапасының тиімділігін көтеру мақсатында ғылыми негізі айқындалған өзгеріс, зерттелген, қабылданған және оқыту жүйесіне енгізілген үдеріс.

Бұл үдеріс 3 кезеңнен тұрады: *талдау, қабылдану және енгізілу*. Үдеріс ретінде оқыту жүйесіне, соған сай білім алушының әрекетіне әсер етеді, ал нәтиже ретінде сапалық өзгеріс (новация, яғни жаңа тәсіл, технология, әдістеме, идея) енгізеді. Демек, «инновация» үдерісті байқатса, «новация»-шығармашылық ізденістің іске асырылған нәтижесін айқындайды [3]. Педагогикалық инновацияның ерекшелігі біріншіден, оның мазмұнында үнемі жаңа, өзекті мәселе, жаңа шешімдер болады, екіншіден, оларды пайдалану сапалы нәтижеге жеткізеді, үшіншіден, оны қолдану басқа жүйелерге тиімді өзгерістер әкеледі.

Демек, инновацияны білім беру саласына *енгізілгенновация* деп түсінуге болады. Новация білім беру тәжірибесіне енгізілуі үшін ол алдымен, таралуы, кең өріс алуы, қабылдануы тиіс. Яғни *таралу* инновацияның құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен инновацияны новацияның өмірге келуі (жасалуы), таралуы және енгізілуіне негізделген білім беруді дамыту үдерісі деп түсінуге болады. Инновация тек үдеріс, нәтиже ғана емес, ол жаңа идея, құрал-жабдық та бола алады. Яғни алдымен идея туындайды, одан кейін оны өмірге әкелу, тарату, білім саласына енгізудің құралы (технология) болып табылады.

education, maintenance, methods, educational process come true on the basis of large experience that we have. Pedagogical positions, sequence of educational materials, exactness of organization, forms testing oriented to the relationships with a student, id est an observability of level of the system thinking and colloquial skills through verbal exams in the traditional system of education is advantages that can be integrated in the future system of education. Especially, in adding to experience of western страннаш the rich experience formed by centuries must not be missed out from a kind. This position must be one of key in preparation textbooks and educational materials.

**Key words:** method, traditional, education system, competence, conceptual.

**МРНТИ 14.07.03.**

*А.Д. Ибраева<sup>1</sup>, Н.М. Рахманова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>Алматы университеті, Алматы қ., Қазақстан*

### **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада кәсіби біліктілік деңгейін арттыру, тұлға дайындау заман талабы екені айтылады. Функционалдық сауаттылықтың ғылыми негіздері талданады. Инновациялық жүйені қалыптастыруда оқытушының алдына қоятын мақсаттары сөз болады. Білім беруде мақсатты түрде жаңалық енгізу, тарату-жоғары мектеп оқытушысының функционалдық сауаттылығының негізі екені қарастырылған. Инновациялық жүйені қалыптастыруда терминдердің мағынасын түсіне білу керек екені айтылады. Педагогикалық инноватиканың нысаны анықталады. Педагогикалық инноватция үдеріс пен нәтижеден тұратыны анықталады. Үдерістің талдау, қабылдау, енгізу кезеңдерінен тұратыны сарапталады. Нәтиже сапалық өзгерісті басшылыққа алады. Инновация шығармашылық ізденісті білдірсе, новация сол ізденістің іске асырылған нәтижесін білдіреді. Инновация мазмұнындағы жаңа шешімдер басқа жүйелерге де тиімді өзгерістер әкелетіні айтылады. Үдеріс пен нәтиже жаңа технологиялар бастауы екені зерделенеді. Мақсатты түрде жаңалықтарды өмірге әкеліп, игеріп оны тарату функционалдық сауаттылықтың негізі. Мақалада әлемдік білім деңгейіне ілесу үшін заман ағымына бейімделудің қажеттілігі сараланады.

**Түйін сөзер:** функционалдық сауаттылық, педагогикалық инноватика, модернизациялау, модификациялау, педагогикалық рефлексия, инновациялық үдеріс.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту Қазақстанның дамуының басты бағыты» атты Елбасының Жолдауында білімді ұрпақ тәрбиелеуде оқытушылардың функционалдық сауаттылығына үлкен мән берілгені белгілі. Осы мақсаттан елімізде 2011-2020-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданып, онда әрекет етудің ұлттық жоспары айқындалды. Ұлттық жоспарда білім алушылардың функционалдық сауаттылығының дамуына, қалыптасуына барлық жағдай жасау талап етілді. Өйткені функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас орната алуы, олардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси қызметтерге белсене араласуы, кәсіби біліктілік деңгейі, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына бейімделуі.

Ал заман ағымы – нарық талабына сай келетін жан-жақты дамыған тұлға дайындау. Сондықтан да ұлттық жоспарда жоғары мектептің алдына білімгерлердің бойында: игерген білімін іс жүзінде пайдалана алу қабілетін, шығармашылық әлеуетін, ұлттық сана-сезім, өзіндік дүниетаным, азаматтық ұстаным, рухани құндылықтарды бойына сіңіре алу, кез келген жағдаятты шешудің жолын білу, ақпараттық, қатысымдық, әлеуметтік, тұлғалық, азаматтық, технологиялық және пәндік құзырлықтың қалыптасуын, қоғамдық ортаның талаптарына бейімделуіне мүмкіндік жасауды міндеттеп отырғаны аян. Жастардың бойында мұндай қабілеттердің негізін қалайтын басты тұлға жоғары мектептегі оқытушы екені даусыз.

Функционалдық сауаттылық адамның кәсіби, не жеке бастық әрекетін толыққанды сауатты орындау үшін керек [1]. Функция – «орындау, әрекет, жүзеге асыру» деген мағынаны білдіретін латынның сөзі. XX ғасырдың аяғына қарай үздіксіз білім берудің маңызды бір мәселесі ретінде кеңінен зерделене бастағаны белгілі. Оның негізгі аспектілеріне: қатысымдық, компьютерлік-ақпараттық, инновациялық, азаматтық-құқықтық, әрекеттік, гуманитарлық сауаттылықтар жатады. Функционалдық сауаттылықтың нәтижесінде кәсіби құзыреттіліктер қалыптасады. Функционалдық сауаттылықтың қалыптасуы 3 кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде маманның кез келген әрекетті орындай алу қабілеті,



Қорыта келе, бүгiнгi бiлiм беру жүйесiндегi өзгерiстер үлкен дайындықты, үлкен талап, талғамды, екшеудi қажет етедi. Бiлiм беру жүйесiндегi жаңалықтарды, сондай-ақ жаңа оқыту технологияларын өзiн талғаммен, әр пәннiң даралық ерекшелiгiне қарай пайдаланса ғана, белгiлi бiр дәрежеде нәтиже берерi айқын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тiзiмi:**

- 1 Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии ДОС. Учебное пособие.* – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
- 2 Фогельсон И. *Учебники и пути его развития// Вопросы и теория составления школьного учебника.* – М., 1982. – 129 с.
- 3 Лернер И.Я. *Дидактические основы учебника// Вопросы и теория школьного учебника.* – М., 1982. – 129 с.
- 4 Зув Д.Д. *Теория школьного учебника.* – М., 1991. – 89 с.
- 5 Құсайынов А., Асыллов Ұ. *Оқулықтанудың өзектi мәселелерi.* – А., Рауан, 2000. – 32 б.

Б.Д. Жумакаева<sup>1</sup>, Б.Ш. Кожекеева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский государственный женский педагогический университет,  
г. Алматы, Казахстан

#### **ТРАДИЦИЯ И ИННОВАЦИЯ В ОБРАЗОВАНИЕ**

*Аннотация*

В статье анализируются недостатки и достоинства традиционных методов обучения, а также рассматриваются новые направления в системе образования. Анализ преимуществ и недостатков традиционной системы образования является важным аспектом в планировании новой системы образования. Выбор лучших способов организации цели образования, содержания, методов, учебного процесса осуществляются на основе большого опыта, который мы имеем. Педагогические позиции, последовательность учебных материалов, точность организации, формы тестирования, ориентированные на отношениях с учеником, то есть возможность наблюдения уровня системного мышления и разговорных навыков через устные экзамены в традиционной системе образования – это преимущества, которые можно интегрировать в будущую систему образования. Особенно, в дополнении к опыту западных стран наш богатый опыт, сформированный столетиями, не должен быть упущен из вида. Эта позиция должна быть одной из ключевых в подготовке учебников и учебных материалов.

**Ключевые слова:** метод, традиционный, система образования, компетентность, концептуальный.

B.D. Zhymakaeva<sup>1</sup>, B.Kozhekeeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh Women's Pedagogical University

#### **TRADITION AND INNOVATION IN EDUCATION**

*Abstract*

The article analyzes the shortcomings and advantages of traditional teaching methods, as well as examines new directions in the education system. An analysis of advantages and lacks of the traditional system of education is an important aspect in planning of the new system of education. Choice of the best methods of organization of aim of

Кеңес Одағының ыдырап, Қазақстан Республикасының егемендік алуы мектеп оқулықтарын жаңа мазмұнда қайта құру ісін жандандырды. Өтпелі кезеңдегі білім беру жүйесі жаңа буын оқулықтарын құру ісімен сабақтас жүргізілді. Барлық пәндер бойынша білім мазмұнын жаңарту мәселесі алға тартылды. «Жаңа буын» оқулықтарын түзуде жіберілген кейбір кемшіліктерге сын пікірдің қалыптасқанын да жоққа шығауға болмайды. «Жаңа буын» оқулықтарын жасауда материалдарды сұрыптауда, әдістемелік аппаратын құруда кейбір олқылықтарға жол берілді. Осының өзі қалыптасқын жүйеден қол үзушіліктің, дәстүр жалғасының солғандауынан туған кемшіліктер екендігі айқын.

Қандай ірі бастама болсын өткенді есепке алып, дамыта қолдану барысында ғана жақсы нәтиже беретінін білеміз. Бүгінгі таңда елімізде білім беру үш тілді жүйеге ауысуына байланысты іргелі ізденістерді қолға алу уақыт күттірмейтін келелі мәселелердің бірі болып отыр. Елімізде білім берудің жоғары деңгейіне жету үшін алдымен оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруды қолға алу қажеттігі туындауда. Осы кезекте Ахмет Байтұрсынұлының «Мектеп – оқу таза ана тілінде жүретін мектеп болу керек, ондағы оқу мазмұны халық білімін, бағзыдан бірге жасасып келе жатқан салт-дәстүр, тәрбие жол-жосынымен, бостандыққа ұмтылған мақсат-мұратымен етене қабысып жатуы, заманауи білім беруі қажет» деген пікірі бүгінгі жаңару заманында да есте тұтарлық кеңес болмақ. Бұл пікір қазақ әдебиетін оқытуда бірден-бір басшылыққа алынуы керек. Олай дейтініміз қазақ әдебиетінің өзіне ғана тән ерекшеліктері мен ұрпақты тәрбиелеудегі үлес салмағын ескермейінше, әдебиет сияқты өнер пәнінен мазмұнды білім қалыптастыру мүмкін емес. Ол үшін ең әуелі әдебиет пәнінің өзіне тән ерекшеліктерін жете білу қажет. Әлемдік өркениет бағдарына сәйкес білім мазмұнын қайта құру өз кезегінде қазақ әдебиетінің өзіндік спецификасына баса мән беруді қажет етеді. Әдебиет пәні – ұлттық болмысты, психологияны, дәстүрді балаға сезіндіретін, сендіретін басқа да ұлттық құндылықтарды танытатын пән. Қазіргідей жаһандану процесінің жүріп жатқан тұсында білім берудің ұлттық негізін сақтау ең күрделі мәселе. Мәдениетті елдерде (Жапония, Қытай, Корея т.б.) өз мәдениеті мен коллоритін сақтау үшін барлық жаһандану машинасынан ерекшелену әдістеріне баса мән береді екен. Қазіргідей жаһандану процесі жұтандану процесіне айналмас үшін білім берудің ұлттық болмасы мен құндылығын сақтай отырып дамыту ең тиімді жол болмақ.

Мектеп оқулықтарын жазу – ғылыми негізде, белгілі бір ұстанымдарға сүйеніп атқарылатын өте күрделі мәселе. Мектеп оқулықтарын жазу мәселелерін зерттеген көптеген ғалымдардың еңбектері белгілі. Мысалы, Фогельсон И. «Учебники и пути его развития» (М., 1982) [2]; Лернер И.Я. «Дидактические основы учебника» (М., 1982)[3]; Зуев Д.Д. «Теория школьного учебника» (М., 1991)[4] атты еңбектер - оқулық құру талаптары мен ұстанымдарын, құрылымдық жүйесін айқындайтын зерттеулер. Осы сияқты ана тілімізде оқулық жасау теориясы мәселелері және осы замандық оқулықтарға қойылатын дидактикалық талаптар мен оқулық сапасын анықтаудың ғылыми ұстанымдарын кең түрде қарастырған А.Құсайынов, Ұ.Асылловтың «Оқулықтанудың өзекті мәселелері атты еңбегін» (А., 2000)[5] атап көрсетуге болады.

Әрине, бүгінгі заман талабы мен уақыт сұранысы мектеп оқулықтарын әлдеқайда дамытуды талап етеді. Білім беру жүйесінде ендіріліп жатқан жаңалықтар мектеп оқулықтары мен оқу құралдарының бұрынғыдай жалпыға ортақ формасымен шектелмесі белгілі. Көп деңгейлі оқулықтар мен оқулық кешендерін жасау, альтернативті оқулықтар ұсыну ісін алдыға тартады. Сонымен қатар электронды техниканың дамуы түрлі дидактикалық идеяларды жүзеге асырудың техникалық мүмкіндіктерін туғызуда. Осыған орай электронды оқу құралдарын қолданысқа ендіру уақыт құзырындағы мәселе.

Білім беруді жаңарту, үш тілді білім беруге көшу тек оқу құралдарын жаңартумен ғана шектелмейді, білім берудің мақсатын, құрылымын, мазмұнын, әдістерін, оқу-тәрбие үдерісінің, басқарудың және әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың формасын жаңартуды талап етеді. Білім берудегі жаңалық мектепке дейінгі білім беруден басталып, бастауыш жалпы білім, негізгі жалпы білім, орта жалпы білім, арнаулы орта білім, жоғары білім беруді тұтас қамтиды. Білім берудің бұл сатылары тізбекті жүйеде дамиды десе де болады. Себебі жоғары білім орындарын бітірген құзіретті мамандар айналып келгенде бастауыш, негізгі, орта білім беруде оқушы құзіреттігін қалыптастыруға ат салысады.

Осы ретте білім беру саласына ендірілетін жаңа жүйе құрылымының моделін былайша көрсетуге болады:

Кеңестік оқыту жүйесінде қалыптасқан дәстүрлі оқыту мен оқытудың жаңа технологияларын зерттей келе, қазіргі білім беру технологияларын сараптайтын еңбегінде Г.К. Селевко дәстүрлі оқытуды бірнеше қырынан сипаттап көрсетеді: «Қолданылу деңгейіне қарай: жалпы педагогикалық; философиялық негізіне қарай: ықтиярсыз (педагогика принуждения); қабылдау тұжырымдамасына қарай: тірік сызбалар көмегімен ассоциативті-рефлекторлы; жеке тұлға құрылымының іс бағытына қарай: информациялық, білім қабілет дағды қалыптастыру; мазмұнына қарай: жалпы білім беретін, орталықтанған дидактикалық; басқару типіне қарай: дәстүрлі, классикалық; ұйымдастыру формасына қарай: сыныптық-сабақ, академиялық сабақ; оқушымен қарам-қатынасы: өктем, авторитарлы; жинақталған әдісіне қарай: түсіндірмелі-иллюстративті; оқушы категориясы: жаппай» - дей келе, «мазмұндық ерекшелігі: 75 пайыз оқу пәніне орын берілген де 3 пайызы ғана рухани тәрбиеге бөлінген. Оқу орталықтандырылған, вариантылық жоқ; әдістемелік ерекшелігі: қадағалаудың орталықтандырылуы, білімді орта білімді оқушыға бағдарлануы, оқушы – бағынышты нысан ретінде танылуы, дайын білімді хабарлау, үлгі бойынша оқыту, механикалық еске сақтау, ауызша баяндау, репродуктивті түрде жеткізу, өзіндік түсінік болмауы, дайын анализге құрылуы т.б.» кемшіліктерін атап көрсетеді [1, 7.].

Білім алушылардың жобалық қызметі – қызметтің жалпы нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған әдістер мен тәсілдердің ортақ мақсатты көздейтін білім алушылардың оқу-танымдық, шығармашылық немесе ойын қызметі.

Жобалық-зерттеулік қызмет – мақсат-міндеттерді, әдістерді белгілеу принциптерін анықтау, зерттеу барысын жоспарлау, күтілетін нәтижелерді анықтау, зерттеудің іске асуын бағалау, қажетті ресурстарды анықтау жұмыстарымен ерекшеленетін жеке зерттеулерді жобалау қызметі [4, 110].

Жобалау жұмысы тіл үйренудің формалдық сипатын жоюға, тілді үйренудің тәжірибелік нәтиже беруіне ықпал етеді. Жоба оқытушы мен білімгердің функционалдық міндеттерін өзгертеді. Білім алушы шет тілін оқытудың нақты бір сабағының мамұнын таңдауда, ұйымдастыруда белсенді қатысса, оқытушы кеңесші, көмектесуші немесе ойынға қатысушы ретінде ғана көрінеді. Жобалық әдістеме – нақты мәселені толық әзірлеу дидактикалық мақсаттар арқылы табысқа жететін әдіс. Бұл әдіс білім алушылардың белгілі бір мәселені шешуде қызығушылығын арттырады, сонымен қатар белгілі теориялық білімдерін практикада жобалық жұмыс арқылы көрсетеді [5, 162]. Шығармашылық қызмет шет тілі апталығының шеңберінде ұйымдастырылатын конкурстар, викториналар, кештер, клуб отырыстары мен қызықты кездесулерді әзірлеу және өткізуді меңзейді. Бұндай қызмет түрі әрбір оқушының шараға қатысуын маңызды етеді және зерттеу жұмыстарына қатысуға шабыттандырады. Оқытудың түрі академиялық (шығармашылық сипаттағы тапсырмалар) және сондай-ақ

Ж.А. Аманкельды<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Сулейман Демирел атындағы университет,  
Қаскелең қ. Қазақстан

## МЕКТЕПТЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҚОЛДАНУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада автор шет тілін оқыту барысында оқушылардың өз бетінше зерттеу қызметін жүргізу дағдысын дамыту мәселесін қарастырады. Зерттеу қызметін балалардың жеке әлеуеті мен шығармашылық қабілеттерін, өзіндік ізденістерін дамыту негізінде жүзеге асыру туралы мәселе қойды. Сөйлеу арқылы оқушылардың өз бетімен ойын жеткізе алу шеберлігіне жеткізер тәсілдер мен әдістер туралы баяндалады. Оқушыларды сабақ барысында сөйлеуге дағдыландыра отырып, мұғалім оларды сыныптастарының сөйлеу мәнерін мұқият тыңдату арқылы дұрыс сөйлеуге, дұрыс тыңдауға баулитындығы айтылады. Сыныптағы топтық жұмыстар жұмыстың ең тиімді әдісі ретінде көрсетілді, себебі жұмыстың топтық түрі түрлі білім деңгейіндегі оқушылардың назарын, жадын және ерік-жігерін белсендіреді деп түйіндеген. Мақалада шет тілін оқыту барысында оқушылардың жобалық-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін веб-квесттерді құру және оларды тиімді қолдану жолдары, сондай-ақ веб-квесттердің түрлері мен құрылымы, олардың оқу үдерісіндегі тиімді тұстары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** зерттеу қызметі, оқыту әдістері, жобалық әдістеме, веб-квест, өзін-өзі бағалау, жеке өзіндік жұмыс.

Қазіргі кезең психологтары мен педагогтары зерттеу қызметін жүргізу мен оның нәтижелерінің сапалылығы ең алдымен индивидтің ынтасы мен қажеттілігіне, оның мотивациясына тікелей байланысты деген тұжырым жасады. Мотивация мақсатты бағытталған белсенділікті тудырады, ал ол өз кезегінде мақсатқа жету үшін құралдар мен әдістерді, олардың тәртібін анықтайды.

Оқу мен білімдегі мотивация мәселесі әрбір мектептік пәндерде туындайды. Орта мектептегі шет тілін оқытудағы мотивация мәселесі ерекше назарда. Әр сынып сайын оның төмендегенін тәжірибе көрсетіп отыр. Әдетте шет тілін үйретуден бұрын не бастапқы кезеңінде оқушылар жоғары мотивациялық деңгейді көрсетеді. Олар шет тілінде ойларын жеткізуге, тақпақтарды оқуға, ән айтуға, оқуға деген құлшыныстарын көрсетеді.

Барлық оқу процесі оқушылардың әрбір деңгейінде «шет тілі» пәніне тән ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын қуанышты сәттерді сезінетіндей дәрежеде құрастырылуы қажет. Ана тілінің шеңберінде шет тілін меңгеру барысында шет тілі қарым-қатынастың жасанды құралы ретінде көрінеді. Яғни, сабақ барысындағы шет тіліндегі қарым-қатынас негізінен шартты сипатқа ие болады, ал ол өз кезегінде сахналық коммуникацияға жақындатады, сол себепті де зерттеу қызметін ұйымдастыру барысында оқушылардың ойына, қиялына назар аудару маңызды [1, 181].

Жас мөлшері мен біліктілік деңгейіне қарамастан барлық оқушылар Ғаламторды пайдаланумен байланысты кез келген қызықты қызмет түрлерімен шұғылданады, ал оның қызығушылығы бірнеше жылдар бойы сақталып қалады. Тілдік және мәдени кедергілер жойылады, сабақ үлгерімі жақсарады, оқушылар өз мүмкіндіктеріне сенімділігі артады. Ағылшын тілін оқытуда Ғаламтор мүмкіндіктерін пайдаланудың нақты әдістері туралы сөз қозғағанда келесідей айтарлықтай тиімді тәсілдерін атап көрсетуге болады:

1. Электронды пошта арқылы қатарлас тіл иелерімен және басқа елдерде шет тілі ретінде ағылшын тілін үйренушілермен хат алмасу (замануи, ақпараттың жеделдігі, басқа мәдениетті оқып үйрену мүмкіндігі, «бірінші тұлғадан» білім алу);

2. Телекоммуникациялық конкурстарға, олимпиадаларға, тестілеулерге қатысу (білімінің шынайы бағасын алу мүмкіндігі, өзін мойындату, емтихандарға дайындалу, конкурстар мен олимпиадалардың өзге де түрлеріне қатысу);

3. Тегін немесе ақылы қашықтықтан оқыту курстарынан, алдыңғы қатарлы Британдық оқу орындарынан өзіндік білім;

4. Мұғалім үшін – тілдік және елтанымдық материалдардың молдығы, жанашыл білім беру технологияларының, оқу кешендерінің авторларының толық сипаттамалары, тілді меңгерудің өзіндік деңгейін үнемі арттыру мүмкіндігі.

талаптарды көрсетеді. Сондықтан студенттің өзіндік ізденісі мен шығармашылығын қалыптастыруда тілдік тақырыптардың табиғаты мен ішкі заңдылықтарын таныта, жаңа технологиямен оқытудың маңызы мен жүйелілік енгізудің мәні зор. Сөзжасамның тереңдетіле оқытылуы әртүрлі тәсіл-амалдың сипатына тығыз байланысты. Оқулықтағы тақырыптарды өтумен шектелмей, меңгерту жолын алдын ала ойластырудың әртүрлі әдістемесіне негізделеді. Оқытудағы шеберлік мәселесі теориялық тұжырымдарды пайдалану арқылы іске асады.

**Пайданылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қалиев Ф. Сөз тудыру – қазақ тілінің жеке саласы // Қазақстан мектебі, 1984. – №6, – Б. 57-60.
- 2 Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1965. – 246 б.
- 3 Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – Б. 128-134.
- 4 Аханов К., Кәтенбаева Б. Қазақ тілінің методикалық нұсқауы. – Алматы: Мектеп, 1982. – 239 б.
- 5 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 95 б.

A.Akar<sup>1</sup>, G.S. Nurbekova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Mugla Sitki Kothman Universitesi, Turkya

<sup>2</sup>КазНПУ имени Абая

**МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ СЛОВООБРАЗОВАНИЯ ПРОИЗВОДНЫХ СЛОВ  
КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НА МОДУЛЬНОЙ ОСНОВЕ**

*Аннотация*

Статья исследует закономерности словообразования, словообразовательных единиц, пути составления однокорневых слов, словосочетаний, производных слов, новых слов словообразовательной модели, видов производных слов в современном казахском языке. Обсуждается вопрос обучения системы языка, словообразования – с помощью которых создаются новые слова и через которые пополняют словарный запас, словарный состав языка и основные языковые явления. Так же в статье рассматриваются инновационные методы, интерактивные технологий обучения семантики производных однокорневых слов в высших учебных заведениях, приводятся разные примеры, даются таблицы, указываются пути достижения лучших результатов по итогам выполненных специальных аудиторных, внеаудиторных системных комплексных упражнений и заданий, при помощи которых студенты могут всесторонне развивать свои знания, активизировать свои мышления и укреплять свою память.

**Ключевые слова:** производные слова, однокорневые слова, словообразование, словарный состав, языковые явления, обучение, методы, модуль.

A.Akar<sup>1</sup>, G.S. Nurbekova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Mugla Sitki Kothman Universitesi, Turkya

<sup>2</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai

**METHODS OF EDUCATING OF WORD-FORMATION OF DERIVATIVES  
OF KAZAKH LANGUAGE ON MODULE BASIS**

*Abstract*

The article examines conformities to law of word-formation, word-formation units, the ways of drafting of oneroot words, word-combinations, derivatives, new words of word-formation model, types of derivatives, are investigated. The question of educating of the system of language, word-formation comes into question similarly - by means of that new words are created and through that fill up a vocabulary, dictionary composition of language and basic language phenomena. Similarly in the article the methods of educating of semantics in higher educational establishments, way of achievement of the best results are examined on results the executed special system complex exercises and tasks, through that students can develop the knowledge, activate thinking and strengthen memory.

**Key words:** derivatives, oneroot words, word-formation, dictionary composition, language phenomena, educating, methods, module.



**Сөздердің жасалуы** – жаңа ұғымды таңбалау тұрғысынан сөзжасам заңдылықтар, үлгілер мен ереже-анықтамаларының негізінде жүзеге асатын жалпы заңдылықтардың жиынтығы. Сөзжасам мәселесін алғаш сөз еткен тілші-ғалым – А.Байтұрсынұлы. Ол «Тіл тағылымы» атты еңбегінде қос сөздерді туынды сөз деп көрсетеді. Әрі бұларды бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөздер деп атайды. Күрделі сөздерге байланысты да теориялық мәселелер алғаш ғалым еңбегінде жүйеленді. Алғаш «қосарлы сөздер», «күрделі сөздер» деген термин қазақ тіл ғылымы жүйесіне енгізілді.

Орыс тіл біліміндегі сөзжасамды зерттеу – жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдары басталғандығы туралы мәлімет беріліп, оның қазақ тілі сөзжасамының зерттелуіне тигізген ықпалы туралы талдау жасалынады. Сөзжасамды зерттеудің практикалық кезеңіндегі деректер мен кейінгі кезеңдегі теориялық деректердің айырмасын көрсете білу қажет екендігін айтады. Тілдегі алғашқы негіздің болуын және оның зерттеліп жатқан сөзбен мағыналық байланысын көрсетуді сөзді бөлшектеудің негізгі белгісі және әрбір туынды сөз екі морфемаға бөлінеді. Орыс тілі ғылымында сөзжасамға қатысты көптеген теориялық сұрақтар шешімін тауып, тіл жүйесінде басқа тілдік деңгейлерден сөзжасам саласының алатын орны анықталады, ерекшелігі көрсетіледі [4, 128 б.].

Ғылыми зерттеу еңбектерде сөзжасамдық типтер мен сөзжасамдық ұя мәселелеріне көңіл бөлініп, қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негізін жасаған ғалымның еңбектеріне талдау жасалып, тәжірибеде **жаттығу**, **тапсырма** жұмыстарымен бекітеді. Аталған кезеңде сөз құрылысын синхронды түрде зерттеудің барысында теориялық тұрғыдан морфологиялық талдау мен сөзжасамдық талдаудың **аражіктері** ашылады. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі соңғы жылдары **оқыту әдістемесі** жайында зерттеу (З.Бейсенбаева «Қазақ тілін модуль негізінде оқыту», т.б. әдіскерлердің еңбектерін сөзжасам дәрістерінде пайдалану).

Сөзжасамның морфология мәселесімен байланысы. Сөзжасамның негізгі тілдік бірліктерді жұрнақтардың дыбыстық нұсқаларда қолданылатыны, олардың дыбыстық нұсқалары фонетика заңдылықтары бойынша қалыптасқаны, оны морфология саласы зерттейді, бұл арқылы екі саланың байланысы тілдік деректермен салыстырылады. Сөзжасамдық тақырыптардың тілдік табиғатын айқындап, теориялық тұрғыдан оқыту мәселесі қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында жаңа кезеңмен тікелей байланысты [5, 46 б.]. Морфологияның кейбір грамматикалық тұлғаларын туынды түбірді негізгі түбір мен қосымшаны салыстыра оқыту тиімді болады. Ол үшін мұғалім негізгі түбірі анық, ашық көрініп тұрғанын және жаңа мағына тудыратын қосымшалары бар бірнеше туынды түбірді алып, түбір мен туынды түбірді салыстыра отырып түсіндіреді. Сөз құрамын меңгертуде ескеруге тиісті

**4-Модуль. Есім сөздердің сөзжасамы.** 1-Бөлім. Зат есім сөзжасамы. 1. Зат аталымын жасайтын жұрнақтар. Лексикалық мағынаны (ЛМ) өзгертетін жұрнақтар. ЛМ-ны түрлендіретін жұрнақтар. Олардың мағыналық түрлері. Сыйлау, құрметтеу. Жақсы көру. Еркелету, кішірейту. Кемсіну, қомсыну. т.б. Есімдерден зат есім (ЕЗЕ) жасайтын жұрнақтар. Олардың түрлері. 2. Күрделі зат атаулары. Олардың түрлері. Мағыналық құрылымы.

**2-Тарам. Сын есім сөзжасамы.** Сын есім сөзжасамын жасайтын жұрнақтар: есім, етістіктен түрлері. Күрделі сындардың жасалуы.

**3-Тарам.** Сан есім сөзжасамы. Ссан есім сөзжасамының тәсілдері. Сан есім сөзжасамының түрлері: Есептік. Реттік. Жинақтық. Топтық. Болжалдық. Бөлшектік сан атаулары.

**4-Тарам.** Үстеудің сөзжасамы. Жұрнақтар. Олардың мағыналық топтары. Күрделі үстеулердің типтері.

**5-Модуль.** Етістіктің сөзжасамы. Сипаттама. Есімнен етістік жасайтын жұрнақтар: мағыналық топтары. Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтар: түрлері. Түрлендіретін жұрнақтар. Субъектілік, объектілік мән қосатын жұрнақтар. Күрделі етістіктің жасалуы. Күрделі етістіктің мағыналық құрылымы. Түрлері. Құранды етістіктер. Құрылымы. Мағыналары. Идиомаланған құранды етістіктер.

Ал семестрлік *ағымдық, аралық бақылау, емтихан* тестері басқаша құрылады және онда бір семестрдегі, бүкіл **сөзжасам** пәнін қамтитын тестілер қолданылады.

Сөзжасамды жеке пән ретінде оқытудың ғылыми негіздегі әдістемелік жүйесі З.Бейсенбаеваның «Жоғарғы оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деген тақырыптағы еңбегінде сөзжасамның әдістемелік жүйесі, оқытудың мақсаты, мазмұны, ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері, қажетті құрал-жабдықтары, ұйымдастыру формаларын нақтылау мақсат етіледі, әрі сөзжасамның ғылыми-әдістемелік негізін ашуда модульдік оқыту технологиясының тиімділігін көрсетеді.

Сөзжасам модульдерін белгілеуде жалпы дидактикалық, жалпы модульдік ұстанымдары профессор Н.Оралбаеваның «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығындағы модульдер жүйесі негізге алынады. Оқулықта сөзжасам пәнінің мазмұны бес модульге бөлінген. **1-модуль** – сөзжасам, аталым теориясы, **2-модуль** – туынды сөздер, уәждеме, **3-модуль** – сөзжасамдық ұя, **4-модуль** – есім сөздердің сөзжасамы, **5-модуль** – етістіктің сөзжасамы. Сөзжасамды **5** модульге бөлініп, сөзжасам заңдылықтарының *ұстанымдары* басшылыққа алынады. Б.Қасымның «Қазақ тілі сөзжасамының типтік бағдарламасы» (2012) да осы модуль негізінде жасалған, қазір ЖОО-да осы бағдарлама негізге алынады.


Сабақ – педагогтік шығармашылықта құрылады және сондықтан да ол біртұтастық жүйемен оқшауланады. Кіші бөліктерінің, яғни, сабақ құрылымының өзара іштей байланысы бірігіп, оқушылар мен мұғалімнің іс-әрекеті дамуының бір тектес логикаға бейімделуіне бағыт жасайды.

Сабақтың талабын орындау мен оны түсіну әлеуметтік сұранымға қатысты анықталады. Сабақ оқушылардың жеке басының қажетсінуіне орай құрылады. Оқытудың мақсат-міндеттері, заңдары мен ұстанымдары басшылыққа алынып, жоғарыда сөз болған оқыту үдерісінің мазмұнын айқындайды.

Зерттеу барысында түбірлес сөздерді оқытуға арналған сабақты ұйымдастыруда ескерілетін (*сабақтың ғылыми жетістіктерге, жаңаша озық іс тәжірибелерге, оқу-тәрбие үдерісінің негізгі заңдарына сай құрылуы, дидактикалық ұстанымдар мен ережелердің негізге алынуы, оқушылардың санасын, өзіндік әрі абстрактілі ойлауын қалыптастыруға әсер етерлік, пәнаралық, тақырып-аралық байланыстардың ескерілуі, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың белсенді түрлерінің ойластырылуы, оқушылардың өзіндік әрі абстрактілі ойлауын қалыптастыру мақсатында білім, икем қабілетін тиімді пайдалануды қалыптастыруға үйретілуі сияқты*) талаптар нақтыланды.

**Сөзжасам** тілдің сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын, сөзжасам арқылы жасалған жаңа ұғым атауларын, туынды сөздерді, олардың түрлерін, сөзжасамдық үлгілерді, сөзжасамдық мағынаны, т.б. сөзжасамға қатысты мәселелерді, яғни тілдегі жаңа сөздердің жасалу жүйесін зерттейді. Тілдің сөзжасам жүйесі – қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын жаңа сөздер жасау арқылы толықтырып отыратын негізгі тілдік құбылыс. Оны жүзеге асырып отыратын тетігі, яғни белгілі *сөзжасамдық заңдылықтары* мен *әдіс-тәсілдері* бар. Ол өте ерте кезеңдерден бері қолданылып, дамып, іріктеліп, сұрыпталып, түрлі өзгерістерді басынан өткізіп, қазіргі әдеби қалыпқа түскен, әбден қалыптасқан тілдік бірліктер [3, 32 б.]. Сондықтан тілде жаңа сөз кездейсоқ, қалай болса, солай жасала бермейді. Ол тілдегі қалыптасқан заңдылықтар арқылы жүзеге асады.

## СӨЗЖАСАМ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ МОДУЛЬДІК ЖҮЙЕСІ



**1-Модуль. Сөзжасам теориясы.** Қазақ тіл білімінде сөзжасау жүйесіне қатысты бұрын-соңды толыққанды ғылыми зерттелімдердің болмағандығын, жеке сала ретінде бөлінбегендігін түсіндіру. Бірақ бұдан сөз тудыру, сөзді жасау, жаңа сөз мәселелері зерттелмеді деген ұғым шықпайды. Бұл мәселелер әр сөз табына қатысты қарастырылып, жеке еңбектер де жарияланғандығын келтіру. Осыған қарамастан тілдің сөзжасау жүйесімен *байланысты жалпы теориялық* проблемалары зерттелмегені, оның назардан тыс қалғаны. Тек соңғы оншақты жылдың сөзжасам ішінде жеке сала ретінде танылып, бірнеше бағытта зерттеле бастағанын түсіндіру. Сөздің тууын талдау – оның негізгі мақсаты, олардың қалай жасалып тұрғанын анықтау. Сондықтан туынды сөздің туынды ма, жоқ туынды емес пе, жалаң ба, күрделі ме, оның тууына қандай негіз қатысты, қандай тәсілмен жасалды, т.б. сөзжасамға қатысты заңдылықтар қарастырылады [1, 58 б.].

1) *Сөзжасам* (СЖ) – жеке пән, мақсаты, мазмұны. Сөзжасам – тіл білімінің жеке саласы. СЖ тіл білімінің басқа салаларымен байланысы. 2) СЖ талдау. Тілдің СЖ-дық жүйесі. 3) СЖ бірліктер: СМ, ӨТМ, ТТМ, КТМ, ТТТМ; *Сөзжасамдық тәсілдер*: СТ, АТ, ЛСТ; СЖ – тип, үлгі.

**2-Модуль. Қазақ тілі сөзжасамының морфологиялық құрылымы және туынды сөздердің уәждемесі.** Сөзжасам саласындағы тұлғалардың бірі – туынды сөздер. Туынды сөзге қосымша арқылы жасалған туынды түбірлер және аналитикалық сөздер, барлық сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған туындылардың бәрі жатады. Туынды сөздер – тілдің сөзжасамдық үрдісінң нәтижесінде туған дайын лексикалық тұлғалар. Сөз байлығының ең мол тобы болып саналатын туынды сөздер іштей сан қырлы болып келеді, оның себебі – туынды сөздер түрлі тәсілмен жасалатындығында. Туынды түбір туынды сөздің бір тобының аты ғана. Туынды түбірге синтетикалық тәсілмен жасалған сөздер ғана жатады. Туынды сөздер – өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажеттігін өтеу үшін, тілімізде сөзжасам заңдылықтарымен жасалған лексемалар. Туынды сөздің құрамы. Туынды сөздер. (ТС) 1) Туынды түбір (ТТ). ТС-дер жөнінде түсінік. Морфемалар жүйесі. Морфеманың түрлері: ТМ (Түбір морфема). ҚМ (Қосымша морфема). ҚМ-ның түрлері: жұрнақтар, олардың түрлері: құрамы, өнімділігі, мағыналық топтары т.б. Жалғаулар, олардың қызметі. 2) Күрделі сөздер. Олардың түрлері, жасалу жолдары: *уәж, уәждеме, уәждеуші, уәжденуші, уәжділік, уәжділік дәрежелер, аталым*. Сөзжасамдық типтер, үлгілер.

**3-Модуль. Сөзжасамдық ұя.** Қазақ тіліндегі негізгі түбірлердің сөзжасамға қатысу қабілетінің белсенділігі сөзжасамдық ұядан (СҰ) көрінеді. Сөзжасамдық ұя – бір түпнегізден тараған, сөзжасамдық тәсілдердің қатысумен жасалған, тілде аталым қызметін атқаратын, мағыналық құрылымдық жүйесі бар, түбірлес лексемалардың жиынтығы. Бірнен бірі туындаған сөздер. Бір ұяда бірнеше сөзжасамдық тізбек болады. 1) Сөзжасамдық ұя (СҰ) туралы түсінік. 2) СҰ-ның құрылымы: Сөзжасамдық тізбек (СТ). Сөзжасамдық саты (СС). Сөзжасамдық жұп (СЖ). Сөзжасамдық тарам. (С.тар.) 3) Сөзжасамдық мағынасы (СМ), Уәжділік мағына (УМ) – сөзжасам саласында негізгі арқау [2, 225 б.].

language policy in Kazakhstan including the following: improvement of the lexical fund of the Kazakh language; unification and codification of new lexical units; successful formation of a national body of the Kazakh language; definition of methodological bases of studying new words by students and development of methodological system for specialized school will help to improve and standardize the state language teaching methodology; increase of the demand for the state language.

The article offers the results and conclusions obtained at the first stage of the experiments, which were carried out on the basis of the methodology of assimilation of new words in the Kazakh language in the secondary education system.

**Key words:** new word, codification, secondary education system, Kazakh language, methodology.

МРНТИ 16.01.45

A.Akar<sup>1</sup>, Г.С. Нурбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Mugla Sitki Kothman Universitesi, Mugla, Turkya

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТУЫНДЫ ТҮБІРЛЕС СӨЗДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫН МОДУЛЬ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада тілдің сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық бірліктер, сөзжасам заңдылықтары, сөзжасамның амал-тәсілдері, сөздердің жасалу жолдары, сөзжасам арқылы жасалған жаңа ұғым атаулары, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық үлгілер, сөзжасамдық мағына және сөзжасамға қатысты мәселелер, яғни тілдегі жаңа сөздердің жасалу жүйесінің зерттелуі жайында айтылады. Тілдің сөзжасам жүйесі – қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын жаңа сөздер жасау арқылы толықтырып отыратыны және негізгі тілдік құбылыс екендігі сөз болады. Сондай-ақ мақалада жоғары оқу орындарында сөзжасамға байланысты семантиканы оқыту әдістері мен туынды түбірлес сөздердің жасалу жолдары арқылы ең тиімді нәтижелерге қол жеткізу бойынша орындалған арнайы жүйелі, кешенді жаттығулар мен тапсырмалар көмегімен студенттердің білімін дамыту, сабақ барысында оларды белсендіру, сыни ойлауға баулу және есте сақтау қабілеттерін нығайту көзделген.

**Түйін сөздер:** туынды сөздер, түбірлес сөздер, сөзжасам, сөздік құрам, тілдік құбылыстар, оқыту әдістері, модуль.

Қазақ тілінің **сөзжасамы** тіл білімінің дербес саласы – оның өзіндік зерттеу нысаны бар. Сөзжасам курсының негізгі **мақсаты** – оқушыларға негізгі теориялық мағлұматтар беру. Негізінен сөзжасамға қатысты соны ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, оқушылардың білімін тексеру мақсатында, я меңгергенін білу үшін түрлі **өздік жұмыс, тест жүйесі**, кейбір даулы, қиын тілдік құбылыстар жайында **пікірталас** тақырыптары алынып жүргізіледі. **Өзіндік жұмыстың** маңызы өте зор. Оқушыларды сөзжасам теориясынан алған білімін жаттықтыру мақсатында жүргізіледі. Бұл келешек қазақ тілі мамандарының сөзжасам мәселесінен алған теориялық білімін түсінуге, өз ойын дәлелдей білуге дағдыландырады және студенттердің сапалы, терең білімді маман болып шығуын көздейді.

**Пәнді оқып үйренудің міндеттері:**

- сөзжасамдық негізгі ұғымдармен таныстыру;
- сөзжасам мәселелерінен толық мағлұмат беру;
- қазіргі заман тіл ғылымының дамуына сай жаңа технология бойынша модульдік жүйемен туынды сөздердің жасалуын таныстыру, жаттықтыру;
- туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымын анықт-ау;
- түбір сөздің шығу төркінін айқындау;
- туынды түбірлердің мағыналық байланысын ашу;
- сөз таптарының сөзжасамдық ерекшеліктерін таныту;
- сөзжасамдық талдау, морфемдік талдау, этимологиялық талдауға үйретіп, жаттықтыру, дағдыландыру;

Сөзжасам пәнінің тақырыптары **5 Модульге** бөлініп, әрі қарай әр модульдің іші тақырыптың мазмұнына қарай бірнеше **тарам, тармақ, тармақшаларға** бөлінеді.

Оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру деңгейін анықтау бағытталған эксперименттің алғашқы анықтау кезеңінде мынадай нақты проблемалар анықталды:

– орта білім беру жүйесіне арналған қазақ тіліндегі оқулықтардың (қазақ тілі және жаратылыстану пәндері бойынша) дидактикалық базасында бұрын интернационалды атаулары норма болған терминдерді қазақшалауды үрдісінің басымдығы;

– мектеп оқулықтарын қазіргі тіл саясатына сәйкестендіру мақсатында лексикографиялық еңбектерге тіркелген жаңа сөздердің енгізілуі және оқулықтар авторлары тарапынан жаңа сөздердің жасалуы (жаратылыстану ғылымдары бойынша мектеп оқулықтарындағы жаңа сөздердің статистикалық мәліметі біздің тарапымыздан анықталған; мысалы, тек қана 7-сыныпқа арналған биология пәні бойынша оқулықта 334 сөз кездеседі);

– қазіргі мектеп оқулықтарының тілі мен стилін біршама жаңартқан;

– қазіргі мектеп оқушысы үшін психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарағанда, оқулықтардың тілін қабылдау біршама күрделенген;

– қазіргі күрделі қоғам жағдайында оқушылардың менталды лексиконында жаңа сөздердің орнығу дәрежесі ғылыми және практикалық тұрғыдан әлі де анықталмаған, яғни анықтау кезеңінің нәтижесі көрсеткендей, көптеген жаңа сөздер жазба нұсқаларда ғана сақталған. Әсіресе жаратылыстану бойынша ғылыми аталымдардың *тіл жүйесі – сөйленіс – узус* үштігіндегі орналасуы бірдей емес. Ғылыми терминдер тіл жүйесінде бар (негізінен жазба нұсқаларда, ғылыми әдебиеттерде), бірақ *сөйлеу* және *узус* деңгейіне өту дәрежесі бәсең.

Анықтау кезеңінде жүргізілген сауалнаманың жалпы қорытындысы бойынша оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру дәрежесінің салыстырмалы түрде бәсең екендігі байқалды. Бұл жаңа сөздерді есте сақтау, әлеуметтік-қолданыстық маңызын түсіну, дұрыс қолдану дағдыларының төмен екендігін дәлелдейді. Осыған байланысты жаңа сөздерді меңгерту бағытында білім беру жүйесінде нақты іс-шараларды жүзеге асырудың қажеттілігі туындайды.

*К.С. Алдашева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова*

#### **МЕТОДИКА УСВОЕНИЯ НОВЫХ СЛОВ В СРЕДНЕ-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЕ: РЕЗУЛЬТАТЫ ПО ПЕРВОМУ ЭТАПУ ЭКСПЕРИМЕНТА**

*Аннотация*

Усвоение новых лексических единиц учащимися среднеобразовательной системы, осознание ими новых слов играет исключительную роль в расширении у учащихся общего кругозора о казахском языке, в осознании ими знания языка как основного показателя национальных и общечеловеческих ценностей, воспитании уважения к языку, а также в формировании учащихся как языковая личность и закреплении в их сознании, как указываются в законодательных актах, «престижного образа носителя государственного языка».

Подведение итогов и научно-практическая систематизация процессов кодификации и нормализации новых слов, появившихся за последние четверть века внесет определенный вклад в реализацию приоритетных направлений языковой политики Казахстана – усовершенствованию лексического фонда казахского языка; унификацию и кодификацию новых лексических единиц; успешному формированию национального корпуса казахского языка; а также определение методологических основ усвоения учащимися новых слов и выработка методической системы для профильных школ способствуют совершенствованию и стандартизации методологии обучения государственному языку; повышению востребованности государственного языка.

В статье предлагаются результаты и выводы полученные на первом этапе экспериментов, которые осуществлялись на основе применения методики и методологии усвоения новых слов казахском языке в среднеобразовательной системе.

**Ключевые слова:** новое слово, кодификация, среднеобразовательная система, казахский язык, методика.

*K.S. Aldasheva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*M.Utemisov West Kazakhstan State University*

#### **METHOD OF LEARNING NEW WORDS IN THE SECONDARY EDUCATIONAL SYSTEM: RESULTS FOR THE FIRST STAGE OF THE EXPERIMENT**

*Abstract*

Study of new lexical units by students of secondary education system, awareness of the meaning of new words play a crucial role in broadening of students' overall outlook of the Kazakh language, recognition of their language skills as the main indicator of national and universal values, respect for the language as well as formation of students as a linguistic personality and consolidation in their minds of the "prestigious image of the state language media".

Summing up and scientific and practical systematization of processes of codification and normalization of new words that have appeared over the last quarter of a century will contribute to the implementation of the priorities of




Кесте 3 – Жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздердің мағынасын түсіну деңгейін анықтауға арналған тапсырманың нәтижесі

Ұсынылған жаңа сөздер	Толық сәйкестік (%)	Жартылай сәйкестік (%)	Нөлдік сәйкестік (%)
<i>Сынауыр</i>	25	35	40
<i>Кеппешөп</i>	56	26	18
<i>Желбағар</i>	18	63	19
<i>Тұсбағар</i>	43	42	15
<i>Сырғыма</i>	28	37	35

Жаратылыстану циклі бойынша оқулықтардағы қазақыландыру үдерісінің қарқындылығына талдау барысында көз жеткізілді. Алайда ұсынылып жүрген қазақша баламаларды оқушылардың қаншалықты деңгейде қабылдайтындығын анықтауда оқыту үдерісінде терминдік атаулардың орыс тіліндегі баламасына басымдық берілетіндігі, оқушылардың терминге қатысты білімді жинақтауда шеттілдік атауды басшылыққа алатындығы байқалды. Мәселен, сынауыр сөзінің (*түбі жартылай дөңгелек, конусты және тегіс болып келетін цилиндр пішінді арнайы түтік*) толықтерминдік түсініктемесін берген оқушылардың саны – 27; ал 37 оқушының жауабы сөздің семантикалық ерекшелігіне негізделген, сөз құрамындағы *сын* деген бөлшекке назар аударып, *бір нәрсені өлшеу, сынау* мағынасымен байланыстырған. 42 оқушының жауап нұсқалары нөлдік сәйкестікке ие. *Кеппе және шөп* сынарлары тұтас *кеппешөп* сөзінің семантикасын айқындап тұр. *Кеппешөп –кептірілген шөптердің топтамасы*. 59 оқушы бұл сөздің терминдік түсініктемесін толық ұсынса, 28 оқушы жартылай сәйкестік деп бағаланған жауаптар ұсынған (*шөпті кептіру, кептірілген шөппен жасалған сурет, жапырақтарды кептіру т.б.*), ал 19 оқушының берген түсініктемесі қате деп бағаланды. *Желбағар (желдің бағыты мен жылдамдығын өлшеуге арналған аспап)* сөзінің география саласы бойынша терминдік мағынасына толық сәйкес келетін жауапты 19 оқушы ұсынды, бұл ретте оқушылар желбағардың заттық қызметін басшылыққа алған. Ал 67 оқушының жартылай сәйкестік деп бағаланған жауаптары сөздің семантикалық айқындылығына негізделген (*желді бақылау, желді тексеру, желді анықтау т.б.*). 20 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Тұсбағар (көкжиек тұсына қатысты бағдарды анықтауға арналған, географиялық немесе магнитті меридиан бағытын көрсетуші аспап)* – қолданыс белсенділігі жоғары, нормалық сипаты басым әрі семантикалық жағынан түсінікті сөз. Терминдік мағынасын 46 оқушы дәл берсе, 44 оқушының жауабы жартылай сәйкестік ретінде бағаланды, 16 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Сырғыма* сөзінің терминдік мазмұнын (*ауырлық күшінің ықпалымен өзендер мен көлдер, теңіздердің тік жағалауларынан, таулар мен сайлардың жыраларынан топырақ массасы мен тау жыныстарының төмен қарай тайғанап ығысуы*) толық ұсынғандар – 30, ал сөздің семантикалық ерекшелігіне негізделген жауаптар саны – 39, нөлді сәйкестік ретінде 37 жауап бағаланды.


Алынған нәтижелер көрсетіп отырғанындай, жаратылыстану циклі бойынша мектеп оқулықтарында кездесетін жаңа сөздердің терминдік қызметі туралы оқушылардың танымы берілетін білім мазмұнының көлеміне сәйкес емес. Оқушылар сөздің семантикалық айқындылығы жоғары екендігіне қарамастан, оның терминдік қызметіне назар аудармайтындығы байқалды. Жартылай сәйкестік ретінде бағаланған жауап нұсқалары ұсынылған сөздердің семантикалық ерекшеліктеріне негізделген (сурет 2).



Сурет 2 – Жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздердің мағынасын түсіну дәрежесін танытатын жауаптардың пайыздық көрсеткіштері

тану», «салауатты өмір салты» деген сияқты жауаптар кездеседі, 38 оқушы жауап беруден бас тартқан. Бұл сөздің әлі де тілімізде қазақша баламасының нормалану сипатының жоқтығын, қолданыс белсенділігінің әлі де төмен екендігінің белгісі. *Компетентный* сөзінің *құзыреттілік* баламасын 41 оқушы дұрыс көрсетсе, 36 оқушы қате жауап ұсынған, 29 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Құзыреттілік* сөзінің білім беру үдерісінде қолданыс белсенділігі жоғары екендігін ескерсек, бұл сөзге нормалану сипаты тән. *Глобализация* сөзіне *жаһандану*, *ғаламдану* деген жарыспалы вариант қатарларын көрсеткен оқушылардың саны – 49, бұл сөздің қоғамның түрлі салаларындағы қолданыс белсенділігінің жиілігі оның нормалану сипатын айқын танытады. 33 оқушы қате жауаптар ұсынған, 24 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Сувенир* сөзіне дұрыс балама ұсынған оқушылардың саны – 19, 46 оқушы қате жауап ұсынған (*ескерткіш*, *сыйлық*, *есте сақтау сыйлығы*), ал 41 оқушы жауап беруден бас тартқан. Әлі де қолданыста *кәдесый* сөзінің қолданыс белсенділігінің төмен екендігі, қарым-қатынаста *сувенир* баламасының жоғары жиілікте жұмсалатындығы байқалды. Күнделікті тұрмыста әлі де *форточка* сөзінің орыс тіліндегі баламасы қолданылатындығын дұрыс жауап ұсынған оқушылардың саны дәлелдейді, атап айтқанда 9 оқушы дұрыс жауапты ұсынса, 58 оқушы *желдеткіш*, *терезе*, *кішкентай терезе* сияқты қате баламаларды көрсеткен, 39 оқушы жауап беруден бас тартқан.

Қазақ және орыс тілінде ұсынылған сөздердің жауаптарын салыстырғанда байқалған жай, қазақ тіліндегі сөздердің орыс тіліндегі баламасын дұрыс көрсеткендердің саны басым, ал орыс тіліндегі сөздердің қазақша баламасын беруде оқушылардың қиналатындығы байқалды. Бұл қазақ тіліндегі жаңа сөздердің орыс тіліндегі баламасының оқушылар үшін жақсы таныс екендігін, ал орыс тіліндегі сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын оқушылардың сөйлеу тілінде қолданбайтындықтарын көрсетеді (сурет 1).



Сурет 1– Қазақ және орыс тіліндегі баламалары бойынша алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Анықтау кезеңінің 3-бөлігін жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздердің мағынасын түсіну дәрежесін анықтауға арналған тапсырмалар құрайды. Бұл тапсырмалардың мақсаты – оқушылардың жаратылыстану циклі бойынша мектеп оқулықтарында кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіну, сөздің мағынасы туралы жалпы түсінік деңгейін анықтау. Алынатын нәтижелер мектеп оқушысының танымындағы жаңа сөздердің орнын, тезаурустық білім деңгейін тексеруге мүмкіндік береді. Тапсырма көлемі – 5 сөз: *сынауыр*, *кеппешөп*, *желбағар*, *тұсбағар*, *сырғыма*. Үлгі ретінде «жасуша» сөзі және оның түсініктемесі ұсынылды: *Жасуша – бұл тірі ағзалар құрылымының ең қарапайым бөлігі, құрылысы мен тіршілік негізі*.

Жаратылыстану бағыты бойынша іріктеліп алынған жаңа сөздер семантикалық жағынан айқын, осымен байланысты оқушылардың жаңа сөздердің терминдік қызметіне емес, семантикалық ерекшелігіне назар аударғанын төмендегі нәтижелерден көруге болады (кесте 7):

3-фактор: «Қазақ тілі» оқулықтарындағы тілдік факті ретінде жаңа сөздердің аз көлемде қамтылуы, яғни білім беру үдерісінде бәсең насихатталуы;

4-фактор: Қазақ тілі пәнін оқытуда интеграциялық талаптардың жеткілікті түрде орындалмауы.

Анықтау кезеңінің мақсатына сәйкес ұйымдасытырылған тапсырмалардың 2-бөлігі – қазіргі тілдік жағдаятқа байланысты орыс тіліндегі қолданыс жиілігі басым сөздердің қазақша баламасын сәйкестендіруге арналған тапсырмалар. Бұл тапсырманың мақсаты – мектеп оқушысын тілдік тұлға ретінде тани отырып, оның қазіргі қазақ әдеби тіліндегі мерзімді баспасөзде, басқа да масс-медиа құралдарында, жарнамаларда жоғары жиілікпен жұмсалатын (кеңінен танымал деп есептелген) жаңа сөздерді меңгеру және ЖОББЖ-дағы жаратылыстану пәндері бойынша лингводидактикалық базада қолданылған жаңа сөздерді білу, танып-түсіну деңгейін анықтау. Тапсырма шеңберінде: 1) қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы (кең қолданысқа түскен) жаңа сөздердің қазақ тіліндегі баламасы ұсынылды. Тапсырма бойынша оқушы орыс тіліндегі баламасын ұсынуы тиіс. Берілген сөздер: *үдеріс, үрдіс, қағидат, кеден, тосынсый*; 2) қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы жаңа сөздердің орыс тіліндегі баламасы ұсынылды. Оқушы ұсынылған сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын көрсетуі керек. Берілген сөздер: *диета, концепция, глобализация, сувенир, форточка*.

Жаңа сөздердің қазақ және орыс тіліндеріндегі баламаларын сәйкестендіруді ұсынуға негіз болып отырған фактор – қазақстандық қоғамдағы қостілділік жағдайының мектептегі, қоғамдық орындардағы тілдік ортада кеңінен таралуы.

Тапсырма нәтижесі бойынша берілген сөздердің қазақ және орыс тілдеріндегі баламаларын сәйкестендіру мынадай көрсеткіштерге ие болды (кесте б):

Кесте 2 – Қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы жаңа сөздерді меңгеру дәрежесін анықтауға арналған тапсырма нәтижесі

Ұсынылған жаңа сөздер	Дұрыс сәйкестік (%)	Қате сәйкестік (%)	Жауап беруден бас тарту (%)
<i>үдеріс</i>	38	33	29
<i>кеден</i>	46	27	27
<i>Үрдіс</i>	29	36	35
<i>лаңкестік</i>	69	14	17
<i>тосынсый</i>	46	25	29
<i>диета</i>	24	40	36
<i>компетентный</i>	39	34	27
<i>глобализация</i>	46	31	23
<i>сувенир</i>	18	43	39
<i>форточка</i>	8	55	37

Қазақ тіліндегі жаңа сөздердің орыс тіліндегі баламасын көрсетуде оқушылардың *үрдіс* және *үдеріс* сөздерін шатастыратындықтары байқалды. *Үдеріс* сөзінің орыс тіліндегі *процесс* деген баламасын 40 оқушы дұрыс көрсеткен, ал 35 оқушы *тенденция, динамика, развитие, позиция* сияқты қате сәйкестіктер ұсынған, 31 оқушы ешқандай жауап көрсетпеген. *Кеден* сөзінің орыс тіліндегі баламасын 48 оқушы дұрыс көрсетсе, 29 оқушы қате жауап көрсеткен және 29 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Үрдіс* сөзін дұрыс сәйкестендіргендердің саны – 31, ал 38 оқушы *процесс, обучение, методика* сияқты қате жауаптар ұсынған, 37 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Лаңкестік* сөзінің дұрыс жауабын 73 оқушы дұрыс көрсеткен, бұл сөздің қазіргі қоғамдағы өзектілік деңгейінің жоғары екендігі байқалады, 15 оқушы мағынасы жақын *террорист, война, переворот, разрушение, смертник, правонарушение* сияқты сөздермен қатар қате жауаптар ұсынған, 18 оқушы жауап беруден бас тартқан. *Тосынсый* сөзінің семантикалық жағынан түсініктілігіне қарамастан, 27 оқушы қате жауап берсе, 31 оқушы жауап беруден бас тартқан, дұрыс жауап ұсынған 48 оқушы *тосынсый* сөзінің *сюрприз* баламасын көрсеткен.

Орыс тілінде ұсынылған сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын көрсету тапсырмасының нәтижесі бойынша *диета* сөзіне 25 оқушы *емдәм* деген дұрыс жауапты ұсынса, 43 оқушы қате жауаптар берген, соның ішінде сөздің мағынасын түсіндіруге тырысқандар бар, «дұрыс тамақтану», «аз тамақ-

– жалпы орта білім беретін мектептің 5-10-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқулықтары мен пәннің типтік оқу бағдарламаларындағы білім мазмұнының құрылымына, соның ішінде жаңа сөздер мәселесінің қамтылуына талдау жүргізу;

– оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қазақ тілі сабақтарына қатысып, оқушылардың сөйлеу тіліндегі жаңа сөздердің қолданысын бақылау;

– жаңа сөздерді білу деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама жүргізу;

– анықталған проблемалар бойынша қалыптастырушы экспериментті жүргізудің негіздемесін нақтылау.

Анықтау кезеңінің міндеттеріне сәйкес «Қазақ тілі» оқулықтары мен пәннің типтік оқу жоспарлары, білім мазмұнының құрылымы мен жаңа сөздердің теориялық және практикалық қамтылу деңгейі анықталды. Мектептердегі қазақ тілі сабақтарында жалпы тілді және жаңа сөздерді оқытудың әдіс-тәсілдеріне, оқушылардың сөйлеу тіліндегі жаңа сөздердің қолданыс белсенділігіне талдау жасалды.

Оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру дәрежесі мен танымдық-уәждемелік қызығушылықтарының деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылған сауалнама 3 бөліктен тұрады:

1) танымдық-уәждемелік қызығушылықтарының деңгейін анықтауға арналған сауалнама сұрақтары:

2) қазіргі тілдік жағдаятқа сәйкес шет тіліндегі қолданыс жиілігі басым сөздердің қазақша және орысша баламасын сәйкестендіруге арналған тапсырмалар (қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы жаңа сөздер, терминдік атаулар);

3) жаратылыстану бағытындағы жаңа сөздердің мағынасын түсіну дәрежесін анықтауға арналған тапсырмалар.

Анықтау кезеңінде оқушылардың танымдық-уәждемелік қызығушылықтарын айқындау мақсатында ұсынылған сауалнама сұрақтарының нәтижесі төмендегідей болды (кесте 5):

Кесте 1 – Танымдық-уәждемелік қызығушылықтарының деңгейін анықтауға арналған сауалнама сұрақтары және олардың нәтижелері

№	Сауалнама сұрақтары	Жауап нұсқалары	%
1	Қазақ тілін үйренудегі мақсатым...	барлық пәннен үздік болуға ұмтылу	3%
		қазақ тілі сабағына қатысу талап етіледі	12%
		қазақ тілін жетік білу – міндетім	85%
2	Сөйлеуде шет тілдік атауларды қолдануға не түрткі болады?	Дағдыланып кеткенмін	40%
		Қазақша баламасын білмеймін	25%
		Шеттілдік сөз айтуға оңай, түсінікті	33%
		Қазақ тіліндегі нұсқасын ғана қолданамын	2%
3	Ұғым-түсініктің, заттың жиі қолданыстағы шет тілдік атауының орнына қазақша балама керек пе?	Иә, қазақ тілінің өміршеңдігі үшін бұл аса қажет.	41%
		Жоқ, шеттілдік балама қалғаны дұрыс	8%
		Иә, бұл үшін қазақ тілінің әлеуеті мен мүмкіндіктері аса жеткілікті	46%
		Жоқ, шеттілдік атауларды нақты беруде қазақ сөзінің әлеуеті төмен	5%
4	Жаңа сөздерді білу не үшін маңызды?	Аса маңызды емес	7%
		Күнделікті коммуникативтік қарым-қатынаста барлығын қолдану мүмкін емес	35%
		Ана тілінде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру үшін маңызды	58%

Ұсынылған сауалнама сұрақтарының нәтижесінде оқушылардың өз ана тілін білу, оған жауапкершілік қарым-қатынасы, тілді сақтауға мүдделілік танытуы жоғары екендігі байқалды. Алайда сауалнаманың қорытындысы көрсетіп отырғанындай, оқушылардың жаңа сөздерді танып-білуге деген қызығушылықтың төмен деңгейде болуы мынадай факторға байланысты:

1-фактор: Қостілділік жағдаяты – қоғам мүшелерінің коммуникативтік қарым-қатынасында қостілділіктің ықпалы жоғары;

2-фактор: Пайда болған жаңа сөздердің негізінен жазба нұсқаларда, ресми іскери құжаттарда орын алуы; ауызекі әдеби тілге араласуының бәсеңдігі;

МРНТИ 16.01.45

К.С. Алдашева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Орал қ., Қазақстан

## ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА СӨЗДЕРДІ МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ: ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ АНЫҚТАУ КЕЗЕҢІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР

*Аңдатпа*

Жалпы білім беру жүйесінде білім алушылардың жаңа лексикалық бірліктерді меңгеруі, олардың жаңа сөздерді танып-түсінуі мектеп оқушыларының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың көрсеткіші ретіндегі қазақ тілі туралы ой-өрісінің кеңеюінде, тілге құрметпен қарауға тәрбиеленуінде, сондай-ақ оқушылардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуында, заңнамалық құжаттарда көрсетілгеніндей, оларда «мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыруда және орнықтыруда» маңызды рөл атқарады.

Соңғы ширек ғасыр көлемінде пайда болған жаңа сөздердің қалыптасуы мен нормалану үдерістерін ғылыми-практикалық тұрғыдан жүйелеу және қорыту Қазақстандағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі – тілдің лексикалық қорын жетілдіруге, жаңа тілдік бірліктерді бірізділендіру мен қалыптандыруға, қазақ тілінің ұлттық корпусын табысты түрде қалыптастыруға нақты үлес қосады, сондай-ақ оқушылардың жаңа сөздерді меңгеруінің әдіснамалық негіздерін айқындау және бейіндік мектептер үшін әдістемелік жүйені әзірлеу қазақ тілін оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттауға, қазақ тілінің қажеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Мақалада жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздердің меңгертудің әдіснамасы мен әдістемесін қолдану бойынша жүзеге асырылған эксперименттің анықтау кезеңінде алынған нәтижелер мен қорытындылар беріледі.

**Түйін сөздер:** жаңа сөз, кодификация, жалпы орта білім беру жүйесі, қазақ тілі, әдістеме.

Тілдік тұлға болып саналатын және жалпы білім беру үдерісіндегі орталық субъект – оқушының қазақ тіліндегі жаңа сөздерді тануы, жаңа сөздерге деген танымдық және уәждемелік қызығушылықтарының артуы, мойындауы, қазақ тілін жоғары дәрежеде меңгеруге деген ұмтылысы қандай дәрежеде екендігін анықтауда эксперимент жүргізу тиімді нәтижелер берді.

Білім беруді жетілдірудің тиімді жолдарының бірі – оқыту, білім беру әдістерін одан әрі жаңғырта түсу (модернизация жасау), тың жолдарын іздестіру және оны практикада қолдану. Жалпы орта білім жүйесінде оқушылардың сөз мәдениетіне деген танымдық және уәждемелік қызығушылықтарын арттыру, дамыту мақсаттарында күнделікті сабақ беру үдерісінің нәтижелі болуын зерттеу әдістерінің бірі – эксперимент жүргізудің тиімділігі жоғары болды. Эксперимент қорытындылары оқушының жалпы білім деңгейін анықтау, осы арқылы тілді оқытудың жаңғыртылған тиімді әдістерін енгізудің, оқу бағдарламаларын жетілдіре жоспарлаудың мүмкіндіктерін көрсетуді көздеді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес эксперимент анықтау (қандай проблеманың барын анықтау, келесі жұмысты қандай позициядан бастау керектігін көрсететін эксперимент), қалыптастыру (проблеманы шешудің жолдарын зертханалық жағдайларда кең ауқымда қамтитын эксперимент) және қорытынды (алынған материалдарды бағалау мүддесін көздейтін эксперимент) кезеңдер бойынша жүргізілді.

Зерттеу нысанына сәйкес жүргізілген эксперименттің жалпы мақсаты – жалпы орта білім беретін мектептердегі қазақ тілін оқыту үдерісінде жаңа сөздер мәселесінің теориялық және практикалық тұрғыдан қамтылу дәрежесіне сараптама жүргізу, бейіндік мектепте оқушылардың тілдік тұлғасын дамыту мүддесінде жаңа сөздерді меңгертудің әдістемелік жүйесін ұсыну, жаңа сөздерді оқыту мен меңгертудің жаңа технологияларға негізделген әдіс-тәсілдерін жетілдіру, олардың тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Экспериментке барлығы 204 оқушы (10-сынып) қатысты: анықтау кезеңі үшін – 106 оқушы; қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерде – 98 оқушы.

**Анықтау кезеңінің мақсаты** – қазақ тілі пәні бойынша оқыту үдерісінде оқушыларға жаңа сөздерді меңгертудің теориялық және практикалық мәселелерін және бейіндік мектептегі оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру деңгейін анықтау, жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған әдістемелік кешеннің тиімділігін дәлелдеудің мүмкіндіктерін айқындау. Анықтау кезеңінде осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер белгіленді:

После изучения этой дисциплины студент научится понимать основное содержание аутентичных текстов разных жанров и видов, прежде всего, профессионально-ориентированных, выделяя основную мысль, опуская второстепенную информацию. Он сумеет понимать основное содержание учебных и аутентичных профессионально-ориентированных текстов в пределах программного материала, выделяя для себя значимую информацию, догадываясь о значении незнакомых слов по контексту. Студент научится усваивать основное содержание лекций, семинаров, выступлений, бесед в своей профессиональной сфере, извлекая для себя необходимую информацию.

#### **Использованная литература:**

1 Бутырина Е. Основные проблемы и направления развития ГМК [электронный ресурс]: <http://meta.kz/novosti/kazakhstan/214781-osnovnye-problemy-i-napravlenija-razvitiya-gmk.html> (дата обращения: 03.02.2017)

2 Iskakova A.O., Mussaeva K.S. The origin and the meaning of the “English for specific purposes” concept// Вестник КазНПУ им. Абая, – 2015. - №1(51). – 31 с.

3 Асылбекова Ж.М.-А. О преподавании дисциплины «профессионально-ориентированный иностранный язык» для студентов-историков//

*Глобальные вызовы и современные тренды развития высшего образования*, 2013. – 76 с.

4 Матухин Д.Л. Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку студентов нелингвистических специальностей *Язык и культура* . - №2-14, 2011.

*Т.М. Абдрахманова<sup>1</sup>, Г.К. Капышева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>S.Amanzholov atyndaғы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті*

#### **ТАУ КЕН ӨНДІРІСІНІҢ БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУЫ**

*Аңдатпа*

Осы мақалада Қазақстанның тау кен саласының дамуы туралы және осы салада жұмыс істейтін шет тілдерін игерген жоғарғы білімді мамандар туралы айтылады. Осы мақсатқа жету үшін – мамандарды шығару – тілдік емес ЖООдарындағы кәсіби бағытталған шетел тілі атты пәнге дұрыс мән беру қажет. Замануи өмірде шет тілді оқыту және шет тілде сөйлесу болашақ маманның кәсіби ісінің маңызды бөлшегі болып табылады. Осы орайда ЖООдағы тілдік емес факультеттерінде шет тілін оқытудағы кәсіби бағытталған қатынас ерекше маңызды болып келеді. Ол зерттеу және мотивациялық істерін ұйымдастыруында, кәсіби ой қабілетін ескере отырып нақты іскерлік, кәсіби, ғылыми салаларында студенттерде шет тілдік қарым қатынасты қалыптастырады. Осындай мақсаттарға жету үшін негізгі шет тілдік игеру деңгейі аз болып табылады.

**Түйінді сөздер:** тау кен саласы, кәсіби бағытталған шет тілі, мамандар, сөйлесу білімділіктер

*T.Abrakhmanova<sup>1</sup>, G. Kapysheva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>S.Amanzholov East Kazakhstan state university*

#### **PROFESSIONAL ORIENTED FOREIGN LANGUAGE TEACHING OF FUTURE SPECIALISTS OF MINING**

*Abstract*

This article is about the developing of mining in Kazakhstan and preparing of high qualified specialists with foreign languages' abilities in this sphere. To get such goal – the graduating of competent specialists – it's necessary to approach correctly the subject of professional oriented foreign language for not language's universities. In modern conditions the foreign language's communication is getting significant detail of future professional activity of a specialist. The professional oriented approach to the teaching of foreign language at non linguistic faculties of universities is drawing a special attention. It provides the shaping of foreign communication in concrete professional, scientific, business spheres and situations with accounting of peculiarities of professional thinking by students, at organization of motivate- excited and research activities. For decision of such kind of tasks the basic level of foreign language is insufficient.

**Key words:** mining sphere, professional-oriented foreign language, specialists, communicative competences.

программы развития науки РК на 2007-2012 годы, согласно которым сегодня уровень затрат на науку составляет лишь 0,26% от ВВП. Причем на опытно-конструкторские разработки выделяется только 8% всех научных денег. Это намного меньше по сравнению с аналогичными показателями в развитых странах. Зато «растет значение сырьевого сектора - за счет вымирания высокопереловленных отраслей» [1].

Абай өсиетнамасында тазалықтың ар-иман бастауы, қайнар көзі екенін ұқтырады.

«Көгала бұлт сөгіліп» атты өлеңінің түп сарыны, бір өлеңінде «Кірлеген жүрек өзі үшін /Тұра алмас әсте жуынбай» деп ой қайыруы осынау ар-иманға сүйіспеншіліктің күштілігінен болса керек.

Менің сырым, жігіттер емес оңай,  
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай,  
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,  
Қазысы оның, арым мен бір-ақ құдай.  
«Менің сырым, жігіттер емес оңай» [1, 18 б.].

Бұл Абайдың Лермонтовтан аудармасы.  
Адамның баласына ашып жаным,  
Ізгілікке жүрегім бір ұмтылар.

«Қасиетті дұға» [1, 19 б.] (Лермонтовтан аударма). Изгілік – адалдықтан туады. Изгілік рақымға бастайды.

Ғаділетті жүректің  
Әділетін бұзыппын.  
Ақыл менен білімнен  
Әбден үміт үзіппін;  
Айла менен амалды  
Меруерттей тізіппін.  
Жалмауыздай жалаңдап,  
Ар-ұяттан күсіппін.  
Қулық пенен сұмдыққа  
Құладындай ұшыппын.  
«Ойға түстім, толғандым» [1 том, 61 б.].

сказать по-другому, сойти с ума, идти на белую смерть. Разбудила и поддерживала Мукагали именно эта сила. Поэму нужно воспринимать именно так. Персонажи – только стрелок, выстреливший в лебедь, и поэт, который видел эту картину. «Аққулар ұйықтағанда» – в тематическом плане рассказывает о силе чистой и верной любви между двумя лебедями, где лебедь мечется, рвет душу, не может оставить убитую охотничьей пулей свою пару, о котором написано в поэме великого поэта С.Сейфуллина «Аққудың айрылуы». Здесь нет психологического столкновения как в поэме М.Макаатаева. Несмотря на то, что эти две поэмы похожи по тематике, с позиции авторской идеи, внутреннего содержания – совсем разные вещи.

**Ключевые слова:** поэма, психология, автор, идея, позиция, картина. автор, деталь, образ, диалог.

*A.A. Koshekoba<sup>1</sup>, B.S. Sarbasov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh State Women`s Teacher Training University*

#### **ART FEATURES OF THE POEM OF M. MAKATAYEV**

#### **«АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»**

*Abstract*

Martial spirit in the poem M. Makatayev ("When swans sleeping "). The poem "Аққулар ұйықтағанда" – an example of the highest beauty, set M. Makataevym. In it, he was campaigning to worship beauty, inner world of beauty treat, preserve the beauty, not to raise her hand, not to touch it. The man, who spoke against the beauty, purity and spirituality, would not go unpunished, God would punish him always. Oppose the beauty – it means to oppose their own benefit, against Mother Nature, if you say different, go crazy, go for white death. This force woke up and supported Mukagali. The poem should be seen that way. "Аққулар ұйықтағанда" – continues the idea of the great orator S. Seifullin's poem "Аққудың айрылуы" ("Swan loses a couple"), where a swan died from a bullet arrow, and the other could not leave pair, rushed, singing about strong and pure love. Characters - only arrows was shoted into a swan and a poet who saw this picture. There is no psychological warfare that is in the poem M. Makataeva. "Akkular uyiktaganda" - in the thematic plan talks about the power of pure and faithful love between two swans, where the swan rushes, tears the soul, can not leave the pair killed by the hunting bullet, which is written in the poem of the great poet S. Seifullin "Akkudyn ayrlyuyi". Characters - the shooter who shot a swan, and the poet who sees it. There is no psychological clash here, as in the poem of M. Makatayev. Despite the fact that these two poems are similar in theme, from the standpoint of the author's idea, the inner content are completely different things.

**Key words:** poem, psychology, author, idea, position, image, author, detail, image, dialogue.

#### **ҒТАХР 17.01.09**

*Қ.С. Курмамбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Семей қ., Қазақстан*

#### **АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АР-ИМАН, АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ халқының ұлы ақыны, қазақтың рухани ұстазы Абай поэзиясындағы адамгершілік, ұлттық сана-сезім, ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылықтар, ұлттық мәдениет, ар-иман мәселесі қарастырылады. Жаһандану заманында адамзат үшін өткір, өзекті тақырыптың бірі – адам тәрбиесі.

Абай өлендерінде өсиет, ұрпаққа білім, ақиқат нұры, яғни барша рухани құндылықтар ар-иман мәселесі, адамдық борышың, кемелдік, ұлттың рухани жаңғыруы үшін не керек, соның бәрі де бар. Абай өсиетнамасында тазалықтың бастауы, қайнар көзі – ар-иман, адамгершілік екенін ұқтырады.

Ақынның көра сөздеріндегі адамның рухани жан байлығы мен материалдық байлықтардың айырмашылықтарын көкірек көзімен көре білу керектігі түсіндіріліп және жан-жақты талданған. Тәуелсіз елдің болашағы қандай болмақ, өскелең ұрпақты қалай тәрбиелейміз дегенде ұлы Абайдық толық адам концепциясын ұлттық тәрбие негізінде бірден-бір ұстаным етіп алған.

**Түйін сөздер:** поэзия, ұлттық сана-сезім, ұлттық дүниетаным, рухани құндылықтар, ар-иман, адамгершілік, Абай әлемі.

Абай есімі халқымыздың ұранына айналған. Абайсыз қазақ сөз сөйлемейді. Абайдан үйренбеген, оған еліктемеген ақын қазақта жоқтың қасы. Әйткенмен, Абайды кейбіреуіміз жалаң қабылдаймыз. Тілде бар да, ділде жоқ дейді бұл құбылысты. Бір ақиқат аян: Абай қазақ халқының біртуар перзенті. Әлем әдебиетіне қазақ классикасы әуелі Абай, Мұхтар Әуезов болып енді. Сонан соң тізім байи бастайды: Ілияс, Мағжан, Бейімбет. Бірақ біз анық мойындауымыз керек: Абайды қазақ рухани мүддеге толық жарата алмай жүрміз.

Күміс суды жұмсақ сызып,  
Екі сұлу сыланды.  
Сылдырлатып моншақ тізіп,  
Ақ көбікке бұланды.  
Дөңгеленіп, сәнін түзеп,  
Айна көлге қаранды.  
Екі сұлу әнін түзеп,  
Жуынды да таранды, – боп келсе, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында:  
...Аққулар...  
Аққу – мойын, сүзбе-қанат  
Алаңсыз тарануда күнге қарап,  
немесе:  
Ақ қанатын сабалап асыр салып,

Бірде суға сүнгиді басын малып, [1,255] – дейді. М.Мақатаевтың Сәкен шығармасымен мұндай үйлесімі поэзиядағы үндестікті, дәстүр сабақтастығын байқатса керек. Көркемдік шешімі нанымды әрі тағылымды «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында ақын тілінің бояуын байқататын мынадай мысалға назар аударайық. Екі мысал, екі көрініс. «Жетімкөлдін» базарлы, бақытты кезіндегі айдынында ойнақтаған ерке құстың келбетіне көз салайық:

Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!  
Бір мамығы майысса, ауырсынып,  
Тарақ етіп, тұмсығын тарайды кеп,  
Кім тұрса да бір түйір ауырсынып,  
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу! [1, 255].

Таңғажайып сұлулық тәңірісі көркем тіл, әсем нақыш әсерлі бояумен өрнек тапқан. Ақын талантына еріксіз тәнті боласың. Ал енді осы тылсым тыныштықтың шырқы бұзылып, ананың аққуларға еріксіз оқ атып, жаңаға тыныштықтың сүт ұйыған тегешін сапырған сәтте сөзбен салған суретке зер салсақ.

Ию-қио көл маңы астан-кестен,  
Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен.  
Жаңғырып, жар салып, жартастар тұр,  
«Жетімкөлдін» қайғысын бастан кешкен.  
Көріп-біліп таныпты тастар да естен,  
Алып аспан астына сыя алмай бір.  
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.  
Мөлдіреген көз жасын тыя алмай тұр,  
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр [1,256].

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы – М.Мақатаевтың артына көркем тілмен, нақышты бояумен жазып қалдырған мұрасы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Мақатаев Мұқағали. *Жүрек арызы*. – Алматы, 2013. – 287 б.
- 2 Сыздықова Р. *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. – Алматы, 1993. – 344 б.
- 3 Ахметов Ш. *Қазақ балалар әдебиеті*. – Алматы, 1974. – 26 б.

А.А. Кошекova<sup>1</sup>, Б.С. Сарбасов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский государственный женский педагогический университет  
**ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОСОБЕННОСТИ ПОЭМЫ М.МАКАТАЕВА**  
**«АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»**

*Аннотация*

Поэма «Аққулар ұйықтағанда» – пример наивысшей красоты, установленной М.Мақатаевым. В ней он агитирует преклоняться красоте, внутренний мир лечить красотой, беречь красоту, не поднимать на нее руку, не трогать ее. Человек, выступивший против красоты, чистоты, духовности, не останется безнаказанным, бог всегда его покарает. Выступить против красоты – значит выступить против своего блага, против матери-природы, если



дайды. Мұңлық ананың бейшара халін көргенде ашу шақырып келген қарт көңіліне өкінішке толы аяныш пайда болғанын ақын әсерлі баяндайды. Атына қайта қонған ана әлденеден үрейлене тітіркеніп, мең-зең күйде үйіне қайтып келе жатыр. Қуаныш та, қайғы да, бала да, жар да көңілінен ұмыт болған. Тек «Жетімкөл» жағасындағы сұмдық оқиға ананың жүрегін шайлықтырып келеді. Ғазиз ана аттан түсіп, үйге енгенде, оны ең ауыр қайғы, жалғыз ұлының өлігі күтіп тұр еді. Қаралы көңіл бұл қасиетті аққу құстың киесінен деп сезінеді. Көз алдында сұлқ жатқан сәбиін өзі өлтіргендей, бүкіл жан-дүниесінде қасірет дауыл буырқанып аласұрады. Ақын ананың азалы үнін құлаққа жеткізгендей болады.

..Мына жатқан «Жетімкөл», мына аққуды  
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа..  
Жоқ!  
Мен емес..  
Мен атпадым..  
Кеше гөр, кешіре гөр жаратқаным!  
Ғазиз ана ербеңдеп екі қолы,  
Жиылған жұртқа қарап алақтады [1, 260].

Қасиетінен ада болған – «Жетімкөл». Бірі өлі, бірі жаралы қос аққу. Демі үзілген нәресте. Осы бір қаралы көріністер ана жүрегінен қан ағызып, есінен тандырады. Осындай ауыр трагедиямен аяқталатын поэмада автор сюжет құру шеберлігін танытқан. Поэманың сюжетті баяндау түрінің даму процесін қарастырғанда, оның жанр ретінде ауқымды-философиялық тұрғыдан дүниеге келген туындының бір мысалына осы Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын алуға болады. «Поэма дегеніміз ғасырдың және тарихи уақыт ағымындағы адам орнының философиялық проблемалары туралы образды ойлау» /Литературное обозрение. 1979 №11, 56-бет/, – дейді И.Абашидзе. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі таңда поэмаға екі нәрсе – терең психологизм мен философия қажет. Мұндай мысалға А.Кулешовтың «Цунами», Д.Кугультидиновтың «Ой жарылысы» /«Бунт разума»/ сияқты поэмаларын атауға болады. А.Кулешовтың «Цунами»/1968/ атты шығармасы поэманың философиялық жанр ретіндегі концепциялық ұғымға құрылған. Ол – ғаламат трагедияға тап болған адам туралы ой толғау. Өз геройлары еркек пен әйелді мұхит айдынына саяхатқа аттандыра отырып, ақын өз ойынан аңызды оқиға тудырып, кейіпкерлерін өмірдің шытырман сынына салғандай болады. Мәңгілік құбылыс махаббат пен ерлік, ар-ұят алдында шығарма кейіпкерлері ақыр аяғында ең қатал трагедиялық сынға тап болады: алапат «Цунами» толқынын тудырған атом жарылысы олардың болашақ ұлдарына жарық дүниеге келместен бұрын-ақ зардабын тигізеді. Бұл – ұлы алапат күшінен сақтандыру үні секілді шығарма.

Д.Кугультидиновтегі психологиялық талдау сәт сайын жақындап келе жатқан ауқымды символдық образдың тууына ықпал етеді. Ақын түбірімен жағып жіберу идеясын, жалын атқан «от деревня» образын өзінше ерекше жолмен дамыта түсті. Көз алдымызға күлге айналған Хиросиманың, «от желінің» алдында тұрған «от қаланың» адам шошырлық көрінісі келеді. Психологизмнің тереңдей түсуі-поэтикалық эпоста жиі көрінетін процесс. Ол поэманың барлық түрлері мен формаларына қатысты. Ойлылық ерекше рухани атмосфераны қажет етеді. Мұндай атмосфераны терең психологизм тудыра алды. Рас, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында А.Кулешов, Д.Кугультидинов поэмаларындағыдай халықаралық проблеманы қамтымайды. М.Мақатаев поэмасындағы психологизм – адам санасындағы ұғым, түсінік туралы сезім арпалысы [2, 268].

С.Сейфуллин поэмасының идеялық ерекшелігі туралы профессор С.Қирабаев былай деп жазады: «Адал достық, шын махаббат туралы осы аңызды оқып отырғанда оқушының көз алдына ұнамсыз бір образ тағы көрінеді. Ол – талайдан белгілі екі таза жандар махаббатының арасына тікенек болып қадалып, соның аяғын трагедиямен бітіруге себепкер болатын ұнамсыз адам кейпі. Сәкен поэмасында бұлаңшы күйінде берілген. Екі аққудың ғашықтық көркем суреттеріне ден қойған, одан ала алмай жатқан ақынға осы әсемдікті бұзған мерген де жат. Көл жағасынан оқ бұрқ еткенде, ол «көлді жарған суық жүрек шіркін кім екен?» -деп ойлайды. Гуманист, ізгі жүрек, ақын адал махаббатты бұзушыға бар ниетімен жиіркеніш білдіреді». /С.Қирабаев. С.Сейфуллин. Алматы «Жазушы», 1974ж 205-бет/ Ал, М.Мақатаевтағы идеялық мақсат-адам санасындағы ұғымды сынға салу. Сәкенде киелі құсты мерт қылу-қызық қуып жүріп, аңғарттықпен істелген әрекет болса, Мұқағали ғазиз ана жүрегіндегі екіұдай сезімді таластыру арқылы оқырманның өзін ойлантып, шешімін іздеткендей болады. Өлім мен өмір, күн мен түн, табиғат пен адам арасындағы арпалысты аңғарту сияқты ойлар жатыр. Бәрі де адам тіршілік, рухы үшін қажет деген идея бар [3, 26].

Екі ақынға да тән ортақ жай: аққу құсқа тән адалдық, сұлулық, киелілік, нәзіктік шығарманың идеялық сипатынан анық байқалады. Екі поэмадағы аққу құстың сұлулық кейпін сипаттайтын әсерлі бейнелеу ішкі мәнермен әдемі үйлесім тапқан. «Аққудың айрылуында»:

Ұрпақтан ұрпақ алып жалықтастан,  
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан,  
Заманнан заман өткен, жаңарған жұрт,  
Аққуын айдын көлдің налытпастан,  
Дәстүрін аттамаған анық басқан,  
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,  
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан, [1,252] - дейді.

Аққуды атпау атадан балаға жалғасып келе жатқан жақсы жоралғы, жарасымды дәстүр ғана емес, адамгершілік асыл қасиет заңы, сұлулықты сүйе білудің, бағалай білудің үздік үлгісі. Халық түсінігінде аққу-қасиетті құс,киелі ұғым. Сондықтан оған суық қару оқтамаған, оқ атпаған. Әңгіме әлдеқандай ырымды емес, ұнамды ұғымда, қасиетті қастерлеп, сұлулықты сақтай білуде, табиғаттың тұнып тұрған сырлы суретін сүттей ұйыған күйінде қорғап қалуда. Поэмада екі бірдей сабақтас идея бар. Оның бірі қасиетке оқ атпау, тәтті тыныштық шырқын бұзбау, яғни адамгершілік пен ізгілікті дәріптеу, уағыздау болса, екіншісі – қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа жанашыр, қамқор болу. Түйіп айтқанда, сұлулықты сүю, сақтау қасиеті. Автордың айтар ойы, көздеген нысанасы, алтын арқау идеясы – осы [2,256].

Поэмада осы идеялық мақсатты автор әке мен ананың ішкі психологиялық қақтығысы, жан күйзелісі арқылы берген. Ауру меңдеген нәресте, жан шақырып, аласұрған ана: тәуіп шалдың айтқанын орындамаса, сәбиін арашалап қалар басқа амалы таусылған. Бар үмітін соңғы шарадан күтіп, бұл қияметті орындауды зайыбына жүктеді. Әке халі де мүшкіл, бала дерті жанын қанша қинағанымен киелі құс аққуға да қол көтергісі келмейді. Әке мен ана диалогі берілетін шумақтарда әке бейнесі ішкі болмыс-бітімімен айқын көрінеді. Қарапайым адамға тән жан тазалығы, қатігездікке жаны ауыратын ізгі сезімі байқалады. Сондықтан киелі де, қасиетті де перзент жолына құрбан етуге даяр.

Құрысын онсыз сенің жалған бағың!  
Мылтық әкел,  
Атты ертте,  
Жалған бәрі! [1,254] – деп жүрегін сыздатқан ауыр сезімінің жетегімен

атқа қонады.

Көл жағасына келген ана табиғаттың, табиғат еркесі аққулардың ғажайып сұлулығына елтіп, бір сәтке басқа дүниені ұмытып, дағдарып қалады. Аққулар мекен еткен табиғаттың осы бір өңірінің сұлу көрінісін ақын ана тебіренісімен астастыра әсерлі толғайды.

Сұлулық әлеміне оқ атуға ананың дәті бармайды. Бірақ ажал алдында жатқан үйіндегі жалғыз ұлы есіне түскенде ана-көңіл көз алдындағы кілең аппақ түске бөленген көрікті әлем лайланып, аққу емес құмай көргендей сезінеді. Аққулар жайлаған әлемнің айдынын лайлағалы отырған ана өзін-өзі атарға оғы жоқтай:

Құлынымның қасынан неге кеткем?!  
Ошақ қасы, от басы көрмеппін ғой,  
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?! [1,256].

Оқыс шыққан қолындағы мылтық даусынан ана-көңілінің астан-кестені шығады. Биікке аспан астында айдын көлдей мекенін қия алмай аққулар шарқ ұрады. Көл бетінде тыпыршып жаралы аққу ұша алмай жүр. Тағы бір аққу айдын көлдің толқынында мамығын қан жауып жайрап жатыр. Осы көріністің жалғыз куәсі – бейшара ана [2,261].

Жетімкөл маңында аққулардың тау-тастан жаңғырған үні ғана қалды. Бәрін тәрк еткен киелі құстар шың-құздарды асып, басқа бағытқа бет түзеді. Айдын-көлден ән кетті, қасиет кетті.

Әл үстіндегі бала үшін отқа түсердей өзін-өзі қасіретке душар еткен ана бейнесі, екі оттың арасында қалғандай шарасыз әке халі, тәуіп шалдың жымысқы ниеті әдемі нақыш тапқан. Бұндай тұлғалы образдар жасауда ақын көп сөзділікке бармайды. Кейде көзге көрінер-көрінбес болымсыз іс-әрекеттері арқылы, кейде кейіпкердің ішкі сезім-күйі, толғанысы арқылы-ақ ұрып жатады. Поэма соңындағы көл басындағы мылтық дауысы мен ию-кию шуды естіп келген жылқышы қарт пен сергелдең күйде тұрған мұңлық ана арасындағы өкініш пен наразылық, ананың өлі нәрестесін көргендегі қан жұтқан қасіреті оқырманды ой жылымына тартады, шешім іздеуге салады. Жылқышы қарттың бойындағы нұр шашқан ізгі сезімді, үлкен адамгершілікті ақын оның жан дүниесінің ішкі тебіренісін суреттеуден аңғартады [2, 264].

Үн-түнсіз егіліп тұрған бейшара ана қарт үні құлағына ұрғанда ғана барып, қолындағы мылтығын құшақтап кеп «Жетім көлге» лақтырады. Көзінен жас, көңілінен зар төгіліп, болған жағдайды баян-

МРНТИ 17.01.09

А.А. Көшекбаева<sup>1</sup>, Б.С. Сарбасов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

## М.МАҚАТАЕВТИҢ «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ПОЭМАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

### Аңдатпа

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы – М.Мақатаев орнатып кеткен сұлулық мұнарасындай. Ол сұлулыққа табынуға, ішкі дүниенді сұлулықпен емдеуге, сұлулықты аялап, оған қол көтермеуге үндейді. Сұлулыққа, ізгілікке, пәктік пен тазалыққа қол көтерген алладан жазасын алмай қоймайды. Сұлулыққа қол көтеру өзін жаралған өмірінің несібесі, өрісің – табиғат анаға қол көтеру, екінші сөзбен айтқанда, естен айырылу, ақ өлімге бас тігу. Мұқағалиды оятқан, жебеген сол күш. Поэманы солай тану керек. «Аққулар ұйықтағанда» – тақырыптық жағынан дүлдүл ақын С.Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» поэмасындағы мерген оғынан бірі мерт болған, бірі серт байласқан сыңарын тастап кете алмай, шарқ ұрған қос аққудың арасындағы таза да құдіретті махаббат жырланады. Кейіпкері – аққуды атқан мерген, оны көріп отырған ақын ғана. Мұнда М.Мақатаев поэмасындағыдай психологиялық арпалыс жоқ. Екі поэма тақырыптық жағынан ұқсас болғанмен, ішкі мазмұн, авторлық идея тұрғысынан мүлде екі басқа дүниелер.

Мақалада кейіпкері – аққуды атқан мерген, оны көріп отырған ақын ғана екендігі сөз болады.

**Түйін сөздер:** поэма, психология, автор, идея, позиция, картина, автор, деталь, образ, диалог.

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы автордың айтайын деп отырғаны өз перзенті үшін жан ұшыру, санаға әбден сіңген қасиетті ұғымға да қарсы шығу. Өкініш пен үміттің, қайғы мен дерттің арасындағы ана жүрегінің қарс айрылуы, нағыз психологиялық жан күйзелісін берудегі деталь.

Тау басында, тұйықта таста тұнған жаңбырдың тамшысындай мөлдір көл жәудіреп жатыр. Оның аты – «Жетім көл». Аңсаған әні - ақ қанатты аққуларынан, аяулы аруларынан айырылған айдын бетінде бұл күнде «болған өмір ұқсайды болмағанда». Көктем көл, көк шырша, көктей өскен көгілдір таудың көз жанарындай мөлдірейді. Сондай сәттегі көл суреті былайша бейнеленеді:

Қанатынан аққудың балапандап,  
Ән ұшатын сымпылдап, таң атарда,  
Шүйінші бер дегенде бір толықсып,  
Сыбырлайтын «Жетім көл» Алатауға.  
Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,  
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға,  
Таң мен күннің арасы таяғанда,  
Таудың басы алаумен боялғанда,  
Тірілетін таудағы бар тіршілік.  
Қанатынан аққудың оянғанда! [1, 251].

Қаймағы бұзылмаған сұлу серт! Кестелі тіл, образбен ойлау, теңеумен сөйлеу, сылдырап келген келісім әдемі әсер береді.

Көзге сыйғанымен сөзге сыймайтын көркем көріністі жеріне жеткізе шебер берген. Құдіретті ғалам туғызған «Жетім көл» жанардың жауын алып, жасанып, сұлулығына сұқтандырады. Мұнда ару аққуға ғана емес, ата дәстүріне, сұлулыққа деген сүйіспеншілік жатыр. Адамзаттың туған табиғат алдындағы перзенттік парызы бірегей көзқарасы жатыр.

Жар дегенде жалғызының жаны қыл ұшында жатқан ана сәбиін сақтап қалу үшін жанталасуда [1, 128].

«Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,  
Баласының ана отыр күйін бағып» [1, 252].

Осындай шарасыз шақта азалы анаға тәуіп келіп, «Аққумен баланы аластандар», - деп кетеді. Дәрменсіз ана екі оттың арасында қалады. Ақын кейіпкер жанын жегідей жеген шарасыз сәтті, психологиялық тебіреністі ширықтыра суреттеген. Бірақ, сұлулыққа, қасиетті қастерлеуге деген сезімді аналық сезім жеңеді де ақырында амалсыз аққуға оқ атып қалады.

«Жетімкөл» аққуынан, ана баласынан айрылады. Поэмадағы оқиғаның ұзын-ырғасы осы. Көш-құлаш баяндау жоқ. Поэманың бас жағында:

Ақын қазақтың ақыл сөзді тыңдауға барлығының бірдей бейілді бола бермейтінін «көп топта сөз тыңдарлық кісі де аз...түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ» – деп келтіреді. Өлеңнің келтірілген эстетикалық басты идеяларын жастар тәрбиесінде қолдануда мынадай мақсат көзделеді. Тәлім-тәрбие мекемелерінің басты міндеті – халқымыздың көркемдік тәрбиеге байланысты ертеден келе жатқан ой-пікірлеріне сүйене отырып, солардың ішінен қазіргі заманғы эстетикалық тәрбие мәселелерін шешуге іргетас болатын ұрымтал ой-пікірлерді бүгінгі күнталаптарына сай пайдалану.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. – Алматы, 2014. – 40 б.
- 2 Жұмалиев Қ. Абай Құнанбаев //Сөз зергерлері. – Алматы, 1966. – Б. 350-395.
- 3 Қабдолов З. Абайдың ақындығы. – Алматы: Жазушы, 1988. – Б. 9-42.
- 4 Абай Құнанбаев. Шығармалардың екі томдық толық жинағы.– Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 1. – 336 б.
- 5 Тәжібаев Ә. Эстетикалық тәрбие туралы. Қазақстан мектебі. – 2006. – № 2. – Б. 73-74.
- 6 Мырзахметов М. Абайдың эстетикалық талғамы туралы бірер сөз: Абайдың 125 жылдығына арналған //Қазақстан мұғалімі. – 1971, 27 май.
- 7 Сүйіншіәлиев Х. Абайдың эстетикалық көзқарасы //Қазақ әдебиеті. – 1980, 18 июль. –10 б.
- 8 Махмутова К.И., Қуатова Ж.Ж. Педагогикалық пәндерді оқыту негізінде «Мәңгілік - Ел» ұлттық идеясы арқылы студенттерде рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру// Абай атындағыҚазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. Филология ғылымдары сериясы. – 2016. – № 4 (52). – Б. 212-217.

У.Р. Кансеитова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казакский государственный женский педагогический университет

#### **ПРИРОДНАЯ ЛИРИКА И ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ**

Аннотация

Целью данной статьи является преподавания иностранного языка применяя современные методы, не искажая национальные традиции и особенности, возвышая ценности нации, прививая студентам эстетическое воспитание посредством языкового искусства. Мы должны воспитать достойного, всестороннего патриота страны с высоким национальным сознанием. С этой целью в произведениях поэта были приведены примеры окрасоте природы и явлениях. Наблюдение природных явлений является основой для понимания и оценивание произведений искусств. Красота природы вдохновляет людей к творчеству и они набираются опыта в мыслительных процессах.

Эстетическая особенность идеи в поэзии Абая, в том что он понимает природу через художественную закономерность и использует ее в своих произведениях в качестве кредо и способа эстетического воспитания молодежи. В статье описывается природные явления, искусство, характер и поведение людей в творческой деятельности.

**Ключевые слова:** Эстетика, художественный литература, произведение, использовать правильно, приобретение навыков.

U.R. Kanseitova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University

#### **NATURAL LYRICS AND AESTHETIC EDUCATION IN WORKS OF ABAY**

Abstract

The aim of this article is to teach a foreign language using modern methods, without distorting national traditions and features, ennobling the nation values, instilling aesthetic education through the linguistic art in students. We have to bring up the worthy, comprehensive patriot of the country with a high national consciousness. For this purpose in the works of the poet were given examples of the beauty of nature and phenomena. Observation of the natural phenomena is the basis for understanding and evaluating works of art.

The beauty of the nature inspires people to creativity and they accumulate experience in thinking processes.

The aesthetic feature of the idea in Abay poetry is that he understands the nature through artistic regularity and uses it in his works as a credo and a way of aesthetic education of the youth.

This article describes the natural phenomena, art, character and behavior of people in creative activity.

**Key words:** aesthetics, fiction, works, use correctly, acquisition of skills.

адам өмірімен сипаттауда осы өлеңінің астарында балалық, жастық шақты жазғы табиғатпен салыстырмалай келе «бәйшешек солмақ... көбелек өлмек» деп келеді де адам өмірімен астарластырып адамзатқа керек нәрселерді санап шығады: «сүймек, сезбек, кейімек, харекет қылмақ, жүгірмек, ақылмен ойлап сөйлемек» деген соңғы шумағы адам мен табиғат арасындағы ерекшелікті көрсетеді. Осы жерден адамның ішкі жандүниесі мен сыртқы іс-қимылы арасындағы байланысы табиғатпен астарласа келіп заман, қоғам, әлем секілді макроортаға араласып ұштасып жататынын көреміз:

Әркімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек.  
Заманға жаман күйлемек,  
Замана оны илемек [4].

Бұл өлеңінде көптің ішіндегі жеке адам немесе бүкіл бір дәуір не замандағы жеке адамның мінез-құлқын сипаттаған. Заманға ілесе алмаған адамның ұсқынсыз кейпі өлеңмен беріліп отыр.

Бұл жерде ағылшын тілі пәні негізге алынғандықтан, сабақтың білімберу мақсаты: шетел тіліндегі сөздерді меңгеру, мағынасын дұрыс пайымдау, дұрыс айту, байланыстырып сөйлеу, дұрыс аудару, жылдам аудару, немесе ойлау және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуда Абай шығармаларын ұтымды пайдалану.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда ақын өлеңдеріндегі сөздер, сөз тіркестері, мысалы, өлең тармақтарын жаттау, оны ағылшын тіліне аудару, мағынасын қазақша түсіндіру одан соң оны аудару, кейбір сөздердің қазақша синонимдерін тауып, одан соң оның ағылшынша баламасымен сөйлем құрастыру немесе өлең шумағын ағылшын тіліне аудару, одан соң оларды айтып үйрену, т.с.с жұмыстарды сабақ үстінде орындау бір жағынан басқа тілді, мұнда, ағылшын тіліндегі сөздерді дұрыс пайымдауға үйретсе, тағы бір жақтан, шетел тілін меңгеруді саналы іске асыруға мүмкіндік туғызады.

Педагогиканың ғылыми қағидаларына сүйенетін болсақ эстетикалық тәрбие әрине отбасынан басталып білім беру мекемелерінде сабақтасады. Бұл әр түрлі пәндерді оқыту барысында және сабақтан тыс өткізілетін тәлім-тәрбие жұмыстарында жалғасуы тиіс. Жоғары оқу орындарында оқытылатын барлық пәндер бойынша дәріс, семинар, практикалық сабақтар мен өздік жұмыстар, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұнында көрініс тапқан эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Ал эстетикалық тәрбие берудің басты құралдарының бірі, көркем әдебиет оның ішінде поэзия – өлең өнері.

**Қорыта айтқанда,** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында барша қазақстандықтарды біріктіретін және ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар Қазақстанның тәуелсіздігі, ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; тарихтың, мәдениет, тіл, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан ықпал етуін негізгі ұстаным деп қарастырады [1]. Яғни, оқытушылардың алдында тұрған мақсат жоғарыда көрсетілген құндылықтарды тұлғаның бойына қалыптастыруды мақсат ету керек. Мұны іске асыруда үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісі негізгі орын алады. Тұжырым-дамада да тәрбиенің мақсатын ұлттық, дәстүрлі және жалпыәлемдік құндылықтарды өзара кіріктіре отырып жүргізу тәрбие үдерісінің негізі екенін көреміз. Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық үдеріс толықтай мектептегі жан-жақты оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіру т.б. қамтиды және бұлар бірінсіз-бірі іске аспайды. Тәрбие үдерісі оқыту үдерісінде, мектеп - отбасы - қоғам байланысында атқарылатын жұмыстарды, мектептегі қоғамдық ұйымдар, әртүрлі шараларды толықтай қамтиды. Бұл жерде мақсат нақты айқын және одан шығатын міндеттер алға қойған тәрбие бағыттарды ашуы, іске асыруы керек [8].

Олай болса Абай шығармалары арқылы эстетикалық тәрбие беру, жеке тұлғаның бойында тұрақты эстетикалық дағды, көркем сипаттағы әдет қалыптастырып, эстетикалық сипаттағы туындыларға болған қажеттенуін туындатады, бойында бар қабілеттерін дамытып, эстетикалық талғамын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің өмір шындығын ақын шығармалары арқылы пайымдауына, сол негізде эстетикалық талғамдарының қалыптасуына ықпал етеді деген ойдамыз.

Біздің оқу пәніміз ағылшын тілі болғандықтан осы пәнге арналған сабақтарда Абай Құнанбаев шығармалары арқылы шетел тілін меңгерте отырып эстетикалық тәрбие беруді жүзеге асырудың жолдарын қарастырып оны жүзеге асырудың жүйесін жоғарыда көрсетілген ақын шығармаларындағы эстетикалық ой жүйесіне сүйене отырып келтірдік.

соның ішінде поэзия және басқа да көркем өнер туындыларын қабылдауға бейімді де бейілді болып өсетіні туралы педагог ғалымдар айтып келеді. Табиғат көркемдігінен адамдар шығармашылыққа шабыт алады, ойлау іс-әрекетіне қор жинайды.

Табиғат – сұлулықтың қайнар бұлағы болғандықтан эстетикалық тәрбиедегі оның орнын басқа ешқандай жасанды туындылармен теңестіру мүмкін емес. Табиғатты бақылау арқылы қиялдануға жол ашылады, сөйтіп эстетикалық сезімнің дамуына ықпал етеді. Абай Құнанбаев осындай табиғаттың көркем туындысын бақылап, одан ләззат алып, тояттап өскен.

Сондықтан ол оны сөз түрінде суреттегенде сан алуан теңеулер мен салыстырмалар, гипербола, парабола секілді тәсілдерді әдебиет теориясын білмей тұрып-ақ, туа біткен дарыны мен данагөйлігі нәтижесінде сипаттай алған. Мысалы, «Қызарып, сұрланып» өлеңінде адамның «елбіреп, қалтыраған» жас та нәзік сезімі мен табиғат көрінісінің сәйкестігін:

Жанында жапырақ,  
Үстінде жұлдыз да.  
Елбіреп, қалтырап,  
Жігіт пен ол қыз да, - деп суреттеген [3].

Жалпы ақынның табиғат көркемдігін толайым сезініп, көңіл толқуларын сөзбен жеткізудегі шеберлігін оның «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінен көруге болады. Осы құбылысты көрмеген адам оны дәл ақын Абайдай жеткізе алмас еді. Оның сезімге әсерінің қуаттылығын өлеңдегі «сәулесі суда дірілдеп..., тасыған өзен күрілдеп..., жапырағы сыбырласып..., құлпырған жасыл жер жүзі» деген сөздерден көреміз. Мұнда да ол табиғаттағы көріністерді адамдар арасындағы қарым-қатынас пен жүріс-тұрысымен астарластырып, қабыстыра келтірген, мысалы:

Таймаңдамай тамылжып,  
Бір суынып, бір ысып.  
Дем ала алмай дамыл қып,

Елең қағып, бос шошып. – соңғы тармақтан әрине ақын қыз туралы айтып тұрғаны, «сөз айта алмай бөгеліп» ақынның өзі не болмаса сол сынды жігіт туралы деп ұғынуға болады [3].

Ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін эстетикалық талдауда мазмұнымен түр үйлесімділігі және ондағы сөздің эстетикалық маңызын пайымдау студенттерді әр сөздің көркемдік мәнін аңғаруға үйретеді. Сондықтан эстетикалық тәрбие беру, жеке тұлғаның бойында тұрақты эстетикалық дағды, көркем сипаттағы әдет қалыптастырып, эстетикалық сипаттағы туындыларға болған қажеттенуін туындатады, бойында бар қабілеттерін дамытып, эстетикалық талғамын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өлеңді эстетикалық – мазмұндық құрылымын талдау дегенде жалпы әдебиеттеориялық емес сезімге әсерлі тұстарына мән бердік. Бұл өн бойы эстетикалық сезімінен туындағанын өлеңнің мазмұны, ақын қолданған сөздерден-ақ көруге болады, оның «бір қызық ісім екен..., көкірегі сезімді, көңілі ойлыға бәрі де анық...» – деген тұжырымын ескере келіп, мынадай сезімге әсерлі эстетикалық мағыналы тұстарын талдауды жөн көрдік. Өлеңдегі оқиға желісінде табиғат, адам мен жануар арасындағы байланысты көрсететін тұсы, адам үшін болған екі тағының айқасы аңшыға қызық. Осыны көру үшін істелген шаралардың барлығын ақын жай сөзбен емес көркем сөзбен жеткізеді. Олар: адам үшін болған екі тағының арасындағы айқас. Ақын осыны суреттеу үшін төңіректің бәрін адам, аң, табиғат көркемдігін салыстырып қыз сұлулығымен келтірген тұсы осы өлеңнің адамды толқытып, көңіл күйін қуаныш сезімге бөлейді. Себебі осы сурет көз алдыға табиғат қана емес қыз сұлулығын да алып келеді. Сондай-ақ

Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,  
Суретін көре алмассың көп бақпасаң  
Көлеңкесі түседі көкейіңе  
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң -деп түйіндейді.  
Осы өлеңнің эстетикалық-құрылымдық мазмұнын талдасақ.

Біріншіден; студенттердің бүкіл өлеңдегі оқиға желісін нақты аңғаруға, эстетикалық сезімін оятқан негізгі сөздерге, екіншіден; олардың мәнін пайымдауға, үшіншіден; нақты баламасын ағылшын тілінде тауып меңгеруге мүмкіндік береді.

Адамның әлеуметтік-психологиялық ахуалын табиғатпен қатарластыра суреттеу ақын шығармашылығының басты ерекшеліктерінің бірі деуге болады, мысалы, «Тоты құс түсті көбелек» [4] өлеңінде ол сондай сан алуан бояулармен құлпырған көбелекті көркем және табиғат құбылыстарын

Эстетикалық тәрбиенің басты мәселесі, осы сезім әлеміне әсер ету, оны дамыту, қалыптастыру мәселелерін шешу. Педагогика ғылымында эстетикалық тәрбиенің мақсаты, міндеттері, құралдары теориялық жақтан айта қаларлықтай жеткілікті дәрежеде белгіленген. Десек те заман өзгеріп, өмір сүру заңдылықтары жаңғырған жағдайда оның өзін де қайта қарастыру керек екендігі көз көрінеу.

Эстетикалық тәрбие бүгінгі күнде жастар арасына дендеп еніп келе жатқан батыстың бағасыз талғам, көркемдікті тани алмайтын анайы көзқарасқа қарсы сезім қауқарын күшейтіп, сана қуатын арттыруға бағытталуы тиіс.

**Пікір талас.** Табиғат – бұл қоршаған әлемнің әр алуан туындысы. Әркімнің туған жері – тау, тас, құм, шөл, мұз бен қар болуына қарамастан өзіне көркем және туған анасы секілді тартып тұрады. Табиғат өнерде сөз, әуен, бояу арқылы бейнеленеді. Ақын, жазушылар табиғаттың ашық-айқын тұстарымен бірге әдеттегі адамдар көре алмайтын, көрсе де көркемдеп айта алмайтын құбылыстарын сөзбен суреттеп бейнелейді.

Сондай суреткерлік Абай Құнанбаев өлеңдерінде ерекше байқалады, мысалы, ол «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде аңшылықтың ерекшеліктерін тұрмыс салтымен ұштастыра келіп ұтымды және көркем сөздермен ұйқастыра келтірген. Солардың ішінде осы өлеңге түр беріп тұрған және оның көркемдігін өңіне келтіріп тұрған сөздер, “ғанибет, ықшам, қайтқан ізі, із шалғанда, қағушы ойда, томаға, самғағанда, тісін қайрап”, т.б. Осы өлеңнің бүкіл эстетикалық маңызын көз алдына алып келетін көріністер жаңа жауған аппақ қар:

Қансонарда бүркітші шығады аңға...

Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,

Сағадан сымпың қағып із шалғанда... .

Түлкі мен бүркіттің алпарысуының аппақ қар үстіндегі бейнесін және шомылып жатқан сұлу қызбен салыстырған тұсы: [2]

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға... - деп келтіргені қай жастағы адамға болса да түсінікті, десек те қазіргі кездегі қалада туып, өскен, қыстың даладағы сипатын көзімен көрмеген, ал аңшылықтың жайын тек мылтық асынып барып, бір-екі ит-құсты аяусыз өлтіру немесе атып келу деп таяз түсінетін мектеп оқушыларымен, студенттеріне эстетикалық тәрбие ұйымдастыруда осының мәнін көркемдік заңдылығымен түсіндіру қажеттігі туындап отыр.

Бұл жөнінде Қ.Жұмалиев Абай поэзиясының тіліне байланысты еңбегінде талдап келтірген. Бұдан басқа ақынның «Жаз», «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай, «Қыс», «Желсіз түнде жарық ай», «Қарашада өмір тұр, т.б. табиғат құбылыстарына арналған өлеңдерін де эстетикалық тәрбие мақсатында қолдануға болатындығы айтылып келеді.

Біз осы еңбегімізде студент жастарды Абай шығармалары арқылы эстетикаға тәрбиелеу мәселесін зерттеуді барлық шығармалары негізінде жүзеге асырудың жолдарын қарастырып отырмыз. Сондықтан табиғат туралы өлеңдерін эстетикалық тәрбиенің бір қыры деп қана есептейміз.

Сонымен, табиғат туралы ақынның басқа өлеңдерін талдағанда олардың тек табиғат көркемдігі емес сонымен бірге адамның көңіл күйі мен әлеуметтік ахуалын да өлең сөзбен сипаттау ақын шығармашылығының ерекшеліктерінің бірі деуге болады. Оның эстетикалық мәні де осында, мысалы, қыс мезгілінің өзіндік табиғи көркемдігі – ақ киім, ақ сақал, ақ қырау, сықырлап, үскірік, аяз, қар жауып, долданғанда, үй шайқалды деп келтірілсе, сол кездегі адамдардың жай-күйін олардың әлеуметтік ахуалын табиғаттың осы мезгілінің қаталдығымен байланыстырған – домбығып, үсік шалды, шыдамай теріс айналды деп, ал сол кездегі малдың жайын жылқы арқылы:

Қар тепкенге қажымас қайран жылқы,

Титығы құруына аз-ақ қалды – деп осы кездегі табиғаттың бөлінбес белгісі қасқыр туралы айтып келеді де малшыларға – қор қылма, күзетіндер, қайрат қыл деп ескерте отырып «Құр жібер мына антұрған кәрі шалды»- деп ой қорытады [2]. Осы өлеңдегі сезімге әсер ететін тұстарын табиғатпен байланыстырсақ, ол әрі көркем әрі қатал сондықтан мұнда эстетиканың екі санаты – көркемдік пен ұсқынсыз тоғыса келіп өмірдің қарама-қайшылықтарын көрсететін, біріне екіншісі қарсы келуіне қарамастан бір бүтін табиғат құбылысының адам өміріндегі мәнін көрсетіп отыр.

Міне, ақын шығармаларындағы осындай табиғат көркемдігі мен ондағы құбылыстар адамның эстетикалық сезімі мен байқағыштығын дамытып, көңілде ой жүргізіп қиялдануына азық болатыны белгілі. Табиғат құбылыстарын бақылап одан сабақ алу өнер туындыларын танып-білу, бағалау және қабылдап түсінуге негіз болады. Табиғат құбылыстарын бақылап өскен адам әдебиет туындылары,

У.Р. Кансеитова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

*Аңдатпа*

Бұл мақаланың негізгі мақсаты шетел тілін оқыту барысында жаңалықты жатсынбай ұлттық қасиетіміздің асылдарын асқақтата отырып студенттердің жанына нұр құя білу, оларды тіл өнерінің мүмкіндіктері арқылы эстетикаға тәрбиелеуде пайдалану. Ертеңгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлтқа деген сүйіспеншілігі қалыптасқан, парасатты азамат тәрбиелеу. Осы орайда Абай Құнанбаев шығармаларындағы табиғат көркемдігі мен ондағы құбылыстарға қатысты ойлар мысалдармен берілген. Табиғат құбылыстарын бақылап одан сабақ алу өнер туындыларын танып-білу, бағалау және қабылдап түсінуге негіз болады. Табиғат көркемдігінен адамдар шығармашылыққа шабыт алады, ойлау іс-әрекетіне қор жинайды.

Абай поэзиясындағы эстетикалық идеялардың ерекшелігі ақынның қоғамдық және табиғатты ортамен көркемдік заңдылық тұрғысынан тануы және оны өзінің поэзиялық шығармаларында эстетикалық көркемдік кредосы ретінде пайдалана отырып, жастарды әсемдік сезімге тәрбиелеудің пәрменді құралы етіп қолдана білуі қарастырылды.

Көркемдік табиғат құбылысында, өнерде, адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы, ақыл парасатында, күн-делікті тұрмыста адамдардың оны байытуға арналған шығармашылық іс-әрекетінде бейнеленетіндігі баяндалған.

**Түйін сөздер:** Эстетика, көркем әдебиет, шығармалар, ұтымды пайдалану, дағдылану.

**Кіріспе.** Еліміздің көркейіп өркеніетті елдер қатарына, әсіресе халықаралық деңгейге көтерілуіне осы заманғы жас ұрпақтың бет-бейнесі және олардың тәрбиелік деңгейіне де тікелей байланысты.

Осыған орай қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін, тілдік пәндер бойынша Абай шығармаларын қолдану арқылы шешуге зор мүмкіндіктердің барлығы байқалады. Білім беру үдерісінде көркем әдебиет арқылы эстетикалық тәрбие беру жалпы тәрбиенің бөлінбес құрамы екені белгілі. Өйткені эстетикалық тәрбие мен адамдар арасындағы қарым-қатынас ережелері, әдеп, әдет, дағдылар көркем әдебиеттің өзегі болып табылады. Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарасы махаббат сезіміне байланысты, адамдар арасындағы қарым-қатынасы, табиғат көркемдігі, қыз сұлулығы, әдеп санатының жеке адамға қатысты ар, намыс, ұят, қу, сұм, алдамшы, достық, жолдастық, т.б. қамтиды [3]. Демек, эстетикалық тәрбие туралы сөз қозғағанда осыларды ескере отырып, оны бүгінгі күн талаптарымен кіріктірудің жолдарын қарастыру керек.

Осыған орай білім беру мекемелерінде әсіресе жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыта отырып тәрбиелеу, студенттерді заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп толықтыруды талап етеді. Шетел тілін оқыту барысында жаңалықты жатсынбай ұлттық қасиетіміздің асылдарын асқақтата отырып студенттердің жанына нұр құя білу, оларды тіл өнерінің мүмкіндіктері арқылы эстетикаға тәрбиелеуде пайдалануымыз керек. Ертеңгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлтқа деген сүйіспеншілігі қалыптасқан, парасатты азамат тәрбиелеу ең басты міндет.

**Әдіс.** Тіл көркемдігі Абай Құнанбаев шығармасындағы эстетикалық ойларды жеткізудегі басты құрал болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда Қ.Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» деген еңбегінде: «Абай поэзиясының тілі, сөз кестесімен өлең өрнегі кіршіктей қоспасы жоқ саф таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды сомдылығымен құнды» деді. Ұлы ақын шағырмаларында ойшылдықпен суреткерліктің жарасымды, үйлесіп, адамның сезім дүниесінің орасан зор байлығы, нәзіктігі, өткірлігі, баурап алатын керемет күшін ақынның «тіл кестесі, сөз қолдануына бөлекше сипат дарытады» - деген [1]. Эстетика – бұл сезім әлеміне қатысы бар құбылыстарды зерттейтін философияның бір саласы болса эстетикалық тәрбие көбінесе адамның сезімін тәрбиелеу арқылы санасына әсер етіп, іс-әрекетіне бағыт-бағыдар беруді көздейді. Жүріс-тұрыс, адамдар арасындағы қарым-қатынас нормаларын түйсініп, сезіну оның эстетикалық жағын қамтиды.

**Нәтижесі.** Сондықтан эстетикалық тәрбие туралы сөз қозғағанда оны этикамен байланыстырады. Этика мен эстетика осы іс-әрекет, жүріс-тұрыс, мінез-құлық көріністері арқылы бір-бірімен байланысып жатады. Әр нәрсенің мөлшері мен өлшемін білу эстетикалық жақтан сезіну арқылы келеді.



А. Есенкулова<sup>1</sup>, Н.Б. Сағындыков<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казакский национальный университет имени аль-Фараби

## ПРИРОДА ВОСТОЧНЫХ РЕЛИГИОЗНЫХ ДАСТАНОВ

*Аннотация*

В статье говорится о путях формирования развития в казахском фольклоре дастана с религиозной содержательностью, его признаках, свойствах, а также о сущности и тематических группах, дающих общее представление об этом жанре.

Выявив особенности художественной формы и содержания дастанов с религиозной содержательностью, авторы обратили свое особое внимание и подвергли анализу такие его тематические группы, как героические, любовные и назидательно-дидактические.

В статье весторонне рассмотрены художественные особенности и специфика формирования персонажей казахских религиозных дастанов, их стихотворной формы, сохранивших свои устойчивые связи с восточными сюжетами. Вместе с тем, в них анализируются и подлинные исторические события и явления, факты и исторические личности, говорится о месте жанра в казахской литературе. Опираясь на исследования ученых-фольклористов, авторы статьи стремились выявить сюжетные и чисто идейные религиозные основания, лежащие в структуре типологически сходных сюжетов в произведениях казахского лиро-эпоса и эпоса и сохранивших эти особенности в дастанах с религиозной содержательностью.

**Ключевые слова:** фольклор, дастан, эпос, сюжет, связь, типология, религия, любовный, героический, назидательно-дидактический.

*A.Esenkulova<sup>1</sup>, N.B. Sagyndykov<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Kazakh national university named after al-Farabi

## THE NATURE EASTERN RELIGIOUS DASTANS

*Abstract*

The article deals with the ways of forming the development in the kazakh folklore of dastan with religious content, its features, properties, as well as about the essence and thematic groups giving a general idea about this genre.

Having identified the features of the artistic form and content of dastans with religious content, the authors paid special attention to and analyzed such its thematic groups as heroic, love and edifying-didactic.

The article thoroughly examines the artistic features and specifics of the formation of the characters of kazakh religious dastans, their poetic form, who retained their stable ties with the eastern subjects. At the same time, they analyze the true historical events and phenomena, facts and historical personalities, it is said about the place of the genre in the kazakh literature. Relying on the research of folklore scholars, the authors of the article sought to reveal the plot and purely ideological religious grounds that lie in the structure of typologically similar subjects in the works of the kazakh lyric-epic and epic and preserved these features in the dastans with religious content.

**Key words:** folklore, dastan, epic, plot, connection, typology, religion, love, heroic, edifying-didactic.

Қыз баланың жігітті таңдауы ертегілерде де, эпикалық туындыларда да кездеседі. Сонымен, Наушардан сұлу Құсайынды ұнатады. Махаббат пайда болған жерде, оның қас жауы да туындайтыны анық. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында сүйіспеншіліктің болашағына балта шабушы Қодар болса, мұнда – Жазит. Бірін-бірі ұнатқан екі жас ұзақ өмір сүрмегенімен, екеуінің махаббаты кейінгіге аңыз болып тарайды. Дастанның түйіні: осындай оқиғаның болуы – Алланың бұйрығы:

Алланың не болса да құдіреті кең,  
Әуелден адам болмақ жерменен тең [1,131].

Үшінші топтағы көрнекті мұраларға «Әбу Шахма», «Қисса көгершін», т.б. жатады. Бұлар негізінен үлгі ретінде шығарылған ғибраттық діни дастандар болып табылады. «Қисса көгершін» дастанында қаршығадан қашқан көгершін Мұхаммад пайғамбарға келіп, жанына пана табады. Шығарманың өзегі – пайғамбардың жанашырлығы. Ал, қайырым жасау діннің негізгі қағидаларының бірі болып саналатыны мәлім. Яғни, дастанда дінді насихаттау көрініс тапқан.

«Әбу Шахма» атты қысқа қиссада мағынасы терең ғибрат айтылған. Төрт шадиярдың бірі – Омардың Абдулла және Әбу Шахма есімді екі ұлы болады. Әбу Шахма жастайынан дін кітаптарын көп оқиды. Әкесі де бұл ұлын жанындай жақсы көреді. Әбу Шахма науқастанғанда он ай ораза тұтуға бекініпті, тілегі қабыл болып, ауру бала жазылыпты. Бірақ Омар өз перзентін қанша сүйсе де, шариғат шарттарын одан да жоғары қояды. Көп ұзамай әке мен баланың арасын айырған оқиға болады. Бір жойт Әбу Шахманы «арақ ішсең, ауруыңнан жазыласың» деп азғырып, ақыры көндіреді [2, 7].

Бала мас болып, бір қызды зорлайды. Қыз жүкті болады, туған баласын жасыра алмай Омарға кеп жүгінеді. Омар істің анағына көз жеткізіп, балаға жүз дүре соғылсын деп үкім етеді. Әке үкімін естіген соң «Тірліктен күдер үзіп, Әбу Шахма сарайынан бегін бұрды» делінеді қиссада. Он дүреден кейін жаны қысылған Әбу Шахма әкесінен кеңшілік сұрайды. «Қалған дүрені біз көтерейік» деген саһабалар тілегіне де илікпейді. Балаға сексен дүре соғылғанда анасы келіп, араша сұрайды. Бұйрықтың бұзылмасына көзі жеткен соң зар наласын төгеді. Омар іші қан жылап тұрса да, өзінің қатал шешімінен айнымайды. Бала өлгенде «о дүниеде кездесейік» деп тағдырына көнеді.

Мұнда Әзіреті Омар қолында баласын жазадан құтқара аларлық құдірет болса да, өз шешімінің көптеген мұсылмандар сенімінің бекуі мен әлсіреуіне әсер ететінін жақсы түсінеді. Оның жүрегінде шын берілген мұсылмандық парызы мен баласына деген махаббаты және күнә жасаған жас адамға деген адамдық аяушылығы тоқайласып, тоғысады [4,265].

Қиссаның тағы бір ғибраты «кінәлі адам қанша жақының болсада жазалансын, кешірім болмасынға» саяды. Қатал да болса әділ үкім ғана елді тәртіпке үйретеді дейтін аңсар да аңғарылады. Әрбір адам өзінің істеген ісіне жауап берсін деген талап дастанның негізгі айтар ой-мұраты болып табылады.

Біздің ойымызға неге осы дастандардың ерлікті жырлайтынын батырлар жырына, махаббатты жырлайтынын ғашықтық дастандарға жатқызып қарастырмаймыз деген сұрақ оралуы мүмкін. Бұған ғалым М.Әбдуов мынадай жауап айтады: «Біріншіден, діни дастандардағы ерлік, махаббат, өсиет, ғибрат мәселелері тікелей дінмен байланыстырылып отырады. Екіншіден, бұл мұралардың негізгі өзегі дінді дәріптеу мен насихаттаудан тұрады» [5,71]. Сол себепті де бұл тектес туындылардың эпикалық, лиро-эпикалық шығармалардан өзгешелігі сюжет өзегінде діни идеялардың жатқандығы болып тұр десек қателеспейміз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Әбдуов М. Діни дастандарды жүйелеудің кейбір жолдары // Жұлдыз. 2005. – №12. – Б. 130-132.
- 2 Бердібай Р. Діни дастандар тағылымы // Қазақ. – 2012. – 20-27 сәуір (№16/17). – Б. 6-7.
- 3 Сарбасов Б.С. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы жер-су аттары // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. Филология ғылымдар сериясы. №2 (56), 2016. – Б. 179-183.
- 4 Әзібаева Б. Қазақтың дастандық эпосы // Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2004. 24-26 мамыр. – Б. 361-367.
- 5 Әбдуов М. Қазақтың діни эпосы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. – 71 б.

Дастанның негізгі идеясы исламды дәріптеу екені осы жолдардан айқын аңғарылады. Ғали Мединеге қайтарында Дариғаға: «Жүкті болып, босансаң, қыз атын өзің қоярсың, ұл болса, аты имам Мәди болсын» дейді. Дариға айы, күні жетіп ұл туады, атын Мәди қояды. Бала оқу жасына жеткенде оған бес уақыт намазды үйретеді, медресеге оқуға береді. Мәди әкесінің кім екенін білмей өседі. Бір күні бала медреседен келе жатып, тандырға нан пісіріп отырған кемпірді мазақтайды. Ашуланған кемпір:

- Әкесі тірі кеткен сұмырай жетім,  
Не жаздым, мұнша мазақ қылдың [2, 11], - дейді.

В трагедии сообразно условиям отражен Дьявол в военной форме. В месте пролития крови Дьявол находится в господствующей позиции. Для дьявола военное пространство плодотворно и значимо. Ход художественных событий показывает, что перевоплощение из роли в роль дает своей результат. В трагедии «Иблис» есть человек в гражданском, дающий советы по войне. Есть военный, воспользовавшись событиями, завладевший женщиной. Есть образ народного спасителя Эльхана, ушедшего из-за войны в горы. И Дьявол, человек в гражданском, и военнотружачий, и народный спаситель Эльхан представляют собой факты достаточного знания самим Г.Джавидом геополитической картины мира, внутреннего мира людей, управляющих этим миром. Личное отношение Г.Джавида к событиям, собственный богатый духовный мир, независимое мышление интеллигента и видение им в полной ясности картины разнообразия в обществе дало толчок получению достаточно совершенным произведением «Иблис».

Какими могли быть источники и причины написания Г.Джавидом трагедии «Иблис»? Во-первых, эта тема была продуктом сознания Г.Джавида. Его мифологические и религиозные познания, распространение зла и лицемерия в жизни среди людей обусловили написание трагедии «Иблис». Во-вторых, факты показывают, что появление произведения было связано и с общественно-историческими условиями. Окутавшие мир и кровь и катастрофа были результатом огромной силы Зла – предательства Дьявола. А третий признак опирался на идею о том, как спасти Турцию.

Г.Джавид учился в Турции, получал уроки от выдающихся философов эпохи и был близко знаком с философскими взглядами, занявшими важное место в Европе, Турции. Г.Джавид от ногтей и до головы был совершенным примером любви к тюркизму. Он усвоил от Рза Тофика, М.Акифа учение тюркизма, любви к родине, любви к Турану. Произошедшее в начале XX века движение младотурков, падение Султана Ахмеда, угроза уничтожения Османской империи вывели на повестку дня вопрос «Как спасти Турцию?». Еще в 1901 году Мамедага Шахтагинский, написав книгу «Как спасти Турцию?», издал ее во Франции. Академик Иса Габиббейли писал об этой книге: «Этот трактат обладал важным значением и 1 как первое представленное европейской общественности достоверное научно-философское произведение об общественно-политической ситуации в Турции» [5, 17]. И Г.Джавид был близко знаком с этими вопросами, и он произведением «Иблис» в определенной мере отвечал на этот вопрос.

Вхождение германской политики в мировую войну, тайная деятельность английской дипломатии, претворение в жизнь своих намерений французами под пологом культуры и восточный менталитет, вопросы национальной духовности, систематизируясь в сознании Г.Джавида в форме образов, художественных деталей и диалогов, были включены в произведение «Иблис». Турецкая армия стояла лицом к лицу, с глазу на глаз с империалистической войной. Беспокойство офицера Васифа из произведения по поводу турецкой армии было беспокойством самого Г.Джавида. К.Алиев писал: «Турецкий офицер-доброволец Васиф же несколько пессимистичен. Он беспокоится о будущем турецкой армии. Живущий под страхом того, что рука предательства перевернет не только одного человека, одну армию, но даже государство, Васиф стоит между прошлым и будущим тюрка [2, 148].

Если в стране останутся «Шейтан в чалме», «Английский маклер», «Еврейский раввин», «Несущий под именем Библии свинец священник», не изменится отношение к обучению, «болезнь» охватит общество, а спасение будет искаться в священных местах проживания невежества. А Эльхан будет искать пути для пресечения болезни. Конечно, повсеместное прочувствование национального осознания, национального мышления, целостного идеала, верности и высокого обучения были важными вопросами. Если задумаемся, подход к турецкому национальному вопросу с национального сознания порождает новый вопрос: кто сегодня может спасти Турцию? Во-первых, победить на этом пути могут любящие турецкий народ, готовые умереть ради турецкого народа люди. Во-вторых, есть и большая необходимость в новом национальном лидере, способным достигнуть своим мышлением спасения турецкой нации в геополитическом ходе мира. Для Турции и сегодня важны национальное единство, национальная солидарность. В очень соответствующий период появляется вопрос верности тюрка тюрку. «Казанский тюрк» сражается за турецкую армию:

Когда б ты был – вот мнение мое –  
Хоть иноверцем, - все простили б мы.  
Но ты злодей, ты порждение тьмы.  
Зачем ты, тюрк, тюрку метил в лоб?  
Ты одного заслуживаешь, чтоб  
Тебя казнили... [4, 387]

знание самых коварных путей покорения душ представляют собой доказательство исключительности этого Дьявола. Этот Дьявол является движущей силой несчастий, что навлек на свою голову сам человек. Наконец, зачем человек, покинув свои природные, человеческие чувства, превращается в Дьявола? Ответы на все эти и подобного типа вопросы находятся в произведении Г. Джавида «Иблис».

Период, когда это произведение формировалось в художественном сознании Г. Джавида и было написано, было временем бушевания Первой мировой войны и революции, массового уничтожения людей, периода, когда болезни, голод, нищета превратились в беду цивилизации. Я. Караев в первом томе своих «Избранных произведений» пишет: «Тема войны в мировой литературе того периода была распространенной темой... Что касается абстрактного, символического и романтического изображения в произведении войны, то эта черта возникает прежде всего благодаря мировоззрению и манере Джавида в целом, а с другой стороны, в тот период изображение войны было романтическим» [3, 149-150]. Политические проиходи-зачинщики войны, совершающие оккупацию, будучи истинным Дьяволом, становятся художественными образами Г. Джавида. И в исследовании А. Ибадоглу трагедия «Иблис» также расценивается как произведение, написанное против империалистической войны» [1, 42-83]. В произведении Г. Джавида просящие помощи у Бога ангелы, невинные люди, младенцы или же старики противостоят лицом к лицу с Дьяволом, данным в качестве символа противоречащих человечеству идей начинающих войны немилосердных политиков. Самым наглядным примером этого в произведении является встреча Ангела и Дьявола в начале трагедии:

Дьявол  
(в радостном возбуждении, хохочет)  
Беспокойные океаны,  
Огнедышащие вулканы.  
Кровь течет из всесветной раны,  
Люди злобою обуяны.  
Ангел  
Боже, боже, какой розор –  
Этот ужас и этот мор.  
Дьявол выскочил на простор  
И царит, до каких же пор? [4, 327-328]

Здесь лицом к лицу сходятся не просто два образа, а два мировоззрения. Один из них – Дьявол – выполняет разрушительную функцию, другой – Ангел – миссию призыва к милосердию, помощи. Дьявол уже в начале произведения причину текущей как сель крови видит в человеке, начинает обвинять человека. В его глазах человек является причиной и виновником всех катастроф. Ангел же находится на совершенно противоположной позиции. Вначале, он просит помощи у Бога. Хочет знать причину ужаса и катастрофы, дикости и злобы, вместе с тем, предполагает совершение всего этого Дьяволом.

События в трагедии «Иблис» полностью соответствуют размышлениям Дьявола и Ангела. Первая мировая война уже разрушила мир, люди столкнулись с немыслимыми катастрофами, бушуют невиданные ранее убийства и уничтожения. Хотя события в произведении происходят на арабской земле – территории Багдада – сотрясение всего мира ужасной войной видится со всей ясностью.

В трагедии есть и вопрос судьбы человечества. Кто будет политическим гегемоном в мире? Перейдет ли мир в управление к имеющим сущности Дьявола или Добра? На чьей стороне победа, добра ли, зла ли? Будет ли править миром Дьявол или Бог? Или сотворенный Богом человек возвысится до уровня совершенства? Эти вопросы выражают содержание произведения «Иблис» и также доказывают наличие своего отношения в качестве уважаемого интеллигента у поэта-драматурга Г. Джавида к переделу мира, созданию новой международной, геополитической картины.

Возникает один вопрос: где, кто изгнанный Дьявол? Конечно же, на фоне дуализации в человеке – на фоне борьбы добра со злом Дьявол может и победить, и проиграть. Лишь богатство духовности, лишь совершенство обладают силой устоять перед дьявольскими шагами. Когда побеждает человек, вышедший на поиски «истины света» и желающий дойти на этом пути до конца, Дьявол в огорчении покинет его. Никогда нельзя даже ни на йоту допускать сомнений и искушений. Во всех этих вопросах Дьявол очень бдителен.



размышления вместе с этими мыслями, приближается к основной теме. Не вызывает никакого удивления создание столь гениального произведения, как «Иблис», именно Г.Джавидом, поэтом, принадлежащим к романтизму, наряду с европейской философией и европейской культурой, глубоко знающим и греческую мифологию, сведущим в функциях греческих богов, создающим в своих размышлениях контакт мифов с реальной действительностью. И поэтому отношение Г.Джавида к Дьяволу появилось после осознания созданного философами мира, классиками мировой литературы, и этот второй Дьявол более разрушительный, многоликий, часто меняющий свое обличье, умеющий покорить души людей, и этот дьявол по сравнению с другими более коварное, бессердечное, безжалостное существо.

Семейная среда, в которой родился Г.Джавид, взросление под влиянием Коранических изречений, обучение в медресе, вера в управление Земли Всевышним, существование в религиозно-мистическом мире восставшего против Всевышнего и упомянутого в Коране Дьявола и признание в качестве огромного символа зла в человеческом сознании не могло не беспокоить Г.Джавида. С другой стороны, в силу глубокого знания фольклора, мифологии, Г.Джавид в достаточной мере знал и разрушительную силу Дьявола.

В азербайджанском мифическом сознании понятия добра и зла, света и тьмы, дня и ночи, возвращенные из сказок, легенд, верований в явления природы, выступая проводником в поисках истины в творчестве Г.Джавида, являются фактором, оказывающим помощь решению вопроса. А.Ибадоглу в своей монографии под названием «Трагедия Гусейн Джавида «Дьявол»», доводя до внимания сказанную арабским историком X века Табари в поэме «Бахтиярنامه» азербайджанского поэта XVI века Федаи мысль о дивах и дьяволах «Аллах до Человека создал дивов, которых называют джинами, после семидесяти тысяч лет создал джина из души», подтверждает историческое и литературное отношение к мифам [1, 20]. А.Ибадоглу, приводя даже пример из произведения М.Физули «Восход веры», доносит до читателей исторический анализ гениального поэта: «ученые доказали существование пяти элементов, то есть доказали существование вещества, формы, тела, души и разума... что касается догмы(сущее) разделили на три части. Во-первых, сущее с сущностью добра, лишённое зла, есть ангел. Во-вторых, сущее с сущностью зла, лишённое добра, есть дьявол. В-третьих, являющееся победителем и для добра, и для зла Джинн»[1, 21].

Поэтому Г.Джавид намного раньше трагедии «Иблис», то есть в 1913 году, написал стихотворение «Падение Адама», отражающее человеческие качества и судьбу, страдания пути, по которому человек заново пойдет к истине. Уже в стихотворении «Падение Адама» нашло свое разрешение ясное отношение Г.Джавида как мастера к Дьяволу, и в творчестве Г.Джавида стихотворение «Падение Адама» может считаться итогом завершившегося первого этапа художественного отображения темы Дьявола, последним произведением первого этапа. В стихотворении есть образ Дьявола, существовавший в аспекте добра и зла в мистическом сознании и религиозных верованиях. Если примем во внимание и статью «Война и литература», можно подумать, что Г.Джавид давно осознал отношения между Богом, с имеющим миссию быть творцом на Земле, и восставшим, выступившим против Бога Дьяволом, желающим творить зло, и просто пока не наступил момент подробно написать об этом. Первая Мировая война и ее кровавые последствия стали основой наступления подобного момента. Г.Джавид в 1918 году написал трагедию «Дьявол» и созданием громадного образа Зла гениальным образом, в некотором роде, раскрыл его грязные намерения и злые деяния, против человечества. Роль и значение трагедии в истории нашей литературы этим не исчерпывается, в то же время в произведении находит свое художественное решение дьяволизация сущности человека и совершенные человеком трагедии. Произведение «Дьявол» Г.Джавида представляет собой самый наглядный пример превращения мифологического образа в главного героя в азербайджанском романтизме XX века»[2, 247].

Хотя Дьявол является мифологическим образом, трагедия Г.Джавида «Иблис» опирается на сложные, тернистые и противоречивые реальные исторические события начала XX века. А это, повышая современность произведения, формирует и утверждает мысль о значимости его во все времена. Образ Дьявола у Г.Джавида полностью отличается от Дьявола в европейской литературе, и в арабской литературе, и в литературе других народов мира, даже в мифологическом сознании. У Г.Джавида Дьявол является образом и современным, и классическим, и мифологическим. Трагедия Г. Джавида «Иблис» может считаться коронным произведением не только творчества Г. Джавида, но и среди всех произведений, написанных до сих пор в мировой литературе на данную тему. Беспредельность разрушительных функций, коварство в своем отношении, умение быстро воздействовать на души и

С.М. Велиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт Литературы имени Низами Национальной Академии Наук Азербайджана  
г.Баку, Азербайджан

## МИФИЧЕСКИЙ ГЕРОЙ РОМАНТИЗМА ГУСЕЙНА ДЖАВИДА – ИБЛИС (ДЬЯВОЛ)

### Аннотация

Данная статья посвящена исследованию творчества великого Азербайджанского поэта XX века Гусейна Джавида. Как известно одним из совершенных его произведений является стихотворная пьеса, трагедия «Иблис», которая была написана в 1918 году, и не раз была поставлена на сцене Азербайджанских театров. В этом произведении Гусейн Джавид еще раз поднимает проблему, к которой обращался не раз в своей творческой деятельности. Это проблема отношений Творца и сотворенного. В этой трагедии также явно выражаются мистические элементы. Автор задается вопросом, в чем счастье человеческое, почему люди продают душу дьяволу взамен материальных благ? Автор приходит к выводу что, люди побежденные дьяволом не свободны духом, они в плену своих желаний и чувств. События в стихотворной драме происходят во времена первой мировой войны, и это естественно, само произведение было написано как результат раздумий автора о великих войнах, в том числе, первой мировой войны, свидетелем которой он был. Образом главного героя пьесы Гусейн Джавид создал образ человека жившего высокими идеями, но проиграв в нелегкой борьбе дьяволу не смог реализовать свои высокие идеи и чувства.

В статье все эти проблемы исследуются на обширном материале стихотворной драмы «Иблис».

**Ключевые слова:** Гусейн Джавид, пьеса, Дьявол, Ариф, мистика, мифология

Основной целью жизни и ведущим мотивом всего творчества поэта-мыслителя и драматурга Гусейна Джавида является совокупность отношений Всевышнего и человека. Ради чего Всевышний сотворил человека и в чем заключается его роль на Земле? Какими большими идеями человек, которому он выделил лучинку своего света, может победить Дьявола, постоянно желающего ввести его в заблуждение? Ответ на этот вопрос ясно проявляется во всех его произведениях. Жизненные познания, полученное образование, среда, в которой жил Г. Джавид, осознанные общественные отношения, международные события эпохи, современником которой он был, отношение этого мыслителя к действительности, мистические моменты художественного воображения в целом служили для повторного испытания человека и данной ему Богом миссии в отношении поэта-драматурга к Дьяволу. Причина написания трагедии “Дьявол” в таком совершенном виде, в высокой художественной форме и постановки на сцене в свое же время, достижения большой славы была обусловлена именно правильностью и верностью взглядов мастера на жизнь и литературу. Поэтому обращение к мифологическому образу Дьявола и создание трагедии под названием «Иблис» в голову Г. Джавида пришло не случайно, и он к этой теме обратился не спонтанно.

В творчестве Г. Джавида существует серьезная традиция. Так, сначала было написано стихотворение под названием «Шейх Санан», а затем трагедия «Шейх Санан». Сначала написано стихотворение под названием «Падение Адама», а затем пьесы «Иблис» и «Пророк». Сначала появились стихотворение под названием «Война и трагедия», статья «Война и литература», а после произведение «Иблис». Это является доказательством поэтапного прихода Г. Джавида к монументальной теме. В осознании темы у каждого писателя должен быть свой пройденный путь, и эти факты свидетельствуют о том, что у Г. Джавида было свое характерное и неповторимое творческое кредо.

После полного завершения трудов в поисках определенной темы, детальному осознанию, формированию в художественном сознании мастера начинается процесс написания произведения и при правильном нахождении того, какие моменты будут ведущими в этом процессе написания, произведение, говоря нынешним языком, становится хитом и отвечает требованиям времени. Произведение должно быть актуальным не только для своего времени, но и для будущих поколений. Поэтому соответствия между темой и идеей должны отслеживаться мастером шаг за шагом, пядь за пядью. Традиционная взаимосвязь между стихами и трагедией Г. Джавида еще раз подтверждают эту художественную истину.

Проявление серьезного научного мышления в статье Г. Джавида, “Война и литература” является показателем того, что поэт-драматург обладает логичным мышлением и как психолог, и как социолог, и как идеолог. В статье разъясняется отношение мировых философов к войне, и автор озвучив свои

айтпақ идеясын «сиыр мен бұқа» арқылы береді. Күнделікті өмір шындығына тірелетін образдарды ашы тілмен әжуалап, шындықтың мазмұнына төте жолмен күрес ашып әсірелейді.

Қорыта айтқанда Бейбіт Сарыбай шығармаларында сатиралық- мейрампаздық (каранавалдық) ағымның мазмұндық түрлерінің барлық элементтер бірлігі мен тұтастық жиынтығы толық суреттеледі. Оны біз автордың көркем ойлау формасының көрінісі десек, «Біздер, біздер...» жинағына енген шығармаларының жалпы мазмұнынан да, жекелеген компоненттерінен де, әсіресе тілдік-стильдік көркемдік тәсілдерінен де жаңа сатиралық ағымның ізін байқай аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Жанұзақова Қ.Т., Саметова Ж.Ш. Әдебиеттанудағы көркемдік әдіс, бағыт пен ағымдар мәселелері // Абай ат.ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. 2015. - №2 (52) – Б. 139-143.

2 Бахтин М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса. – М.: Художественная литература, 1965. – 515 с.

3 Сарыбай Б. Біздер... Біздер... Біздер... – Алматы: Баянжүрек, 2017. – 151 б.

Л.М. Адильбекова<sup>1</sup>, Ж.Ш. Саметова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казакский государственный женский педагогический университет

#### **САТИРИЧЕСКАЯ И КАРНАВАЛЬНАЯ КАРТИНА ПРОЗЫ БЕЙБИТА САРЫБАЯ**

Аннотация

В статье рассматривается проблема сатирической и карнавальской прозы, анализируются художественно-стилистические особенности иронии. Ирония есть отрицание или осмеяние, притворно облекаемое в форму согласие или одобрения. Она является свидетельством определенного уровня зрелости культуры. Сатирические и карнавальские особенности в художественной прозе рассматриваются как эстетическое отношение новой явления или направления. Кроме того, в статье описывается сатирические и карнавальские элементы произведения Бейбита Сарыбая. Мы считаем это художественным мышлением автора. И к тому же мы это видим из произведений в которых вошли в свой сборник рассказов «Біздер, біздер...»

**Ключевые слова:** проза, сатира, карнавальский, ирония, критический подход, скрытый смысл.

L.M. Adilbekova, Zh.Sh. Sametova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh state women's teacher training university

#### **SATIRICAL AND CARNIVAL PICTURE OF BEYBIT SARYBAI'S PROSE**

Annotation

The article deals with the problem of satirical and carnival prose, analyzes the artistic and stylistic features of irony. The irony is a denial or a mockery, pretended to be in the form of consent or approval. It is evidence of a certain level of maturity of culture. Satirical and carnival features in artistic prose are regarded as an aesthetic relation to a new phenomenon or direction. In addition, the article considers the satirical and carnival elements of Beibit Sarybai's work. We consider that is the artistic thinking of the author. And besides, we see it from the works in which were included in his collection of short stories.

**Key words:** prose, satire, carnival, irony, critical approach, hidden meaning.

той... Келіншегіне өзіне ұнайтын қоңыр кәстөмін үтіктетті. Қоңыр галстугын әдемілеп түйді. Кеше шаштаразға барып, шашын түзеткен еді. Таңда аса бір өсіп кетпесе де сақал-мұртын тағы бір қырған болды. Бүгін қуанышты күн. Бірақ, не қуаныш екенін келіншегіне айтқан жоқ. Алдынала айтсам қызықсыз болып қалар, онан да әбден алғаннан кейін барып айтып, қуаныштан жүрегін жарып жіберейін деп ойлаған. Қарап тұрса, отасқалы бергі он бес жылдың ішінде әйелін қуантпаған екен-ау. Уақа емес, Алла қаласа бүгін соның орны толмақ. Әл әзірге достарына да ештеңе дей қоймады. Оларды да әбден кеште таң қалдырмақ.

Иә, бүгін «Қазақ жыры» атты республикалық мүшәйраның марапаттау рәсімі. Қазірше кімнің орын алғаны, кімнің алмағаны анық емес. Оны ұйымдастырушылар бүгінгі кеште жасырын конвертті ашу арқылы анықтайды».

Біз осы әңгімені оқу барысында бас кейіпкер бас бәйгені алады деген үмітте боламыз. Бірақ автор Өмірден ұтып, өнерден ұтылған жанның тригокомедиялық қалін:

«Осының филология факультетін бітіргені қандай жақсы болды. Мехматты бітірген біреуді алғанымда күйіктен өлер едім-ау, мүмкін, менің мына жалған өмірден алған бас бәйгем осы әйел шығар», – деді де, Бәукеш қор ете қалды», – деп өзіне тән тосын шешіммен аяқтайды.

Бейбіт Сарыбайдың сатиралық-карнавалдық стилінде дене тұрқының функциясы басты орын алады. Өйткені, қаламгердің көркемдік әлемінде тамақ тақырыбы, ішіп-жеу үлкен орын алады. Бахтин бұл турасында Рабле романындағы думандылық образы «ақылды әңгіме мен көңілді ақиқатпен байланысты» [3., 283]. Бір кездегі думандылық раблелік стильде қаламгердің хат формасында жазған туындысының тінін автордың «Хат» әңгімесі құрайды.

Қоғамдағы жеке бастық оқиға мен ұжымдық оқиғаларды әр түрлі сатиралық сипатта суреттеуге негіз болған жазушының қос әңгімесі «Моншадағы хикая» мен «Бақанастық бұқалар» деп аталады. Алғашқы әңгімеге нөмірін теріс ұғынған адамның «ақымақтығы» арқау болса, екінші әңгіме «асыл тұқымды мал» мәселесіне қатысты экономикалық-әлеуметтік мәселені көтеріп, адам мен хайуанат әлемі қосыла өріледі.

«Моншадағы хикая» жеке адамның адамның «ақымақтығы»: «Әй, бірақ мен қытай түгілі мына Қырғызстанға барып көрмегенмін ғой дедім. Олар онда білмедік деді. Тапсаң да табасың, таппасаң да табасың деп табандап отырып алдым. Олар да қайтпайды. Бізде 820 орын болған емес дейді. Шыр-пыр болды. «Онда мынаны мен жаздым ба?» – дедім. Ешкім жауабын таппады. Бір кезде пол жуып жүрген техничка қыз келді. Бүкіл мәселелерді сол шешеді екен сол жердегі. Ана қыз ары қарап бері қарап тұрды да: «Сіздің нөміріңіз ешқандайда 820 емес, сіз просто браслетті теріс тағып алыпсыз, дұрыстап, міне былай тақсаңыз 028 болады», – деді. Ұят-ай, иә?! Оң қаратып тағып едім, 820 деп шулатып жүрген нөмірім 028 болды да шықты. Аисам киімдерім де тұр, аса құпия запись те тұр. Киініп алып шықтым да кеттім. Бірақ қатты қымбат екен. Жәкем болмағанда арандағандай екем. Енді мә келем дедім шығып бара жатып. Енді мә барам», – деп түйінделеді.

«Бақанастық бұқалар» әңгімесінде адам мен хайуан тірлігі пернеленіп, бір-бірін алмастырып беріп отырады. Ауылшаруашылық саласына қатысты қабылданған бағдарламалардың бірі сатиралық-карнавалдық ағым аясында тамаша әңгімені өмірге әкелткендігін аңғарамыз: «Бұл елдің сиыр атаулысының өмірі керемет. Жайылымы кең, шөбі шүйгін, ішкені Іленің суы. Кешке өрістен келіп, есіктің алдына жата қалса тыңдағандары «Нұр-Мұқасанның» орындауындағы ән. «Бақанас жердің байтағы». Күйіс қайырып жатып «рас,ә» деп бір мөңіреп қояды.

Бұларға заман қанша аунап жатса да бәрібір. Түк әсері жоқ. Жануарларыңызға ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың арасында ешқандай айырма жоқ. Үйткені бұлар ХІХ ғасырда да осы күнді көрген. Кешегі социализмнің кезінде жеген жем-шөбін капитализмнің тұсында да жеп жатыр. Осы ауылдағы көпті көрген ең кәрі сиыр Әбдібектің Мартасы бәрін біледі. Соның өзі «СССР мен Тәуелсіз Қазақстанның қандай айырмасы бар?» десеңіз, құйрығымен арқасын бір салып қалып: «какая разница» дейді. Разница большая. Әрине біз үшін. Ал, оларға бәрібір. Сүйтіп ата-бабаларынан бері келе жатқан дәстүрді бұзбай бақуатты өмір сүріп жатқан. «Құнажын көзін сүзсе, бұқа бұйдасын үзіп кетіп» көбейіп алып, қыс келгенде қоңдылары етке айналып, азайып қалып дегендей ғой. Ең, бастысы бейбітшілік заман еді. Тату-тәтті, бақытты дегендей. Облыс әкімі кім, аудан әкімінің орнына кім келіпті, мемлекеттің ұстанған саясаты қандай? Оларға поффик. Және мәңгібақи солай өмір сүре береміз деп ойлаған. Әртүрлі бағдарламалардың, анау-мынаулардың бізге қатысы жоқ, оның барлығы адамдардың өздеріне арналған деген түсінікте болатын. Бірақ, айдың-күннің аманында осы өмірлеріне өзгеріс енді. Бізге қатысы жоқ, оның барлығы адамдардың өздері үшін дегенмен, абайсызда бір бағдарлама бұлардың өмірлеріне үлкен өзгеріс алып келді».

Бір қарағанда бұл сиыр туралы болғанымен автор өзінің астар мәтіні арқылы бір қалада тұратын «орыс тілді және қазақ тілді» қазақ қоғамын аллегориялап отырғаны ұғынылады. Автор өзіндік ойын,

Бірінші жағдайда автор – сайқымазақтанады, өз жек көрушілігін сатирамен паш етеді. Екінші жағдайда оның ойдан шығарылған персонажы сайлау науқанының сынағынан өтеді.

*«Сайлау күні көйлектерінің бәрін үтіктеп, ретке келтіріп, мектептің жанында тұратын Әркен ағалардікіне апарып қойды. Шетінен киіп, дауыс беруге сақадай-сай.*

*Сайлау басталды. Алғашында өзінің көйлегімен кіріп, өз атынан дауыс беріп шықты... Екінші көйлегін ауыстырып келіп, Тәуелсіздік көшесі 24 үйде тұратын Тұрықбаева Қадишаның атынан беріп шықты. Үшінші көйлекті киіп, басына әдемі қалпақ киіп, көзіне көзілдірік тағып, тағы да кіріп шықты. Бұл жолы Ассамблеяның 16 жылдығы атындағы көшенің 96 үйіндегі Каримова Венераның атынан дауыс берді... Бәрі жақсы, бәрі сәтті. Бірақ, анау бақылау комиссиясында отырған жас жігіт бұған бір түрлі ішіп-жеп қарайтын сияқтыма, қалай өзі. Әшейін бақылау комиссиясының адамы болса бір жөн екен-ау... қарсы жақтан түсіп жатқан үміткердің сенімді өкілдерінің бірі екен. Ол да тегі қыз көрмегендей. Ол жігіттің ішіп-жеп қарайтынындай бар».*

Бұл арада «көйлек ауыстыру» комедиялық ситациясы негізінде автор ирониялық эффекті тудырады. *«Біздің Кәмила осы мектептегі ең жас, ең әдемі мұғалымалардың бірі. Шынын айтсақ, ол жігіт те Кәмилаға ұнаққырайтын сияқты. Басы бос па екен-ей... Құрсын, онда нең бар, Кәмила, жұмысыңды білсейші, жаным-ау. Так, енді төртінші кезек. Кәмила төртінші көйлекті киіп, төртінші мәрте мектепті (нөмірі 99,9 сайлау учаскесі) бетке алып келе жатты. Бақылау комиссиясындағы жігіт сыртта темекі шегіп тұр екен. Бұл оның жанынан өтіп бара жатқан да ана жігіт биязы дауысымен:*

*-Алдыңғы киген көйлектеріңізге қарағанда мына көйлек сізге әдемі тұрады екен...-деді».*

Автор бақылау комиссиясында отырған жас жігіттің пікірі арқылы қоғамымызда сайлау кезінде орын алатын келеңсіздікті арулардың «сән үлгісін көрсету» нөміріне айналдырады. Осы арқылы қаламгердің ұтқаны қазақ қоғамындағы елеулі оқиғаны ұлттық күлкі арқылы карнавалдандырады. *«Кәмила тілін жұтып қойды. Табаны жерге жабысып қалды. Ақырындап жігітке қарады. Жігіт: – Да, больше идет, – деп орысшалап қосып қойды.*

*Кәмила жігіттің бетіне жәудіреп қарады. Жігіт тек тұрмайтағы да:*

*– Имандай шыным, алдыңғы үш көйлегіңізге қарағанда мына көйлегіңіз өзіңізге сұмдық жарасады екен. Осы көйлегіңізбен жүре беріңізші, – деді.*

*Кәмила енді тұра берудің жөні жоқ екенін біліп, мектептің ішіне кіре жөнелді. Кірген бете дауыс беретін жаққа қарай емес, мектептің артқы жағына шығып кететін кочегарканың есігіне беттеді. Сол есікпен шыққан күйі футбол алаңын кешіп өтіп, айдалаға маңып бара жатты. Енді не болар екен? Білмеймін».*

Қыз бен жігіт арасындағы «ұнату мен жек көруді» антитезалайды. Бақылау комиссиясында отырған жас жігітте «ұнату» сезімі басым болса, Манасова Кәмилаға керісінше өзінен-өзі жиреніп «жек көрушілік» орын алып, басы ауған жаққа маңып кетеді. Оқырман Бейбіт Сарыбай сатирасының құдіреті негізінде ауыр ойға қалады. Міне, сатиралық-карнавалдық реализміне тән оғаш финалдық аяқталымға жолығамыз.

Келесіде Бейбіт Сарыбай прозасы қазақ мәдени дүниесін «бастан аяқ төңкеріп» Жаңа ғасырдағы көркемдік әлемімізде орын алған сатиралық-карнавалдық ағымы аясында Алматы қаласы төңірегіндегі орын алған әркілы қоғамдық құбылыстардың «көлеңкелі тұстарын» бейнелейді. *«Үндістанға сапар» атты әңгімесіне қазақ отбасысының «Шайдан екі билет ұтып алуы» арқау болады. «Күндердің күнінде сүйінші хабар келді. Индияға екі билет ұтып алдық. Ал, қуан. Өзі бар болғаны екі билет. Үйдегі жеті-сегіз адам тұтас қуанып жүрміз. Бәріміз баратындай. Қуанышымыздың арты проблемаға ұласты. Кім баратынын шешу қиын болды. Мен махаббат туралы жазып жүрмін, сондықтан Тәж-Махалды көруім керек деп мен шықтым. Ол шайды мен сатып алғанмын деп әйелім шықты. Именно сол шайды сатып алатын күні прадуктыға ақшаны мен бергенмін, менің пенсияма алғансыңдар деп папам шықты. Ауылдан туысқан апамыз келген еді, «Калияндидің елін көзіммен көріп қайтсам арманым жоқ еді» деп ол кісі үміттеніп қояды. Ана, басқа-басқа сіз қыстырылмай-ақ қойыңызшы деп айтайын дедім де көңіліне қарадым».*

Автор кез келген қазақ әулетіне тән «Құдаға кім барады?» проблемасын бастан-аяқ төңкеріп береді де, әңгіме финалын: *«Сөйтіп Делидің дәмін дәретханадан бастадық»,*-деп оғаштандыра аяқтайды.

«Бәукеш алған бас бәйге» және «Хат» атты әңгімелерінде Бейбіт Сарыбай қоғамдағы шығармашылық адамының өмірін арқау етіп алып, қазіргі замандағы талант пен дарынсыздықтың арасындағы күресті ащы сатира тілімен түйрейді. Бірінің жазылу мәнері – бірінші жақтан баяндалушы авторлық монолог болса, екіншісінің жазылу эпистолялық стиль негізінде өрімделеді. Енді «Бәукеш алған бас бәйгенің» басталуы мен аяқталуынан мысалдар келтірейік.

*«Бәукеш бүгін үлкен үмітпен оянды. Құдай қаласа кешке жақын ұланасыр болмаса да, кішігірім*

себепті автор біз болуы мүмкін емес деп санайтын өмірді шынайыландырып, ащы сатира арқылы ұлтына ұсынады.

Постмодернизмді қош көрмейтін кейбір зерттеушілеріміз қазіргі қазақ прозасындағы кейбір туындылардың бойында әлдебір абстрактілі структура ұшырасатынын орынды аңғарып жүр. Гипперраелизм бағытындағы сатиралық-карнавалық ағымда жазылған туындылардың мәтіндік түзілімін тап осындай абстрактілі структураларға жатқызуға болады. Осындай топшалау жасаулар бір қарағанда қисынсыз көрінсе де, түптеп келгенде ирониялықтың екі қырын танытатын пародиялау мен карнавалдық бірін-бірі толықтырып отыратындығын танытады.

Тарихи-мәдени кезеңдермен салғастыра қараған мезетте қазақ прозасында қаламгерлер қаламы арқылы көрініс тауып жүрген пародиялау мен карнавалдық өз құпиясын ашып, ғылыми ортаға нышандық жағынан түсінікті бола түседі. Әдеби шығарма бойынан оның мәтінінде бар элементтер және аталған мәтінде жоқ элементтердің арасындағы байланысты қарастыруымыз қажет, әрі оны іздестіруге тиіспіз. Пародия мен карнавалдықтың қатар ұшырасуы шарт емес. Бірі арқылы екіншісінің барлығы аңғарылады. Бұл сатиралық-карнавалдық туындының шындыққа қатыстылығы болып табылады. Оны әр оқырман өз тарапынан саралайды. Өзіндік жорамалын алға тартады.

Біз өзіміз сөз ететін сатиралық-карнавалдық турасында осы шындыққа қатыстылықты негізге алдық. Қазақ қаламгерлері өз хикаяттарында, роман әңгімелерінде сатиралық-карнавалдық тіл айшықтылығын өз стильдік ерекшеліктерін әрқилы тұрғыдан, бірін-бірі қайталамай таныта білді. Сатиралық туындылардың аса өзекті қоғамдық мәселелерге қатысты маңызды рөл ойнайтынын бәріміз білеміз. Оның жанрлық ерекшелігін стильдік негізде игеру қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық-карнавалдық ағымның түп негізін құрап отыр. Әдеби пародия сыни бағытты ұстанып, қаламгердің поэтикалық шеберлігі арқылы сатиралық-карнавалдық стильді қолдануына мүмкіндік береді. Осылайша бір кездері заманалық модернизмге тән делінген ирониялық авангард қазақ әдебиетінде де өз орнын тапты. Ең алғаш ирониялық авангардты Дулат Исабеков өмірге әкелді. Ол фольклордан бастау алған ұлттық күлкі мен автордың өмірді ащы әуажамен түйрейтін поэтикалық шеберлігінен тұрады. Бұл кейбірде прозалық жанрдың өзгеріске түсуін ескермей, бірыңғай юморлық туындыға жатқызып жүрген шығармаларды қайта қарап, сатиралық-карнавалдық шығарма екендігін теориялық тұрғыдан дәлдеп шығуға түрткі болатын басты нышан.

XXI ғасыр прозасында оның жалғасын біз қазіргі жас жазушылар арасында белгілі болған Бейбіт Сарыбайдан таптық. Ол өзі ұстанған сатиралық-карнавалдық реализіміне орай қаламгер күлкісі жұртқа түсінікті болу үшін оны қоғамда орын алатын белгілі бір маңызды оқиғамен байланыстырады. "Мода – 2016" әңгімесіндегі күлкінің жетекші идеясы – сайлауалды алашапқынын әужалау. Әрі бұдан әр сайлау комиссияларында болған жан өзін таниды. Бұл қаламгердің жетістігі. Өйткені, оның қаламынан туған күлкі қоғамдық маңызға ие: *«Қала шетіндегі ықшам ауданның тұрғыны Манасова Кәмилә таныстарынан көйлек іздеп жүр. Ол осы ықшамаудандағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Міне, бес жылда бір келетін мода, ой, модасы несі, сайлау жақындап қалды. Кеше мектеп директоры барлық мұғалімді жинап алып, қатаң түрде тапсырған.*

*– Егер кімде-кімнің жауапты көшесінен адам аз келетін болса, сол адам жұмысымен қошайтыса берсін. Ал қоштасқыларың келмейді екен, жұмыс істеңдер, – деген».*

Бейбіт Сарыбайдың басты ерекшелігі өз кейіпкерлерін күлкінің құрбанына айналдырады.

*«Кешіріңіз, дәл мына заманда ешкімнің жұмысынан айырылғысы келмейді. Ал әділет дегеннен үміттерін әлдеқашан үзген тұрғындар сайлауыңа айдаса келмейді. Не істеу керек? Әрине, баяғы жоспарды іске асыру керек. Ол қандай жоспар еді? Бір мұғалім бірнеше рет кіріп, дауыс беруі керек. Әркімнің атынан, әртүрлі киіммен... Лажы болса, әртүрлі түрмен. Жалаңбас жүргендері болса, мүмкіндігінше әртүрлі шаш үлгісімен. Міне, нөмірі 99,9 орта мектебінің ұстаздар қауымы Б жоспарын іске асыру үшін, көйлек іздеу жұмысын бастап кеткен. Кәмилә да осы мақсатпен қаланың арғы басы мен бергі басын шарлап, шауып жүр. Қалқамандағы кластасы, Дорожниктегі жеңгесі, Орбитадағы әпкесі, Құлагердегі құдашасы дейсіз бе, әйтеуір бәрін аралап шықты. Тіпті Развилкадағы ренжісіп қалған группаласына да соқты. Бірінікі үлкен, бірінікі кіші болып қалады. Енді бірінікі құйып қойғандай тура. Не керек сөйтіп жүріп төрт-бес көйлектің ретін келтірді. Өзінің іліп алар төрт көйлегі бар. Сонымен сегіз адамның атынан кіруге толық мүмкіндік табылды».*

Манасова Кәмиләнің бойына сайлауалды науқаны кезінде үнемі алашапқын болатын қазақ анасының бейнесі тоғыстырылған. Комизмнің туындауының екі себебі бар: бірі – өмірден алыну, екіншісі – ойдан шығарылу. Жазушы көзбен көргенін ойдан шығару арқылы жұртқа ұсынады.

Әділбекова Л.М.<sup>1</sup>, Саметова Ж.Ш.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## БЕЙБІТ САРЫБАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ САТИРАЛЫҚ ПЕН МЕЙРАМПАЗДЫҚ КӨРІНІСІ

*Аңдатпа*

Мақалада көркем әдебиеттегі сатиралық пен мейрампаздық туралы кейбір ой-пікірлер пайымдалып, шығарманың иронияның көркемдік-стильдік қызметіне талдау жасалады. Ирония – қоғам мен адам кемшіліктерін қабылдаудың көрінісі. Автор қолдап, қостап отырғандай болып, оны бекіте түскендей көрінгенімен, шын мәнінде, оны күлкі етіп, теріске шығарып отырады. Көркем шығармада сатиралық пен мейрампаздық белгілі бір құбылыстарға эстетикалық баға берудің амалы ретінде көрінеді. Одан бөлек Бейбіт Сарыбай шығармаларындағы сатиралық-мейрампаздық (каранавалдық) мазмұндағы шығарма түрлерінің барлық элементтер бірлігі мен тұтастық жиынтығы толық суреттеледі. Оны біз автордың көркем ойлау формасының көрінісі десек, «Біздер, біздер...» жинағына енген шығармаларының жалпы мазмұндық, стильдік сипатынан да байқаймыз.

**Түйін сөздер:** проза, сатира, мейрампаздық, ирония, сыншылдық көзқарас, астыртын мағына.

Ұлт прозасындағы сатиралық-мейрампаздық (каранавалдық) ағымның көркемдік жүйесіне қатысты сөз еткен шақта, өнер туындысы басқа көркем туындылардың фонында ғана қабылданып, оқырман тарапынан тек қана пародия ғана туғызып қоймайды, сонымен бірге, белгілі бір үлгіге қатысты салыстыру мен қарсы қоюды да өмірге әкелетіндігін ескеруіміз қажет. Бұл жерде біз үшін әдеби үлгі карнавалдық болып отыр. Бахтинше ой түйіндесек, суреткер-прозаик үшін өзі бағдар ұстанған әлем бөтен сөздерге толы, оның айтпақ ойы бұрын сөз етіліп қойған, сол себепті, одан тек антистиль арқылы ғана құтылуға болады. Сондықтан, қолына жазушы «өзгенің әсеріне түсу» қауіпінен сескенеді де, өзінше жазуға талпыныс жасайды. Қазақ карнавалдығы осындай жанашыл ізденіс нәтижесінде өмірге келді. Карнавалдық барлық қазақ қаламгерлерінде «оба кезіндегі той» әлемдік әдеби сюжеттік-мотивінің бой көрсетуі арқылы ұшырасады.

Шығармалар мен авторларды олардың ұстанған бағыттарына қарай топтаудағы алғаш пікірді 1864 жылғы И.Теннің «Ағылшын әдебиетінің тарихы» атты еңбегінен кездестіруге болады. Оның «ірі тарихи ағымдар, яғни ұзақ уақыт үстемдік құратын белгілі бір ойлау түрі мен соған міндеттейтін ұғымдар» туралы айтқаны сол кезеңдегі бетбұрысты пікір деп танылады [1, 139].

Қазақ анекдоттық ертегісі Алдар Көседен бастау алған, Аяз бидегі әлеуметтік сатираға өзек болған ұлттық юмористика Ы.Алтынсарин мен Т.Жомартбаев ертегілерінде бой көрсетіп, езуімізге күлкі үйірсе, өз шырқау шегіне атақты балалар жазушысы Б.Сокпақбаевтың «Менің атым – Қожасында» жетті. Ал қазіргі прозадағы қазақы күлкіге толы айрықша стильді Бейбіт Сарыбай шығармалары да жеке зерттеу нысаны болуға сұранып тұр. Оның комизмі – қазақ әдебиетіндегі ерек құбылыс. Күлкі арқылы ұлттың санасын түртпектеп ояту, комизм элементтерін орынды қолдана білулері аталған жазушы шеберлігінің өзіндік бір қыры болып табылады.

Алдымен ХХІ ғасырдағы жазушы қаламының құдіреті арқылы жарқырап танылған «Карнавалдық бастау көзге» тоқталайық. ТМД кеңістігінде әлем әдебиетінде ерек із қалдырған қаламгерлердегі «Карнавалдық бастау көз» жайында Н.Гоголь шығармашылығына қатысты – Ю.Манннан, Ф.Рабле шығармашылығына қатысты – М.Бахтиннен асырып әлі ешкім зерттеу жасай қойған жоқ.

Қазақ әдебиеттануында бұл мүлдем тың тақырып екендігі айтпаса да түсікті. Ж.Қорғасбек, Д.Қуат, Б.Сарыбайлардағы қазақ күлкісі, ұлт күлкісі тереңіне бойлап барып қарастыруды керек етеді. Бахтиннің сөзімен айтсақ: «хотя он был корифеем народного хора только в эпоху Ренессанса, он такою ясностью и полнотою раскрыл своеобразный и трудный язык смеющегося народную смеховую культуру других эпох» [2.,510]. Ұлттық күлкінің Ы.Алтынсаринде («Бай баласы мен жарлы баласы») – ағартушылық мақсатта балаларға қарата, Т.Жомартбаевта («Қыз көрелік») – ересектерге қарата заманалық ұлт өміріндегі келеңсіз оқиғаларды ащы сатира тілімен ертегіге айналдырып беруі бір кездегі бабаларымыздың білімсіздіктен орыстың отарына айналуы мен отарланған ұрпақтың басқалардан кем болып, өзгенің құлдануына көндігуіне деген ащы күлкінің табы әр жолдарынан сезіліп отырады.

Осы үрдіс ащы сатира арқылы Б.Сарыбайдан да көрініс тауып отыр. Реалистік өмірдің барша қырын ашуда бейреалдылық және фантастикалық сатира өзінің міндетін тамаша атқарады. Сол

тұрмыс», төңкеріс қарсаңындағы халқымыздың ұлттық салт-санасын, әдет-ғұрып, наным-сенімдерін әңгімелейтін «Сол жылдарда», «Жемістер» повестерінен оның ерекше қаламгерлік қарымы, сарабал суреткерлігі айқын байқалады.

30 жылдарда қазақ-совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі С. Мұқа-новтың қаламгерлік құлашы кемелденіп, роман жанрындағы «Менің мектептерім», «Екпінді» деп аталатын повестері баспадан шықты. Бұл шығармалар да сол кезеңдегі ел ішіндегі ірілі-уақты уақиғаларды, қолхоздасу процесінің өркен жаю кезеңін сипаттайды.

С.Сейфуллин, С.Мұқановтар секілді, поэзия мен прозада қатар қалам сілтеген Ілияс Жансүгіров азаттық қозғалысты, төңкеріс уақиғаларын, азамат соғысын кең құлашта бейнелейтін «Жолдастар» атты көлемді романын, қазақ әйелінің өсу, көтерілу баспалдақтарын суреттейтін «Бақытты Жамал» повестерін дүниеге әкелді. Ал, ұлы жазушы М.Әуезовтің социализм бейнесін сипаттайтын «Білекке білек», «Бүркітші», «Үш күн», «Қасеннің құбылыстары», «Іздер», «Шатқалаң» атты әңгіме-повестері тартыс шеберлігі, образдар тартымдылығы, сапасы жағынан әдебиетіміздегі биік бағаланар шығармалар қатарынан орын алды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

2 Дәдебаев Ж. Шымырлап бойға жайылған. – Алматы: Жазушы, 1998. – 192 б.

3 Әзиев Ә. Қазақ повесі. – Алматы: Жазушы, 1969. – 224 б.

4 Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2015, №3 (53). - 274 б.

*Г.А. Абдукаримова, Н.Ш. Базарбекова, Г.М. Кочербаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова

### **ПОВЕСТИ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

*Аннотация*

В статье рассматривается тенденция развития казахской литературы, произведения казахских писателей в начале XX века. Обсуждается влияние идеология советских времен на творческих деятелей писателей. Выделяется особое внимание на их мастерства. Приводятся методы и способы в написании художественного произведения. Анализируется повести казахских писателей.

Основные тематики художественных произведений в начале XX века были возрождения эпохи Советского союза, эти произведения охватывают проблемы возникновения коллективных хозяйств, конфискация бай-кулаков, разные действия сторонников Советского союза. Некоторые казахские аулы категорически отказали от власти Советского Союза. В связи с этим в произведениях этого же периода всесторонне описываются их действия и противостояния. Люди из этих аул не хотели принимать новости власти, все эти новости они считали плохим и вредным. Вместе с этим в произведениях критикуются невежество казахского народа, потому что они продавали своих дочерей за богатого, но старого человека ради богатств. В начале XX века некоторые казахские интеллигенты предполагали, что если мы будем подчиняться Советским властям, то мы постепенно потеряем и свой язык, и свой менталитет. Поэтому казахские ученые боролись за будущее своего народа, защищали свою Родину, свой язык и свою землю.

**Ключевые слова:** литература, писатель, эпоха, произведения, проза, повесть, человек, коллективное хозяйство, Советский Союз.

*G.A. Abdukarimova<sup>1</sup>, N.S. Bazarbekova<sup>1</sup>, G.M. Koshberbaeva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>South Kazakhstan state university named by M. Auevov

*Shymkent c. Kazakhstan*

### **THE GENRE STORY IN THE BEGINNING OF XXI CENTURY IN KAZAKH LITERATURE**

*Abstract*

The article considers the trends in the development of Kazakh literature, the works of the early 20thcentury Kazakh writers. The influence of the Soviet era of ideologies on the creative activities of writers allocated special attention to their skills provides methods and techniques in the writing of literary works Kazakh writers analyze the story.

The main topics of art creation at the beginning of XXI century were renaissance soviet. These creations include the problems of emergence collective farms privation of monied, various actions of supporter soviet union. Same Kazakh villages refused flatly from soviet union. What with in creations same period far and wide describe their actions and oppositions. The peoples of these villagess did not want to accept the news of aurtrority, all these news they saw fit are needless there are criticized ignorance of Kazakh people, because they closed out their daughters for moneyed. At the beginning of XXI century some Kazakh intellectuals proposed, that if we will submit to soviet union, we phaso out will lose our language and mentalism. Why Kazakh scintifics opposed for the future of people, delended our Mother long.

**Key words:** era, work, literature, writer, prose, novel creation, epoch, story, human, collicture farm, Soviet union.



тіпті жаңа белеске көтеріледі. Ол қазақ әйелінің, «төмен етекте» делініп, ешбір қоғамдық маңызы бар іс-әрекеттер мен қимыл-қозғалыстарға араластырылмай келген нәзік жыныстылар қауымының ендігі жерде қараңғылық тұмшалаған қазақы ескі әдет-ғұрып, салт-сана құрсауынан шығып, жаңа өмірге, жарқын келешекке қадам басуын, тең құқықтылыққа қол жеткізу жолындағы тартыс-күресін, көрген қиыншылықтары мен азап-қорлықтарын, солардың өтеуі есебіндегі нақты жеңісін нанымды суреттейді. Қазақ жастарының сана-сезімдерінің бұрынғы қараңғылық құрсауында, надандық қамытында қалмай, оқу мен өнер-білімге, мәдениетке ұмтылуы, азаттық, теңдік мәнін ұғынулары да Бейімбет шығармаларында өз өрнегін, нақышын тауып, жігі білінбей жалғасып жатты. Жоғарыда аталған шығармалардың қай-қайсысы болмасын, өз кезіндегі елеулі дүниелердің бірінен саналып, қазақ қауымының әдеби шығармаларға шөліккеп, сусап тұрған шағында қажетіне жарағандығы, жазушының қаламдас достары мен ізбасар інілерінің шығармашылық беталыстарында белгілі дәрежеде бағыт, бағдар, көрсеткіш болғандығы сөзсіз.

Қазақ әдебиетіндегі проза жанрының қалыптасуында айрықша еңбек сіңірген ұлы қаламгер, айтулы көркемсөз шебері М. Әуезов сөз болып отырған кезеңде халық өмірінің шындық болмыстарын шынайы бейнелейтін бірқатар әңгімелерімен бірге, «Қараш-Қараш оқиғасы» (1927), «Қилы заман» (1928), «Көксерек» (1929) тәрізді повестік туындыларын өмірге әкелді. Бұлардың ішіндегі шоқтықтысы – «Қараш-Қараш оқиғасы» тап тартысының өршіп, қоғамдағы әлеуметтік жағдайлардың шиеленісіп тұрған уақытында жазылды. Ол нағыз өмір шындығынан екшеліп алынған уақиғалар негізінде, халқымыздың аяулы ұлы, белгілі мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұлдың жүрегі кек пен ызаға толып, Талғар тауының Қараш-Қараш атты биік асуында ата жауы Саймасай болысты атып өлтіріп, Алматы абақтысында жатуы жалаң сипатта жадағай бейнеленбей, айрықша көркемдік тәсіл-амалдармен әсерлі баяндалады. Мұнда қазақ өмірінің төңкеріске дейінгі надандық қамытындағы ескі, бірсарынды тіршілігі, әлеуметтік теңсіздік жағдайы, бітпейтін күрес, тартыс пен тайталас өзгеше кескінде өз бітімін табады. Ал, «Қилы заман» шығармасында Қазақстанның Ресейге қосылуы кезіндегі ел арасындағы дүбірлі өзгерістер, қарама-қайшылықтар, әрқилы көзқарас иелерінің іс-әрекеттері мен қозғалыстары суреттелсе, «Көксерек» повесі жазушы таланты мен шеберлігінің деңгейін айқын танытады. «Шығарма мол ізденістің, тынымсыз еңбектің жемісі. Көлемі шағындау болғанымен, повесть жанрының еншісіндегі бұл туындыда терең мағына, биік философия түйінделген» [4, 127 б.]. Тұз тағысы қасқыр жыртқыш болғанымен де, оның да адамдар секілді қайғыра білетіндігін, сезім иесі екендігін шығармадан анық байқаймыз. Қасқырдың адамдардан көрген мейірімсіздігін, оның жан дүниесіндегі күйзеліс пен арпалысты соншалықты шебер суреттегендіктен, оның өзін асырап-баққан, аялап өсірген Құрмашқа шабуылын жыртқыштық қасиет аумағынан емес, тіпті де басқа жақтан іздейсің.

Жазушы мұнда барша тіршілік иелерін белгілі бір мөлшердегі сана-сезім иесі ретінде қабылдау, олардың тыныс-тіршілігіне зиян келтірмеу идеясын айтуды көздейді. Жалпы, М. Әуезовтің бұл шығармалары сол кезеңдегі әдеби процестің жай-күйінің, даму қарқынының реалистік бет-бейнесі.

Революцияның жалынды жыршысы, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллин осы кезеңде «Жер қазғандар» (1928) повесін дүниеге келтірді. Бұл шығарма жұмысшы тақырыбындағы әдебиетіміздегі алғашқы шығармалардың қатарынан саналады және онда Көкшетау теміржолшыларының тіршілігі баяндалады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, проза мен поэзияда бірдей қалам тербеген Сәбит Мұқанов бұл кезеңде «Ақбөпенің сыры» (1927) және «Адасқандар» романдарын тудырды. Алғашқы туындыда қазақ әйелінің бас бостандығына қол жеткізіп, теңдік алуы негізгі тақырып болатын болса, «Адасқандарда» махаббат, екі адам арасындағы ғашықтық сезімі сөз болады.

Сондай-ақ, осы кезеңде Ілияс Жансүгіров пен Ғабиден Мұстафиндердің де жаңа, жарқын өмірді жырлайтын, төңкеріс алдындағы әлеуметтік теңсіздік, байларды кәмпескелеу мәселелерін баяндайтын повестері баспадан шыға бастады. Бұл шығармалар, жалпы сөз болып отырған дәуірдегі барлық шығармалардың негізгі тақырыбы – сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы әйелдер теңсіздігі, қалыңмалға сатылуы, әлеуметтік жағынан тең емес топтардың арасындағы бітімі жоқ күрес пен тартыс және қазақ қоғамының барлық мүшелері де тең құқықтылықпен өмір сүретін бейбіт, азат өмірге аяқ басуы аясында болды.

Ал, 30 жылдардағы әдеби процесс ағымына шолу жасайтын болсақ, бұл кезеңдерде әдебиетіміз жетіліп, тақырыптық ауқымы ұлғайып, айрықша өрлеу сипатына ие болды. Жалынды жазушы Б. Майлиннің «Атылмаған оқ» (1934), «Тартыс» (1935), «Жалбыр» (1936) сияқты ұлы Қазан төңкерісінің қиын да қилы кезеңдерін суреттейтін шығармалары және колхоздасу тақырыбындағы «Он бес үй», «Әміржанның әңгімесі», «Құсайын Құлбеков», «Берен», «Қырманда» атты туындылары баспа бетін көрсе, С. Сейфуллиннің бұл жылдардағы қазақ зиялылары өмірінен хабар беретін «Біздің

«Қай жазушы болса да өз заманының шындығынан алыстап кете алмайды, онымен бірге жасап, көңілдегі ойын заманының проблемалары арқылы көтереді. «Адамды заман билемек» деп Абай тегін айтпаған. Заманмен кереғар болып, онымен ашық тартысқа түсу арқылы ешбір жазушы батыр атағын алмаған. Ол қайта онымен ымыраға келе отырып, дәуір, заман қайшылықтарын көркем образдар арқылы ашқан. Сол арқылы заманына, Чернышевский тілімен айтқанда, үкім шығарған» [1, 162 б.] – деген ғалым С. Қирабаевтың пікірі жазушы мен қоғам арасындағы мызғымас байланысты көрсетеді.

Көркем әдебиет әлемді сөз арқылы эстетикалық жағынан игереді. Ол ірі табиғи өзгерістерді, қоғамдық құбылыстарды, халық өміріндегі басты уақиғаларды, адамзат баласының рухани өмірі мен іс-әрекет, қимыл-қозғалысын, ішкі жан әлемін қамтиды. Әдебиеттің тақырыбы мен идеясы, көркем шығармалардың мазмұны мен пішіні қоғам дамуы барысында басқаша сипатқа енуі заңды да, себебі көркем әдебиет қоғамдық-тарихи құбылыстар қатарына жататындықтан, әдеби шығарманың бүтін болмысы мен элементтері қоғам дамуына сәйкес үздіксіз өзгеріске түсіп отырады.

Әдебиет біздің пайымымызша, өмір құбылыстары мен қоғамдық өзгерістерге нақты да айқын үн қосып отыратын мәңгілік қозғалыс, даму үстіндегі тірі жүйе, организм. «Көркем творчествоның екі объект тұтастығынан туатын бір ғана пәні бар: белгілі қоғамдық орта және сол ортада өмір кешуші адам. Көркем шығарма қоғамдық адам арқылы қоғам тынысын, оның ішкі сыр-сипатын, әлеуметтік бетін танытады. Қоғамдық түрлі құбылыстар арқылы адам жаратылысының сан салалы жұмбақ тылсымдарын ашады. Материалдық өмірдің санадағы сәулелену процесін көрсетеді. Суреткер барлық күш-қайратын адам жанының шындығын танытуға жұмылдырады. Көркем шығарманың әрбір жалқы сынары, деталіне дейін адам өмірімен тығыз байланысты» [2, 155 б.] деген ғалым Ж. Дәдебаевтың ғылыми тұжырымы жоғарыдағы пікірімізді нақтылай түспек.

Әдебиет – өмір айнасы. Ал сол өмір өзін қоршаған ортаға тікелей тәуелді. Ол орта – сол кездегі халықтың саяси, әлеуметтік, қоғамдық жағдайлары. 1917 жылы Кеңес өкіметі билікті өз қолына алғаннан кейін өз саясатын жүргізіп бақты. Сонымен қатар бұл өкімет бұдан бұрын бүкіл адамзат тарихында болмаған бейбіт заман орнатып, коммунизмге жетеміз деп барлық бодан халықты табанды күрес жүргізуге үндеді. Дегенмен, бұл жолда небір қанқұйлы әрекеттердің, қанды оқиғалардың көптеп болғандығы тарихтан белгілі.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойына социалистік формацияда күн кешкен әдебиетіміздің тағдыры сол дәуірдегі Кеңес үкіметі жүргізген саясатқа тәуелді болды. Дегенмен бұл кезеңде халқы үшін жанын қияр ерлеріміз, ақылы биік, өресі кең, білімі мол ардақтыларымыз осылайша күн өткізудің ақыры жақсылыққа апармайтынын іші сезіп, халықтың ұлттық бітім-болмысын сақтап қалудың барынша ұтымды жолдарын іздестірумен болды.

Қазақ прозасындағы повесть жанры жөнінде көлемді зерттеу еңбегін жазған ғалым Ә. Әзиев: «Қазақ повесінің жанр дәрежесіне көтерілу сатысы да өз алдына оқшау жағдайда жүзеге асқан іс емес. Ол Октябрь революциясынан кейін жаңа тұрпатта бастау алған бүкіл әдебиетіміздің қалыптасу процесімен тікелей біте қайнасқан және сол кездегі жазушыларымыздың алғашқы ізденістерін, қиналыстарын, қол жеткен азды-көпті табыстарын айқын таныта алатын мәні үлкен творчестволық мәселе» [3, 22 б.] – деп, сара жанр саналатын повестің қазақ әдебиетіндегі дамуындағы басып өткен жолдары мен асқан асуларының оңай жеңіс емес екендігін байқатады.

20 жылдардың алғашқы жартысында проза саласында қалам тербеген Жүсіпбек Аймауытов «Күнікейдің жазығы», Сабыр Шарипов «Алтыбасар», Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу», Смағұл Сәдуақасов «Салмақбайдың ауылында кооперация қалай орнады?» сияқты дүниелерімен көркем әдебиеттің бұдан әрі қарайғы қарқынды дамуына, кемелденуіне жол көрсетті.

20 жылдардың екінші жартысында проза саласы барынша толысып, толығып, қаулай өсіп, қамтитын тақырып ауқымын барынша кеңейте түсті. Көрнекті жазушы Бейімбет Майлин осы кезеңде жазған «Жастық жалыны» (1926), «Кең атыздың таласы» (1927), «Раушан-коммунист» (1927), «Оспан Олжабаев» (1929) секілді повестік шығармаларында Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі кезеңдегі қазақ ауылының тыныс-тіршілігін, еңбек адамдарының реалистік бейнесін, жастардың сана-сезімінің қараңғылық құрсауынан шығып, ояну деңгейі мен олардың қанаушы топқа қарсы бағытталған табанды күресін, қазақ әйелінің есте жоқ ескі замандардан бері қарайғы «салпы етек, сары қарын» кейіптен шығып, қоғамдық өмірге етене араласуын, күрескер дәрежесіне көтерілуін бейнелейді. Бейімбет өз шығармаларында сондай-ақ, сол кезеңдегі қазақ еліндегі саяси-әлеуметтік жағдайларды, ұжымдастыру шындығын барынша қанық бояумен, айрықша көркемдік тәсілдермен бейнелей берді. Бұрынырақта жазылып, классикалық туынды дәрежесіне көтерілген «Шұғаның белгісі» (1915) повесінде ол қазақ қызының теңсіздік жағдайындағы бейшара, мүшкіл халін, пұшайман жағдайын ғажайып оптимистік рух, асқақ адамгершілік пафоспен бере білсе, «Раушан-коммунист» повесінде

Г.А. Әбдікерімова<sup>1</sup>, Н.Ш. Базарбекова<sup>1</sup>, Г.М. Көшербаева<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Шымкент қ., Қазақстан

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОВЕСТЬ ЖАНРЫ

### Аңдатпа

Қазақ әдебиетіндегі XX ғасырдың бас кезеңінде повесть жанрында жазылған шығармалар негізінен, Кеңес үкіметінің орнауы, колхоздастыру, ұжымдастыру тақырыптарына, бай-құлақтарды кәмпескелеу, шолақ белсенділердің қоқан-лоққы жүргізуі сияқты мәселелерді қамтыды. Бірқатар қазақ ауылдары Кеңес үкіметінің орнауына түбегейлі қарсылық білдіріп бақты. Олардың осыған орай жасаған іс-әрекеттері, қарсылықтары, Кеңес үкіметінің жасап жатқан жаңалықтарын қабылдамауы, оның барлығын жамандыққа теңеуі сияқты көріністер осы кезеңде жазылған повестік шығармаларда көркем де бейнелі суреттеледі. Сондай-ақ, қараңғы қазақ халқының өз қыздарын мал үшін шалға сатуы, қалыңмал мәселелері ашық жазылады. Өйткені, сол кезеңдегі бір шоғыр қазақ зиялылары Кеңес үкіметінің орнауына қарсы болып, орыс халқының боданы болсақ, тілімізді, ділімізді ұмытып, жойылып кету қаупіміз бар екендігін болжай білді.

Мақалада қазақ әдебиетінің даму беталыстары, XX ғасыр басындағы қазақ жазушыларының шығармалары қарастырылады. Жазушылардың шығармашылық іс-әрекетіне, еркіндігіне кеңестік кезең идеологиясының ықпал-әсері талқыланады. Олардың суреткерлік шеберліктеріне айрықша назар аударылады. Олардың өз туындыларында қолданған тәсілдері тілге тиек етіледі. Повесть жанрындағы қазақ жазушыларының тырнақалды туындылары талданады.

**Түйін сөздер:** әдебиет, қаламгер, дәуір, шығарма, проза, повесть, адам, ұжымдастыру, Кеңес одағы.

Қандай халықтың, қандай ұлттың болмасын, рухани, мәдени, тәлтума игіліктерін сол халық немесе сол ұлт өзгеге бодан, кіріптар боп тұрғанда талдап, зерделеу бөлек те, өз еркі өзіне тиіп, өз тізгініне өзі ие болғанда саралап, зерттеу бір басқа. Халықтың, ұлттың рухани игіліктерін жасаушы тұлға – ақын-жазушы өзі ғұмыр кешіп отырған қоғамынан, сол қоғамның талап-тілегінен тыс тұра алмайды. Қоғам ұсынып, талап еткен міндеттерге сөзсіз мойынсыну, сол тілектерді құлшына, еш сөзге келмей орындау бар, сонымен қатар сол талап-тілектерге іштей болса да қарсылық білдіру, шыңғырған шындықты тұспалдап, ишаралап жеткізу бар. Тәуелсіздікті, сол тәуелсіздіктің маңызды да қажетті атрибуты – ұлттық рухты уағыздап, насихаттауға бағытталған талап-тілектер бар, сонымен бірге сананы улап, рухты жаныштауға, мәңгірттендіруге шақыратын талап-міндеттер болғаны ешкімге де жасырын емес.

Күні кешегі кеңестік заманның руханият саласындағы тарихында қазақ әдебиетінің XX ғасырдың 20 жылдарынан басталатын дәуірінің маңызы айрықша зор. Себебі бұл кезең Қазақстанда ауқымды өзгеріс, айрықша формация – Кеңес үкіметінің орнауымен ерекшеленеді. Кеңестік кеңістіктегі өмірдің барлық салада өзгеше із қалдырғанын ескерсек, бұл кезеңдегі әдебиеттің ролін жоғары бағалағанмыз орынды. Кеңес мемлекетіндегі Қазан революциясы, азамат соғысы, өндірісті дамыту, байлар мен кулақтарды тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, қолдан жасалынған аштық секілді тарихи оқиғалардың белең алған сәті болатын. Бәрінен бұрын осынау өзгеріс, жаңару, адамның жүріп өткен жолына ойлылықпен үңілу, болашаққа басқаша қарау – бәрі де қаламгердің санасына орныққан құбылыстар еді дегеніміз жөн. Олай болуы заңды да еді, себебі адам адам болып жаратылып, оның руханияты пайда бола бастағаннан бері, бүкіл адамзат қоғамында өнер иесінің, оның ішінде ақын-жазушының жетекші күшке айналып, мәдени, рухани ауқымды міндеттер атқарғанын ешкім де жоққа шығара қоймас.

Шын суреткердің өзіне деген талап-тілегінің, талғамының әр шығармасын дүниеге келтірген сайын түлеп, түрленіп, өзгеріп, әрқилы қалыпта көрініп отыруы өнердің заңды құбылысы. Дүние құбылыстарын өз зердесіне тоқып алып, содан кейін барып оны жұртшылыққа таныту үшін көркемдік құралдарды таразылау, өзіне дейін қолданылмаған амал-тәсілдерді, әдістерді бағамдау, шеберлік шиырларына тереңдеу – барша қаламгер қауымына етене қасиет болса керек. Дегенмен әр жазушының өмірден шығармасына өзек болар ерекше құбылыстарды, өзгерістерді өз санасына жинап, сұрыптауы, қорытуы, сөйтіп өмір шындықтарын көркем шындыққа айналдыра білу шеберлігі, шығарма жазу барысындағы өзі суреттеп, сипаттап отырған өмір құбылыстарына, уақиғаларға деген өз көзқарасын, дүниетаным деңгейін, берер бағасын жіпке моншақ тізгендей етіп, нәзік те әсем иірімдермен, жігін білдірмей, шығарманың өн бойына бірдей таратуы әрқилы деңгейде болатыны аян.

тарихында дәл Абайдай шексіз әділ, қатал сыншы болған жоқ. Бірақ оның қаталдығы әкенің баласына деген талапшылдығы секілді жанашыр қаталдық еді.

«Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек бекер мал шашпақ» секілді қазақ қоғамының денесін жегі құрттай кеміріп жатқан дерт атаулының күллісінің себебін Абай өз ұлтының жалқаулығынан, жұмысы жоқтығынан көреді. Ол «жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық» толық адам мен кәміл мұсылманның ең басты дұшпаны деп білді. Абай бұл дерттердің дауасы ретінде «еңбек терапиясын» ұсынады. Ұлы ақынның көзқарасы бойынша еңбек қазақ өмірінің ең басты культіне айналуға тиісті болды. Оның шығармаларында рухани жетілудің, адам жанының тазаруының ең басты кілті еңбек екендігі жеріне жеткізіле дәлелденді.

Адам қайтсе қалады адам болып? Абай шығармаларының ең басты сұрағы, көкейтесті проблемасы осы болды. Өйткені адамдары кемел адам дәрежесіне көтеріліп, рухани жағынан толық жетілген қоғам ғана бақытты бола алатын еді. Ұлы ойшыл өз кезіндегі отандастарының қай-қайсынан да осыны өте терең түсінді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Абай. Шығармаларының бір томдық жинағы. – Алматы. Жазушы, 1961. – 695 б.
- 2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, 18-т. – Алматы. Ғылым, 1985. – 448 б.
- 3 Әбдіғалиев Б.Б., т.б. Саяси ой тарихы. – Алматы. 2003. – 280 б.
- 4 Ғабитов Т., т.б. Мәдениеттану. – Алматы. 2002. – 408 б.
- 5 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. – Алматы. 1998. – 256 б.
- 6 Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы. 1997. – 271 б.
- 7 Ізтілеуова С.Д. Абай және Шәкәрім шығармаларындағы рухани үндестік [Электрон.ресурс].  
RL:[http://kaznpu.kz/docs/Filol\\_2.2010.pdf](http://kaznpu.kz/docs/Filol_2.2010.pdf).

С.Асылбекулы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

#### **ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ КНИГА СЛОВ АБАЯ**

Аннотация

В этой статье всесторонне анализируются слова назидания казахского поэта, философа, композитора Абая Кунанбаева, в том числе, особенности, философские аспекты, стиль и жанр, поэтика. Рассматриваются психологические аспекты, соотношение времени и общества, социальных отношений человека с обществом. На конкретных примерах доказывается, что концепция Абая Кунанбаева полноценного и нравственно зрелого человека гармонично сочетаются с постулатами исламской религий и общечеловеческими принципами гуманизма.

**Ключевые слова:** совершенный человек, гуманизм, наука, мужества, сердце.

S.Asylbekyly<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical university named after Abay

#### **THE SPIRITUAL LEGACY OF ABAI'S KARASOZ**

Abstract

This article is devoted to the great Kazakh poet, philosopher and composer Abai Kunanbayev's words and its spiritual patterns, philosophical insides, genre and style of his poetics. Another things which this article discusses are psychological aspects of century and society, society and human and its interrelation. Abai's concept of a wise person and humanist postulates of Islam and all humans principles of humanism are inseparable and this is given with exact samples.

**Key words:** perfect man, humanism, science, Heart, valor.

Абайдың ойынша, адам баласының ең үлкен ұстазы Алла Тағала мен пайғамбар. Адамгершіліктің ақ жолын әрбір толық адам, кемел адам солардан үйренуі керек, сонда ол екі дүниеде де опық жемейді. Сондықтан да қазақ ақыны былайша тебіренеді:

Алла мінсіз әуелден, Пайғамбар хақ,  
Мүмин болсаң үйреніп сен де ұқсап бақ.  
Құран рас, Алланың сөзі дұр ол,  
Тәуиліне жетерлік ғылымың шақ [1,297].

Ислам дінін адамгершілік пен имандылықтың бұлағы деп ұққан ойшыл алайда Алла Тағалаға да, оның қасиетті кітабы Құран Кәрімге де көзсіз табынуды жақтамайды. Алланың да, Құранның да хақиқаттығына, барлығына өз ақылыңмен жет, сонда ғана оларға деген сенімің нық болады дейді. Ақылмен ұғып сезіммен тұшынбай алған білім де, сенім де осал, тайғанақ болады деген өсиет айтады. Абай ислам дінінің қағидаларын өзінің адамгершілік идеалдарын насихаттауда өте орынды, әрі шебер пайдалана білген, осы тұрғыдан келгенде профессор Т.Ғабитовтың «Абай исламды қазақ халқына тұрақты және өркениетті жоғары имандылықты қалыптастыру құралы ретінде уағыздады [4,279]» деген пікірінде жан бар.

Қазаққа білімді, ғылымды, жаңа технологияны орыстан, батыстан үйренуді ұсынған Ы.Алтынсарин де, Абай Құнанбаев та алайда олардың христиандық моралын қабылдауды ұсынған жоқ (Олардың ұлылықтығы да осында еді). Батыстың білімі мен технологиясын ал, бірақ жүрегінде рухыңды, төлтума мәдениетіңді ешкімге сатпа, қайта алған білімің мен ғылымыңды соларды қорғап қалу үшін пайдалан. Бұл тәлім өзінің мәні мен мағынасын дәл бүгінгі күні де жойған жоқ. Жартылай маргиналданған қазіргі қазақ қоғамы ұлы бабаларының осы өсиетін орындау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға арғы-бергі, одан қала берді келешек ұрпақтардың алдында міндетті.

Абайды тұлға ретінде XIX ғасырдың II жартысына қарай бұрынғыдан да іріп-шірі бастаған, өзге елге кіріптарлықтан материалдық жағынан ғана емес, рухани тұрғыдан да қайыршыланып, азып-тозған қазақ қоғамының шындығы, қарама-қайшылықтары туғызды. Әлемдік өркениеттен көш кейін қалып, барлық жағынан көтерім малдай тұралай бастаған қазақ жұртының алдында енді ұлт, этнос ретінде болу немесе біржолата бордай тозу секілді қатал дилемма тұрды. Халықты осы тығырықтан алып шығатын рухани көсем керек еді. Міне, осы тарихи қажеттілік қазақ мәдениетіне Абай Құнанбаев атты феноменді дүниеге алып келді. Ақын, аудармашы, композитор, философты... Ақын ретінде ол қазақ поэзиясына жаңа түрлер мен терең мазмұн алып келсе, аудармашы ретінде батыстың озық мәдениетінің мол жарығын қазақ сахарасына әкеп төкті. Музыкаға, орыс әуеніне де, қазақтың дәстүрлі ән өнеріне де ұқсаңқырамайтын өзгеше бір ғажайып туындылар сыйлады, ал философ ретінде қазақ ой-санасын әлемдік стандарттардың биігіне көтерді.

Өз кезіндегі қазақ қоғамын тығырықтан алып шығудың ол өз ұлтының рухани көсемі ретінде бірден-бір дұрыс, әрі төте жолын көрсете білді. Ендігі заман білектінің емес, білімдінің заманы болатынын мергендікпен байқады. Сондықтан халқын, жатпай тұрмай, білім мен ғылымды, кәсіпті игеруге шақырды. Ал білім, ғылым бойға қону үшін ұлттың ең алдымен адамгершілік жағынан жетілуі қажет еді, өйткені жүрегі ізгілікке бөленген адам ғана өнер мен білімді іздемек. Надан, адамгершілікке тапшы жұрттар өнерді, білімді қайтсын. Сондықтан да ұлы ақын өз халқының жанын ағартуға, оны надандықтан тазартуға бел шеше кірісті.

Адам жанын ізгілендірудің тағы бір ең тиімді жолы – өнер деп біледі. Абай бұны түсінбесе, Абай болмас еді. «Өнер алды – қызыл тіл» деп айтпас еді. Өнер алды – әдебиет дегенді ол өзі ақын, әдебиетші болғандықтан пендешілікпен айтқан жоқ, көркем әдебиеттің бір басынан мүсін өнері мен кескіндеме өнеріне тән пластика мен көрікті, сәулет өнеріне тән сымбатты, музыкаға тән ғажайып түпсіз терең сырды, гормонияны тапқан соң айтқан. Сондықтан жас кезінде сол кездегі қазақ байларының салтымен ақындықты өлеңшілік көріп менсінкірмей жүрсе, ақылы, білім толысып кемелденген шағында барлық күш-қуатын, дарын күшін енді ақ қағаз бен қара сияға салып, сөз өнерін бар жан-тәнімен өбектетеді. Көркем әдебиеттің адам өміріндегі тарихи басты миссиясы мен оның ойшыл, рухани көсем ретінде алдына қойған азаматтық басты мұраты адам жанын ағарту, ізгілікке бөлеу мұраты ретінде құп үйлесе кетті. Сөйтіп жүріп өзінің ақын, жай ақын емес, ұлы ақын болғанын байқамай да қалды. Осылайша өнері оның өмірінің дерті мен сертіне айналады.

Абай өз сөзімен айтқанда, қазақтың сөзін (яғни көркем әдебиетін) түзеді, оны дұрыс жолға салды. Бұрынғы әдебиет негізінен «қызды айтып, қызықты айтып» сөз өнерін көптің жай әшейін уақыт өткізетін ермегіне айналдырса, ендігі сөз өнері әділет пен шындықтың жоқшысына айналды. Ол ұлттың кемшілігін бетің бар, жүзің бар демей тура бетіне айтатын болды. Қазақтың арғы-бергі

бірінші орынға қойып өзінше әспеттейді. Ол жөнінде он жетінші қарасөзінде бәрінен кім мықты деген сауал төңірегінде ғылымға келіп жүгінетін ақыл мен қайрат, жүрекке барып былай дейтіні бар: «Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

Қайрат сенің қаруың көп, күшің мол, сенің еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет» [1,453].

Бұл арадағы ақынның жүрек деп отырғаны – адамгершілік. Ми ақыл мен парасаттың қабығы болса, жүрек – адамгершілік бұлағы. Ендеше адамгершіліктің барлық сипаты жүректен шығып жатады. Сондықтан да Абай жүректі бәрінен жоғары қояды. Толық адамның, кәміл мұсылманның ең әуелі жүректің дегеніне құлақ асуын өсиет етеді.

Абай ақыл-парасат, адамгершілік жағынан жетілген адамдарды төрт топқа бөледі: пайғамбарлар, әулиелер, хақимдер, сонан соң кәміл мұсылмандар деп. Жұрттың бәрі жақсы білетін пайғамбарлар, әулиелер жөнінде тоқталып жатпай-ақ, соңғы екеуіне тоқталайық. Хақим – данышпан ғалым, өз заманының озып туған ойшылы. Абайдың өзін хақим десек болады. Ал кәміл мұсылман дегеніміз – адамгершілік жағынан жетілген иманды адам. Ұлы ойшылдың біз жоғарыда атап өткен толық адамы мен кәміл мұсылманның арасына теңдік белгісін қоюға болады. Бұл екеуі мағыналас. Абай өз замандастарын осы толық адам, немесе кәміл мұсылман болуға үндейді.

Өзінен бұрынғы мұсылман мәдениетінің ұлы өкілдері мен түркі ойшылдарының еңбектерімен терең таныс болған Абай, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дейтін Абай Ислам дінінің адамгершілік сипаттарын егжей-тегжейлі шүкшият зерттейді. Өз ақылының таразысына салады. М.Әуезов айтқандай, Абай дін мәселесінде рационалист болып қалады, ол Құдайды барша халық таниды деп оған көзсіз табынбайды, оның барлығына, хақтығына өз ақылы арқылы көз жеткізеді. [2,166-167].

Аллатағала адамзатты басқа тіршілік иесінен (өсімдіктер дүниесі мен хайуанаттар әлемінен) артық етіп, ерекше сүйіспеншілікпен жаратты деп есептеген қазақ ойшылы сол ұлы Жаратушыға адамзат та айрықша ықыласпен ынтық болуға тиіс деп есептейді. Сондықтан Аллатағаланың нұр сипатынан молынан табылатын әділет, мейірім-шапағат, ізгілік т.б. секілді қасиеттерді толық адам, немесе кәміл мұсылман бойына барынша сіңіруге міндетті деп есептейді. Мұсылман дініндегі иман, Абайдың ойынша, адам баласына ұлы жаратушыдан берілген бүкіл ізгі қасиеттердің жиынтығы. Иманның күзетшісі – ұят, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ.

Профессор Т.Х. Фабитовтың Ы.Алтынсарин туралы «Шығыс ренессансында қалыптасқан дін мен білімнің арасындағы үйлесімділік идеясын (Әл-Фараби, Ибн Сина т.б.) Ыбырай өз заманына сай дамыта білді [4,278]» деген пікірін Абай Құнанбаев туралы да айтуға болады. Ы.Алтынсарин өзінің 1884 жылы Қазан қаласында жарыққа шыққан «Ислам шариаты» атты кітабында мұсылмандықтың негізгі қағидаларын қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтарымен қалай шебер үйлестіре білсе, Абай да өзінің қарасөздері мен өлеңдерінде Ислам дінінің басты кітабы болып табылатын «Құран Кәрімнің» нағыз адамгершілік ілімінің таза кәусар бұлағы екенін бұлтартпайтын логикалық пайымдаулар арқылы қапысыз дәлелдеп шығады. (Дін мен ғылымды, моральды бір-біріне қарсы қойып әдеттеніп кеткен советтік атеистік мәдениеттанудың ықпалымен тәрбиеленіп өскен қазақ ғылымының қазіргі аға буыны үшін осы бір жалған стереотиптерден арылу әлі де асу бермес қамал болумен келеді).

Ғылым мен оның иесі ғалым хақында қазақ ойшылы: «Адаспай тура іздеген хақимдер болмаса, дүние ойран болар еді» [1,476] дейді. Абайдың ойынша, қарапайым пенделер тек осы дүниенің қамын жесе, ғалым екі дүниенің қамы үшін бірдей еңбек етеді. Ғалым тіпті бұл дүниенің қамынан гөрі о дүниенің - мәңгіліктің - қамын көбірек ойлайды, өйткені бұл пәни – мәңгілікке бастап баратын кішкентай көпір ғана. Ал толық адам немесе кәміл мұсылман өзі ғалым болмаса да, олардың сөздеріне махаббатпен ғибраттану керек.

Жалпы, махаббат, сүйіспеншілік сезімі – Абай адамгершілік ілімінің басты қазығы, ядросы. Ұлы ақынның пайымы бойынша, мына адамзат қоғамының быт-шытын шығарып қиратпай ұстап тұрған ұлы күш – осы. Адам баласының ұлы Жаратушыға деген, ата-анасына, баласына, бауырына деген, достың досқа, жардың жарға деген терең сүйіспеншілігі, осы махаббат деп аталатын аспан асты жер үстіндегі ең ізгі сезім. Сондықтан да ол:

«Махаббатсыз - дүние бос,  
Хайуанға оны қосындар, [1,170]» - дейді.

С.М. Алтыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

## МИФТІК ПОЭТИКАНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ АСПЕКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада әдеби шығармадағы мифтік поэтиканың функционалды аспектілері қарастырылады. «Мифтік поэтика функционалды өрісі» термині және оның ғылыми негіздемесі ұсынылады. Мифологиялық бейне мифтік поэтика функционалды өрісі негізі болып табылады.

Автор тарихи романның төмендегідей баяндау қызметтерін бөліп қарастырады: кең көлемді көркем түрде жеткізу, белгілі тарихи оқиғаларды зерделеу мен қайта қарастыру, белгілі бір оқиғаны бөлектей, дәлдікпен бейнелеу, оның философиялық-онтологиялық бағытын анықтау, материалды емес мәдени мұраларды қайта өзектілендіру.

Әдеби мәтіндерде мифтің басым эстетикалық қызметімен қатар басқа да онымен байланысты танымдық, коммуникативтік, рецептивтік, аксиологиялық, эмотивтік және т.б. қызметтері анық көрінеді.

**Түйін сөздер:** миф, мифтік поэтика, функционалды аспектілер, мифтік поэтика функционалды өрісі, нарратив.

S.M. Altybayeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University

## ON THE FUNCTIONAL ASPECTS OF MYTH POETICS.

Abstract

The article deals with the functional aspects of myth poetics of a literary work. It proposed and scientifically substantiated the term "functional myth poetics field". The core function of the field of myth poetics is a mythological image. The author points out and comprehended the narrative function of the historical novel: a panoramic artistic representation, interpretation and reinterpretation of known historical events; "dot" presentation of individual event, the definition of its philosophical and ontological orientation; reactualization of intangible cultural heritage. Along with the dominant aesthetic function of myth in literary texts a number of other, related functions are vividly reflected, for examples, cognitive, communicative, receptive, axiological, emotive, and other functions.

**Key words:** myth, myth poetics, functional aspects, the functional field of myth poetics, narrative.

МРНТИ 17.07.41

С.Асылбекұлы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ. Қазақстан

## АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ РУХАНИ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл философы, сазгері Абай Құнанбайұлының қарасөздерінің рухани өнегесі, философиялық астарлары, жанры мен стилі, поэтикасы жан-жақты талданып айтылады. Заман мен қоғамның, қоғам мен адамның арақатынастарының әлеуметтік, психологиялық аспектілері жан-жақты сөз болады.

Абай Құнанбайұлының толық адам, кемел адам концепциясының ислам дінінің адамгершілік постулаттарымен, сондай-ақ жалпыадамзаттық гуманизм принциптерімен гармониялық бірлікте қабысып жататындығы нақтылы мысалдар арқылы дәлелденіп көрсетіледі.

Білім мен ғылым бойға қону үшін ұлттың ең алдымен адамгершілік жағынан жетілуі қажет екенін сөз етеді. Адам жанын ізгілендірудің тағы бір ең тиімді жолы – өнер екендігін жан-жақты дәлелдеді. Кемел адам дәрежесіне көтеріліп, рухани жағынан толық жетілген қоғам қажеттілігі сөз етілген.

**Түйін сөздер:** толық адам, кемел адам, гуманизм, ғылым, қайрат, жүрек.

Қазақтың көркемдік ой-санасының Хантәңірісі Абайдың бүткіл шығармалары дерлік биік адамгершілікті, пәк көңілді, терең ақыл-ойды аңсаудан, іздеуден туған. Сондықтан осы көркемсөз алыбының басты идеалы ақыл-ой, сана-сезім жағынан әбден жетілген, биік адамгершілік иесі – кемел адам болды. Бұндай адамды ол толық адам деп атады. Өзінің «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек» деген жырында бұл хақында ұлы ақын:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, - дейді.

Абайдың айтуынша, ақыл, қайрат, жүректі бірдей тең ұстау – толық адам, кемел мұсылман болуға апаратын ең басты жол. Дегенмен осылардың ішіндегі ең қасиеттісі қайсы дегенде ол жүректі ең

История народа непосредственно связана с вопросами формирования государственности и этноидентичности. К примеру, в романе «Саки» Булата Жандарбекова, написанном на русском языке, перед автором стояла весьма трудная задача – показать художественными средствами в максимально широких границах истоки казахской государственности, формирования национального менталитета, культуры и духовности. Многоплановое романное повествование как концептуальное решение указанной сверхсложной эстетико-мировоззренческой задачи по-особому структурирует текстовое пространство. Оно становится многомерным, полисобытийным, связанным с «авторской системой моделирования мира» [5].

Отдельные художественные подходы, реализованные в диалогии «Саки», выступают характерными чертами и других казахских исторических романов: «Сны окаянных» А.Жаксылыкова, «Дарабоз» («Кабанбай батыр») К.Жумадилова, «Гибель Отрара» Х.Адибаева, «Ақ боз үй» («Белая юрта») С.Елубая, «XX век» С.Досанова и других (более подробно по проблеме документального и квазидокументального нарратива см. наши работы [7; 8]).

Современная русская литература также изобилует примерами мифологизированной прозы. Интересно, что мифологический компонент в них встроено, как правило, в постмодернистский текст о современных реалиях, осмысляемых с позиций мифа, национального и инационального. Назовем несколько из них: романы «Омон Ра», «Священная книга оборотня», «Шлем ужаса» В.Пелевина, «Медея и ее дети» Л.Улицкой, «Кысь» Т. Толстой, «Азазель», «Левиафан», «Смерть Ахиллеса» Б.Акунина и многие другие. Функциональное поле мифопоэтики указанных произведений казахстанских и российских авторов последовательно структурирует их сюжетное, пространственно-временное построение, специфическую стилистику. Наряду с доминирующей эстетической функцией мифа в литературных текстах рельефно отражаются и ряд других, связанных с ней: когнитивная, коммуникативная, рецептивная, аксиологическая, эмотивная и иные. Нужно отметить, что ядром функционального поля мифопоэтики, конечно же, является мифологический образ в любой своей ипостаси: мифантропоним, мифотопоним, мифозооним, неомифоним и т.д. Даже элементарная прямая или косвенная отсылка к мифу сразу же выстраивает массу ассоциативно-аллюзивных связей в сознании читателя. Эстетика и поэтика мифа, таким образом, тесно корреспондируется с одной из актуальных отраслей современного гуманитарного знания – рецептивной эстетикой.

В заключение хотелось бы сказать, что функциональные аспекты мифопоэтики должны рассматриваться в контексте целостной концептосферы художественного произведения, его общей эстетико-философской направленности. И только тогда мы можем аргументированно и обоснованно говорить о целеполагании и специфике мифомоделирования в каждом конкретном художественном случае [9].

#### **Список использованной литературы:**

- 1 Осипова Н.О. Мифопоэтический анализ поэзии Серебряного века // *Наука о литературе в XX веке: (История, методология, литературный процесс)*. – М.: ИНИОН РАН, 2001. Электр.издание.
- 2 Аверинцев С. С., Андреев М. Л., Гаспаров М. Л., Гринцер П. А., Михайлов А. В. Категории поэтики в смене литературных эпох // *Историческая поэтика. Литературные эпохи и типы художественного сознания. Сб. статей*. – М.: Наследие, 1994. – С. 3-38. Электронный ресурс :<http://www.philol.msu.ru/~forlit/Pages/BibliotekaCategoriesPoetics.htm> (дата обращения: 23.10.2013).
- 3 Алтыбаева С.М. Нарративные модели современного казахского исторического романа // *RESPECTUS PHILOLOGICUS*. – 2012. – № 22 (27). – С. 57-69.
- 4 Шмид В. Нарративные уровни «события», «история», «наррация» и «презентация наррации» // *Текст. Интертекст. Культура*. – Москва: Азбуковник, 2001. – С. 25-40.
- 5 Лотман Ю.М. Семiosфера. Санкт-Петербург: Искусство, 2000. Электронный ресурс: <http://members.fortunecity.com/slavaaa/ya.html> (дата обращения: 23.10.2013).
- 6 Д.С.Урусиков. Когнитивный поворот в нарратологии: в поисках метода // *Семiosфера нарратологии: диалог языков и культур. Международный сборник научных статей*. – Балашов, 2013. – С. 58- 68.
- 7 Алтыбаева С.М. Документальные и квазидокументальные нарративы современной казахской прозы // *Семiosферанарратологии: диалог языков и культур. Международный сборник научных статей*. – Балашов, 2013. – С. 69-83.
- 8 Алтыбаева С.М. Специфика нарратива современной казахской прозы // *Материалы VI Международной конференции «Культурные взаимосвязи: язык, литература, перевод и журналистика в контексте образования» (24-25 апреля 2014 г.)*. - Алматы, 2014. – С. 426-438.
- 9 Ибраева А. Қаламгердің әдеби шығармашылық әлемі // *Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы. «Филология ғылымдары сериясы*. – №2 ( 52). – 2015. – 128 б.



Например, для казахской исторической прозы диахроническое осмысление времени сегодняшнего может означать возможность использования обширного национального и инационального мифологического, фольклорного материала для выстраивания художественных каркасов для осознания сложных мировоззренческих, философских вопросов современного бытия человека, этноса, в целом цивилизации, переживающей резкий «кризис дегуманизации» культуры и не только. Особенно данный тезис актуален для жанра исторического романа. Нами выделяются его следующие повествовательные функции:

- панорамная художественная репрезентация,
- осмысление и переосмысление известных исторических событий;
- «точечное» изображение отдельного события, определение его философско-онтологической направленности;
- реактуализация нематериального культурного наследия через возвращение знаковых для национальной культуры письменных, архитектурных и иных памятников. «Отличительным свойством казахского исторического романа является исключительное сочетание в нем историко-культурного и философско-онтологического дискурсов, направленных на целостное постижение национальной идентичности, выведение исторической проблематики в плоскость общемировых цивилизационных процессов» [3, с.59].

Если взять за основу идеи Вольфа Шмида о событиях (происшествиях) как «фикциональном материале, служащем для нарративной обработки» [4, с.25], то таким материалом для авторов становится практически ничем неограниченный огромный массив документально, письменно либо изустно (к примеру, в казахских героико-эпических сказаниях) зафиксированных исторических событий-происшествий. Ключевая фигура имплицитного нарратора при этом может скрыта, завуалирована либо стерта. Содержание национальной истории, отдельные фрагменты которой ложатся в основу того или иного произведения, в разных историографических источниках может быть интерпретировано по-разному. Возникает вопрос о достоверности/ недостоверности отобранных и повествуемых элементов, но что более важно - насколько эстетически обосновано их включение в повествовательный фикциональный текст. Отрефлексированные и закрепленные в историографических трудах многие (но не все) исторические события, организованные в особую «смысловую линию» [4, с.29], в художественном произведении приобретают рельефность, значимость и даже убедительность, ибо, помимо информативной функции, истинно художественное произведение обладает большой «силой эстетического воздействия» [5].

Через исторический (историко-культурный), документальный или квазидокументальный нарративы, встроенные в художественный текст, происходит своеобразное «уплотнение информации» [5], ее спрессовывание посредством системы культурных кодов, этнических концептов и универсалий. Ведь чем плотнее некая субстанция, здесь – историческая, этнографическая информация, тем сильнее эффект и эмоционального, и эстетического воздействия на реципиента.

В связи с этим также уместно привести слова Ю.М.Лотмана о том, что «историк обречен иметь дело с *текстами*. Между событием «как оно произошло» и историком стоит текст, и это коренным образом меняет научную ситуацию. Текст всегда кем-то и с какой-то целью создан, событие предстает в нем в зашифрованном виде. Историк предстоит, прежде всего, выступить в роли дешифровщика. Факт для него не исходная точка, а результат трудных усилий. Он сам создает факты, стремясь извлечь из текста внетекстовую реальность, из рассказа о событии - событие» [5]. Для писателя, работающего в историческом жанре, поле наррации может быть ограничено лишь мерой его осведомленности, эрудиции, таланта. Историко-культурная, этнологическая информативность подобного нарратива так же, как и его коммуникативные возможности достаточно объемны.

Интересные наблюдения функционирования нарратива в современной гуманитарной парадигме отражены в работах Моника Флудерник. Она в рамках постклассической нарратологии («естественная нарратология») выделяет прием «нарративизации» (термин М.Флудерник). В частности, Флудерник определяет нарративность как «функцию естественных текстов, в основе которой лежит обладанием опытом антропоморфной природы» [6]. В этом плане «естественность» метафорически мифотекста, заложенного в нем многотысячелетнего художественного опыта мирозерцания, предполагает и его изначальную нарративную функциональность.

Что касается казахстанских художников, то можно сказать, что, несмотря на существенные различия в стиле, языке, выборе самой тематики, их объединяет стремление к глубинному философскому осмыслению мифологии, тысячелетней национальной истории, ее знаковых событий.

По мнению Н.О. Осиповой, «архетипы и мифологемы являются основными составляющими мифопоэтического мышления; в художественном творчестве они реализуются в системе символов, метафор и других поэтических средств» [1].

Функциональное поле мифопоэтики произведения часто становится основой нарративного моделирования художественного текста. В романе, например, т.н. «нарратор за кадром» задает большую пространственно-временную протяженность романа: предшествующие события ↔ повествуемое событие ↔ последующие, будущие, предположительные, в известном смысле умозрительные, события.

Вольное обращение с сакральными культами, их центральными фигурами, десакрализация последних создает иллюзию эмоционально - психологической приближенности человеку XXI века, когнитивного диссонанса, интригу повествования. К примеру, нашумевший бестселлер «Мой Рагнарёк» Макса Фрая (коллективный псевдоним двух российских авторов) демонстрирует мегапопулярный тренд современной, в особенности постмодернистской литературы, а именно: неомиф как основа и концепция создания иной метафизической реальности художественного текста. Интертекстуальное вовлечение мифонимов, мифотопонимов, мифозоонимов и других понятий, категорий классического мифопоэтического пространства в художественный текст значительно расширяет функциональные возможности повествования, кардинально меняя его структуру в сторону его большей кодированности, шифрования «послания».

В разных проявлениях стихия мифа, а более неомифа, захватывая все большее пространство художественного текста, становится кросскультурным феноменом. Это обеспечивается спецификой мифологического сознания как важного компонента формирования и развития качественно нового художественного мышления: мышления экстраординарного, способного посредством мифа (традиционного и авторского, сотворенного художником) и других условно-метафорических форм выразить концепцию сложных взаимоотношений мира и человека, показать возможные, в том числе фантастические, пути и модели развития человека, социума, всего человечества. В этом же ряду - обращение современных авторов к эпическому наследию, фольклору, переосмысление известных архетипов, мотивов, образов. Иными словами, на первый план художественной литературы выступает процесс ремифологизации, во всей мировой литературе активно развивается парадигма неомифологизма.

Миф в силу своей изначальной пластичности встраивается в практически любой художественный нарратив: мифические (или мыслимые таковыми) события «развертывают» сюжет в сторону его более глубокого осмысления, вывода читателя на максимально широкие обобщения. Текст становится упругим, «пористым», многоплановым вне зависимости от его жанровой принадлежности. Примером максимальной «загрузки» неомифологического контента в собственно художественное пространство могут быть произведения казахстанских авторов: «Алтайская баллада», «Кентавр» А.Алтая, «Сны окаянных» А.Жаксылыкова, «Пуруша» И.Одегова, «Круг пепла» Д.Накипова и других. В указанных текстах миф и неомиф становятся ложатся в основу самого сюжета как синтеза узнаваемого в массе деталей, вещей современного мира и мира мифического, метафизического, мистического, волшебного, нереального, но воображаемого в качестве действительного, хотя и экстраординарного. Такие книги неомифологического, новаторского для современной казахской прозы, направления становятся еще одним подтверждением блистательной мысли Ролана Барта о том, что «мифом может быть все».

Другая интересная проблема: миф и история в повествовательном тексте. Где кончаются границы одного, и начинается другое? Диахронический аспект проблемы реализации мифопоэтического сознания представлен в коллективной работе российских ученых «Категории поэтики в смене литературных эпох». В ней отмечается, что «повествовательное искусство, особенно тесно связанное в генезисе с мифами, почти с самого начала развивается как в рамках обряда, так и вне его (хотя и в тесном контакте с ритуалами). Даже в очень архаических культурах зафиксированы не только обряды, включающие рецитацию мифов или имеющие мифологические эквиваленты, - таких, вообще говоря, большинство, - но также обряды, не имеющие мифологических эквивалентов и, напротив, мифы, не имеющие ритуальных эквивалентов. В рамках синкретического обрядового комплекса различные роды словесного искусства выступают каждое со своей спецификой. Так, во многих архаических обрядах жесты участников действия являются подражанием повадкам тотемических зооантропоморфных «предков» (танец, пантомима), пение - величанием этих «предков» (лирика), между тем как мифологический комментарий старейшин повествует о странствиях «предков», об их подвигах в «пору сновидений» (эпос). В рамках мифа и ритуала развивается также ораторское искусство со своеобразным набором приемов древнейшей риторики» [2].

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

МРНТИ 17.01.11

С.М. Алтыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

### О ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ АСПЕКТАХ МИФОПОЭТИКИ

#### Аннотация

В статье рассматриваются функциональные аспекты мифопоэтики литературного произведения. Предлагается и научно обосновывается термин «функциональное поле мифопоэтики». Ядром функционального поля мифопоэтики является мифологический образ. Автором выделяются и осмысливаются повествовательные функции исторического романа: панорамная художественная репрезентация, осмысление и переосмысление известных исторических событий; «точечное» изображение отдельного события, определение его философско-онтологической направленности; реактуализация нематериального культурного наследия. Наряду с доминирующей эстетической функцией мифа в литературных текстах рельефно отражаются и ряд других, связанных с ней, функций: когнитивная, коммуникативная, рецептивная, аксиологическая, эмотивная и иные.

**Ключевые слова:** миф, мифопоэтика, функциональные аспекты, функциональное поле мифопоэтики, нарратив.

Проблемы концептуальной соотнесенности мифа и литературы являются одними из наиболее актуальных в современном литературоведении. В этом же ряду – вопросы функционального «встраивания» мифа в литературный текст, его нарративные функции и возможности. Миф, будучи изначально специфической архаической повествовательной структурой, в контексте авторского произведения может приобретать совершенно отличные от оригинала семантико-стилистические нагрузки, вплоть до травестирования отдельных эпизодов, кардинального смещения базовых смысловых акцентов.

Само понятие «функциональные» аспекты, по нашему мнению, в сравнении с термином «прикладные» отражает более предметное (конкретное) понимание функциональной направленности, в целом содержания мифа в художественном тексте. Функциональные аспекты мифа и мифопоэтики в различных проекциях были предметом глубоких и плодотворных изысканий таких выдающихся ученых, как Б.Малиновский, Е.М. Мелетинский, Ю.М. Лотман, К.Леви-Стросс, К.Леви-Брюль, Р.Барт, Н.Фрай, М.Бодкин, А.Ф. Косарев, А.Ф. Кофман и многие другие. Учитывая же содержание парадигмы мифологизма в современной литературе, можно сказать, что взаимообусловленные друг другом теоретические и функциональные аспекты мифопоэтики текста раскрывают те или иные стороны содержания мифа в нем.

*Совокупность различных взаимосвязанных функций мифопоэтических элементов конкретного художественного произведения составляет функциональное поле его мифопоэтики (определение наше – А.С.).* Как известно, мифопоэтическая парадигма современной литературы включает в себя следующие важные понятийно-категориальные элементы: миф, неомиф, архетип, иные условно-метафорические формы, приобретающие статус мифа; мифологема, мифоним, мифозооним, мифотопоним, мифоантропоним, мономиф, мифологический сюжет, мифологический образ, мифологический мотив, мифологическое время и пространство (мифохронотоп), мифосимволика, мифологический персонаж, мифонарратив (мифологическое пространство), мифологическое событие, мифограф и другие.

Выделенные понятия и категории выполняют либо дополнительные функции углубления художественной концепции текста, либо являются ее основой, а в постмодернистских текстах – также их художественной концепцией. Естественно, названные мифопоэтические элементы не существуют в произведении изолированно: они взаимосвязаны, часто взаимообусловлены, соединены между собой множеством смысловых, структурных, логических, интертекстуальных, нарративных, ментальных, эмотивных и иных связей.

части своего сборника - «Проблемы казахского литературного языка», анализирует формы метафор, применяемых поэтами и теоретические признаки данной единицы, кроме того исследует теоретические основы казахского литературного языка, терминообразование и характеристику словообразования в общем языкознании, заимствованные слова и положение социальной лингвистики, историческую грамматику, а также делает свои выводы, подводит итог научных взглядов на данную проблему

**Ключевые слова:** проблемы литературного языка, словообразование, история грамматики, социолингвистика, терминология, калька, проблемы конверсии.

*Y.Sakaman<sup>1</sup>, Zh.Kusainova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Pavlodar state pedagogical Institute*

#### **SCIENTIFIC VIEWS OF J. SARALAEVA ABOUT THE KAZAKH LINGUISTICS**

##### *Abstract*

The article analyzes the collection of articles by the scientist Zh. Sarbalayev, who contributed to the linguistic science of Kazakhstan. A review is made of the analysis of the scientific language and questions of grammar, as well as its hypotheses.

This article examines the issues that are reflected in the collection of researches of the scientist "Tolgaуy toksan kyzyl til" (Diversity of native language). In the named work of the scientist, in 1 section "Problems of the literary Kazakh language" the metaphors used by Kazakh poets and its theoretical significance, the theoretical bases of the Kazakh literary language, terminology and word forms in the Kazakh language, the state of borrowed words and issues of linguistics, the directions of the study of the history of grammar, recommendations are given and a personal point of view is shown.

**Key words:** the problems of literary language, word formation, history of grammar, sociolinguistics, terminology, tracing paper, the problem of conversion.

Ж.Сарбалаев М.Әуезовтің әлеуметтік тілтану мәселелесі жайлы, оның ішінде қос тілділік туралы ой-тұжырымдарының маңызы осы күнге дейін келелі болып келе жатқанын анықтайды. Ұлы жазушының қазақ тілінің ұлттық, әдебиеттік сипатын нығайтуда пәндік аталымдарды бір ізге келтіру; қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру, ғылыми аталымдық қор жинау туралы пікірлерін назарға алу керектігін атап, көзқарасын құптайды. Осы арада автор М.Әуезовтің ғылыми аталымдар жасауда ерекше еңбегі барын жазушының 1933 жылы В.Эвальдтың «Құрылыс материалдары» еңбегін қазақ тіліне аударғанымен дәлелдеп келтіреді: «Аталған шығарманы қазақша тәржімелеу кезінде құрылыс саласына байланысты қазақша терминдер кешенін жасап, тілдік айналымға қосқан. Ол, сондай-ақ, орыс тіліндегі ғылыми аталымдарды қазақ тіліне аударудың өзіндік принциптерін де ұсынған. Ал бүгінде техника мен жаратылыстану саласында еңбек етіп жүрген ғалым мамандарымыз өздерінің шығармаларын әлі күнге дейін орыс тілінде жазады. Сондағы айтатын сылтауы – қазақ тілінде ғылым салаларына қатысты терминдік аталымдардың аздығы. Мұны немқұрайдылық пен самарқаулықтың нағыз өзі демеске амалың жоқ» [1, 75-76-б.] - деп сын айтады. Сондай-ақ Ж. Сарбалаев Қазақ еліндегі қостілділік мәселесінің пайда болуының астарын саралайды. Тілшінің: «Ең сұмдығы, ...қазақ тілінің беделі төмендеп, отбасы, ошақ қасы тіліне айналды. Соның нәтижесінде ана тілі мен тарихынан бейхабар мәңгүрт буын қалыптасты. Тарихтың талай қатал сынына қайыспай шыдас беріп келген ұлтымыз «орыс тілді» және «қазақ тілді» болып бөлінуге айналды» [1,76-б.] - деуі тілші ретіндегі жанайқайын көрсетеді. Осыдан қазіргі уақытта қазақ халқын тілдік тұрғыдан қайта біріктіру қиындықпен өтіп жатқанын нақтылайды.

Тілшінің «Құнды зерттеу» мақаласы ғалым М.Томановтың тарихи грамматикалық зерттеулеріне қатысты қозғалады. Ж.Сарбалаев М.Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» деп аталатын зерттеу еңбегін тілші ретінде ерекше бағалайтынын білдіреді. Еңбектің «...қазақ тілінің тарихи фонетикасы мен тарихи морфологиясын жүйелі түрде және тұтас қарастырған бағалы ғылыми туынды» екені сипатталып, 2 бөлімді атаудан тұратыны (қазақ тілі дыбыстық жүйесінің дамуының негізгі ерекшеліктері және тарихи морфология мәселелері туралы) аталып, әр бөлім тақырыптарына теориялық талдау жүргізілген. Автор қазақ грамматикасын тарихи тұрғыдан зерттеген ғалымның дауысты дыбыстардың сөз мағынасын айқындау қызметі, сөздің абсолют басындағы дауыссыз дыбыстардың сөз мағынасын өзгерту ерекшелігі туралы; екпін туралы пікіріне талдама жүргіледі. «Тарихи грамматиканың» екінші бөлімінде қарастырылатын сөз дамуы мен сөз таптарының сипатына, үндестік заңын қарастыру көзқарасына, жалғау түрлеріндегі өзгерістерге жүргізілген талдауларға пікір беріледі. Ж.Сарбалаевтың еңбекті саралауда көңіл аударғаны – М.Томановтың диалектілерге жүргізген зерттеуі. Автор М.Томановтың диалектілерден тарихи дыбыстық пен морфологиялық даму белгілерін таппқанын негізге алып, зерттеушінің тілдің дамуындағы заңдылық пен өзгерістерді тұтас ала білгендігін танытады.

**Қорытынды.** Мақалада тілші ғалым Жақсыбай Сарбалаевтың «Толғауы тоқсан қызыл тіл» жинағының бірінші бөліміндегі жеті мақалалық зерттеуіне ғана зерттеулік шолу жасалып, ой-пікірлеріне талдау жүргізілді. Ғалымның тіл білімінің әр саласына қатысты жүргізген зерттеулік жұмысында нақты ұсыныстар мен тілдік теориялық тұжырымдар жүйелі беріледі. Бұдан ғалымның қазақ тіл біліміне қатысты зерттеу жүргізуге беретін бағыт-бағдарын танымыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Сарбалаев Ж.Толғауы тоқсан қызыл тіл. – Алматы: Арыс, 2001. – 180 б.
- 2 Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдері. – Алматы: Мектеп, 1988. – 127 б.
- 3 Дәурембаева Н.К. Халықтық терминологияның қалыптасуы және егіншілікке қатысты терминдер // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, №4 (58), 2016. – Б. 27-31.

Ы.Б. Шақаман<sup>1</sup>, Кусайынова Ж.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Павлодарский государственный педагогический институт

#### **НАУЧНЫЕ ВЗГЛЯДЫ Ж.САРБАЛАЕВА О КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ**

Аннотация

В статье анализируется сборник исследовательских материалов ученого Ж.Сарбалаева, внесшего личный вклад в казахское языкознание. Собраны и систематизированы основные сведения ученого о проблемах литературного языка и грамматики, приведен аналитический обзор исследований его научных статей.

В рассматриваемой статье приводится теоретический анализ проблем казахского языкознания, которые изложены в первой части исследовательского сборника ученого «Толғауы тоқсан қызыл тіл». Так ученый в 1-

мен екі елге бірдей сөздік қор сипатын ашқан тілші ғалымдар Б.Бұқатұлы, Н.Уәлиевтің еңбектеріне саралау береді. Бұл орайда араб-парсы, монғал тілдерінен енген сөздердің қарастырылғанын, орыс тілі арқылы не орыс тілінен енген сөздердің зерттеуге әлі де нақты түспей жүргенін көрсетеді. Ғалым: «...орыс тілінен ауысқан сөздердің зерттелуі жайында бұлай дей алмаймыз. Анда-санда мерзімдік баспасөз беттерінде жарық көрген бірен-саран мақалалар болмаса, іргелі де байсалды зерттеулер жоқтың қасы. ...Орыс тілі қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік өмірдің көптеген салаларында кеңінен қолданылуына кесе-көлденең тұрғаны да рас. ...бұл арада орыс тілінің қандай жазығы бар. Тіл тілге жау емес, тілдерді бір-біріне қарсы қоятын сұрқия саясат. Әйтпесе, орыс тілінің де қазақ тіліне бір кездегі араб, парсы тілдері сықылды игілікті әсер етіп, оның нағыз әдеби тіл болып қалыптасуында, ғылыми терминологиясын қалыптастыруда зор роль атқарғанын көрмеу – тарихи қиянат» [1, 66-б.] - деп тіл зерттеушілеріне тілдердің бір-біріне әсерін даму ретінде қарау керек деген ой салады.

Өзіне дейінгі зерттеушілердің еңбектеріне сүйену арқылы Ж.Сарбалаев орыс тілінен сөздердің енуін екі түрлі кезеңге бөлген. Бірінші түрі:

1. Қазан төңкерісіне дейінгі кезең;

2. Қазан төңкерісінен кейінгі кезең.

Екінші түріне зерттеуші Ж.Сарбалаев І.Кенесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың жіктеуін жатқызады:

1) XVII ғасырдың басына дейінгі кезең;

2) XVII ғасырдан бастап XVIII ғасыр және XIX ғасырдың екінші жартысына дейін;

3) XIX ғасырдың екінші жартысынан Октябрь революциясына дейін;

4) Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі дәуір.

Ғалым осы жіктеу арқылы орыс тілінен енген сөздерді саралайды. Ғалымның ерекшелігі – Кеңес дәуірінде енген сөздердің сипаты жайы. Бұл арада Ж.Сарбалаев орыс тілі сөздерінің жазба тіл болып қалыптасқаннан кейін енгеніне көңіл аудартады. Мақаласын: «Жазба тіл арқылы енген сөздерге тән қасиеттердің бірі олар өздерінің бастапқы дыбыстық қалпын сақтап жазылады. Революциядан кейінгі дәуірде тілімізге ауысқан орыс сөздерінің көпшілігі өздерінің мағынасы мен тұлғасын өзгертпей сақтап, сол күйінде қабылданды. Біз мұны революциядан кейін енген орыс сөздерінің негізгі ерекшелігі деп білеміз» [1, 66-б.] - деп, қорытады.

Ғалымның қазақ тіл біліміне қатысы бар мақаласының бірі – «**М.Әуезов шығармашылығындағы әлеуметтік тілтану мәселелері**». М.Әуезовтің қазақ әдебиетіне ғана емес, қазақ тілі біліміне де үлесі барын атап өту мақсатында ғалым жазушының тілдік қолданысына талдау жасайды. Жазушының «Абай жолы» эпопеясы арқылы қазақтың сөйлеу тілі мен жазба әдеби тілін «көнерген сөздерді қайта тірілту» арқылы дамытқанын, қазақ тілінің грамматикалық құрылысын өзінің ерекше «синтаксистік түзілістермен байытқанын»; әдеби тілде болмаған тың сөз тіркестерін енгізенін ерекшелеп көрсетеді. Осыған қатысты М.Әуезов шығармасын қарастырып, тілін зерттеген Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, М.Балақаев, Ә.Қайдаров, М.Серғалиев, т.б. ғалымдарды атап, еңбектеріне шолу береді. Зерттеушілердің пікір-көзқарастарын жинақтап, өзіндік саралау жасап, ғалым өз тарапынан тың пікір береді:

«...біздіңше, М.Әуезов шығармаларының тілін зерттеуде бір жақтылық бар. М.Әуезовтің шығармалары тілі туралы жазылған еңбектерде көбінесе оның шығармаларының тілінің жалпы лексика-грамматикалық сипаты, яғни сөздік қоры, көнелене бастаған сөздердің этимологиясы, жекелеген грамматикалық тұлғалардың қызметі, болмаса жазушының сөйлем түзілістері туралы сөз болады да, оның өзінің жалпы тілге деген көзқарастары еске алына бермейді. Әуезов шығармаларының тілі сөз болғанда, лингвист Әуезовтің де көзқарастарын ұмытпауымыз керек» [1, 72-73-б.] - деу арқылы жазушы М. Әуезовтің маман ретіндегі шеберлігін (ол арнайы тілдік зерттеу жазбаса да) атап, қазақ тіл біліміне қатысты жағын шығармалары арқылы атап өту, зерттеу қажеттігін сөз етеді.

Осылайша Ж.Сарбалаев жазушы М.Әуезовтің лингвистикалық көзқарасын үш жікке түсіріп, көрсетеді:

1. Көркем әдебиет тілінің мәселелері жайындағы ойлары;

2. Қазақ әдеби тілдің қалыптасуы, дамуы туралы ой-пікірлері;

3. Қазақ тілінің қоғамдағы орны, қызметі, тағдыры, болашағы, мәдениеті, т.б. жөніндегі көзқарастары, яғни әлеуметтік тілтану төңірегіндегі тұжырымдары [1, 73-б.].

Мұндай жіктеуге ғалым М.Әуезовтің «Үмітті ұрпаққа игі тілек», «Ана тілі мен әдебиетін сүйіндер», «Ғылым тілі», «Қайсысын қолданамыз», «Үзілмес достық өреніміз», т.б. мақалаларын қарастыру арқылы келген.

күні ілгері дамып, өсіп-өркендемесе кері кеткен жоқ қой. Асылы, кемшілікті тілден емес, оны өзіміздің керенаулығымыздан, самарқаулығымыздан іздеу керек... – деп, ұлы ғалым А.Байтұрсыновты үлгі тұтқызып, терминжасамды тек ана тілінен шығаруды мақсат еткізеді [1, 34-б.].

«**Терминдер жайын сараласак**» мақаласында автор ұлттық терминология мәселесін қайта көтереді. Кіріспе сөзінде қазақ терминологиясының толық шешілмегенін, нарық заңы талабына қазақ терминологиясы толық жауап бере алмай отырғанын ерекше қозғап, міндет ете көтереді. Сондай-ақ сөз жасауда, терминдер белгілеуде қажетті көрінетін тәсілдердің бір амалы болып табылатын «калька» қызметі талданады. Ғалым мұнда кальканы амал деп емес, тәсіл деп көрсетеді де, оның қазақ тіліндегі қолданысы сәтті жүріп жатқанын ерекшелейді. Бұл амал арқылы «орыс не шет тілдеріндегі құрылысы жағынан дара және күрделі болып келген көптеген термин сөздерді тұлғалық, мағыналық, құрамдық ерекшеліктері» сақталып аударылғанын атап өтеді. Осылайша «...тіліміздің терминдік лексикасы сөз болып отырған тәсілдің негізінде қалыптасқан төл сөздерімізбен толықты» деп, калькамен пайда болған терминдерді 4 топқа бөліп қарастыруды ұсынады:

а) **лексикалық калька немесе балама калькалар:** *соревнование – жарыс, совет – кеңес, ударник – екіпінді, доход – кіріс, расход – шығын, отличник – үздік;*

ә) **мағыналық калькалар:** *температура – дене қызуы, белая горячка – маскүнем елесі, квалификация преступления – қылмыстық сраула, т.т.*

б) **морфологиялық калька:** *летчик – ұшқыш, остановка – аялдама, зритель – көрермен, летопись – жылнама, т.б.*

в) **аналитикалық немесе синтаксистік калька:** *косвенное доказательство – қосымша дәлел-деме, пятилетка – бесжылдық, телевизор – теледидар, видеолента – бейне таспа, некролог – қазанама, сдвигение горных пород – тау жыныстарының жылжуы, т.б.» [48-б.].*

Ғалым терминдік мәселелерге қатысты даму көріністерін сөз етіп, талдап, аталым сөздерге кезеңдік сипат беріп, соңында өзінің қорытындысымен шыққан 4 тұжырымын ұсынады. Ол тұжырымдарынның мазмұны терминжасам мәселесіне қатысты болып келеді:

«1) терминология мәселелерімен шұғылданып жүрген ғалымдардың, мамандардың еңбектерін ескеріп ҚР-сы Ақпарат, мәдениет және қоғамдық келісім министрлігінің Тіл департаменті мен Мемлекеттік терминологиялық комиссияның бірігуімен терминология саласында А.Байтұрсынов ат. сыйлық белгілеу туралы; 2) «Терминология мәселелері» атты ғылыми көпшілікке арналған журнал шығару қажеттілігі туралы; 3) ҚР ҰҒА-сы Тіл білімі институты, ҚР-сы Ақпарат, мәдениет және қоғамдық келісім министрлігіне қарасты Тіл департаменті бірлесіп, қоғамдық, техникалық, т.б. ғылыми тәжірибелік конференцияны тұрақты өткізу туралы; 4) ғылымның кез келген саласы бойынша терминологиялық сөздіктерді он жыл сайын толықтырып, қайта бастырып отыруды дәстүрге айналдыру туралы» [62-63-б.]. «Терминнің дәл болуы негіз бен қосымшаның үйлесуіне тікелей байланысты. Осы екеуі жымдаса келе терминдік мәнге көшеді. Сондай атауларды жасауда қазақ тілінің -шы, -ші қосымшалары арқылы мынадай терминжасам моделі қалыптаса бастағанын көреміз. Бұл қосымшалар туынды түбірлерге де, біріккен сөздерге де, тіпті тіркесім сөздерге де жалғана береді. О бастан өнімді жұрнақтың бірінен саналатын бұл қосымша тек байырғы қазақ сөздерінің түбірлеріне ғана жалғанып қоймай, көптеген кірме сөздерге де (скрипкашы, арматуршы, тракторшы) жалғанып, термин тудырудың аса бір өнімді көзіне айналды.

Терминологиядағы жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалған терминдердің енді бір бөлімнің таңбаланушылары да, таңбалаушылары да өзінің жасалуына негіз болған сөзбен сәйкес келеді. Мұндай лексикалық қабаттың әдеби тіл жүйесі мен оның терминологиялық кіші жүйесіне бірдей қызмет ететіндігі айтылып жүр» [3, 29-31 б.].

Ғалымның «**Қазақ тіліндегі орыс тілінен ауысқан кірме термин сөздер**» мақаласында да кірме сөздер сөзжасам, осы саланың бірліктерін, ұғымдарын қамтитын мәселелер негізінде талданады. «Кірме сөздер өздері енген тілді сан, сапа жағынан байытып қоймайды, ол оның қорлану, даму көздерінің құнарлы бір жолы болып танылады» - деу арқылы зерттеуші кірме сөздердің тілдер арасындағы қатынас дәлелі болатынын, бір халықтың екінші халықпен қалыптасқан тарихи байланыс арқылы тілдегі қарым-қатынас нәтижесі болып табылатынын жеткізеді.

Ғалым Ж.Сарбалаев қазақ тіл білімінде өзге тілдерден ауысқан кірме сөздердің зерттелуіне қатысты Н.Сәбитов, Н.Оңдасынов, Л.Рүстемов деген ғалымдардың еңбектерін ерекшелеп, олардың араб-парсы сөздеріне қатысты зерттеу жазғанын, екі тілдік сөздік құрастырылғанын, монғол тілі сөздері

телуін (жалпыға ортақ дәстүрлі метафоралар; жеке ақын-жазушылардың қаламына тән метафоралар (Ж.Сарбалаевша)) көрсетеді [1, 6-б.]. Сонымен қатар зерттеуші метафораны морфология тұрғысынан да назарға алып, жалғау, көмекші етістіктердің метафоралы сипатта келу ерекшелігін ажыратады.

«**Абайдың сөз өрнектері**» мақаласы әдеби тілдік талдау жағынан, грамматикалық (сөзжасамдық: конверсия) тұрғысынан талданады. Ғалым: «Абай – тіл саласында да ұлы. ...Ақын тілін поэтикалық тұрғыдан зерттеген академик Қ.Жұмалиевтің, сондай-ақ Абай шығармаларының тілін лексика-грамматикалық және стильдік деңгейде қарастырған айтулы ғалым Р.Сыздықованың еңбектерін ауызға аламыз» – деп өзіне дейінгі зерттеушілердің еңбектерін негіз ете отырып, өз тарапынан «біз үшін Абайдың лингвистикалық әлемі әлі де жұмбақ. Өйткені ақынның тіл әлемі түрлі грамматикалық тұлғалардың сан алуан тұлғалары түрленулеріне, олардың алуан грамматикалық қатынастарда көрінулеріне толы. Сондықтан біз бұл мақаламызда ұлы ақынның тіл әлеміндегі екі қырына – Абайдың сөз қолданыстарына, стильдік ерекшеліктеріне және субстантивтенген сөз тұлғаларына тоқталып өтуді мақсат тұттық» - деп, ғылыми көзқарасын сездіреді [1, 11-12-б.].

Ғалым сөзжасам саласының ұғымдық бірлігі «заттануды» алғаш осы мақалада қарастырған. Бірақ оны сөзжасам нысаны емес, жалпы морфологиялық тұлға ретінде қарап, Абай шығармасындағы стильдік ерекшелігін, көркемдік сипатын талдайды. Бұл туралы ғылыми анықтама да береді: «Субстантивация – бұл өзге сөз таптарының зат есімге ауысуын немесе айналуын білдіретін конверсиялық үдеріс. Өзге сөз таптарынан зат есімдер тобына ауысқан грамматикалық тұлғалар, әдетте, субстантивтік тұлғалар деп аталады. Субстантивтенген тұлғалардың екі түрі болады: а) уақытша немесе контекстік субстантивтер, ә) толық немесе түпкілікті субстантивтер. Бұлардың бір-бірінен айырмасы сол, уақытша немесе контекстік субстантивтер реестр сөз дәрежесіне жетпейді, тек белгілі бір синтаксистік қолданыстарда ғана уақытша зат есім мәніне ауысады, яғни бұрынғы лексика-грамматикалық категорияларынан мүлдем қол үзіп, зат есімдер қатарына біржола ауысады. Олар реестр сөз дәрежесіне жетіп, сөздіктерден зат есім сөз ретінде орын алады. Дегенмен, олар мағыналық тұрғыдан соны, жаңа сапаға ие болғанымен, тұлғалық жақтан өзінің бастапқы тұлғалық қалпын сақтап қалады. Мысалы: **туысқан, жасаған, қашаған, сүзеген** т.б сөздерінің бастағы тегі есімше тұлғалары болғанымен, қазіргі күйі жағынан бұлар зат есім (туысқан, жасаған), сын есім (қашаған, сүзеген) сөздер болып саналады» [1, 18-б.].

Осы арада Ж.Сарбалаевтың көзқарасы ғалым Ф.Оразбаеваның зерттеуінде айтылатын сын есімдер синонимдері, олардың қолданысы мен заттану белгі-ерекшеліктері туралы айтқан пікірлерімен үндеседі. Сын есім синонимдерінің пайда болуы, олардың синонимдік қатар түзуі, зат есімдердің де сын есімге ауысуымен көрінетіндігімен байланыстылығы Ф.Оразбаева зерттеуінде сипатталып өтіледі [2].

Мақала соңында ғалым Абайдың субстантивтік қолданысына өзіндік тұжырым береді. Ж.Сарбалаев «субстантив тұлғаларды жалаң, күрделі субстантивтер деп бөлуге болатынын», ақынның өлеңдерінде «сын есім сөздерді екі түрлі жолмен субстантивтендіретінін (жалғауларды қосумен: **сараңнан, күштілерім**; анықталушы сөзді түсіріп айту арқылы: **надан** (адам сөзі айтылмайды) **қуанар**), **-лы, -лі, -ғыр, -гір, -ғы, -гі, -дақ, -дік, -ма, -ме** сындық тұлғаларының жиі субстантивтендіретінін» жекелеп қарастырған [1, 18-20-б.].

«**Қазақ филологиясының атасы**» мақаласында А.Байтұрсыновтың әдебиет, тіл туралы еңбегін саралап, өз тарапынан тұжырым, баға беріп, лингвистикадағы орнын, терминжасамға – қосқан үлесін атап өтеді. Зерттеуші: «Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің тарихында алатын орны туралы сөз болғанда, оның тағы да бір қырына ерекше тоқталмай өтуге болмайды. Ол – оның қазақ терминологиясын қалыптастырудағы ересен еңбегі. ...Ахаң бұл салаға қатты мән берген. ...Оның филология саласында қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы саласында жасаған терминдері өте сәтті шыққан. Мысалы, қазақ тіліндегі: **дыбыс, әріп, буын, зат есім, сын есім, есімтік, етістік, шылау, демеулік, одағай, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, хабарлы сөйлем, сұрайлы сөйлем, құрмалас сөйлем, сабақтас сөйлем, үтір, нүкте, леп белгісі**, т.б. тәрізді сан алуан лингвистикалық... терминдердің барлығы да қазақ сөзжасамының негізінде жасалған» - деп, А.Байтұрсыновтың сөзжасамдағы орнын ерекшелейді [1, 32-б.]. Осы орайда ғалым қазақ тілінде термин жасауда тілдік қордың жеткілікті екенін айта отырып: «1910-1916 жылдардың өзінде қазақ тілі енді-енді ғана ғылыми тұрғыдан зерттеле бастаған кезінде ол термин жасауда ана тіліміздің мүмкіншілігі ешбір тілден кем соқпайтындығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде дәлелдеп берген жоқ па еді?! Сол тіл бүгінгі



МРНТИ 16.21.07.

Ы.Б. Шақаман<sup>1</sup>, Ж.Құсайынова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., Қазақстан

## Ж.САРБАЛАЕВТЫҢ ТІЛ БІЛІМДІК КӨЗҚАРАСЫ

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ тіл біліміне өзіндік үлесін қосқан ғалым Ж.Сарбалаевтың мақалалық зерттеулер жинағына талдау беріледі. Ғалымның әдеби тіл, грамматика мәселесіне қатысты жасаған талдауларына зерттеулік шолу жасалып, нақты көзқарас-тұжырымдары жинақталады.

Қарастырып отырған мақаламызда ғалымның «Толғауы тоқсан қызыл тіл» атты зерттеулер жинағының бірінші бөліміне енген қазақ тіл біліміне қатысты мәселелер талданады. Ғалым аталған еңбегінде, «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» деген 1-бөлімде, ақындардың қолданысындағы метафора сипаты мен осы бірліктің теориялық белгілеріне, қазақ әдеби тілінің теориялық негіздеріне, терминжасам мен жалпы қазақ тіліндегі сөзжасам сипатына, кірме сөздер мен әлеуметтік тілтану жағдайына, тарихи грамматиканың зерттелу бағытына саралау жасап, өзінің ұсынысын беріп, ғылыми көзқарастарын тұжырымдайды.

**Түйін сөздер:** әдеби тіл мәселесі, сөзжасам, тарихи грамматика, әлеуметтік лингвистика термин сөздер, калька, конверсия мәселелері.

**Кіріспе.** Қазақ тіл білімінде тілдің әр қырына өзіндік зерттеуімен ғылыми жұмыс жазып, нәтижесін көпшілікке ұсынып қалдырған ғалымның бірі – филология ғылымының кандидаты, доцент Ж.Сарбалаев. Ол – 20 жылға жуық Павлодар өңірінің ЖОО-дарында қызмет еткен тілші ғалым. Ж.Сарбалаев монографиялық зерттеулік еңбек жазбағанмен, мақалалар жинағы мен дәрістер топтамасында тіл білімінің әлеуметтік, сөзжасам, жалпы грамматика мәселесіне ғылыми зерттеу жүргізіп, ғылыми тұжырымдарын жинақтап қалдырды. Оның зерттеулерінен қазақ тілі біліміне қатысты келелі мәселелерге, сөзжасам саласының бір бірлігі болып табылатын конверсияның бір қыры заттану (субстантивтену) түсінігіне, жалпы сөзжасам теориясына өз тарапынан ғылыми сипат беріп, кең көлемде талдау жасағанын көруге болады.

**Мақаланың жазылу әдісі.** Ұсынылып отырған мақалада зерттеулік жұмысқа талдау, саралау, жинақтау, әдісін қолдану арқылы жазылды.

**Мақалада ұсынылған нәтижелер.** Ғалым Ж. Сарбалаевтың қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулік мақалаларында қарастырылған, зерттелген әрбір тілдік мәселенің (сөздердің қолданысы, қазақ тіліндегі терминдердің мазмұндық сипаты, жазба тіл мәселесі, әлеуметтік лингвистикаға көзқарасы, тарихи грамматикаға саралау жүргізіп, оның қазіргі тіл біліміндегі көрінісімен байланыстыруы) осы күнге дейін өзекті болып отырғанын көреміз. Зерттеуде айтылған қазақ тіл білімі мәселелерінің әрбірі тіл білімінің әр саласында әлі де терең зерттеуге түсіп, белгілі бір аяда шешімін табуы қажет етеді.

**Зерттеулік талдау.** Ғалым Ж.Сарбалаевтың қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулері 2000 жылға дейін стилистика, синтаксис мәселесі болса, 2000 жылдан бері сөзжасам саласының қалыптасуына байланысты сөзжасамдық мәселелерді қолға алды, зерттеулері мақалалық көлемде қарастырылған, негізінен, сөзжасамның конверсия түсінігіне арналады. Жалпы алғанда, қазақ тіл біліміне, грамматикаға қатысты 2001 жылдан жүргізген зерттеулері мақалалық, дәрістік жинақ түрінде үш кітаптан тұрады: «Толғауы тоқсан қызыл тіл»(Алматы: Арыс, 2001), «Сөзжасам мәселелері» (Алматы: Арыс, 2002), «Конверсия мәселелері» (дәрістер топтамасы). (Павлодар. С.Торайғыров ат. ПМУ-і. 2010).

Ж.Сарбалаевтың қазақ тіл біліміне қатысты «Толғауы тоқсан қызыл тіл» еңбегінің 1-бөлімде «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» тақырыбында жеті мақалалық зерттеуі жинақталған.

Еңбектегі бірінші мақала «Әдемі, жас көңілдің құлпын ашқан...» деп аталып, онда ақын Ә.Тәжібаевтың метафораны қолдану ерекшелігі тілдік теория жағынан талданған. Ғалым метафораны грамматикалық ғана емес, қолданысы (стильдік) жағынан қарастырады. Метафора мәселесінің орыс, қазақ тіл білімінде зерттелу сипатына шолу жасап, орыс тіл білімінде метафораның стильдік ерекшелігі туралы айтқан В.Виноградовтың, А.Ефимов пен В.Мейлахтың еңбектерін жоғары қояды. Қазақ тіл білімінен Б.Хасановтың «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы» еңбегін тілдік теориялық жағынан талданған еңбек деп атап көрсетеді.

Ж.Сарбалаев Б.Хасановтың метафораны жіктеу түрін (*индивидуальдық метафора, халықтық сипаттағы дәстүрлі метафора (Б.Хасановша)*) дұрыс көреді. Өз тарапынан да метафораның жік-

педиялық сөздігі» (1997), Ж.Т.Сикынбаев пен Т.М. Әміреваның «Тоқыма өнеркәсібі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» (1993), М.Жәмекұлының «Орысша-қазақша өнертану сөздігі» (1994) секілді сөздіктер де қолөнер лексикасын жинап-теруге атсалысатын, мәдени байлығымызға үлес қосатын, зерттеулерге дереккөздер ретінде қызмет ететін еңбектер.

Заттық мәдениетке байланысты тіл бірліктері аса күрделі тілдік таңба болғандықтан оларды лингвистикалық тұрғыдан ғана қарастыру жеткіліксіз; өйткені қолөнер лексикасының мазмұны сан алуан сыртқы факторлармен байланысты болып келеді де, адам санасында халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі, шаруашылық түрлері, материалдық және рухани мәдениеті жөнінде ақпараттар жинақталған тілдік және экстралингвистикалық білімдер жүйесін құрайды. Олай болса, қолөнер лексикасының ономасиологиялық жүйесін, уәжді белгілерін айқындаудың мәні ерекше.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1980, 1982. – I-II т.
- 2 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауэзова). – Алма-Ата: Наука, 1989.
- 3 Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1997. – 53 б.
- 4 Шойбеков Р.Н. Лексика ювелирного искусства в казахском языке: дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 1987. – 147 с.
- 5 Өмірбекова М.Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі ою-өрнекке байланысты лексика: филол.ғыл.канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 1996. – 21 б.
- 6 Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: филол.ғыл.канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2004. -34 б.
- 7 Ардақ О. Киіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық жүйесі: филол.ғыл.канд. ... дисс. Авторефераты. – Алматы, 2005. – 25 б.
- 8 Жаубасова Т.Б. Қазақ музыка аспаптары атауларының этнолингвистикалық табиғаты: филол.ғыл.канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2006. – 30 б.
- 9 Қасым Б. Түркі тілдеріндегі аталымдардың сөзжасамдық уәжділігі // Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – №3 (53), 2015. – Б. 66-71.

Г.Ж. Утегенова<sup>1</sup>, Н.Ш. Базарбекова<sup>2</sup>, И.А. Есболаева<sup>3</sup>  
<sup>1</sup>Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауэзова

### **ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ**

*Аннотация*

Историческая лексика – одна из важных направлений в языкознании. Объект исследования – лексика, законы развития и формирования лексики. Одна из целей исторической лексики – это найти зарождения языковой связи между народами, которые разговаривают на том языке, исследовать пережитое ими, этапы формирования, определить занимаемое место среди родственных языков. Историческая лексика берет за основу языковые факторы с исторической точки зрения. Это не обобщение лексики определенного языка, а требует углубленное изучение относительно экстралингвистическим факторам, культуры, мировоззрения, обычаев и традиции народа. Лексический фонд каждого языка, словарное богатство связано с историей народа разговаривающем на этом языке, это плод этапов развития и формирования этого народа, считается обновляющимся наследием, передаваемое из поколений в поколения.

**Ключевые слова:** Лексика, языкознание, духовная культура, история языка, этно-лингвистика, историческая лексика, письменный литературный язык.

G.J. Utegenova<sup>1</sup>, N.Sh. Bazarbekova<sup>1</sup>, I.A. Esbolaeva<sup>3</sup>  
<sup>1</sup>M. Auezov South Kazakhstan State Universit

### **LINGVOCULTURE RESEARCH OF HISTORICAL VOCABULARY**

*Abstract*

Historical lexicon - one of the important directions in linguistics. Object of research lexicon, laws of development and lexicon formation. One of the important purposes of historical lexicon is to find origin of language communication between the people which talk in that language, to investigate endured by them, formation stages, to define a taken place among related language. The historical lexicon takes as a basis language factors from the historical point of view. It not generalization of lexicon of a certain language, and demands deepening studying to rather extralinguistic factors, cultures, outlooks, customs and tradition of the people. Lexical fund of each language, lexical diversity it is connected with people history talking is this language, it is a fruit of stages of development and formation of these people, it is considered the being updated heritage, transferred of generations in generation.

**Basis words:** lexicon, linguistics, spiritual culture, language history, ethno-linguistics, historical lexicon, written literary language.

Оқа Ардақтың «Киіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық жүйесі» деп аталатын кандидаттық диссертациясының негізі – үнемі қарым-қатынаста болған, мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі тайпалардың, халықтардың негізі баспанасы киіз үйдің пайда болу, даму үрдісі мен атауларының қалыптасуының ономасиологиялық жүйесін арнайы зерттеу.

Зерттеу барысында көшпелілер мәдениетін сипаттайтын жалпы атаулармен қатар жіктеме атаулар да сипатталып, сараланады. Көшпелілер тарихымен сабақтас, олардың тұрмысында қолданыста болған баспаналардың суреттері жиналып, қостан бастап қазіргі киіз үйге дейінгі баспаналардың және олардың бөлшектерінің (қаңқасының) дамуы мен қалыптасуын көрсететін киіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық қырын сипаттаушы дәйек ретінде суреттер жинағы жасалады. Кейбір атауларға тарихи-этимологиялық талдау жасалып, бірсыпыра атаулардың, тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипатын ашуға талпыныс жасалады [7, 5].

Т.Б. Жаубасованың филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы «Қазақ музыка аспаптары атауларының этнолингвистикалық сипаты» деп аталып, ұлттық мәдениетіміздің елеулі бір саласына жататын музыка өнерінің материалдық (заттық) негізі – музыкалық аспаптар атауларының және оларға қатысты ұғымдардың этнолингвистикалық табиғатын айқындап, олардың тілдік жүйедегі орнын анықтаған [8, 5].

Зерттеу жұмысында музыка мәдениетінің тарихында лайықты орны бар музыка аспаптарының басым көпшілігінің (түгелдей десе де болады) қазақ этносы тарапынан қазақ топырағында дүниеге келгендігі ешбір басқа елдің дауы жоқ, таза қазақы, ұлттық феноменді құбылыс екендігі ғылыми фактілер негізінде дәлелденеді.

Тіл фактілері, яғни елуге жуық аспаптардың негізі саналатын жергілікті материалдар мен өнім атаулары, сондай-ақ аспап жасаушы шеберлер пайдаланған құрал-саймандардың баршасы ана тіліміздің көне, байырғы заман (араикалық) элементтері болуымен қатар бұл аспаптардың кейінгі заманның өнімі емес, көңіл жетпесе, көз жетпейтін замандардың шығармашылық үлгісі екендігін көрсетеді [9, 66]. Тілдік деректер арқылы музыка аспаптарының ұзына тарих бойында ұшыраған эволюциялық өзгерістері мен жаңаланып жаңғыру үрдісі айқындалады.

Өз алдына егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған бүгінгі Қазақстанда жалпы ұлттық мәдениетке, соның материалдық негізі саналатын дәстүрлі музыкалық аспаптар қорының дамып-өсуіне деген қамқорлық мемлекеттік деңгейге көтерілуде.

Қысқасы, зерттеуші, бұл жұмысында музыкалық аспаптардың басым көпшілігі (90-95%) қазақ топырағында дүниеге келген, нағыз қазақы, көне де байырғы аспаптар болып табылады деп тұжырымдайды. Оларға қатысты атаулар мен ұғым-түсініктер түгелдей ұлттық тіл негізінде пайда болып, этнос мәдениетінің ментальдығын көрсететін тілдік көріністер деп сипатталады [8, 6-7]. Қазақ тіліндегі аспап атауларының жеті түрлі уәжділігі анықталады (жасалу материалына, формасына, жасалу технологиясына, этномәдени ерекшелігіне, қызметіне, ойналу ерекшелігіне, дыбыс мүмкіншілігіне байланысты уәжділік). Музыкалық аспап атаулары тақырыптарға топтастырылып, олардың қоғам өміріндегі түрлі оқиғалар мен құбылыстарды, адамның тұрмыс жайын, шаруашылығын, кәсібін, басқа да іс-әрекетін жан-жақты қамтып, тәлім-тәрбие, мінез-құлық жайлы ой қорыту арқылы ұлттық танымын айқындаушы лексемалар ретінде сипатталады.

Жоғарыдағы зерттеулерден байқап отырғанымыздай, заттық мәдениетке қатысты бұйымдар лексикасы мен ою-өрнек, киім, киіз үй, музыкалық аспап атаулары лингвистикалық тұрғыдан арнайы зерттеліп, құнды пікірлер айтылып, қорытындылар мен тұжырымдар жасалды. Атап айтқанда, бұл еңбектерде зерттеу нысаны болып отырған атаулар тақырыптық, лексика-семантикалық жағынан топтастырылып, белгілі бір жүйеге түсіріледі, атаулардың солай қойылуына негіз, себеп болған уәждер, бірсыпыра атаулардың шығу төркіні анықталады, жекелеген сөздердің, фразеологизмдердің этномәдени мазмұнын ашу арқылы этносақа тән «ғаламның тілдік бейнесін» көрсетуге талпыныс жасалады, тақырыпқа қатысты кейбір ырымдар мен әдет-ғұрыптарға т.б. танымдық тұрғыдан талдау жасалып, этнолингвистикалық сипаттама берілді. Алайда, тарихи лексикасының аясы аталып отырған тақырыптармен шектелмейтіндігі белгілі. Оның ұзақ даму тарихы бар әлденеше салалары осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ; қолөнеріне байланысты жүздеген, мыңдаған атаулар ана тіліміздің байлығы ретінде жинап-теріліп болған жоқ; қазақ тілінің әдеби тілін, терминологиясын байытуға қомақты үлес қоса алатын кәсіп-өнер түрлеріне қатысты сөздіктер құрастыруды жандандыру да өз кзегін күтіп тұрған жұмыстардың бірі.

Жоғарыда атап өткен тарихи-этнографиялық, өнертанымдық, мәдениеттанымдық сипатта жазылған және лингвистикалық зерттеулермен бірге А.Құралұлының «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энцикло-

лексикасының құрамдас бөлігі ретінде алынып, тілдік талдау жасалады; өз кезегінде осылардың ішінен киім-кешек, музыкалық аспап атаулары арнайы зерттеу нысанына айналып, кандидаттық диссертациялар жазылды. Осылайша ана тіліміздің байлығы, заттық мәдениет жаңа бағыттағы зерттеулерге мұрындық болып, әртүрлі қырынан зерттелу үстінде.

Қазақ тіл білімінде жалпы заттық мәдениеттің жекелеген салаларын лингвистикалық тұрғыдан қарастырған зерттеушілер – Р.Н. Шойбеков, М.Ш. Өмірбекова, Ә.Б. Алмауытова, Оқа Ардақ, Т.Б. Жаубасова.

«Қазақ тіліндегі зергерлік өнерінің лексикасы» атты кандидаттық диссертациясында Р.Н. Шойбеков зергерлік өнерге байланысты атауларды алты түрлі тақырыптық топқа бөліп қарастырады:

- 1) Зергерлік әшекей атаулары.
- 2) Әшекейленген тұрмыстық бұйым атаулары.
- 3) Зергерлік бұйымдардағы ою-өрнек атаулары.
- 4) Зергерлік өнерінде қолданылатын құрал-сайман атаулары.
- 5) Зергерлік әшекейлер жасауға қажетті материал атаулары.
- 6) Зергерлік өнерінде қолданылатын өңдеу, әдіс-тәсіл атаулары.

Зерттеу жұмысында зергерлік өнеріне байланысты атаулардың жасалуындағы лексика-грамматикалық үлгілері, уәж, уәжділік мәселелері, түркі тілдеріне ортақ атаулар мен кірме сөздер анықталып, аталған лексиканың бірсыпыра фразеологизмдерге негіз болғандығы көрсетіліп, этнолингвистикалық сипаттама беріледі [4].

Аталмыш көлөнер түрі материалдарының негізінде зерттеушінің 1991 жылы «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі», 1993 жылы «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы» атты кітаптары жарияланды.

М.Ш. Өмірбекованың «Қазіргі қазақ тіліндегі ою-өрнекке байланысты лексика» атты кандидаттық диссертациясында 200-ден астам ою-өрнек атаулары қамтылып, еңбекте ою-өрнектердің шығу тарихы баяндалып, олар былайша топтастырылады: 1) ай, күн, жұлдыз – көк әлеміне байланысты ою-өрнек атаулары; 2) малға, малдың дене мүшелеріне байланысты ою-өрнек атаулары; 3) аңға, аңның дене мүшелеріне байланысты ою-өрнек атаулары; 4) құрт-құмырсқаға байланысты ою-өрнек атаулары; 5) құстарға байланысты ою-өрнек атаулары; 6) геометриялық фигуралар тектес ою-өрнектер; 7) қару-құралдарға байланысты ою-өрнек атаулары. Ою-өрнек атауларын бұлайша топтастыру олардың түрлі заттарға ұқсастығына, қандай затты яки оның бөлшегін тұспалдайтындығына негізделген. Зерттеуші «Ою, өрнек сөздерінің мағынасы – бір-біріне жақын сөздер, яғни бір нәрсені ойып, кесіп, қиып алып немесе екі затты оя кесіп қиюластырып, біріктіре жасау, бір заттың бетіне ойып түсіру. Қазақ тілінде, әдетте, бір өрнекке салып, қиып алған үлгіні, яки үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ мүйіз тектес ою-өрнекке қосылатын барлық қошқармүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал «өрнек» дегеніміз әр түрлі ою, бедер-бейненің күйдіріп, бояп, қалыптап, үлгімен істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы» - деп жазады [253, 5].

Ою-өрнек атаулары грамматикалық құрылымына қарай түбір тұлғалы атаулар, туынды сөздер арқылы жасалған ою-өрнек атаулары, сөздердің бірігуі арқылы жасалған ою-өрнек атаулары деп жіктеліп, олардың лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түрлері көрсетіледі. Бұл жұмыста ою-өрнек атауларының қалай жазылып жүргендігіне мән беріліп, «біздің ойымызша, бұл атаулардың бәрі де біріктіріліп (зерттеуші күрделі атауларды айтып отыр – Р.Ш.) жазылып, бір бүтін единица ретінде ұғыныулы тиіс» деп тұжырымдап, кейде бөлек, кейде біріктіріліп жазылып келе жатқан ою-өрнек атауларын біріктіріп жазу қажеттігін ұсынады [5, 19].

Қазақ ою-өрнегі лингвистикалық тұрғыдан арнайы зерттелмеген, бұл жұмыста ою-өрнек атаулары неғұрлым толығырақ қамтылмаған дей алмаймыз. Автор 200-ден астам ою-өрнек атауы бар дегенді С.Қасимановтың 1969 жылы шыққан «Қазақ халқының көлөнері» деген кітабындағы дерекке сүйеніп айтқан, сонымен ғана шектеліп қалған. Шын мәнінде, мыңдаған жылдық тарихы бар ою-өрнек атаулары бұдан әлдеқайда көп. Біздің қолымыздағы материалдар бойынша олар бұдан әлдеқайда көп. Біздің қолымыздағы материалдар бойынша ою-өрнек атаулары 400-ден астам.

Қазақтың ұлттық киімдері заттық мәдениет үлгісі болып саналады. Киім атаулары, негізінде, тігіншілік өнері лексикасының құрамына енеді. Қазақ тіл білімінде тігіншілік өнерінің лексикасы тұтас күйінде зерттелмегенмен, оның құрамындағы киім атауларына зерттеуші Ә.Б. Алмауытова этнолингвистикалық талдау жасап, атаулардың шығу төркінінің ономазиологиялық негізін этнос табиғатының тарихымен, мәдениетімен сабақтастыра отырып зерттейді.

Зерттеуші киім атауларының этнолингвистикалық мәнін ашу үшін ономазиологиялық әдіс негізінде уәжділіктің 8 түрін анықтайды (жасалу материалына, формасына, жасалу технологиясына, әлеуметтік мәніне, этномәдени ерекшелігіне, түсіне, қызметіне, көлеміне байланысты уәжділік). Тілдің когнитивтік (танымдық) қырларына байланысты алғашқы аталымдар, сөзжасамдық процестер негізінде жасалған екіншілік аталымдар жан-жақты сөз болады [6].

өтеумен бірге қоғам өмірінде атқаратын қызметтерінде де өзіндік сан түрлі ерекшеліктері бар, өйткені қолөнер – материалдық және рухани мәдениеттің жинақталған ерекше бір көрінісі. Ол жөнінде жұмыстың алдағы тарауларында кеңінен сөз болады.

Жоғарыдағы зерттеулермен бірге қолөнерге қатысты кейбір атаулардың мағыналық табиғатын, шығу төркінін, этнолингвистикалық сипатын саралап, анықтауға академиктер Ә.Қайдар мен Р.Сыздықтың, профессорлар Е.Жанпейісов пен Ж.Манкееваның, Н.Уәлиевтің еңбектерінде де құнды деректер мен түрткі пікірлер аз емес.

Лингвистикалық тұрғыдан қолөнердің әртүрлі қырлары қазақ тілінің этномәдени лексикасына (материалдық және рухани мәдениет лексикасы), заттық мәдениет, рухани мәдениет лексикасына, этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық, символдық мәніне және қазақ эпостары мен көркем-шығармалар лексикасының этномәдени негіздеріне, ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттарына арналған зерттеу еңбектерінде қарастырылады. Осылардың ішінен біздің зерттеп отырған тақырыбымызға қатысты айрықша мәні бар еңбектер – Е.Жанпейісов пен Ж.Манкееваның зерттеулері. Атап айтқанда, Е.Жанпейісовтің зерттеу еңбегінде материалдық мәдениетке байланысты сәукеле, көйлек, шекпен, жүзік, түндік, үзік, туырлық тәрізді қолөнер лексикасына қатысты атауларға тарихи-лингвистикалық талдау жасалып, олардың шығу төркіні жөнінде құнды пікірлер айтылады [2, 38]. Зерттеуші монографиясының қосымшасында материалдық мәдениет терминдерінің тізімі беріледі. Ж.Манкееваның зерттеу жұмысында заттық мәдениет лексикасы ұлттық-дәстүрлі мәдениетімізді тек атап қоймай, рухани танымдық та жүк арқалаған, тілдік құрал арқылы сақталған ұлттық топырағымыздың алтын өзегінің қайнар көздерінің бірі деп танылады [3, 11].

Зерттеуші халқымыздың әр дәуірдегі материалдық және рухани мұрасын өз бойына сақтаған этномәдениеттің әр түрлі қырларын (тарихи -әдеби, этнографиялық, археологиялық, өнертану, мәдениеттану т.б.) зерттеу жұмыстарының Ш.Уәлиханов жазбаларынан басталып, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Қайдаров, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Айдаров, Е.Жанпейісов, Х.Арғынбаев, К.Байпақов, К.Ақышев, А.Сейдімбеков, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов, Н.Уәлиев, Т.Байжанов т.б. еңбектерінде өз жалғасын тауып, жан-жақты қарастырылғанын, бірақ олардағы талданған тілдік деректердің сипаты, көлемі, түсіндіру – талдау принциптері, мақсаты т.б. әртүрлі әрі жүйесіз екендігін атап өтеді. Сондықтан зерттеу жұмысында нақты текстік негізде заттық мәдениет лексикасы қабатының біртұтас лингвистикалық материалын жинақтауға көңіл бөлініп, оны лексика-семантикалық, тақырыптық топтар бойынша жеке-жеке салаларға бөліп, жүйеге түсіруге тырысады. Соған сай және лексиканы тілдік жүйе ретінде қарайтын теориялық әдебиетке сүйене отырып, диссертациялық жұмысында «тілдің негізі – оның ішкі мәні, тіл – құрылымдық-субстанциялық, жүйелі, таңбалы құбылыс» деп тұжырымдалады.

Бұл зерттеуде тілдің кумулятивтік қызметіне ерекше көңіл аударылады. Заттық мәдениет лексикасының номинациялық қырларын қарастыру да зерттеу жұмысындағы негізгі мәселелердің бірі болып саналады. Осыған байланысты атаулардың даму заңдылығы мен уәждеуші лексемалардың байланыстылығы көрсетіліп, атаулардың нақты семантикалық уәжі іздестіріліп, құрылымы мен түпкі уәждеуші негізі – түбірі анықталады. Сөзтудырушылық, семантикалық мәселелер қарастырылады. Аталмыш зерттеудің ғылыми құндылығын сипаттайтын және практикалық маңыздылығын көрсететін белгілердің бірі – мұнда сөздіктерде көрсетілмей яки кірмей қалған көне заттардың атауларының қамтылуы. Сондықтан олардың жұрнағы ретінде сақталып қалған көптеген халықтық, аймақтық қолданыстағы атаулар, фольклор мен ақын-жыраулар шығармаларындағы, фразеологиялық тіркестер мен т.б. құрамындағы көнерген, не мағынасы көмескіленген сөздердің көрсетілуінің де маңызы ерекше болған деп санаймыз.

Зерттеу жұмысының бір тараушасы «Рухани мәдениетке байланысты лексика» деп аталады. Осы тарауда мәдениетке қатысты бірсыпыра киім-кешек атаулары, күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер бұйымдарының, еңбек құралдарының атаулары, ыдыс-аяқ, киіз үй, музыкалық аспап, қару-жарақ және малға қатысты қолданылатын құрал-жабдық атаулары қамтылып, оларға этнолингвистикалық сипаттама берілді.

«Заттық мәдениет лексикасы – ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық ерекшелігіне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика-семантикалық категория ретінде кумулятивтік қызметі негізінде сақталған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары» деп анықтама берілген бұл еңбекте [3, 13].

Заттық мәдениет лексикасына қатысты атаулар молынан қамтылғанмен, оның қай саласын алсақ та тұтас күйіндегі лексикасын лингвистикалық тұрғыдан талдау бұл жұмыстың негізгі мақсатына жатпайды. Сондықтан заттық мәдениетке байланысты атаулар аталмыш еңбекте материалдық мәдениет

атқаратын бұйымдар мыстан, күміс пен алтыннан яки темірден, күміспен күптеліп, алтынмен апталып соғылатын болды, асыл тастармен безендірілді. Зергерлік әшекейлердің о баста тұмар қызметін атқарғандығына тілімізде көз моншақ, үкіаяқ, жыланбас т.б. деп аталатын бұйымдар айғақ бола алады. Халықтың түсінігі бойынша бұл заттар адамды тіл-көзден, қауіп-қатерден сақтайды. Сондықтан әшекей бұйымдар халқымыздың наным-сенімнің де өнердегі бейнесі болып табылады. Сонымен қатар зергерлік бұйымдар мен түрлі заттар күнделікті тұрмыста өздерінің атқаратын негізгі қызметінен басқа әр алуан мақсатта қолданылып, түрлі ұғымдарды білдіреді. Атап айтқанда, зергерлік заттар сәндік мақсатта жұмсалудан бірге белгілі бір адамның шыққан тегін яки лауазымын, қызмет дәрежесін, жас мөлшерін, жынысын, кәсібін, қай руға, тайпаға жататынын, тұратын жерін т.б. ажыратып көрсететін белгі қызметін атқарған. Мәселен, қазақ даласында екі жарым мың жылдан бері белгілі мөрлі жүзіктерді хандар мен сұлтандар, атақты батырлар пайдаланса, бұдан екі үш мыңжыл бұрын жасала бастаған сәукелені той салтанаты кезінде тек қалыңдық, жас келіншектер ғана киген. Сол секілді жыға, көзотаға, шоқ белбеу, алтын айдар т.б. деп аталатын әшекейлер мен бұйымдар адамдардың әлеуметтік жіктелісін, байлықты, батырлықты, билікті білдірсе, белбеулер (мысалы кісе белбеу), негізінде, иесінің жолаушы яки аңшы, батыр екендігіне меңзеген.

Халқымыздың материалдық мәдениетіне байыптап қарасақ, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнерінің жете дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. Айталық, киіз басып, сырмақ сыру, киіз үйге қажетті бау-басқұр, алаша, кілем, аяққап тоқу, кесте тігу, киім тігу, ағаштан қырып ыдыс-аяқ жасау, тері илеу, ер қосу, өрім өру, сүйек өңдеу, тас қашау, алтын-күмістен сәндік бұйымдар жасау, кара темірден тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасау, арба, шана, қайық жасау, үй соғып, құрылыстар тұрғызу т.б. қолөнерінің тамаша туындылары болып табылады. Бұлардың бірсыпырасының қазіргі дәуірімізде өз маңызын жоймағандығы ақиқат. Қысқасы, халқымыздың дәстүрлі қолөнері материалдық және рухани мәдениетімізді тұтастықта бейнелейді.

Қазақ халқының материалдық мәдениетіне, кәсібіне, қолөнеріне қатысты деректерді ХІХ ғасырда жазылған Ш.Уәлихановтың, А.И. Левшиннің, Ә.Диваевтың, Х.Қостанаевтың т.б. еңбектерінен кездестіреміз. ХХ ғасырдың басындағы төңкерістен кейінгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықта қазақ зерттеушілері тарапынан қолөнеріне байланысты тарихи-этнографиялық, өнертану, мәдениеттану тұрғысынан жазылған еңбектер аз емес. Атап айтқанда, энциклопедист ғалым Ә.Х. Марғұлан, Э.А. Масанов, И.В. Захарова, Р.Д. Ходжаева, Т.Бәсенов, С.Мұқанов, М.С. Мұқанов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, Ә.Тәжімұратов, Н.А. Оразбаева, Б.Сарыбаев, Д.Шоқпарұлы, Ж.Бабалықов, А.Сейдімбеков, О.Бейсенбекұлы, М.Нығмет, Б.Кәмалашұлы, А.Нәлібаев, Қ.Ахметжановтың т.б. еңбектерінен этностың рухани-материалдық мәдениетіне қатысты құнды деректерді кездестіруге болады. Дегенмен, солардың ішіндегі елеулісі Ә.Х. Марғұлан, М.С. Мұқанов, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ә.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, Қ.С. Ахметжановтың еңбектері болып табылады.

Қазақ халқының материалдық мәдениеті, қолөнері жөнінде жазылған жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерінде айтылған ой-пікірлер, деректер, қарастырылған мәселелер осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Өйткені бұл еңбектерде қолөнерінің бір ғана түрі емес, оның түрлі салалары ауқымды түрде қарастырылады. Қолөнеріне байланысты лингвистикалық зерттеулерде жоғарыдағы еңбектердің қай-қайсысы да құнды дереккөздері ретінде пайдаланылып жүр.

Түркі тілдеріндегі қолөнеріне байланысты атаулар мен салыстырмалы деректерді, теориялық тұжырымдарды Орхон-Енисей көне жазба ескерткіштерінен бастап, салыстырмалы лексиканың ортағасырлық негізін қалаушы М.Қашқари, одан кейінгі В.В. Радлов, С.Е. Малов, Л.З. Боровков, Ә.Қайдар, К.Мұсаев т.б. сол сияқты алтай тіл білімі бойынша В.И. Цинциустың басшылығымен жүргізілген ұжымдық зерттеулерден, Э.В. Севортянның этимологиялық сөздігінен кездестіреміз.

Қазақ тіл білімінде түрлі кәсіпке байланысты, қолөнеріне байланысты кәсіби мәнді атаулар диалектологиялық зерттеудің негізін салушылардың бірі Ж.Досқараевтың еңбектерінен бастап, С.Аманжолов, Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрмағамбетов, С.Омарбеков, О.Нақысбековтің мақалалары мен сөздіктерінде, диссертациялық зерттеулері мен монографияларында жинап-теріліп, аймақтық лексика тұрғысынан талдауға алынып, шығу төркіндері мен мағыналық сипаты, қолдану өрісі, таралу аймағы т.б. мәселелер анықталған. Кәсіби сөздерді аймақтық лексика негізінде алып, жан-жақты зерттеген академик Ш.Сарыбаевтың еңбегінің қазақ тіл білімінде ерекше орны бар. Кәсіби сөздер жөнінде Ж.Досқараев, Ғ.Мұсабаев, Ш.Сарыбаевтың айтқан ғылыми пікірлері күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Кәсіби сөздердің жиналып-терілуіне, зерттелуіне тоқталып отырғанымыздың себебі: кәсіби сөздер мен қолөнер лексикасы бір-бірімен өте тығыз байланысты. Қолөнерге байланысты атаулар да кәсіби мәнді сөздер. Қолөнер де кәсіптің бір түріне жатады, бірақ кәсіптің басқа түрлеріне қарағанда оған шығармашылық тән, сондықтан олардың тұрмыстық, шаруашылық қажеттіліктерді

уәжділік лексикологияның сөз бен зат арасындағы ат беру сәтіндегі байланысты зерттейтін бөлімі болып отыр.

Тарихи лексикаға қатысты атауларға зер салып қарағанда, олардың уәжі мен аталушы нысан арасындағы байланыс атаудың құрылымдық және мағыналық үлгілерінде (модель), ат қою уәждерінде орын алған. Бұл атаулардың пайда болуы, даму тарихы халқымыздың тарихи-мәдени өмірімен астарласып, ұштасып жатады. Басқаша айтсақ, атаулардың қалыптасуына экстралингвистикалық факторлардың тигізетін әсері мол.

Тарихи лексика материалдары негізінде диссертациялық жұмыста мынадай уәжділік түрлері анықталып, оларды топ-топқа бөліп қарастырдық. Атап айтқанда олар – материалына, пішініне (формасына), түр-түске, жасалу технологиясына, сандық ұғымға, көлеміне, қызметіне, кімге, неге арналғанына, кеңістікке, адам мен жан-жануарлардың дене мүшелеріне, өндірілген тауар түріне, сапалық белгісіне, өлшемдік ұғымға, дыбыселіктеуіштік және дыбысбейнелеуіштік уәжіне, салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерге, әлеуметтік және гендерлік сипатына, халық, ру-тайпа, топонимдерге, уақытқа, маусымға байланысты қалыптасқан атаулар. Мұндай уәжділік түрлерінің ортақ белгілері оларды неғұрлым ірі топтарға біріктіріп қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеуде уәжділік түрлері шектес ғылым салаларымен тығыз байланысты қарастырылып, уәжділік теориясын, оның түрлерін кең ауқымда баяндауға мүмкіндік беріп отыр.

Этнос мәдениеті ежелгі замандардан Қазақстан жерін мекендеген, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың материалдық мәдениетін, тұрмыс-салтын, кәсіп түрлері мен олардың даму деңгейін сипаттайды. Қазақ қолөнерінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Мысал ретінде солардың кейбіреулерінің даму тарихына тоқталып өтпекпіз.

Археологиялық деректер бойынша адамзат баласының ең алғашқы құрал-саймандары тастан жасалған. Ғылымда «тас дәуірі» дейтін шартты атаудың пайда болуы осы көне замандағы тас құралдарға байланысты. Тас дәуірінде тастан құрал, қару-жарақ жасау адам қоғамындағы ірі жаңалық болды. Тас дәуірінің өзінде мал өсірумен егін егу бір-бірімен байланысты болған. Шығыс Қазақстан аймағынан табылған орақтар, келі-келсаптар мен түйгіштер онда егіншілік мәдениетінің болғанын айғақтаумен бірге қолөнерінің де ежелгі даму сатысынан хабар береді [1, 115].

Халық дамуының қола дәуірінде адам санасының ойлау дағдылары ұлғайып, дами келе қоладан, темірден құрал-сайман, қару-жарақтар жасалып, соған орай қола, темір құдыретіне сену, қасиетті көру әдеті пайда болады.

Тарихи лексиканың әрбір саласының өзіндік қалыптасу ерекшеліктері, даму кезеңдері бар. Мәселен, ең ежелгі кәсіптердің бірі аңшылық кәсібі болған десек, киім-кешек дайындау ісінің дамуы осы кәсіпке байланысты болды. Ауланған аңдардың етін ғана пайдаланып қоймай, терісінен киім-кешек әзірлеп, сүйектері мен мүйіздерінен ұсақ-түйек бұйымдар жасау қалыптаса бастайды. Адамдардың талғамына орай қасқыр, түлкі, сусар секілді аңдардың асыл терілерінен киім кию дағдысы да тұрмыс салтына енеді. Аңшылық кәсібінің қанат жаюы негізінде жабайы аңдарды қолға үйрету әдісі өрістейді. Бұл істе әйелдердің еңбегі өте зор болады. Өйткені жабайы аңдарды қолға үйрету тәсілін алғаш жүзеге асырған әйелдер. Бұл әдіс дами келе бірте-бірте аңдардың ғана емес, құстардың да қырағы, алғыр түрлерін қолға ұстап, баптауға көндірілген. Бұл әдіс аңшылық әрекетінің салтында жаңа бір өзгеше сипатты қалыптастырады. Сол қыран құстардың жәрдемімен қасқыр, түлкі сияқты аңдарды аулайтын болады.

Этнос мәдениетінің тарихында ұсталық, зергерлік өнері ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгілерінен саналатын зергерлік өнері (өйткені көп жағдайда зергерлер – бірнеше өнерді қатар меңгерген, әмбебап шеберлер, бесаспап адамдар) халқымыздың өткен дәуірлердегі материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді.

Зергерлік өнері Қазақстан жерінде бұдан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын пайда болған. Оның пайда болуы о баста малшылық, егіншілік, аңшылық құрал-жабдықтарын жасауға, оларды өз жерімізде кездесетін асыл тастармен, түсті металдармен әшекейлеуге тығыз байланысты. Археологиялық деректер бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойында қазақ даласында мыс, қалайы, күміс, алтын сияқты түсті металдар өндіріліп келгендігін көрсетіп отыр.

Тарихи-этнографиялық, мәдениеттану тұрғысынан қарағанда зергерлік әшекейлер о баста тұрмыстық қажеттілікті өтейтін бұйым ретінде яки сән-салтанат, әсемдік үшін емес, тұмар ретінде тағылған. Ертеде аңдардың сүйегі, тістері, тұяғы, бүркіт, үкі секілді құстардың аяғы, ұлу қабыршықтары, жарқырап тұратын тастар т.б. киелі деп саналып, олардан моншақ, білезік, алқа, сырға т.б. заттар жасау орын алған. Кейінірек түсті металдарды өңдеудің шығуына байланысты тұмар қызметін

ческого подхода в лингвистике послужило новым источником познания системы общения, языковой ментальности, стереотипов общения и поведения, а также способствовало возникновению и развитию новых междисциплинарных научных направлений, таких как психолингвистика, социолингвистика, этнолингвистика, лингвокультурология, лингвострановедение.

**Ключевые слова:** стереотип, национальная культура, лингвокультурология, культурные семантический код, национальная идентичность, национальный менталитет.

*A.O. Tumbolova,<sup>1</sup> A.S. Murzinova<sup>1</sup>, A.E. Sadykova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh State Women's Pedagogical University*

<sup>2</sup>*National Pedagogical University named after Abay*

## **NATIONAL-CULTURAL CHARACTERISTICS and STEREOTYPES IN THE LINGUISTIC CONSCIOUSNESS (BASED ON THE CONCEPR "FAMILY")**

### *Abstract*

The article is devoted to some aspects of the study of stereotypes in linguistics. At present, the word stereotype is used both in everyday speech and in the scientific sphere, and even with its terminological interpretation there are discrepancies: "philosophical", "psychological", "sociological" and "linguistic" stereotypes – each has its own characteristics. Modern linguistics is characterized by the study of language in relation to man, his consciousness, thinking and practical activity. In this regard, the scientific interest in the national and cultural aspect of the study of language, in the study of units of language and speech, reflecting the phenomena typical of a particular linguistic culture, is growing. The development of anthropocentric approach in linguistics served as a new source of knowledge of the system of communication, linguistic mentality, stereotypes of communication and behavior, and also contributed to the emergence and development of new interdisciplinary scientific directions, such as psycholinguistics, sociolinguistics, ethnolinguistics, linguoculturology, linguistics.

**Key words:** stereotype, National culture, linguoculturology, cultural semantic code, national identity, national mentality.

### **МРНТИ 16.21.21**

*Г.Ж. Утегенова<sup>1</sup>, Н.Ш. Базарбекова<sup>1</sup>, И.А. Есболаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Шымкент қ., Қазақстан*

## **ТАРИХИ ЛЕКСИКАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ**

### *Аңдатпа*

Тарихи лексика – тіл білімінің мәнді де маңызды салаларының бірі. Негізгі зерттеу нысаны – лексика, оның даму жолдары мен қалыптасу заңдылықтары. Тарихи лексика тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші халықтардың бастан өткізген тарихи дәуірлер мен жүріп өткен жолдарына қатысты тілдік бірліктердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдерінің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді. Тарихи лексика тіл фактілерін тарихи тұрғыдан зерттеуді негізгі нысанаға алады. Ол белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына байланысты сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-сана, әдеп-ғұрыпына экстралингвистикалық факторларына қатысты зерттеуді қажет етеді. Әрбір тілдің лексикалық қоры, қат-қабат сөз байлығы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен байланысты, сол халықтың халық болып дами, қалыптаса бастаған кезеңдердің жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын мұрасы болып саналады.

**Түйін сөздер:** лексика, тіл білімі, рухани мәдениет, тіл тарихы, этнолингвистика, тарихи лексика, жазба әдеби тіл.

Уәжділік – заттың белгісінің оның атауынан, тілде көрініс табуы. Уәждеме – гомогенді уәждер тобын білдіретін термин ретінде қолданылады. Зат атауының уәжі – белгілі бір уәждердің нақтылы түрде атаудан көрінуі. Қазақ тіл білімінде уәж, уәжділік мәселелеріне қатысты зерттеулер кең көлемде жүргізіліп келе жатыр. Бұл ретте Ә.Қайдар, М.Копыленко, К.Хұсайынов, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, А.Салқынбай, Ұ.Әділбаева, Ә.Алмауытова т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі уәж, уәжділік туралы пікірлері мен тұжырымдарын келтіруге болады. Зерттеушілердің тұжырымдарын жинақтай айтқанда, уәжділік ұғымы тіл білімінде сөздің мағынасы мен оның формасының атау сәтіндегі немесе дамудың белгілі бір деңгейіндегі тарихи байланыстың заңдылығы ретінде қарастырылады. Қазіргі кезде



образын серуендеуді, саяхаттауды жақсы көретін, немересін аптасына бір рет қарайтын әже ретінде тануға болады.

Қазақ халқы ағайын-туысты да отбасы мүшелеріне жатқызады. Осыған байланысты **қазақ тілінде:** «Абысын тату болса ас көп, ағайын тату болса ат көп», «Ынтымақ қайда болса, ырыс сонда», «Ағайында өкпе бар да, кек жоқ», «Ағайынның қадірін – қаралы болғанда білерсің», «Туысы жақын жақын емес, қонысы жақын жақын», «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» секілді мақал-мәтелдер кездеседі. Келтірілген мысалдарда біріншіден, қазақ халқының ағайын-туыс жайлы түсінігі, екіншіден, татулық, береке, бірлік жайлы көзқарасы, үшіншіден, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, төртіншіден, дүниеге көзқарасы жайлы түсінігі берілген. Тұтастай алғанда, бұлардың бәрі жинақталып келіп, қазақ халқының ұжымдық мәдениеті жайлы түсінігін құрайды. Ал **орыс тілінде:** «Свой своему поневоле друг» (өзінікі өзіне қаласа да, қаламаса да дос), «Есть родня, есть и возня» (туғаның болса, баратын жеріңде бар), «Родных много, а пообедать не у кого» (туысқандар көп, алайда түстенерде ешкім жоқ), «Родня середь дня, а как солнце зайдет – ее и черт не найдет» дегендер кездеседі. Бұл мысалдарда да орыс халқының ағайын-туыс туралы көзқарасы (жағымды-жағымсыз), салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, дүниеге көзқарасы туралы ақпарат берілген.

Түйіндей келгенде, қазақ, орыс, ағылшын халықтарының отбасы ұғымына байланысты қалыптасқан түсініктері мәдени коннотацияға ие паремиялар қорынан құралған деуге болады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Lippmann W. *Public Opinion*. – N-Y.: LLC, 1992. – 383 p.
- 2 Binkley R. C. *The Common Concept of Public Opinion in the Social Sciences* / R. Binkley // *Social Forces*. – 1928. – Vol. 6. – 393 p.
- 3 Katz D., Braly K.W. *Racial stereotypes of one hundred college students* // *Jornal of Abnormal and Social Psychology*. 1933. – Vol. 28. – P. 280-290.
- 4 Красных В.В. *Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология*. – М.: Гнозис, 2002. – 284 с.
- 5 Мордвинова Е.В. *Языковые и культурные особенности восприятия.nv-study.intramail.ru*. [интернет ресурс]
- 6 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің негіздері. Филол. ғыл. док. дисс.* – А., 2007. – 328 б.
- 7 Әмірбекова А.Б. *Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттар*. – А.: Елтану, 2011. – 335 б.
- 8 Әлметова Ә.С. *Лингвомәдениеттану негіздері.* – А.: Полиграфкомбинат, 2016. – 320 б.
- 9 Салқынбай А. *Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект)*. – А.: Қазақ университеті, 1999. – 370 б.
- 10 Атжанова Н.Е. *Вкрапления со значением «от», «ошақ» в межкультурной коммуникации* // *Lingua Mobilis. Научный журнал*. – №2 (28), 2011.
- 11 Шанский Н.М., Боброва Т.А. *Школьный этимологический словарь русского языка*. – М.: Дрофа, 2001. – 400 с.
- 12 Маковский М.М. *Историко-этимологический словарь современного английского языка*. – М.: Диалог, 2000. – 423 с.
- 13 Weekley E. *An Etymological Dictionary of Modern English*. – 1967. – Vol.2. – 900 p.
- 14 Литвинов П.П. *3500 английских фразеологизмов и устойчивых словосочетаний*. – М.: Астрель, 2007. – 285 с.
- 15 Мокиенко В.М., Никитина Т.Г., Николаева Е.К. *Большой словарь русских пословиц*. – М.: ОЛМА Медиа Групп, 2010. – 1024 с.
- 16 Mieder W. *Proverbs: A Handbook*. W, C.: Greenwood Press, 2004. – 304 p.
- 17 *Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы*. – А.: Арыс, 2010. – 310 б.

**А.О. Тымболова<sup>1</sup>, А.С. Мурзинова<sup>1</sup>, А.Е. Садыкова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Казахский государственный женский педагогический университет

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая

#### **НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ СТЕРЕОТИПА В ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ (НА ОСНОВЕ КОНЦЕПЦИИ «СЕМЬЯ»)**

*Аннотация*

Статья посвящена некоторым аспектам изучения стереотипов в лингвистике. В настоящее время слово стереотип используется как в повседневной речи, так и в научной сфере, причем даже при его терминологической трактовке встречаются расхождения: «философский», «психологический», «социологический» и «лингвистический» стереотипы – каждый имеет свои особенности. Для современной лингвистики характерно изучение языка применительно к человеку, его сознанию, мышлению и практической деятельности. В этой связи возрастает научный интерес к национально-культурному аспекту исследования языка, к исследованию единиц языка и речи, отражающих явления, типичные для той или иной лингвокультуры. Развитие антропоцентри-

мысалдағы «*a black sheep*»(қара қой) фраземасы – ағылшын халқының тұрмыс-тіршілігімен сабақтасып жатыр. Олардың түсінігінде, «қара қой» – жағымсыз коннотациялық мәнге ие. Бұл елдің экономикалық жағдайымен тығыз байланысты. Қара қойдың жүні ешқандай бояу алмағандықтан, оны ешқандай өндіріс орны қабылдамайды. Сол себепті де, ағылшындар қара қойды жаман ырымға балаған.

Бала үшін ата-ананың қамқорлығынан асқан бақыт жоқ. Олардың орны қашан да бөлек. Осыған байланысты **қазақ тілінде:** «*Ана алдында – құрмет, әке алдында – қызмет*», «*Әке – асқар тау, ана – етегіндегі бұлақ, бала – жағасындағы құрақ*», «*Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар*», «*Әкеден – ақыл, анадан – мейір*», «*Ата-ананың қадірін – балалы болғанда білерсің*», «*Ана сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды*», «*Әке тілін алмаған, аман болып көп жүрмес*», «*Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді*», «*Анаңның хақы – Құдайдың хақы*», «*Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада*», «*Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың*», «*жұмақ – ананың табанының астында*» [17], **орыс тілінде:** «*Родительское благословение на воде не тонет, на огне не горит*» (ата-ананың тілегі суға да батбайды, отқа да жанбайды), «*При солнце тепло, а при матери добро*» (күннен жылы, анадан мейірім), «*Лучше матери друга не сыщешь*» (анаңнан артық дос таппайсың), «*Материнская ласка конца не знает*»(ананың мейірімі ешқашан таусылмайды), «*Сердце матери греет лучше солнца*»(ананың жүрегі күннен де артық жылытады), «*У кого есть matka, у того и голова гладка*»(кімнің анасы болса, соның басы ауырмайды), «*Каков отец, таков и сын*» (әкесі қандай болса, баласы сондай), «*Отец наказывает, отец и хвалит*» (әке баласын жазалайды да, мақтайды), «*Кто родителей почитает, тот во веки не погибает*» (ата-анасын сыйлағанның жақсылығы ұмытылмайды) [15], **ағылшын тілінде:** «*One father is more than a hundred schoolmasters*» (жүз ұстаздан бір әке артық), «*A mother's love never ages*» (ана махаббатының шегі жоқ), «*Mother is God number two*»(ана – екінші құдай), «*We are born from the womb of our mother*»(біз бір ананың құрсағынан шықтық), т.б. паремиялар бар [16]. Үш тілдегі паремиялардан ұқсастықтар мен ерекшеліктерді байқауға болады. Мысалы, қазақ халқының танымында «*Әкеобразы*» – асқар тау, ақылгөй, шежіре үйретуші бейнесінде, ал орыс халқының танымында үлгі-өнеге көрсетуші ретінде, ағылшын халқының танымында ұстаздардан артық жан бейнесінде танылады. Қазақ халқының тілдік санасында «*Ана образы*» –мөлдір бұлақ суына, орыс халқының тілдік санасында күнге, ағылшын халқының тілдік санасында құдайға теңеледі. Ана мейірімі мен хақына байланысты түсініктерден ұлттық-мәдени ерекшеліктер байқалады. Мәселен, қазақ анасының мейірімі мен хақы – Алла мейірімімен, Алла хақымен ассоциацияланса, орыс анасының мейірімі – күннен де ыстық отпен, дастан артық жанмен, шегі жоқ махаббатпен, ал ағылшын анасының мейірімі – шексіздікпен ассоциацияланады.

Қазақ отбасында ата мен әженің орны айырықша. Бұған **қазақ тіліндегі:** «*Ата жолы – бала жолы*», «*Аталар сөзі – ақылдың көзі*», «*Әже – ақылдың кені, өткеннің шежіресі*», «*Аталы ел баталы*», «*Ақылды қария – ағып жатқан дария*», «*Ата балаға сыншы*», «*Атасыз үй – батасыз*», т.б. дегенмақал-мәтелдерді жатқызуға болады. Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, «ата мен әже» образдары – ауыл ұйытқысы, ақылгөйі, рухани құндылықтарды (салт-дәстүр) үйретуші, тілдік мұрағаттарды сақтаушы адам ретінде танылады.

Орыс отбасындағы ата мен әженің рөлі туралы **орыс тілінде** мынандай мақал-мәтелдер кездеседі: «*У кого есть дед, у того и обед*» (Кімнің атасы бар болса, соның асы бар), «*Корми деда на печи – и сам будешь там*» (атаңды қалай тамақтандырсаң, өзіңді де солай тамақтандырады), «*Была б моя бабуся, никого не боюсь, бабушка – щиток, кулак – молоток*»(әжем – қорғаным), т.б. Берілген мысалдарда «ата мен әже» образдары – қамқоршы, жақтаушы, арашалаушы жан ретінде ұғынылады. Ал **ағылшын тілінде** «ата мен әже» (grandfather and grandmother) ұғымдарына байланысты паремиялар төмендегідей: «*Don't teach your grandmother to suck eggs*» (сөзбе-сөз аудармасы: *әжеңе жұмыртқаны қалай жеу керектігін үйретпе*), «*grandparents' day*» (ата-әжелер күні), «*grandmother's week*» (әже аптасы), т.б. Аталған тілдік бірліктерде ағылшын халқының ұлттық түсінігі жайлы мәлімет берілген. Мысалы, «*grandparents' day*» сөз тіркесі – ата-әжелерді құрметтеуге арналған мерекелік іс-шараны білдірсе, «*grandmother's week*» сөз тіркесі – аптасына бір рет немересін қарайтын күнді білдіреді. Ағылшын отбасы ата-әжесімен бірге тұрмайды. Олардың ата-әжелері қазақтың, орыстың ата-әжелері сияқты зейнетке шыққаннан кейін, немерелерін үйде бағып отырмайды. Олар ел аралап, саяхаттайды, қалған бар өмірін өздеріне арнайды.

Демек, ағылшындық әже образы – немересін бауырына салып, бар жақсысын соған арнайтын қазақтың ақ кемешекті, ақ жаулықты әжесі мен орыстың жаулық байлаған әжесіне ұқсамайды. Оның

лексемалары, орыстар үшін «угл», «изба», «гусли»(көне музыкалық аспап), «душа», «хозяйка», «олади», «мед» лексемалары, ағылшындар үшін «key», «house», «nine live» лексемалары – мәдени мазмұнға бай таным көрсеткіштері болып саналады.

Отбасын сақтау – ерлі-зайыптылардың мінезіне тікелей байланысты. Оны төменде берілген мақал-мәтелдерден де көруге болады. Мысалы, **қазақ тілінде:** «Жақсы әйел ерінің басын төрге сүйрейді» дейді. Осы мысалдағы «төр» –сакральді мағынаға ие лексема. Оның философиялық мәні тереңде. Ол – жоғарғы әлем мен төменгі әлемді, оңтүстік пен солтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын аралық, әрі киелі, қасиетті орын. Мұндай орынға кез келген адам отыра бермейді. Бұған тек ағайын-туыс пен ел-жұрттың арасында сыйы бар адам ғана отырады. Осындай құрметке лайық болу – ер адамның әйеліне тікелей байланысты. Ал **орыс тілінде:** «У хорошей жены и плохой муж будет молодцом» (жақсы әйелмен, жаман күйеуде жақсы көрінеді) десе,**ағылшын тілінде** керісінше:«A good husband takes a good wife»(жақсы еркек әйелін жақсы адамның қатарына қосады) дейді. **Қазақ тілінде:** «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас», **орыс тілінде:** «С доброй женой и горе – в полгоря, а радость – вдвойне»(жақсы әйелмен қайғың аз, қуанышың екі есе көп), «Доброй жене домоседство не мука»(жақсы әйелге үйде отыру қиын іс емес), **ағылшын тілінде:** «Behind every great man there's a great woman»(әрбір жақсы еркектің артында жақсы әйел тұрады), **қазақ тілінде:** «Жақсы әйел ырыс, жаман әйел ұрыс», «Жаман әйел алғанның жауы үйінде», «Жаман еркек той бұзар, жаман әйел үй бұзар», **орыс тілінде:** «Худая жена и хорошего мужа портит» (жаман әйел күйеуінде құртады),«За добрым мужем, как за городом, а за худым – и огородбища нет», «Лучше хлеб есть с водою, чем жить со злою женою» (жаман әйелмен тұрғаниша, нан мен су ішкенім артық), **ағылшын тілінде:**«The grey mare is the better horse» (сөзбе-сөз аудармасы: сұр жылқы – керемет жылқы; мағынасы: отбасын басқаратын әйел),«Three things drive a man out of his house – smoke, rain, and scolding wife» (сөзбе-сөз аудармасы: үш зат ер адамды үйден бездіреді: біріншісі түтін (от), екіншісі жауын (сел), үшіншісі жаман әйел) [16].

«Жақсы әйелдің образы» – қазақ халқының ұжымдық санасындаотбасының ұйытқысы, берекені сақтаушы, ерінің сырласы ретінде, орыс халқының ұжымдық санасында еңбекқор, ерінің сырлас, мұндас досы ретінде, ал ағылшын халқының ұжымдық санасында ұлы адам ретінде ассоциацияланған. Ал «жаман әйелдің образы»– қазақ халқының ұжымдық санасында берекесіз, арсыз, жау ретінде, орыс халқының ұжымдық санасында арсыз, берекесіз, қатыгез адам ретінде, ал ағылшын халқының ұжымдық санасында билікқұмар, қатыгез адам ретінде сипатталған.

«Жақсы еркектің образы» – қазақ халқының ұжымдық санасындасыйлы адам ретінде, орыс халқының ұжымдық санасында еңбекқор адам ретінде, ал ағылшын халқының ұжымдық санасында ұлы адам ретінде ассоциацияланған. Ал «жаман еркектің образы» – қазақ халқының ұжымдық санасында берекесіз адам ретінде, орыс халқының ұжымдық санасында жалқау, берекесіз адам ретінде көрініс тапқан. Байқағанымыздай, бұлар қазақ, орыс, ағылшын халықтарының өздеріне тән ер мен әйел ұғымына қатысты стереотиптерін көрсетеді.

Отбасында баланың орны ерекше. Бала ұғымына қатысты мақал-мәтелдер төмендегідей. **Қазақ тілінде:** «Бала – адамның бауыр еті» – адам ағзасындағы ең маңызды мүшеге, «Атадан бала қалса игі, ата жолын қуса игі» – әкенің жолдағы ізіне,**орыс тілінде:** «Жизнь родителей в детях» (әкешешенің өмірі балаларымен қызық) – ата-ана өміріне, **ағылшын тілінде:** «The child is father of the man» (Бала – ер адамның әкесі) – әкеге, «Children are poor man's riches» (сөзбе-сөз аудармасы: балалар – кедей әкенің байлығы) – қазынағатенеліп тұр.Ал баласы жоқ отбасы **қазақ тілінде:** «Балалар үй базар, баласыз үй қу мазар» – жалғыз тұрған моланың, «Бесіксіз үйде береке жоқ» – берекесі жоқ үйдің, **орыс тілінде:** «Семья без детей, что цветок без запаха» (баласы жоқ отбасы, иісі жоқ гүл сияқты)– иісі жоқ гүлдің образдарымен берілген. Бала тәрбиесіне қатысты **қазақ тілінде:** «Баталы сөз – балаға азық» (баталы сөз – қасиетті, қастерлі сөз), «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» (ата-тегін, шежіре білу), «Адам болатын бала – ағайыншыл келеді»(көпшіл болу), «Шешеге қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер»(тәрбие алу), «Жеті атасын білмеген, жетімдіктің белгісі»(жетесіздік), «Баланың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге» (әдепсіздік), [17] т.б. **орыс тілінде:** «В хорошей семье хорошие дети растут» (жақсы отбасында тәрбиелі бала өседі), «Не наказанный сын – бесчестье отцу»(жазаланбаған ұлдың ұяты әкесіне; тәрбиесіздік) [15], **ағылшын тілінде:**«Children should be seen and not heard» (балалар көз алдында болу керек, бірақ дауыстарын естімеу керек; өз еркімен өсуге тәрбиелеу), «A child may have too much of his mother's blessing» (ана өз махаббатымен баласын құртуы мүмкін), «Spare the rod and spoil the child» (балаңды еркелетсең, құртасың), «There is a black sheep in every family» (сөзбе-сөз ауд. әр отбасында бір қара қой бар – әдепсіздік, көргенсіздік) деген паремиялар кездеседі [16]. Соңғы

бақшаға ағаш отырғызу салты мен отбасылық шежіре туралы түсінігінен хабар берсе, «family Bible» – діни сенімімен қатар, адамның таза паракқа туылған, отбасын құрған және қайтыс болған күндері жазылатын отбасылық дәптерін білдіреді. Ал «home» (үй) лексемасы – ағылшын танымында отбасы туралы ұғыммен астасып жатыр. Олар үшін «home» (үй) – отбасы тыныштығын сақтайтын берік камалдың қызметін атқарады. Мұны жоғарыда берілген мысалдардан да байқауға болады.

«Отбасын құру», «жар таңдау» ісі – адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Осыған байланысты **қазақ тілінде:** «жалғыздық тек құдайға ғана жарасады», «бас екеу болмай, мал екеу болмайды», «шаңырақ көтеру», «отау үй, оңаша бас», «ақ босағаны аттау», «отау тігіп, түтін түтету», «үйлену оңай, үй болу қиын», «есік көргенді алма, бесік көргенді ал», «адам болар жігіттің, жары өзіне лайық» [17] т.б. паремияларды кездестіруге болады. Бұл паремияларда халқымыздың діни түсінігімен қатар, ұжымдық мәдениет жайлы түсінігі, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі және өмірден түйген тәжірибесі туралы деректер берілген. **Орыс тіліндегі:** «замуж выйти не напасть, как бы замужем не пропасть», «женишься раз, а плачешь век», «выбирай жену не в хороводе, а в огороде», «выбирай жену не по наряду, а по уму», «равные обычаи – крепкая любовь» [15] деген мысалдарды алайық. Бұлардың мағыналарын интерпретациялайтын болсақ, «асығыстық танытамын деп, аяғыңды шалыс басып қалма», «еңбекқор жанға үйлен», «өзіңе лайық қалыңдық таңда» дегендерге саяды. Осы паремиялардағы «хоровод», «огород», «обычай» лексемалары – орыс халқының салт-дәстүрі, шаруашылығы, ұлттық ойыны туралы мәдени коннотацияларды құрайды. Ал **ағылшын тілінде:** «Marriages are made in heaven» (неке аспанда қиылады), «choose your wife on a Saturday rather than on Sunday» (сөзбе-сөз аудармасы: жарыңды жексенбіден гөрі сенбінде таңда), «choose a wife rather than by your ear than your eyes» (сөзбе-сөз аудармасы: жарыңды көзіңмен емес, құлағыңмен естіп таңда) [16] сияқты паремиялар кездеседі. Бұлардан ағылшын халқының ұлттық өзгешелігі байқалады. Мәселен, ағылшындардың «неке – құдайдың қалауымен аспанда қиылады» деген түсінігі діни танымымен байланысты болса, ал қалыңдық таңдау туралы түсінігі апта күндеріне байланысты қалыптасқан наным-сенімдерімен сабақтасып жатыр. Мысалы, «Saturday» (сенбі) мен «Sunday» (жексенбі) – ағылшындардың егін шаруашылығы құдайы мен күн құдайы жайлы ежелгі мифологиялық көзқарасын білдіреді. Сондай-ақ, ағылшын тілінде «Sunday face» идиомалық тіркесі бар. Бұл екі жүзді деген мағына береді. Бұдан «қалыңдықты түріне қарап емес, істеген еңбегіне қарап таңдау керек» деген түйін жасауға болады.

Демек, үш тілде берілген осындай паремиялардың қалыптасуына үш халықтың салт-дәстүрі мен діни наным, мифологиялық көзқарасы мен тұрмыс-тіршілігі негіз болса керек.

Отбасын құрған ер мен әйелдің өзіне лайық міндеттері болады. Бұған ата-баба аманатын жалғастыру, шаңырақты шайқалтпау, ынтымақ пен берекені нығайту секілді міндеттер жатады. Осыған сәйкес **қазақ тілінде:** «дәм-тұзы жарасу» – ер мен әйелдің сыйластығын, татулығын, «қазан-ошаққа иелік ету», «ас-су ұстау», «от басы, ошақ қасында жүру» – әйелдің үй шаруасындағы қызметін, «бесік жанында отыру» – әйел адамның бала тәрбиелеу ісін, «тұз адамы» – ер адамды, «қабырғамен кеңесу» – бірлесіп ақылдасуын, «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады», «Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі» – әйелдің үйдегі, еркектің сырттағы шаруасын, «Жар қадірін білмесең, жалғыздық берер басыңды», «Жарың – жан жолдасың» – сыйластық, ауызбіршілігін, «Әйелдің қырық жаны бар» – әйел адамның шыдамдылығын білдіретін фраземалар мен мақал-мәтелдер бар. Осыларға ұқсас **орыс тілінде де:** «Жена за три угла избу держит, а муж за один» (әйелі үйдің үш бұрышын, ал күйеуі бір бұрышын ұстайды) – ер мен әйелдің үй шаруасындағы қызметтерін, «Муж и жена – одно дело» (ері мен әйелі – бір іс) – ер мен әйелдің ауызбіршілігін, «Жена не гусли, поиграв, на стенку не повесишь» (әйелің гусли емес, шертіп болған соң қабырғаға іліп қоятын), «Жена – вторая душа» (әйелің екінші жаның) – сыйластық, қамқорлығын, «Хозяйка в дому, что оладышек в меду» [15] – әйелдің үй шаруасындағы орнын, **ағылшын тілінде де:** «A women's place is in the home» (сөзбе-сөз аудармасы: әйел адамның орны – үй) – әйелдің орны, «The wife is the key to the house» (сөзбе-сөз аудармасы: әйел – үйге кіретін кілт) «Men make houses, women make homes» (сөзбе-сөз аудармасы: ерлер үй жасаса, әйелдер ішін жасайды) – ер мен әйелдің үйдегі міндеттерін, «A woman has nine lives like a cat» (сөзбе-сөз аудармасы: мысықтың өміріндей, әйелдің де тоғыз өмірі бар) – әйел адамның шыдамдылығын, «The husband is the head at the house, but the wife is the neck moves the head» (сөзбе-сөз аудармасы: еркек – үйдің басы, әйел – басты бұратын мойын) [16] – үй шаруашылығын басқаруды білдіретін мақал-мәтелдер бар. Үш тілде келтірілген мысалдардың мағыналары бір-біріне жуық болғанымен, олардың өздеріне тән ұлттық-мәдени сипаты бар. Мәселен, қазақтар үшін «дәм-тұз», «қазан-ошақ», «бесік», «қырық жан»

орыс халқының өзіне тән ұлттық-мәдени стереотипін білдіреді. Ал ағылшын тіліндегі «family» (отбасы) сөзінің шығу төркіні туралы этимолог ғалымдар былай дейді: «...француз тілі (famille «отбасы») арқылы енген. Бұл сөздің қалыптасуына латын тіліндегі familia (famulus «құл») сөзі негіз болған» [12,125]. «Replaced Old English *hiwscipe*, *hiwan* «family», cognate with Old Norse *hjon* «one of the household; married couple, man and wife; domestic servant», and with Old High German *hiwo* «husband», *hiwo* «wife» (Көне ағылшын тілінде *hiwscipe*, *hiwan* отбасы ұғымын білдірген. Бұл сөздер көне скандинавия тіліндегі *hjon* («бір отбасынан; отбасылық жұп – әйелі мен күйеуі; отбасының құлдары») сөзімен түбірлес. Көне герман тілінде де *hiwo* «күйеуі», *hiwa* «әйелі» деген мағынаны білдіреді [13].

Сайып келгенде, «family» атауы – латын тілінен француз тілі арқылы енген. Көне ағылшын тілінде тек отбасын құрған жұптар (*epi мен әйелі*) ғана «family» ұғымын білдірген.

Ағылшын тілінде отбасы ұғымын білдіретін «fire»(от) сөзі негіз болған фраземалар да бар. Мысалы, «*keep the home fires burning*» (сөзбе-сөз аудармасы: үй ішінде отты сақтау; мағынасы: отбасын сақтау), «*near the fire*»(сөзбе-сөз аудармасы: оттың жаны; мағынасы: үй, үй іші) [14]. Бұл фраземалар ағылшын халқының мәдениеті мен өткен дәуірдегі тұрмысынан хабар береді.

Жоғарыда берілген мәліметтерге сүйене отырып, отбасы/семья/family атауларының өзіндік тарихы мен әр халықтың ұлттық ерекшелігін көрсететін мәдени сипаты бар деп түйін жасауға болады.

Отбасы барлық халыққа ортақ әмбебап құрылым болса да, оны әр мәдениет өкілі өзінше қабылдап, өзінше түсінеді. Мұндай түсініктер әр халықтың паремиялогиялық қорында сақталады. Осыған сәйкес, қазақ, орыс, ағылшын халықтарының мақал-мәтелдеріне, фразеологиялық тіркестеріне, лексемаларына талдау жүргізіп көрейік.

**Қазақ тіліндегі:** «Отан – отбасынан басталады», «Отбасы – алтын бесік», «Өнегелі отаудың өрісі кең», «ата көрсеткен жолы бір, ана тіккен тоны бір», «қара шаңырақ», «шаңырағы берік отбасы», «айрандай ұйыған отбасы», «қазаны бүтін», т.б. секілді мақал-мәтелдер мен фраземаларда «отбасы» – тәрбиенің қайнар көзі, отанның ұйытқысы, татулық пен бірліктің символы ретінде бейнеленген. Мұндай образдың қалыптасуына халқымыздың рухани және материалдық құндылықтары негіз болған. Мысалы, *бесік*, *отау*, *ата жолы*, *тон*, *шаңырақ*, *айран*, *қазан* дегендер халық жадындағы мәдени дүниелер. Бұлар тек заттық атаулар ғана емес, сонымен бірге мәдени коннотацияға ие тілдік бірліктер. Мәселен, қазақ халқы үшін «бесік» – балалы отбасын, өнегелі отбасын білдірсе (тал бесіктен, жер бесікке дейін), «отау» – шаңырақ көтеріп, өз алдына жеке үй болған отбасын білдіреді. «Шаңырақ»(қара шаңырақ, шаңырағы берік) – үлкен әулет пен ұрпақ жалғастығын, «қазан»(қазаны бүтін) – отбасы мен ағайын-туыстың татулығын, бірлігін бейнелейді. Сондай-ақ, тіліміздегі «айрандай ұйыған» деген фразема да тату отбасы туралы түсінікті білдіреді. Ал «ата көрсеткен жолы бір, ана тіккен тоны бір» деген фразема – бір отбасынан шыққан және ата-бабаның салған ізімен дәстүрді жалғастырған өнегелі отбасы жайлы ақпарат береді. Мұның барлығы қазақ халқының ұжымдық санасындағы отбасы туралы түсінігін көрсететін ұлттық-мәдени мазмұндағы стереотиптер болып табылады.

**Орыс тіліндегі:** «Семья – опора счастья», «В семье и каша гуще», «Из одной каши», «Семья вместе – душа на месте», «душа в душу», «Семья в куче, не страшна и туча», «Согласную семью и горе не берет», «Где мир и лад, там и божья благодать», «Семья – печка: как холодно – все кней собираются», [15] т.б. секілді мақал-мәтелдер мен фраземаларда «семья» (отбасы) – бақыттың, тыныштықтың, татулықтың символы ретінде көрініс береді. Осы мысалдардағы: *каша*, *душа*, *куча*, *мир*, *божья благодать*, *печка* дегендерді орыс халқының ұлттық мәдениетін танытатын лексемалар деуге болады. Мысалы, «каша» – ұлттық тағамдарының бірі, «душа» – жан дүниесі, «куча» – ұлттық мөлшер атауы, «мир» – өмірге көзқарасы, «божья благодать» – діни түсінігі, «печка» – ұлттық мүлкі. Бұлар келтірілген мақал-мәтелдер мен фраземаларға қосымша мән жүктей отырып, «бір отбасынан шыққан», «өз отбасында бәрі жақсы», «бірлігі, ынтымағы жарасқан, тату отбасы» туралы ұғымдарды білдіріп тұр. Сондай-ақ, орыс халқының мифологиялық, діни, психологиялық көзқарасы мен тұрмыс-тіршілігінен және қоршаған ортасының климаттық ерекшелігінен хабар беріп тұр.

**Ағылшын тілінде:** «Family tree» (отбасы ағашы), «family Bible» (отбасы інжілі), «Home is where the heart is» (сөзбе-сөз ауд. жүрегің қайда болса, сол жер үйің), «Every bird likes its own nest best» (сөзбе-сөз ауд. әр құс өзінің ұясын жақсы көреді), «Birds in their little nests agree» (сөзбе-сөз ауд. құстар өздерінің ұясында тату) [16]. секілді фразема мен мақал-мәтелдерде «family»(отбасы) ұғымы – ағылшын халқының ұлттық таным-түсінігімен сабақтасып жатыр. Мәселен, «family tree» – ағылшындардың «баланың өмірге келуі, мектепке баруы, үйлену тойы» сияқты айтулы күндерде

Қазіргі тіл білімінде осы ұғымға арналған іргелі зерттеулерді И.С. Кон, Ж.Коллен, Ю.Д. Апресян, Ю.А. Сорокин, В.А. Рыжков, Ю.Е. Прохоров, В.В. Красных, П.Н. Шихирев, С.М. Толстая, Е.Бартминский, А.К. Байбурин, Д.Б. Гудкова, И.Ю. Марковина, Н.В. Уфимцева, А.В. Павловская, О.Ю. Семендяев, В.А. Маслова, М.В. Пименова, Н.Уэли, Б.Хасанұлы, А.С. Әлметова, Г.Смағұлова, Ж.Манкеева, Қ.Ө. Есенова, Г.Исина, А.Б. Әмірбекова, К.А. Құсманова, т.б. отандық және шетелдік лингвист ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады.

Ғалымдардың пайымдауынша, «стереотип дегеніміз белгілі бір концептінің ментальділік құрылымы» [4,119], «әртүрлі жағдай немесе құбылысқа қатысты қалыптасқан ұлттық-мәдени көріністердің концептуалдық әлем бейнесіндегі кейбір фрагменті» [5,15], «менталды картина түрінде санада тіркелген, бізді қоршаған ақиқаттың фрагменттері, ақиқат дүниенің жеке тұлға санасындағы инварианты іспетті типтік фрагменті» [6,39], «ақиқат дүние туралы күнделікті қолданыста кеңінен танылған, сол зат не құбылысты, сол ситуация мен әрекетті, тұлға не әлеуметті (дүниені) танудың санадағы қарапайым бейнесі» [7,75], «белгілі әлеуметтік құбылыс пен объектіге берілген стандартты образдар» [8, 90].

Жоғарыда ұсынылған тұжырымдарды негізге ала отырып, төмендегідей түйін жасауға болады:

- стереотип – тұрақты, жинақталған образ;
- стереотип – адамның әлем туралы мәдениетке негізделген түсінігі;
- стереотип мәдени ұжымның ықпалымен қалыптасады;
- стереотип менталды образ түрінде де, вербалды қабықша түрінде де өмір сүреді;

Кез келген халықтың мәдениеті отбасынан басталады. Ол – тәрбиенің бастау көзі, қайнар бұлағы және қоғамның негізгі іргетасын қалайтын түп қазық. Сондықтан да, осы ұғымға қатысты қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде салғастырмалы талдау жүргізуге болады. Бұл үш халықтың тілдік санасында қатталған стереотиптердің ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік туғызады.

Қазақ тіліндегі *отбасы* сөзі орыс тілі мен ағылшын тілдерінде «*семья*», «*family*» деген атаулармен қолданылады. Бұл сөзге үш тілдің түсіндірме сөздіктерінде: «бірге тұратын туысқан адамдардың тобы» (ҚТТС, 2008), «группа живущих вместе близких родственников» (Ожегов, 2001), «a group of one or two adults and their children living in the same home» (Concise Oxford English dictionary, 2012) деген анықтамалар берілген. Енді осы сөздердің шығу төркіні туралы ғылыми деректерге шолу жасап көрейік.

Қазақ тіліндегі *отбасы* сөзін от, ошақ ұғымдарымен тығыз байланысты деуге болады. Мұны тілші ғалымдардың пікірі де растайды. Мысалы, А.Салқынбай: «Отбасы сөзі – «От» тұлғасы арқылы жасалған. Бұл сөз «Ұд» тұлғасының фоно-сема варианты бола отырып, «Күн» ұғымымен тікелей байланысты болады, яғни Күн мен Оттың функциясы ұқсас: Күн – жылу береді, жарық береді; От – жылу береді, жарық береді», - десе, [9,135] Н.Атжанова: «Ошақ – үйдің негізгі элементі. Ол – жылулық пен берекенің символы. Қазақ халқы үшін ошақ ұғымы отбасы туралы түсінікпен тікелей байланысты», - дейді [10,58]. Сондай-ақ, тілімізде кездесетін бірқатар «*отау көтеру*», «*отаға*», «*отана*», «*ошағыңның отын өшірме*», «*ошағының оты маздап тұру*», «*отқа май құю*», «*қазаны оттан түспеу*», «*өзіне қарай қосағы, қосағына қарай ошағы*» т.б. секілді лингвомәдени бірліктерден де байқауға болады. Бұл мысалдардан біріншіден, қазақ халқының отбасы ұғымына көзқарасы, ер азамат пен жұбайының міндеттері, екіншіден, тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру салты, үшіншіден, бір нәрсеге наным-сенімі туралы түсініктері көрініс береді. Басқаша айтқанда, мұның бәрі жинақталып келіп, халқымыздың ұлттық-мәдени стереотиптерін көрсетеді.

Демек, *отбасы* сөзі қазақ халқының тілдік санасындағы «*бір оттың басына (қара шаңыраққа) бірігу, жиналу*» деген ұғымдармен сабақтасып жатыр. Ал орыс тіліндегі «*семья*» сөзін Н.М. Шанский былай дейді: «*Семья от семь «домочадец», того же корня, что лит.seima, «семья, челядь», готск. haims «селение», греч. коме – тж. Семья исходно – «живущие в одном селении», затем – «домочадцы»*» [11]. Яғни, бұл сөз «*үй іші, бала-шаға*» деген ұғыммен байланысты болса керек. Сондай-ақ, орыс тілінде «*семейный очаг*» (отбасы ошағы) деген сөз тіркесі кездеседі. Бұл сөз тіркесін, қазақ тіліндегі «*ошақ*» сөзінің баламасы деуге болады. Қазақ тіліндегі «*ошақ*» сөзі – «*қара шаңырақ, яғни үлкен үй, отбасы, әулет*» деген ұғымдарды білдірсе, бұл сөздің орыс тіліндегі баламасы «*отбасындағы махаббат пен сыйластық*» деген мағынаны білдіреді. Әрі орыс халқының «*зажжение семейного очага*» (отбасы ошағын жағу) деп аталатын дәстүрінен де хабар береді. Бұл дәстүр екі жастың үйлену тойында орындалады. Оның негізгі атрибутын екі шырағдан құрайды. Дәстүр бойынша күйеу жігіттің анасы өзінің қолындағы жанып тұрған шырағдан мен келінінің қолындағы шырағданды жағады. Мұның мәдени мазмұнында отбасылық дәстүр жалғастығы туралы ақпарат жинақталған. Бұл

A.Turdaliyeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University

**THE CONCEPT OF WORD «QUT» IN THE YUSUF BALASAGUN'S  
POEM «KUTTY BILIK»**

*Annotation*

In this article, the concepts "qut" as a concept, in the valuable work of the poet-thinker of the middle ages Zhusip Balasagun "Kutta Bilik" (XI century) are considered. It is clear that not every word can be a concept. And for medieval people, the word and the notion of "qut" was special. Because it was believed that all living creatures (humans, animals, plants) depend on this. "Qut" is translated as life force, happiness, real happiness, wealth. Medieval people believed that "qut," that is, true happiness, comes from heaven and it is invisible, moreover unpredictable.

In the work the word "құт" is used in several terms and the same concept is considered the author's main idea in the work. In our studies, we noted "qut" as the main concept in "Kutty Bilik" and proved it with concrete examples, excerpts from the work. Including, the use of the word "qut" in the modern kazakh language and the notion "qut" for the Kazakh people were investigated.

**Key words:** linguistics, cognitive linguistics, concept, cognitive structure, associative field, concept, word.

**МРНТИ 16.01.11**

A.O. Тымболова<sup>1</sup>, А.С. Мурзинова<sup>1</sup>, А.Е. Садықова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**ТІЛДІК САНАДАҒЫ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ  
(«ОТБАСЫ» КОНЦЕПТІСІ НЕГІЗІНДЕ)**

*Аңдатпа*

Мақалада тіл білімінің когнитивті лингвистика және лингвомәдениеттану салаларында өзекті мәселеге айналған стереотиптер қарастырылады. Қазіргі тіл білімінде «стереотип» ұғымын зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалады. Стереотиптердің тілдік жүйеде өзіндік мәні бар екені анықталады. Олардың ұлттық-мәдени құндылықтарды таныта алатындығы туралы және ұлттық діл, ұлттық мінезбен байланысы туралы сөз болады. Сондай-ақ, мәдениетаралық қатысымды дұрыс жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні туралы деректер келтіріледі.

Отбасы барлық халыққа ортақ әмбебап құрылым болса да, оны әр мәдениет өкілі өзінше қабылдап, өзінше түсінеді. Мұндай түсініктер әр халықтың паремиялогиялық қорында сақталады. Осыған сәйкес, қазақ, орыс, ағылшын халықтарының мақал-мәтелдеріне, фразеологиялық тіркестеріне, лексемаларына талдау жүргізіледі. Қазақ, орыс, ағылшын халықтарының тілдік санасында жүйеленген стереотиптер айқындалады. Үш халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** стереотип, ұлттық мәдениет, лингвомәдениеттану, мәдени семантикалық код, ұлттық таным, ұлттық діл.

Қазіргі кезде тіл білімінің лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, психолінгвистика сияқты салалары адамның тілдік санасында таным процесі арқылы қалыптасатын образдарды тың ғылыми түсініктермен айқындауға бағытталған. Осындай түсініктердің бірі – «стереотип» феноменімен тікелей байланысты.

«Стереотип» (грек. stereos – тұрақты, typos – із) термині ғылыми кеңістікке 1922 жылы американдық әлеуметтанушы У.Липпманнның «Public Opinion» деген еңбегі арқылы енді. Ғалым стереотипті «the pictures in our heads», яғни «біздің санамыздағы образдар» деп түсіндіреді [1,81]. У.Липпманнның осы идеясын қуаттай отырып, Р.Бинклей стереотипті «жалпыға ортақ нәрселердің ұлы бөлімі» деп атады [2,393]. Д. Кац пен К.Брейли: «адамға тән қасиеттерден туындайтын тұрақты түсінік» деп қарастырды [3, 289].

«Стереотип» ұғымы алғашқы кезде әлеуметтану мектебінде қарастырылса, бергін келе психология, мәдениеттану, саясаттану, этнология, тарих, лингвистика сияқты гуманитарлық ғылымдардың зерттеу нысанына айналды. Осыған байланысты, әлеуметтік стереотип, мәдени стереотип, этникалық стереотип, ойлау стереотипі, сана стереотипі, саяси стереотип, тілдік стереотип, ділдік стереотип, сөйлеу стереотипі т.б. деген түрлері қалыптасты.

*limčin atliḡ jultuz qutiḡa* мы поклоняемся величию звезды Лимчин (біз ұлы Лимчин жұлдыз құтына иілеміз) (ТТ VII 66(4); *3.пел.состочние итинного бытия, блаженства (обычно о будде, архате), блаженство: buryan quti* блаженство будды (будда рақаты, яғни будданың жай-күйі) (Suv 21(21); *ol nomuḡ eṣitip alqu nizvanilariḡ targariḡ arḡant qutiḡa teḡdi* услышав то учение, он подавив все свои страсти, достиг блаженства (состояние) святого (Uig III 39(4) [3,471].

Ал қазақ тілінің 10-томдық түсіндірме сөздігінде құтқа мынадай түсінік:

**ҚҰТ** зат. *Береке, байлық, мол қазына*. Мал деп жиырылма, ұлым. Ол халқымның құты болатын (К. Сегізбаев, Ашылм. Сыр). Солай, ұлым, Маңғыстау құт түбегі (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.), қаратау бай қазына ғана емес, Батысы сонау жатқан жалпақ қоныс, *құт дарыған* Мойынқұм (Ә. Ибрагимов, Нағыз.). *Құт дарыған* берекелі дастархан басындағы дән ағысы сағат сайын толқын атып, буырқанып жатыр («Лен.жас»).

Қазіргі қазақ халқының түсінігінде де «құт» ұғымының алар орны ерекше. Мысалы, «құтты болсын айту» дәстүрі Қазақстанның барлық өңірінде кең етек алған. Жаңа туған сәбиге құтты болсын айту, жаңа түскен келінге құтты болсын айту, жаңадан алынған мүлік не бұйымға құтты болсын айту т.т. өте көп. Су жаңа алынған затқа «ең бастысы құтты болсын» деп күнделікті өмірде бір-бірімізге жақсы тілек айтып жатамыз немесе «құтты болсын» деген бір ауыз сөзге жарарамаған адамға ренжіп «құтты болсын деп айтсаң қайтеді?» деп налитынымыз рас. Сондықтан да сонау баба тілінен қазіргі заманға дейін құт ұғымының еліміз үшін, түркі әлемі түсінігі үшін атқарар рөлі жоқ емес, құттың орны ерекше, асқақ. Бұл пікірді қазақ тілінің тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінге түйген мақал-мәтелдер де дәлелдейді: *қонақ бір күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт, қыздың қабағында құт бар, қыздың қабағы күлімдесе құт келеді, қызыңды құтты орынға қондырғанша құт, ұлыңды отау иесі боолғанша құт, елге бай құт емес, би құт, қонақ келсе құт келер*. Осы мәндес мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, афоризмдер, ақын-жырау поэзиясында құтқа байланысты құнды ойлар тілімізде баршылық.

Қорыта келе, түркілердің түсінігінде «құт» ұғымының алар орны ерекше. Құт көзге көрінбейтін, құлақпен ести алмайтын абстрактілі, дерексіз ұғым болса да, сонау заманнан қазірге дейін құттың бар екендігіне, оның адам басына қонатынына, ол тұрақтаған жерде шынайы бақыт, береке, ырыс, дәулет орнайтынына адамзат кәміл сенген және сенуде.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Назарбаев Н. Ә. *Күлтегін жазба ескерткіштерінің тұсаукесерінде сөйлеген сөз // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2001. – Б. 9-12.*
- 2 Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.*
- 3 Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – №2(52), 2015. – 263 б.
- 4 Абитжанова Ж.А., Юсуп А.Н., Текесбаева Г.М. *Когнитивтік лингвистика: оқу құралы. – Алматы, 2012.*
- 5 В.М. Надеяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А. М. Щербак *«Древнетюркский словарь». – Ленинград: Наука, 1969. – 450 с.*
- 6 Егеубаев А.Қ. *«Құтты білік» (аударма) – Алматы: «Өлке» баспасы, 2006.*
- 7 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том (Қ). – Алматы: Қазақ СССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1982.*

А.Турдалиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский государственный женский педагогический университет

**КОНЦЕПТ «ҚҰТ» В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ҚҰТТЫ БІЛІК»**

**ЖУСИПА БАЛАСАГУНА**

Аннотация

В этой статье рассматривается понятия «құт» как концепт, в ценном произведение поэта-мыслителя средневековья Жусипа Баласагуна «Кутты билик» (XI в.). Понятно, что не каждое слово может быть концептом. А для средневековых людей слово и понятие «құт» было особенным. Потому что считалось, что все живые создания (человек, животные, растения) зависят от Құта. «Құт» переводится как изненная сила, счастье, настоящее счастье, богатство. Средневековые люди считали, что «құт», то есть истинное счастье, приходит с небес и оно невидимое, к тому же непредсказуемое.

В произведении слово «құт» употребляется в нескольких понятиях и эти же понятия считаются основной идеей автора в произведении. Мы в своих исследованиях отметили «құт» как основной концепт в «Кутты билик» и доказали это конкретными примерами, отрывками из произведения. В том числе, были исследованы использования слова «құт» в современном казахском языке и понятие «құт» для казахского народа в нынешнем времени.

**Ключевые слова:** лингвистика, когнитивная лингвистика, концепт, когнитивная структура, ассоциотивное поле, понятие, слово.




ықыласымен сыйлаған заттары арқылы (шапаны, асатаяғы, ыдысы, т.б.) адамдарға құт-береке дариды, ал ол рухани сабақтастық бойынша пайғамбардан халифаларға, халифалардан сопы-пірлерге көшіп, ұдайы жалғасып отырады деген сопылық дүниетаным етек алды. Сонымен қатар ислам дініндегі құт, бақыт ұғымдары тек фәни тіршіліктегі бақ-дәулетті тілеумен емес, о дүниеде де мәңгілік бақытқа жетуді ойлау керек деп үйретті. Жүсіп Баласағұнның “Құтадғу білігі” (“Құтты білік”) поэмасы (XI ғ.) түркілік құт ұғымының мұсылмандық-сопылық ілімдер әсерімен өзгеріске ұшырағанының дәлелі. Мұнда Құт иманмен, ақыл-іліммен тығыз байланыста қаралды. Құттың күшін табиғи өсіп-өну, көбею, баю үшін ғана пайдалану емес, оның үлкен бір бөлігін — нәпсілік сипаттан таза рухани қуатқа айналдыру мақсаты алға тартылды. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен әдет-ғұрпында құтқа байланысты көне мифологиялық, тәңіршілдік және діни-сопылық ұғымдар біте-қайнасып, іштей астасып жатыр. Халықтық әдет-ғұрыптарда құттың ықпалы мен көріністері сан қырлы сипатта көрініс тапқан. Мысалы, отбасының, мал-жанның өсіп-өнуі, абырой-беделдің жоғарылауы басқа қонған құтпен байланыстырылды. Яғни, құт “адамның басына қонатын бақыт құсы” деп саналды. Сонымен қатар ол тек атақты әулиелер, патшалар, т.б. ғана емес қарапайым адамдар арқылы да келетіндігі (“қойшының таяғымен, келіннің аяғымен”), не болмаса Қыдыр арқылы келу мүмкіндігі де теріске шығарылған жоқ (“Қыдырып Қыдыр-Ілияс осы елде жүр, Байларды қарастырып ескі құттан”). Әулеттің, шаңырақтың Құт-берекесін ұстап тұрған қарапайым адамдар (әйелдер, аналар), бүкіл халықтың, тайпаның, т.б. құтына айналған тұлғалар болады деген сенім де бекіді. Құтты адамнан бата алу, отырған жеріне ырым етіп балаларын аунатып алу, сарқытын ішу, алақанына тәу ету, т.б. ырымдар қазақ халқына кең таралды. Бір кезде ата-бабаларға қонған құт ұрпақтарына көшеді деген сенімнен аруақты сыйлау, ата-баба заңын, өсиетін қатаң ұстану, осыған орай тұқым тектілігіне мән беру туындады. Арғы бабалары арқылы шаңыраққа ұялаған құт-берекенің арқасында кейінгі ұрпақ қиналмай бақытты, дәулетті өмір сүреді. Алайда түрлі астамшылықтар, қиянат жасау, нәпсіні тыймау, қанағат-ынсапты ұмыту, арамнан мал жинау, ұрлық ету, құдайды, тәубені ұмыту, ғайбат сөйлеп, өсек-өтірік айту, елдің қасиетті адамдарын, ата-ананы қадірлемеу, әйелдердің ерін сыйламауы, еркектердің әйелді қорлауы, байлардың кедейлер мен жарлыларды, жетім-жесірлерді жәбірлеуі, т.б. мінез-құлық, іс-әрекеттер салдарынан бақ тайып, аруақ үркіп құт басқа адамға, әулетке, елге ауып кетуі ықтимал деген түсінік орын алды. Дәстүрлі дүниетанымда құттың кетуі тіл-көз тиюден, дуа-қарғыстан делінсе, ислам ойшылдары бұл құбылыстың себебін тереңнен іздеді: иманды, адал адамға қарғыс тимейді, оны Алланың өзі қорғайды деп түсіндірді. Құт ұғымына қарама-қарсы түсініктер апат, сор, жұт, аштық, жоқшылық, құлдық, қорлық, бейнет, т.б. індет-аурулардың көбеюі, мал басының кеміп, жердің құнарсыздануы (“Құсы ұшып көлінен, құты кетіп жерінен”, Шәңгерей), өзен-көлдердің сарқылуы қай нәрсенің де құлдырауын, кері кетуін білдірді. Қазақ халқының басынан бағы тайып, берекесі кеткен зар заманда, тіпті діннің өзі де құтсызданып, нәрсізденіп, нұры, рухы өшіп, яғни адамдарды, қоғамды өзгертетін күш-қуатынан, қасиетінен айрылғанын, сөйтіп сыртқы пішіні ғана қалып, сопылар, ғалымдар қауымы азғандығын халық ойшылдары ашып айтты (“Қайыр кетіп қазаннан, қуат кетіп азаннан”, Мұрат). XIX ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың бас кезінде өмір сүрген қазақ ақын-жазушыларының шығармаларында “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” құт заманды аңсау сарынымен қатар, тұтастай құтсызданған қазақ қоғамы жан-жақты көрініс тапты.

1969 жылы орыс ғалымдарының құрастыруымен КСРО-ның академиялық тіл білімі институтынан шыққан, В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак редакциялаған «Көне түркі сөздігінде» «құт» сөзіне мынандай түсінік беріледі:

**QUT 1.** Душа; жизненная сила, дух, яғни жан, өмірлік күш, рух: мен сеңä баşumñi quţumñi berä мен я отдаю себе голову, свою душу, мен саған басым мен жүрегімді беремін (ЛОК 22(6); 2. календ. элемент: qraüi saniçar ol quţi suv ego планета Сатурн: его элемент – вода (ТТ VII 4(4); on toguz jaslıy egür quţi torpaq возраст – девятнадцать лет; его элемент – земля, яғни он тоғыз жастағы ер, құты – топырақ. (ТТ VII 18(9).

**QUT 2.** Счастье, благо, благодать, благополучие, успех, счастливый удел (бақыт, пайда, табыс, бақытты : *tänri jarlıqaduqi ücünözim quţim bar ücün qağan olurtim* по (КТМ9) *qorqma temiş qut bergäj temiş* «Не бойся! Я ниспощлю [тебе] благодать» Қорықпа, (ThS П3); *ažunqa badi kör tükäl qut qurı* смотри, он опоясал мир поясом полного счастья () (QVK 17/7) *tebrätük saju qut kелir* во всем, что он делает, ему сопутствует успех (не істесе де құт его достоинство кагана [они] не почтили (қаған құты тапталды) (БК35); *tegin інca tep otünti qañim quţi meni sevar-mu siz* принц так сказал: «Мой отец, [ваше] величество, любите ли вы меня? деп өтінді: сіз мені сүйесіз ба? (КР 6(5); *jükünüir biz*

Сурет 1. «Құт» концептісінің ассоциативтік өрісі:



«Құтты білік» шығармасында:

*qut bujan* - бақыт, табыс

*qut qiv* – шынайы бақыт

*qut qol* – бақыт сұрау

*qut qolun* – бата сұрау

*qut qolunč* – тілек сұрау

*qut qolunmaq* – құт, бақыт тілеу

*qut qolunmaqlıy* – құтты тілек сұраушы

*qut ülüg* – құтты ұл

*elig quti* – Елік құты деген сияқты көптеген тіркестер кездеседі.

«Құт» сөзі ертедегі Орхон жазба ескерткіштерінде кездеседі:

“Тәңірі жарылқауымен **құтты** қаған болдым” (Күлтегін жазуы).

Көне түркі заманында «құт» сөзі төмендегідей мағыналарды білдірді: 1) жан, өмірлікқуат, рух;

2) бақыт, жақсылық;

3) сәттілік, табыс, сыбаға;

4) ұлылық, дәреже;

5) ақиқатқа жету, нұрлану, шынайы бақыт пен шаттыққа кенелу.

Осыған сәйкес адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің жаралу, өсіп-өну заңдары ұқсастық негізінде, екінші жағынан, күллі жаратылыс тылсым рухтарға тәуелді, тағдырдың бастауы оның көзге көрінбейтін жанында, ал оның иесі, тірі жандарға қуат беретін тәңірлер, құдайлар, күллі мақұлық құтқа мұқтаж, ол көк тәңірден келеді, әсіресе, ел билеушілер құт қонған адамдар болуы тиіс деген түсінік орын алды. Өйткені ел билеушілер арқылы бұл қасиет басқа қарапайым пенделерге тарайды деген сенім болды. Тәңіршілдікте күнәһарлық туралы ұғым терең дамымағандығына қарамастан, ерте замандардың өзінде түркілерде құттылық пен құтсыздық ұғымы жеке адамның этикалық заңдарды қатаң ұстануымен байланыстырылды. Әйтсе де, көне түркі кезеңінде, сол сияқты кейінгі, исламнан тыс қалған шамандық түсініктегі Алтай мен Сібірдегі түркі тілдес халықтарда құт туралы түсініктер тұрпайы, ескі натурализм деңгейінде, анимализм (жануарлық), табиғатқа табынушылықпен ұштасқан қалпында қалып қойғаны аңғарылады. Құт көбінесе адам мен жан-жануарлардың тууы, жыныстық өсіп-өнуі, табиғи күш-қуат, жігер, сол сияқты материалдық байлық-молшылық тұрғысынан қаралды. Құт туралы түсініктердің түп-төркіні бұлыңғыр ырымдардың жиынтығы болып қала берді; көп жағдайда мұнан тұрпайы ырымшылдық, дуа (магия), тіпті затқа табыну (фетишизм) тарап жатты. Көне түркілік діни-мифологиялық синкреттік дүниетаным аясында пайда болған құт ұғымы кейін түркі даласында мұсылмандықсопылық ілімдердің ықпалымен дамып, руханилана түсті, табиғи-нәпсілік деңгеймен шектелмей, өркениеттік өлшемдерге көтерілді.

Құттың түп-төркіні Алладан келетін киелі нұр; қуат көзі, күллі ізгілік, береке Алладан, ал оны тарататын пайғамбарлар мен әулиелер, тақуалар деген түсінік қалыптасты. Әулиелердің батасы, шын

Ықшамдалу тәсілдерінің бірі – жіктік жалғауларының мүлдем түсіріліп, жалғаусыз қолданысы. Ғалым Р.Сыздық өлеңнің синтаксистік құрылысының прозадан айырмашылығының бірін ықшамдалу заңдылығымен байланыстырады. Өлеңдердегі өлшем, ұйқас талабы, одан соң стильдік талаптарды ескеруде де ықшамдау кездесетіндігін ерекше атайды. Яғни, ықшамдау амалдары сан алуан дей келе: "Әдетте, қазақ поэзиясында бұрыннан қолданылып келе жатқан ықшамдау тәсілінің бірі - кейбір жалғауларды түсіріп кету болатын", -десе [9, 133], ал профессор Н. Оралбаева: Жіктіктің қосымшасыз формада қолданылуы да тілде бар құбылыс", - дейді [10, 22 б.].

С.А. Оданова<sup>1</sup>, А.О. Тымболова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҮНЕМ ЗАҢЫНЫҢ ЖАЛҒАУЛАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

### Аңдатпа

Мақалада қарым-қатынас кезіндегі қосымшалардың үнемделуі туралы жан-жақты түсінік беріле келіп, олардың түсірілу себептеріне талдау жасалады. Қосымшалардың тиісті орында бірде қолданылып, бірде қолданылмауы тілдің даму сатысында кездейсоқ бірлі-жарым құбылыстарға жатпайтыны туралы дәлелдемелер келтірілген.

Жалғаулардың ішінде ықшамдалып қолданылмайтын түрі жоқ. Үнемделу нәтижесінде біраз жалғаулардың варианттары пайда болған, жалғаулардың үнемделіп қолданылуы тілдегі заңды құбылыстардың біріне айналған. Үнемделу заңдылығының нәтижесінде тілде жалғаулар категорияларының қосымшалы тұлғаларымен бірге, нөлдік тұлғалар да қалыптасқан, сондай-ақ бұл процесс мағына өзгерту қызметін атқармайтындығы туралы баяндалады.

Мақалада қосымшалардың (жалғаулардың) дыбыс немесе буын түсірілуі арқылы және қосымшалардың мүлдем түсірілуі, қосымшалардың (септік, көптік, тәуелдік жалғауларының) бірыңғай мүшелердің тек соңғы мүшесіне жалғануының қолданыс ерекшеліктері сөз болады. Атау септігінен басқа септіктердің өзіне тән көрсеткіштері бар екеніне қарамастан, септіктердің қосымшасыз, қосымшалы түрде қолданылатыны дәлелденді. Ал септіктердің жалғаусыз қолданысы үнемдеу заңдылығының әсерінен деп танылды.

**Түйін сөздер:** үнем заңы, құбылыс, қосымша, жалғау, редукция, тілдік норма, ықшамдау, септік жалғау, жіктік жалғау, тәуелдік жалғау.

**КІРІСПЕ.** Қазіргі қоғамдағы білім мен ғылымға деген қойылатын талап тек қазақстандық қана емес, жалпы бүкіл адамзаттық мәдениет пен рухани дамуға қосар үлесімен айрықша сипатқа ие болып отыр. Осы орайда тарихы тереңнен бастау алатын қазақ тіл ғылымы да өзінің зерттеу бағытын жаңа арнаға бұрып, «адам-тіл-мәдениет» ұштағаны негізіндегі зерттеулермен толығына түсті.

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдің ұлттық сипатын, ұлттық танымның, рухтың тілдегі көріністерін зерттеу бағытындағы еңбектер мол. Дегенмен, ойлау мен тіл арасындағы қарым-қатынасқа тікелей ықпал ететін үнемдеу заңының тілдің жүйесіне, құрылымына және оның әр деңгейіне ықпалы – зерттеуді күтіп тұрған мәселелердің бірі.

Тілдің грамматикалық құрылысы қатып қалған құбылыс емес. Ол адамдардың қарым-қатынасын қамтамасыз ету кезінде, өз қызметін атқару үстінде екшеленіп, дамып, күрделеніп отыратыны белгілі. Тілдің грамматикалық категориялардың көрсеткіштері саналатын жалғаулардың қолданыста үнемделуі - жиі кездесетін құбылыс. Жалғаулардың ішінде, қосымшасыз формада қолданылмайтын түрі жоқ.

Қосымшалардың контексте түсіп қалуының да өз заңдылықтары бар, қосымшаларды кез-келген жерде түсіріп айта беруге келмейді. Сондықтан қандай тіркесте, қандай қоршауда, тіпті сөздерде түсіріп айтуға болатынын, немесе болмайтынын ажырата білген жөн.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тілдегі грамматикалық категориялардың, негізінен, мағыналық өзгерістерге тікелей әсер етпей, сөз бен сөздің арасында байланыстырушылық қызмет атқаруы үнемдеу заңының айқын көрініс табуына жол ашты. Үнемдеудің морфологияда көріністерін жүйелі түрде сипаттау үшін үш топқа бөлеміз:

- үнемдеудің жалғаулар арқылы көрінуі;
- үнемдеудің жұрнақтар арқылы көрінуі;
- үнемдеудің сөз құрамында (тұлғасында) көрінуі.

Үнемдеу заңының жалғаулардағы көрінісі ретінде жіктік жалғаулардың қолданысын алуға болады. Жіктік жалғауының тілімізде ықшамдалған, қысқартылып қолданылатын нұсқасы бар екендігі туралы ғалымдардың пікірлерін жиі кездестіруге болады. 1954 жылы жарық көрген алғашқы ғылыми грамматикада ("Қазіргі қазақ тілі"): "... жіктік жалғауының бірінші жақ жекеше түрі өткен шақ есімшенің қысқарған түріне өзі де қысқарып жалғанады. Мысалы: *барғанмын, бергенмін* дегеннің орнына *барғам, бергем* болып та айтылады. Бұл әдеби тілге емес, сөйлеу тіліне тән нәрсе", - деп жазылған [1, 302 б.].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 В.М. Жирмунский. Тюркский героический эпос. – Л.: «Наука», 1974. – С. 333-334.
- 2 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1970. – 477 с.
- 3 Resit Rahmeti Arat. Atebetu' l-hakayik. – Istanbul: AtesBasimevi, 1951.
- 4 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: В 4-х т. – М.: Наука, 1986. – т. 1. – 766 с.
- 5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. бас. Т.Жанұзақов. 1 томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 6 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
- 7 Тіл және қоғам// Альманах. №4, 2015. – Б. 14-16.

Ж.И. Мухамбетов<sup>1</sup>, Г.Кенжебаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Атырауский университет имени Х.Досмухамедова

**КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК – КОРЕННОЙ ТЮРКСКИЙ ЯЗЫК**

Аннотация

В данной статье говорится об истории и ходе развития, исторических периодах и особенностях тюркского по происхождению казахского языка. Исследуется состояние казахского языка, начало чему было положено в трудах ученых-тюркологов и продолжает рассматриваться вплоть до настоящего времени. Также с лингвистической, историко-языковой точки зрения рассматриваются, анализируются и характеризуются вопросы о некоторых корневых словах и формах слов в тюркских языках. В истории языка в результате сравнительного рассмотрения, исследования данных родственных языков были изучены фонетические, лексические, грамматические аспекты многих языковых категорий: корневых слов и словосочетаний, аффиксов и других языковых элементов. В статье отмечается, что, несмотря на то, что в настоящее время некоторые слова, корни отдельно не употребляются, они сохранились в составе некоторых слов, словосочетаний либо компонентов парных слов. С этимологической точки зрения выявляется их происхождение, рассматриваются изменения, происходящие в них в плане содержания. В статье максимально полно осмысливаются и исследуются историко-языковые элементы, их функции анализируются на конкретных примерах.

**Ключевые слова:** лингвистика, тюркология, тюрковедение, тюрколог, востоковедение, лексика, фонетика, грамматика, диахрония, синхрония, сравнительное языкознание, история языка, генеология, родственные языки, тюркские письменные памятники, классификация.

Zh.Mukhamdetov<sup>1</sup>, G.Kenzhebaeva<sup>1</sup>

State University named after Kh. Dosmukhamedov

**KAZAKH LANGUAGE - INDIGENOUS TURKIC LANGUAGE**

Abstract

This article deals with the history and course of development, historical periods and peculiarities of the Turkic origin of the Kazakh language. The state of the Kazakh language is studied, the beginning of which was laid in the writings of Turkic scientists and continues to be considered up to the present time. Also from the linguistic, historico-linguistic point of view, questions about some root words and forms of words in Turkic languages are examined, analyzed and characterized. In the history of the language, the phonetic, lexical, grammatical aspects of many linguistic categories, such as root words and word combinations, affixes and other linguistic elements, were studied as a result of a comparative study and study of these related languages. The article notes that, despite the fact that at present some words, roots are not used separately, they are preserved in the composition of some words, word combinations or components of pair words. From the etymological point of view, their origin is revealed, the changes taking place in them in terms of content are examined. In the article, historico-linguistic elements are fully understood and studied, their functions are analyzed on specific examples.

**Key words:** linguistics, turkology, turkish studies, turkologist, oriental studies, vocabulary, phonetics, grammar, diachrony, synchrony, comparative linguistics, history of language, geneology, related languages, Turkic written monuments, classification.

Тіліміздегі *-ғы/-гі*, *-қы/-кі* жұрнағы моңғол тіліндегі *хи* жұрнағымен барабар эндэхи (мұндағы), дээрхи (үстіндегі), т.б. Осындай ортақ тілдік материалдардың бәрін түркі тілдерінен моңғол тілдеріне, немесе, керісінше моңғол тілдерінен түркі тілдеріне енген, демек бір тілден екінші тілге ауысқан элементтер деп кесіп айту қиын. Олай дейтін себебіміз, әдетте, сөздік қор өзгергіш келетіні рас, ал, тілдің грамматикалық құрылысы әлдеқайда тұрақты. Өзара туыс емес, тілдер бір-бірімен, жұрнақ-жалғау, есімдік, етістік, сын есім, еліктеуіш сөздерді мол көлемде қабылдай алмайды. Бұлар бір тілден екінші тілге ауыса бермейтін сөздер. Ауыса қалғанның өзінде бірен-саран сөздердің төңірегінен аспайды. Оның үстіне, әдетте, өз бойында көне тілдің ерекшеліктерін молырақ сақтап қалатын жер-су атауларының құрамында моңғол тіліне ұқсас көптеген сөздердің сақталып қалуы, моңғол мен түркі халықтарының этникалық құрамында ұқсас ру, тайпа атауларының орын алуы - моңғол мен түркі тілдерінің туыстығына тағы бір дәлел бола алады. Осылайша қазақ пен моңғол халықтары тілдерінің туыстық жақындығы туралы, олардың ерекшеліктері мен зерттелулері туралы жоғарыда аталып өткендей тілдік деректерді барынша келтіруге болады. Қазақ пен моңғол халықтарының тілдеріндегі көптеген ұқсастықтар мен ерекшеліктердің бар екендігіне көз жеткіземіз.

Тіл білімінде салыстырмалы-тарихи зерттеуде әр тілдің ішкі заңдылық-тары есепке алынып, жеке-жеке тіл болып саналатын түркі тілдері өзара ортақ заңдылықтармен астарласып, байланысып жатады. Осындай заңдылықтар тілдің фонетика және лексика салаларында молырақ байқалады. Лексикадағы ерекшеліктер тілдің басқа салаларына қарағанда өзінің тез өзгеруімен, ал фонетикалық ерекшеліктер баяу өзгеруімен көзге түседі. Тілдің лексикасын салыстыра зерттеу түркі тілдерінде М.Қашғаридың еңбегінен бастау алатындығы белгілі. Жалпы түркілердің орналасқан географиялық жері, тілдеріндегі ерекшелігі, этникалық құрамдары туралы алғаш мәлімет берген М.Қашғари «Диуанда» 29 түркі тайпаларын атап көрсетеді де, тілдеріндегі ерекшелікті де көрсетіп отырады. Сондықтан оны түркі диалектісін зерттеген алғашқы оқымысты деп те айтуға негіз бар. Бұл мәселені тіл тарихында әрі қарай орыс түрколог ғалымдары жалғастырды. Бұл Л.Будагов пен В.В. Радловтың еңбектерінде анық көрінеді. Бұл бағытта салыстырмалы-тарихи тәсілді толық пайдаланған В.В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» деп аталатын сөздік еңбегі. Тілдегі грам-матикалық көрсеткіштердің қалыптасып даму жолдары мен қазіргі түркі тілдеріндегі қалпы салыстырмалы-тарихи зерттеу нысанына жатады. Дегенмен түркі тілдеріндегі барлық грамматикалық категорияның түп негізі ашылып, сыры толық анықталды деп айтуға әсте болмайды, негізінен сөз түрлену үлгісі көбірек зерттелініп, қарастырылады. Түркі тілдерінің барлығында да септік жалғаулары бар, бірақ мағына, сан жағынан бәрінде бірдей емес. Бұлай болу себебі кейбір түркі тілдерінде септік формасы сан жағынан сәйкес келгенімен, олар іштей ерекшеленіп жатады. Түркі тілдерінің туыстығы олардың лексикалық мағынасынан, грамматикалық құрылысынан, фонетикалық, дыбыстық жүйесінен анық байқалады. Сондай-ақ түркі тілдерінің әрқайсысына тән лексикалық, грамматикалық, фонетикалық өзгешелік, ерекшеліктері де болады. Ондай өзгешеліктерді түркі тілдері бойынша туыстас тілдердің деректерін салыстыру әдісі арқылы байқауға болады. Мысалы, басқа түркі тілдерінде [б], [з], [г] фонемалары келетін орындарда қазақтар [у], [к], [қ] дыбыстарын қолданады: *аба-ауа, тағ-тау, гелді-келді, ғырмызы-қырмызы*;

Басқа түркі тілдерінде [ш] дыбысы келетін кейбір бірнеше сөздерде [с] дыбысын қолданады, [ж] дыбысы келетін біраз сөздерде [й] дыбысын қолданады: баш-бас, таш-тас, иол-жол т.б. Сонымен бірге басқа түркі тілдерінде сөз басында [й]дыбысы келетін жерде өз тілімізде, қазақ тілінде [ж] дыбысы айтылады: *йаш-жас, йол-жол, йаз-жаз, йыл-жыл* т.б.

Кейбір түркі тектес тілдерде дауысты дыбыстардың созылыңқы түрі бар, олар сөз мағынасын өзгертуге әсері болады, созылыңқы дауысты дыбыстар түркі тектес қырғыз тілдерінде бар. Түркі халықтарының бүгінгі таңдағы ілім-ғылымы, ғылыми жаңалықтары, қол жеткен табыстары сияқты көптеген мәселелері көнетүркілік тілдік деректердің, тарихи-жазба мұралардың бізге берген жемісі деп түсінгеніміз дұрыс. Жалпы қазақ тілінің даму барысында қандай кезеңдерден өткенін, қай бағытқа қарай бет алғанын, тілдің әлемдік мәдениетпен қандай тілдік байланыста болғаны көне жазба ескерткіштердің тілдік деректерімен салыстыру арқылы айқындалып, анықталады. Қазіргі күнде де түркологияның жаңа белеске көтеріліп, тың серпілістермен терең зерделеніп зерттелінулері, әлемдік тұрғыда мәдени-тарихи, тілдік құндылықтар қатарына көтерілуі, оның мән-маңызының артуы түркі халықтары үшін, қазақ тілі үшін үлкен жетістік.

түбірі түркі тілдерінен өзге моңғол тілдерінде де кездеседі: anqzira- (<anq-zira-), anzira (<an-zi-ra-) ‘білу’ ‘түсіну’, ал ұқ етістігінің моңғ. т. Параллелі уха- / ухах түрінде дыбысталады [4, 154].

Аңла қазақ тілінде етістік ретінде қолданылғанымен, ертеректе қолданыста болғандығын дәлелдейтін тағы бірнеше сөзді айтуға болады. *Аңдатпа* – кітаптың не мақаланың мазмұнын көрсететін қысқаша түсінік. Аңдағыш, аңдампаз-аңғарымпаз, сезгіш, яғни тез түсініп қоятын адам [5, 49 б.]. Сондай-ақ, сөздің ескідігін, көнелігін дәлелдеп, анықтайтын тағы бір дерек – *аңды* етістік сөзінің көне *аңысын* (андысын) сөзімен тіркесіп келуі. Бұл сөздің шығу төркіні, этимологиясы туралы диалектолог, ғалым Ә.Нұрмағамбетов былай дейді: «Біздің байқауымызша, «аңыс» сөзінің түпкі төркіні моңғол тілі болса керек. Бұл тілде: *аньсга* – көздің қабығы (Моң., - қаз. сөз., 1954) [6, 19 б.]. Аңыс сөзінің моңғол тілімен төркіндестігі сол тілден ауысқандығын көрсете бермейді. Бұл сөздің тек сөз тіркесінің құрамында сақталып қалуы, басқа орындарда кездеспеуі моңғол тілінен болуына байланысты болуы да мүмкін. Сондай-ақ, қазақ пен моңғол тілдерін салыстыра зерттеу үстінде осы екі тілге тән ортақ көптеген элементтер табылып отыр. Енді моңғол мен қазақ тілдеріне үйлес келетін кейбір ортақ тілдік деректерге тоқтала кететін болсақ: фонетикалық жағынан төмендегі дыбыстардың алмасуын атауға болады: З-Ж: зах – жақ, зут – жұт, баз – бажа, т.б.; Х-У: тарых – тарау, төлөх – төлеу, савах – сабау, т.б.; В-Б: хавирга – қабырға, таваг – табак, ховд – қобди, т.б.; Х-Қ: хурууд – құрт, худа – құда, хулан – құлан, т.б.; Ц-Ш: харцгай – қаршыға, буурцаг – бұршақ, цөл – шөл, цог – шок, т.б. Бұлардан басқа Ч - Ш, Г - К, Д - Т, т.б. дыбыстардың алмасуы да байқалады. Атам заманнан келе жатқан негізгі сөздік қорымызда да көптеген ұқсас сөздер бар. Мысалы, дене мүшелерінің атаулары: дөш – төс, омруу – омырау, магнай – мандай, царай – шырай, бөөр – бауыр т.б.; туыстық атаулары: худагы – құдағи, эр – ер, авьсан – абысын, төргөм – төркін т.б.; мал атаулары: гунжан – құнажын, дөнжен – дөнежін, тайлаг – тайлақ, торой – торай, төл – төл т.б.; тамақ атаулары: хуймаг – құймақ, хурууд – құрт, бал – бал, айраг – айран, талхан – талқан т.б.

Бұлардан басқа киім-кешек, айуанат, өсімдік дүниесі, құрал-сайманмен байланысты көптеген ортақ сөздер бар. Сол сияқты етістіктер (авлах – аулау, ажырах – ажырау, арчих – аршу, асрах – асырау, исгэрэх – ысқыру, магтах – мақтау, өсөх – өсу т.б.; сын есімдер: хир – кір, алаг – ала, хөк – көк, хүрэн – күрең, хав – хар – қап – қара, шав – шар – сап – сары, хөв – хөг – көкпеңбек т.б. дәлелдеуді керек етпейтіндей. Әрине, лексика саласындағы ортақ элементтердің бәрін бірдей көне туыстықтың нәтижесінен пайда болған, екі тілге де ортақ байрығы сөздер деп есептеу ағаттық. Кейбір сөздердің, кейінгі ғасырларда бір тілден екінші тілге ауысу нәтижесінде пайда болғанына сөз жоқ. Бірақ дәстүрлер, атам заманнан келе жатқан байрығы ортақ лексиканың көпшілігін ауысып келген сөздер дегеннен гөрі түркі-моңғол тілдерінің ежелгі бірлігінен туған сөздер деп есептеген дұрысырақ болар деп ойлаймыз. Әрине, тілдердің туыстығын құр лексикалық элементтердің ортақтығымен дәлелдеу мүмкін емес. Мысалы, тіліміздегі қазақ, пен араб-иран тілдеріне ортақ жүздеген сөздер болса да, қазақ пен араб тілдерін генетикалық жағынан туыс деп жүрген бірде-бір ғалым жоқ. Тілдердің туыстығын дәлелдейтін ең үлкен факт – тілдердің грамматикалық құрылысындағы ортақтық. Ал қазақ пен моңғол тілдерінде ортақ грамматикалық құбылыстар жиі кездесетінін баса айтқымыз келеді.

Мысалы, қазақ тілінде кәсіпті, мамандықты білдіретін *-шы* жұрнағы моңғол тіліндегі *-ч* жұрнағымен әуендес (анч – аңшы, арчигич – аршушы, зарч – жаршы, сорогч – сорушы, эмч – емші, төлогч – төлеуші, т.б.).

Тіліміздегі *-лық/-лік* жұрнағы моңғол тілдеріндегі *лиг - лаг* жұрнағына сай: *баатарлаг - батырлық, зарлиг - жарлық, баялаг - байлық* т.б.

*-лар//-лер* көптік жалғауы моңғол тілінде *нар* күйінде қолданылады: *ахнар - ағалар, багшинар - мұғалімдер* т.б.

Профессор, Санжеевтің еңбегінде көне моңғол тілінде *лар* тұлғасы қолданылғаны айтылады. Менікі, сенікі, оныкі есімдіктері моңғол тілінде: минийх – чинийх (бурятша минихи), үүнийх болып айтылады. Тіліміздегі етістік тудыратын *-ла//-ле* жұрнағы моңғол тіліндегі *-ло, -лэ* жұрнақтарымен төркіндес: *хүч-лэх - күштеу, ботголох - боталау, дахтах - дақ түсіру, алаглах - алалау* т.б.

Кішірейткіш мағынада жұмсалатын *-дай//-дей, -тай//-тей, -шақ//-шек* жұрнағы моңғол тілдерінде *-дай//-дэй* түрінде беріледі: абагадай (ататай), дүүдэй (інішек). Кішірейткіш мағынасында жұмсалатын, *-қан* жұрнағы (қошақан, балақан, ботақан, т.б.) моңғол тіліндегі *-хан (хэн), хон* жұрнақтарымен төркіндес: хүббүй (бала), хүббүхэн (балақан). (Тіліміздегі көбеген сөзімен салыстырыңыз), шувуун – құс, шувуухан – балапан, т.б.

халықтарының тарихы туралы толық жазылмай, ол туралы деректер де аз екендігі қолбайлау болып отыр. Себебі қандай халықтың тарихы болмасын оның тілі де осы тарихпен тығыз байланысты болатынын әрдайымда ескеруіміз керек. Сондықтан түркі халықтарының тарихы да олардың тілінің тарихымен де сабақтасып, терең байланысып жатады деген сөз. Түркітану ғылымы түркі халықтарының тарих таразы- сынан себепсіз алынып тасталған тарихын толықтыруға да қомақты өз үлесін толықтай қоса алады.

«История человечества изучена крайне неравномерно. В то время как последовательность событий и смен общественных формаций в Европе и на Ближнем Востоке была изложена в общедоступных сводных работах уже в конце XIX в., а Индия и Китай описаны в начале XX в., огромная территория евразийской степи еще ждет своего исследователей», - деп жазады XX ғасырдың 30-жылдарында белгілі түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилев [2].

Ал бүгінгі күнде түркітану ғылымы түркі халықтарының тілі мен оның жазба ескерткіштерінің табиғатын тануға, туыстас тілдердің генеологиялық дәрежелерін, түркітанудың кейбір дара мәселелерін анықтауға бағытталған. Сондықтан да лингвистер, тіл мамандары түркітану ғылымын тек «түркі тілдерін зерттейтін ғылым» деп аясы тар мағынада, тар ұғымда алып қарастырады. Шын мәнісінде түркітану ғылымы әлемдік ғылым болған соң, әлемдік аренада өзіндік орны мен салмағы болуына орай, түркітану – түркі халықтарының тілдерін зерттеумен ғана шектелмеуі қажет деп есептеген дұрыс. Бұл ғылым жоғарыда айтып өткеніміздей түркі тілдес халықтардың тілі мен дінін, көне тарихы мен этносын, этнографиясын, мәдениеті мен әдебиетін, материалдық және рухани барша дүниесін зерттейтін сан алуан мамандықтарды, мамандарды біріктіреді, басын қосады. Сондықтан да әлемдік мәдениетте түркітану ғылымын, түркітану мәселесін кең форматта алып, қарастырған жөн. Ғасырлар мұрасы болып, ертеден келе жатқан әлемдегі көне халықтың бірі - түркі халықтарының бүгінгі күнде де болашағы жарқын, ғылымы даңғыл, әлі де асар асулары алда екені белгілі. Қазіргі жаһандану жағдайындағы түркі халықтары, түркі тектес халықтар олардың тілі мен әдебиеті, мәдениеті, тілдік қатынастары аса маңызды мәселелер қатарынан орын алады. Түркі халықтарының тілі мен әдебиетін, экономикасы мен этнографиясын, ділі мен дінін зерттеу, жан-жақты қарастыру бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Тіл тарихында туыстас тілдердің деректерін салыстыра қарау, зерттеу нәтижесінде, өз тіліміздің ішкі тілдік деректерін, тілдік элементтерін тиянақты тексеріп, оны туыстас түркі және ежелден тілі жағынан түбірлес, тарихи аралас-құралас өмір сүрген моңғол, тұңғыс-манчжур тілдерімен салыстыра-салғастыра зерттеудің мән-маңызы зор. Тілдегі кейбір сөздердің, түбірлердің бүгінде жеке қолданылмағанмен, кей сөздердің, сөз тіркестерінің не қос сөздердің сыңарларының құрамында сақталып қалған. Олар шығу төркіні, этимологиялық тұрғыдан анықталады, сондай-ақ мағыналық жағынан өзгерістерге ұшырап отырады. Сөздердің мағынасының тарылуы-ына оның фонетикалық жағынан өзгерістерге ұшырауы да сеп болады. Кейде әуелгі нұсқасы тілімізде кейбір сөз тіркестерінің құрамында сақталып қалады да, мағынасы көмескіленеді, ал дыбыстық жағынан өзгеріске түскен варианты кең қолданылатын сипатқа да ие болады. Мысалы, қазір тілімізде *аңғар* түрінде айтылатын етістіктің көне тілдегі тұлғасы - **аңа** ‘аңғару, түсіну’. Бұл сөз сол кезеңдерде *аңла* түрінде де айтылған. *Ол сөзүг аңлады*. Ол сөзді түсінді. Қазіргі тілімізде де әдеби тілдегі *аңдап сөйлеу*, жергілікті тіл ерекшелігінде яғни диалектизмдерде дыбыстық өзгеріске түсіп, *аңлап сөйлеу* түрінде кездесіп отырады. Қазір де әдеби тілде сөзінді *аңдап* сөйле, қадамыңды *аңдап* бас дейміз. Аңла сөзі әдеби тілімізде аңда түрінде айтылып, кейіннен қолданылу өрісінің тарылуына байланысты тек *аңысып аңды*, *аңдамай сөйлеген ауырмай өледі* сияқты сөз тіркестерінде, сөздерде, мақал-мәтелдердің құрамында сақталған. Қолданылу өрісінің тарылуына тілімізде фонетикалық, дыбыстық жағынан өзгеріске түскен аңғар нұсқасының өнімді жұмсалуды себепші болған. Аңда мен аңды етістіктерінің түбірі бір емес. *Аңды*-ның көне тілдегі мағынасы – (жабайы аңдарды, құстарды) аңду, қарауылдау, бақылау. Бүгінгі уақытта бұл сөздің түсінігі кеңейген, құс пен аңнан басқаларға қатысты да кеңінен қолданыла береді. *Аң* деп майы емдік дәрі ретінде қолданылған құсты, ал *аңчы* деп жабайы құстарды аулайтын аңшыны айтқан. Түркі тілінің *аң* сөзі моңғ. аң/ан(г) ‘аң жабайы құстар’ және аңла- / аңпа- ‘аң аулау, құс ұстау’ сөздерімен сәйкес келеді.

Аңла етістігі түбірі *-аң, ал -ла* – етістік тудырушы жұрнақ. Бұл етістік өзге нұсқаларына қарағанда түркі тілдерінде кеңінен қолданылады. Ғалымдар о дыбысынан басталатын *оңна* – хак., *оңно* – алт. диал. және *оңа* – ‘<оңа- + -а> ‘білу’ ‘түсіну’ Atebet. [3, 1,50 б.] сөздері *а:һ^аң^ан* және ой’ой, ақыл т.б. сөздері арасындағы тікелей байланысты анықтауға мүмкіндік жасайтындығын айтқан болатын. Сонымен бірге ой мен ұқ сөздерінің арасында байланыстың бар екендігі жөнінде де пікірлер бар. *Ан*

ең жақын тілдер санатына жатады. Туыстығы алыс саха, чуваш тәрізді тілдерді, туыстығы біршама жақын, туыстығы өте жақын тілдердің деректерін салыстыру арқылы тіліміздің қандай көнелік, көнетүркілік белгілерді сақтағанын, дыбыстық мағыналық жақтардан қандай өзгерістерді өткергенін өз зерттеулерінде тіл мамандары айқындап береді. Олардың ғылыми мәні зор болғандықтан, тілдердің туыстығына зерттеушілер ерекше мән береді. Тіл-тілде тілдердің туыстастығы мәселесі ерекше болып табылады. Соған орай түркі тілдерінің туыстастығы мәселелері тіл білімі үшін, тіл ғылымы үшін өте маңызды. Түркі тілдеріне ортақ салыстырма грамматика мәселелері туралы айтсақ, тілдік материалдарын салыстырғанда олардың қазіргі жай-күйі оның өткендегі тарихымен байланыстырыла қараған дұрыс. Салыстырмалы-тарихи зерттеудің негізгі мақсаты да тілдердің көне формаларын анықтау. Осы мақсат негізінде кез-келген салыстыру қазіргі қолданылып жүрген тілдік форма мен ең көне деп саналатын форманың арасындағы даму процесін белгілеу, дәлелдеу болып саналады. Жалпы тіл ғылымында тілдік деректерді салыстырмалы-тарихи зерттеу 19 ғ. басында пайда болды. Түркі тілдері материалдарын ғылыми негізде салыстыру В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов, О.Бетлинг еңбектерінде қолданылады. Сондай-ақ XI ғ. энциклопедист ғалымы М.Қашғаридың «Диуани лұғат ит-түрік» атты көлемді еңбегінен бастау алады. Бұл тәсілдің ерекшелігі ол алдымен генеалогиялық немесе тарихи туыстығы бар тектес түбі бір тілдердің материалдарын салыстырады. Түркологияның қалып-тасуына есімдері әлемге мәшһүр белгілі түрколог-ғалымдар: М.А.Казем-Бек, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, С.Е. Малов т.б. ғалымдарды атауға болады. Сондай-ақ, түркі тілдері бойынша алғашқы түрколог ғалым, түркология туралы алғаш құнды пікірлер айтып, түркі тілдерінің сөздігін жасаған М.Қашғариды болды.

Қазақ тілінің даму барысында оның қандай кезеңдерден өткені, қай бағытқа бет бұрғаны, бүкіл әлемдік мәдениетпен қандай тілдік байланыста болғаны байрығы жазба ескерткіштердің тілдік деректерімен салыстыру арқылы айқындалады. Сонау V-VI ғасырлардан басталатын Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінен басталатын көне түркі деректерін зерттеу арқылы, түркі халықтарына ортақ осы тарихи мұраларды зерттеп, зерделеу арқылы бүгінгі қазақ тілінің көкжиегі ашылды деп айтсақ та болады. Түркі тілдерінің көбіне ортақ болып табылатын аса тарихи жазба мұралар көне түркі дәуірі (III, V-VIII), орта түркі дәуірі, жаңа түркі дәуірі (XV ғасырдан қазірге дейін) деп аталатын кезеңдерден тұрады. Осы кезеңдерде-ақ қазақ тілінің халық, ұлт тілі ретіндегі бет-бейнесі айқындала бастады. Қазақ тіліне ортақ сөздік қоры мен сөздік құрамы, сөйлем жүйелерінің түрлері, дыбыстық құрылысы болды. Яғни халықтық, ұлттық тіліміздің біртұтас сомдалған тұлғасы қалыптасты. Дегенмен халық тілінің негізгі өзегінен тыс жатқан еліміздің түрлі жерлерінде түрліше айтылатын әр жерде түрліше дыбысталатын (*құман-құмған, құдағай-құдағи, киіз үй-кигіз үй т.б.*), әртүрлі ұғынылатын там - «үй», там - «мола» т.б. сияқты жергілікті, диалектілік тілдік элементтер де кездеседі. Түрліше диалектілік сөздер көне түркі тілдерінде де молынан ұшырасып отырады. Ол туралы түрколог ғалымдардың еңбектерінде де айтылады.

Түркітану шығыстану ғылымының үлкен бір тармағын құрайды, ал Шығыстану осы Шығыс елдерінің яғни түркі тектес халықтардың барлық рухани-мәдени өмірін: олардың тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын, археологиясын, этнографиясын, географиясын сондай-ақ, әлеуметтану, қоғам, философиялық ілім-білімдерін де түгел қамтып, зерттейтін сан-салалы ғылым саласы болып табылады. Сонау көнеден басталатын түркі халықтарының өзіне тән бүткіл болмыс-бітімі мен өз руханияты бар, өз тарихы бар болғанымен де бұрынғы Кеңестер елінің ұстанған кесір саясатының әсері бойынша олар туралы айтуға тыйымдар салынған еді. Өз кезеңінде Ұлы орыстан басқа Шығыс халықтарының мәдени руханияты, өз тарихы, ілім-білімі, мәдениеті жоқ сияқты көзқарастарды қалыптастыруға тырысып-ақ бақты. Дегенмен де бәріне уақыт сыншы, тарих өз дегенін жасайды уақыт өте келе, қазіргі таңда еліміз өз егемендігін алып, түркі халықтары өз тарихы мен мәдениетіне, тілі мен діліне, әдебиетіне қайта қауышты, бүткіл мәдени руханиятын әлемге паш ете бастады. Осы түркітанудың бір пұшпағы болып табылатын қазақ халқының да көне тарихи-мәдени материалдары, ескі жазба мұралары табылып, ғылыми тұрғыда терең зерделеніп, зерттеле бастады. Өзінің бай рухани-мәдени мұраларын қалың жұртқа паш ете бастады. Қазірге дейін сол тарихи материалдардың негізінде түркілердің де көне тарихы, мәдениеті мен жазу-сызуы болғандығы, дүние жүзіндегі рухани байлық, мәдениет деген ұғымдардың негізін қалаған халықтардың бірі болғандығы айқындала бастады. Бүкіл әлемдік маңызы бар түркология ғылымы бүгінгі таңда жан-жақты қарастырылып, зерттеліп, биік белестерден көрінуде. Сонау көнетүркілік V-VI ғасырлардан бастау алатын жазба ескерткіштер тілін зерттеуден бастап, бүгінгі кемел күнге дейін түркі әлемінде қол жеткен табыстар да аз емес. Дегенмен де әлемдік өркениетте, ғылыми ортада өзінің анық ізін қалдырған түркі

Ж.И. Мұхамбетов<sup>1</sup>, Г.Кенжебаева<sup>1</sup><sup>1</sup>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,  
Атырау қ. Қазақстан

## ҚАЗАҚ ТІЛІ – ТҮП ТАМЫРЛЫ ТҮРКІ ТІЛІ

## Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақ тілінің түркі тілдерімен байланыстылығы, сабақтастығы мен тарихи төркін-дестіктері мәселелері қарастырылып, айқындалады. Сондай-ақ, түркі тілдеріндегі кейбір түбір мәнді сөздер мен кейбір сөз тұлғаларының мәселелері лингвистикалық, тілдік-тарихи тұрғыда қарастырылып, сараланып, сипатталады. Тіл тарихында туыстас тілдердің деректерін салыстыра қарау, зерттеу нәтижесінде көптеген тілдік категориялар: түбір мәнді сөздер мен сөз тіркестерінің, қосымшалардың т.б. тілдік элементтердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жақтары қарастырылып, топшыланады. Тілдегі кейбір сөздердің, түбірлердің бүгінде жеке қолданылмағанмен, кей сөздердің, сөз тіркестерінің не қос сөздердің сыңарларының құрамында сақталып қалғандығы туралы сөз болады. Сондай-ақ олардың шығу төркіні этимологиялық тұрғыдан анықталып, мағыналық жағынан өзгерістерге ұшырап отыратындығы туралы айтылады. Мақалада тарихи-тілдік элементтер барынша толық зерделеніп, олардың қызметтері нақты мысалдармен талданады. Жалпы мақалада түркі тектес қазақ тілінің тілдік ерекшелігі мен тарихи даму барысы, зерттелулері туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** лингвистика, түркология, түркітану, түрколог, шығыстану, лексика, фонетика, грамматика, диахрония, синхрония, салыстырмалы тіл білімі, тіл тарихы, генеология, туыстас тілдер, түркі жазба ескерткіштері, классификация.

Қазақ тілі – тереңнен тарихы мен тағылымы мол, түркі тектес түпкі түрін сақтаған байрығы, көне тілдердің қатарынан орын алатын тіл. Оның шығу тегі мен ата тегі бар тіл деп айтсақ та болады. Ол түркі тілдері деп аталатын үлкен бір түп тамырлы тілдің бір саласы. Олай дейтін себебіміз ол тамыры терең түркі тілдерімен көп жағдайда лексикалық байлығы жақтарынан ұқсас, туыстас болып келеді. Қазақ тілі туыстығы жағынан ноғай, қарақалпақ, татар, қырғыз тілдері, сондай-ақ өзбек тілінің қыпшақ диалектісі т.б. ең жақын тілдерге жатады. Бұлар тілде агглютинативті тілдер, яғни жалғамалы тілдер тобына жатады.

Қазіргі жаңарып, жаңа сатыға көтерілген, қазіргі қазақ тілінің, ұлттық тіліміздің түп төркіні байрығы көне түркі тілдері деп аталатын үлкен бір шоқтығы биік тілдік топтың қатарынан ойып тұрып орын алатыны белгілі. Түркітану - бүкіл түркі тектес халықтардың тарихы мен тілін, әдебиеті мен мәдениетін, тұрмысы мен салтын т.б. барынша жан-жақты зерттейтін кешенді ғылымдардың санатына жатады. Бүгінгі күнде түркітану ғылымы бірнеше тарихи дәуірлер бойына қалыптасып, өзінің ғылыми-бағыт бағдарын, нақты келбетін толық анықтаған. Оның өзі Еуразия құрлығында дүниеге келіп, дамып, өсті. Осы алып Еуразия территориясының басым көпшілігін түркі халықтары мекендеген, олардың туып-өскен ата қоныстары да болған. Осыншама үлкен жерлерді мекендеген түркі халықтарының өмір тіршілігінің оның тілінен бастап сан-салалы ғылымының болғандығы белгілі. Түркі халықтары Орталық Азия даласынан шыққан, көшпелі өмір салтын ұстанған біздің де ата-бабаларымыз олар тарихи кезеңдерде Еуразия даласына тез тарала бастаған. Түркология ғылымында белгілі өзіндік қолтаңбасын қалдырған, түркітанушы ғалым С.Е.Маловтың мына бір пікіріне сүйенсек, «түркі халықтары біздің жыл санауымызға дейінгі V ғасырдың өзінде қазіргі қоныстанған жерлерін, тіпті одан да үлкен территорияны билеген. Яғни, көне дәуірдің өзінде түркі халықтары Қытайдан Дунайға дейінгі аралықты жайлаған». Түрколог ғалымның бұл пікіріне күмән келтірген ғалымдар болса да, С.Е. Маловтың топшылауының дұрыстығын тағы бір ірі зерттеушінің тұжырымы растай түседі. Белгілі орыс фольклортанушысы, академик В.М.Жирмунский түркі халқының эпосы «Алпамыс» пен грек эпосы «Одиссея» сюжеттерінің ұқсастығын бұл халықтар арасында көне байланыстардың болғандығы деп санайды және оны терең зерттеу қажеттігін айтады [1].

Түркітану жалпы жеке ғылым ретінде XVIII ғасырда пайда болды. Дегенмен бұған дейін де түркі халықтары мен олардың тілдері туралы зерттеулер дүниеге келген жоқ деген тұжырым тумауы керек. Түркітану осы уақыттан бастап өзінің зерттеу нысанының көлемін белгілеп, өзіндік зерттеу принциптерін қалыптастырып, кешенді де, дербес, жеке ғылым ретінде белгілі бола бастады.

Ал XIX ғасырда түркітану ерекше дамып, батыс түркологтарының зерттеулерінің арқасында қарқын алып, сан ғасырлық тарихы бар ғылым-дармен терезесі теңесті. Туыстастығы жағынан қарақалпақ, ноғай, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, сонымен бірге татар, қырғыз тілдері қазақ тіліне



**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Кириллина А.В. о применении понятия «гендер» в русскоязычном лингвистическом описании // Филологические науки. № 3. – 2000. – С. 38-45.
- 2 Горошко Е.И. Функциональная асимметрия мозга, язык и пола: аналитический обзор. – Харьков, 2003 г.
- 3 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2016. – 117 б.
- 4 Қожақова «Әйел» концептісінің элеуметтік сипатын гендерлік стереотиптер арқылы анықтау. // [http://go.mail.ru/redirect?via\\_page=1&type=sr&redir=eJzLKCKpsNLXUy\\_KLy3QTc\\_JT0rM0csvStcvKtUvKE3KyUxOL\\_MnMz9M3sTC1NNDNTqxKzNZNkc3LTC1JzKvMrcxLSUyv1K1MzdHNzs9LTi0oySzoZGAWNLE0NTWytLowY1jgkfzyJFeaDE9o0MGfipVvAMxBJ40](http://go.mail.ru/redirect?via_page=1&type=sr&redir=eJzLKCKpsNLXUy_KLy3QTc_JT0rM0csvStcvKtUvKE3KyUxOL_MnMz9M3sTC1NNDNTqxKzNZNkc3LTC1JzKvMrcxLSUyv1K1MzdHNzs9LTi0oySzoZGAWNLE0NTWytLowY1jgkfzyJFeaDE9o0MGfipVvAMxBJ40) (29.04.2017).
- 5 Масалимова Д. Когнитивно-прагматическое описание гармонии и дисгармонии речевого общения: Автореф... канд. фил. наук. – Алматы, 2005. – 28 с.
- 6 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 244 б.
- 7 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, Ғылым, 1977. – 240 б.
- 8 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 9 Ауелбекова Ш.Е. «Түрік тілінде «көз» соматизмінен жасалған тұрақты тіркестердің қолданылу аясы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Филология ғылымдары» сериясы. – 2014. – №4 (50). – 13б.
- 10 Алтынсарин Б. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы, 1991. – 200 б.
- 11 Мағауин М. Әлемдегі ең сұлу. // шығармалар жинағының 11 томы. Дайындаған: Жошы М. Оуи.kz сайты. (27.04.2017).

А.Ж. Машимбаева<sup>1</sup>, Э.Раева<sup>1</sup>, А.Токтарбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казакский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай Хана

**ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ СТРЕОТИП ЖЕНСКОЙ КРАСОТЫ  
В КАЗАХСКОЙ ЭТНОКУЛЬТУРЕ**

Аннотация

В статье будут рассматриваться вопросы касательно появления стереотипов о красоте женщин, словосочетаний в языковых материалах. Гендерное понятие – свойственно быть объектом исследования психологий, философий но в лингвистике гендерное лингвистика вступил в силу как частный сектор. Поэтому стереотипы гендерной лингвистики являются основным объектом исследование. Основные стереотипы гендерной лингвистике касательно женской красоты стали объектом словосочетаний анализа. «Глаза», «волосы» «ресница», «внешность», «лицо» – эти понятия, как фразовые сочетаний были доказаны на оснований концепций ученых-исследователей. В гендерной лингвистике особенности речи женщин и мужчин, внешности, мировоззрения, поведение были исследованы в широком смысле, а стереотипы о красоте тела, души являются этнолингвистическими стереотипом требующий специальный подход исследований.

**Ключевые слова:** гендерная лингвистика, мужчина, женщина, национального мировоззрения, стереотип, языковой фактор в политической.

A.Mashimbaeva<sup>1</sup>, E.Raeva<sup>1</sup>, A.Toktarbekova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh University of international relations and world languages named after Abylai Khan

**THE WOMAN IN THE KAZAKH LINGUISTIC ETHNOMEDICINE  
SLOULIN STREAMIP**

Abstract

The article studies appearance and beauty stereotyped against women, is seen in the data reflected the language of the phrase. Prttery description of the concept of gender psychology, the study of how gender linguistics linguistics physical objects is in the philosophy in the first arastirilmasi industries.... Depending on the objectives of the study the researchers became stereotyper special physical gender linguistics in the industry.

The beauty of women, gender linguistics, in accordance with which the basis of the analysis, which is one of the main stereotypers attention tristine through the word. "Eyes", "hair", "eyebrow", "STO", "page", i.e., based on the insights of research scientists, developed concepts as freshly, supported by examples. In linguistics gender features in the speech of men and women, of being-physical, attitude, behavior, presented in the paper are studied extensively in the works of researchers, stereotip beauty, beauty Jean special study of the condition of

**Key words:** gender linguistics, male, female, national ideology, stereotyp, the language factor in the political.

«Көз» соматизмін зерттеуші Ш.Е. Әуелбекова Көз «жан айнасы» ретінде ертеден метафоризация нысаны болды. Берілген соматизмнің метафорикалық мағынасы фразеологиялық бірлік блок құрамында – «адамның ішкі жан-күйі мен сезімінің көрсеткіші». Көз және көз әлпеті түрлі ақпараттарды беруде адам сезімі вербалды емес кейіпте ерекше қызмет атқарады. Көздің жай-күйі әралуан сезімге байланысты өзгереді және фразеологиялық бірлік әр түрлі метафорикалық негізі болып табылады [9, 13-б.], - деп көздің адам болмысын ашудағы қызметін атап көрсетеді. Осыған орай мысалы «жәудір көз» тазалықты, албырттықты сипаттайды. «Қызыл көз» ашулану белгісін танытады.

Әдемілік стереотипінің келесі үлгісі бет жүз әдемілігімен көрініс табады. Бұл орайда көп қолданысқа ие тіркестердің бірі «*ақ жүз*», «*ақша бет*», «*ақша жүз*» синонимдестіркестері. Ақ түс – белгілі дәрежеде пәктіктің, тазалықтың, жақсылықтың белгісі ретінде символға айналған түс. Көрікті болып сипатталатын қыздардың барлығының жүзі ақ болып келуі ұлттық дүниетаныммен тікелей байланысты. Өйткені ақ түсіне байланысты те жүз ғана емес, «*ақ бесік*», «*ақ пейіл*», «*ақ орда*», «*ақ тілеу*», «*ақ босаға*», «*ақ келін*», «*ақ көңіл*», «*ақ жүрек*» және т.б. көптеген ұлттық болмысты бейнелейтін тіркестер қатары молынан ұшарасады. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде «*ақша бет-сұлу жүз*, *анпақ бет*» тіркесімен қатар «*ақша бетің тілінсін*. Қарғыс. – байың кісің өлсін, жылап қал деген мағынада» [7], - деген түсініктеме береді. Алғашқысы сұлулықтың айқын белгісі болса, екіншісі жақынынан айырылып, ақша бетіңе дақ түссін деген мағынаны беретін сияқты. Өйткені, ақша бетке дақ түсу, сұлулықтай айырылу іспеттес. Қазақ дәстүрінде әйел адамдар жақынынан айырылғанда шашын жайып, бет жыртып, дауыс шығару арқылы жоқтау айтатын болған. Бұл туралы Ы.Алтынсарин былай деп жазады: «Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері, ойбай салып, дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады, беттерін тырнап қан қылады, бастарына түскен қайғы қасіретін жүр алдында қаншалықты күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де соншалық жара түседі» [10, 159-б.]. Бет жүзге қатысты «*қара бет*», «*көк бет*» тіркестері де тілді қолданыста кездеседі. Алайда бұл тіркестер ақ бет тіркесіне мүлде қарама-қарсы «*қара бет*»-ұятсыз, арсыз мағынасымен ер адамға да, әйел адамға да байланысты айтылса, «*көк бет*» - бетпақ, айтқанынан қайтпайтын мағынасымен тек әйел адамға ғана қаратып айтылады. Адамның жүзіне қатысты көп кездесетін тіркестің бірі «*алма бет*» тіркесі. Бұған фразеологиялық сөздікте «*қызыл шырайлы, топ-толық, жас, балғын, жүз туралы айтылады*» [7], - деген түсініктеме беріледі. Бұл туралы зерттеуші Г.Смағұлова «*солтүстіктің сұлуы – ақша бет болса, оңтүстік сұлуы – алма бет*. Мұнда табиғат ауарайы адамның сырт келбетіне әсер етеді. Суық жақтағы қыс пен ыстық күндері мол жаз айлары кескін келбетті өзінше өңдеп қалыптастырады» [6; 218-б.],-дейді. Фольклорлық шығармаларда «*алма бет*» тіркесі қыздар сұлулығын бейнелеудің символы іспеттес көрінеді.

Қыз баланың сұлулығын сипаттайтын келесі атау шашқа қатысты болған. «*Шашы жібектей*», «*қолаң шаш*», «*бұрымы білектей*», «*сүмбіл шаш*» деген тіркестермен қатар «*Білектей арқасында өрген бұрым*», «*Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын*». «*Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты*», «*Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?*» (*Абай*), өлеңі осыған мысал бола алады. Қазақ тәрбиесі бойынша қыз баланың бұрымы – сұлулықтың сәні саналған. Сондықтан қыз баланың шашын қырқып, тобығына дейін жеткізе өсіруге аса мән берген. Қазақ халқының ежелгі қылмыс туралы заңында шашқа байланысты арнайы баптар да бар болғандығын тарихтан белгілі. Бұзық ойлылар, есерлер әйелдің шашын кесетін болса, ол әйелдің бір дене мүшесін кескен болып есептелген және соған сәйкес әлгі адам қатаң жазаға тартылған, үлкен айып төлеген. Ал әйелдер қылмыс жасаса, оларға қолданған жазаның ауыр түрі – шашын кесу болған. Ол кезінде әйелдер үшін өлім жазасына тең жаза ретінде қаралған.

Қазақ қызының сұлулығы тек көркімен ғана емес ақылымен, жүріс-тұрысымен, мінез-құлқымен де өлшенген. Жазушы М.Мағауин «*Қазақ қызы – бидай өңді, дөңгелек жүзді, қара көз, қара шаш, қыр мұрын, қалам қас, оймақ ауыз... Әлбетте бұл ортақ пішін. Бажайласақ реңдік өзгешеліктер біршама. Аққұба болады, қара торы болады, пісте мұрын болады, тәмпиіс мұрын болады, құсмұрын да кездеседі. Қара көздің өзі сан қилы, көкшілі, тіпті, жасылы болады, бірақ шүңірек емес, томпақ емес, тым қиық та емес. Қиғаш қастарда, жирен шаштар да табиғи көрінеді. Осының бәрі әдемі, бәрі жарасымды. Өйткені, қазақ деген үлкен елге хас, жинақтап келгенде, ұлттық рең, ортақ сыпат аясынан табылатын белгілер*» [11], - деп қазақ қыздарының ортақ бейнесін көрсетеді.

Қорыта келе, қазақ этномәдениеті әйел бейнесін танытатын сөздік қоры әйел адамның кескін-келбетін, мінез-құлқын дәл суреттей алады. Қалыптасқан сөз тіркестері арқылы әйел затының сұлулық сипатын айқын тануға болады.

Зерттеушілердің аталған тұжырым стереотиптерінің қатарында «қыз-әйел» сұлулығын танытатын стереотиптерге ерекше назар аудару қажет. Өйткені әйел көркін бейнелейтін тілдік деректерді әр тілдің лингвистикасынан молынан кездестіруге болады. Гендерлік лингвистиканы бірнеше тіл аясында қарастырған Д.Масалимова «әйелге таңылған сұлулық, тартымдылық, нәзіктік, мейірімділік, қылықтылық, баурап алушылық» сияқты стереотиптік қасиеттерге қоса орыс қоғамында әйелге тән еңбек-қорлық, шаруаға икемділік, қарапайымдылық, ал қазақ қоғамында әйел адалдығы, қыз абыройы, тәрізді қасиеттерді атап көрсетеді» [5, с. 139].

Қазақ этносының түсінігінде әйел сұлулығы ең алдымен қыз баланың тән сұлулығына қатысты айтылатын болса, екіншіден жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, әдеп-ибалылығымен өлшенетін жан сұлулығына байланысты бағаланатын болған. Тілдік қолданыста «*әйел заты*» деген тіркес кездеседі. Бұл тіркес ер адамға қатысты айтылмайды. Бұдан «Адам атаның қабырғасынан Хауа ана жаралған, сондықтан әйелдің жолы жіңішке» деген діни түсінікті байқаймыз. Алайда әйелдің этнос сипатын танытушы ретіндегі өзіндік сұлулығы болғандығын танимыз.

Сондықтан тілімізде қыз сұлулығына қатысты тілдік қолданыстар мен тіркестер молынан кездеседі. Әрі оларды көздің әдемілігіне, шаштың қалыңдығына, бет-бейнесіне, қасына, жүрісіне, көзқарасына байланысты айтылған атаулармен кездестіруге болады. Бұл орайда ғалым Г.Смағұлова «Ұлт тілдерінің қайсысында болмасын сұлулық, әдемілік ұғымдары конкреттілігімен, ерекшеленеді. Өйткені поэтикалық образ көз алдында. Қазақ тіліндегі сұлу, әдемі, ұғымдары қазақ фразеологизмдерінің өте бай тіркестерін құрайды. Мұнда көз, бел, маңдай, төс, мойын, сияқты жеке детальдарға қатыссыз да жалпы сұлу деп қабылдаудағы ерекшеліктерінің өзі ұлт мәдениетіндегі сұлулықты сүйкімділікпен қатар пір тұтқаны ұлт менталдылығы ретінде көрінеді» [6; 215-б.], - деген пікір келтіреді. Бұл қыз сұлулығына қатысты халық ұғымының тереңдігі мен оған қатысты тіркестердің молдығын байқатады.

Әйел сұлулығына қатысты тіркестер фольклорлық шығармалардан бастау алады. Баянның, Қыз Жібектің, Құртқаның, Гүлбаршынның жеке сұлулықтарымен қоса, жалпы әдемілікке қатысты тіркестер кездеседі. Мысалы,

Түймедей басың сұлу домаланған,  
Жібектей шашың майда шұбаланған.  
Мөлдіреп екі көзің тұнжырайды,  
Суреттей жасап қойған мірғарадан.  
Айнадай екі бетің жарқырайды,

Айындай он бесінде қорғалаған (*Алпамыс батыр жыры*), - деген жолдардағы сұлулық сипаты, бір қызға арналмай, жалпылама суреттеу ретінде көрініс тапқан. «*Басы түймедей*», «*шашы жібектей*», «*көзі қарақаттай*», «*жүзі он бесінде туған айдай*» сияқты тіркестер дәстүрлі тіркестер ретінде көрініс табады.

Сұлулыққа қатысты айшықты тіркестердің қатарында «күн» мен «ай» ұғымына байланысты «*айдай ару*», «*айдай нұрлы*», «*айдай жарқыраған, ай қабақ, алтын кірпік*» (асқан сұлу, өте көркем қыз, ару әйел) [7, 18], «*ай десе аузы бар, күн десе көзі бар*» (аса сұлу, өте көрікті) [7; 17] *туған айдай* (аса сұлу көрікті жан) [7], «*он төртінші айдай боп*» (толған айдай жарқырап көзге түсер сұлулық) [7], «*күндей жүз*», «*күндей көрік*», «*күндей көркем*», «*күндей нұрлы*», «*күндей сәулелі*» тіркестер кездеседі. Бұл түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының күнге, айға табынып, оны құдіретті күш санауынан туындаса керек. Өйткені күн мен ай ұғымының тек әдемілікке ғана емес, басқа да салт-дәстүр, тыйымдарға байланысты көптеген тіркестер бар екендігіне көз жеткізуге болады. Зерттеуші Ш.Уәлиханов «ай – бір кезде тәңірі болған тәрізді. Қазақтар жаңа ай көргенде иіліп сәлем береді және жаздығүні сәлем берген жерінің шөбін жұлып, үйге келген соң ол шөпті отқа салады. Қазақтар айға ұзақ қарамайды, өйткені айдағы кемпір кірпік санайды деп қорқады. Жалпы алғанда қазақтар айды құрметпен сөйлейді» [8; 87], - дейді. Бұдан айға табынушылық пен құрметті танумен қатар, әйел сұлулығы стереотиптерінде айға байланысты тіркестердің болуы «*қол жетпес*», «*теңдесі жоқ*», «*өзгеше әдімілік*» сияқты ұғымдарды береді.

Мысалы, көзге қатысты «*нәркес жанар*» – *қарақаттай мөлдір көз*, «*құралай көз*» (бұл жерде сүйкімді, әдемі деген мағынада айтылып тұр) [7], *күлім көз*, *қарақат көз*, *тана көз*, *көзі баданадай*, «*айдай аузы, күндей көзі бар*», *жәудір көз*, *айнамкөз*, *бота көз сияқты* тіркестер қолданыс тапқан. Адамның көзі сұлулықтың негізгі белгісі болса, көздің әдемілік сипатын беруде түрлі тіркестердің болуы көз әдемілігін жан-жақты сипаттай түседі. Қарақаттың дөңгелек пішіні мен қара мөлдірлігі арқылы «*қарақат көз*» ұғымы пайда болса, көзі баданадай көз шарасының үлкендігін, құралай көз – құралайдеп аталатын аң көзінің сұлулығына балаңады.

А.Ж. Машимбаева<sup>1</sup>, Э.Раева<sup>1</sup>, А.Токтарбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ СҰЛУЛЫҒЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СТРЕОТИПІ

Аңдатпа

Мақалада әйел сұлулығына қатысты стереотиптердің пайда болуы мен зерттелуі, тілдік деректерде көрініс тапқан сөз тіркестері қарастырылады. Гендерлік ұғым сипаты психология, философия саласының зерттеу нысандарының аясында қарастырылумен қатар лингвистика да гендерлік лингвистика ретінде жеке сала болып қолданысқа енді. Соған орай гендерлік лингвистика саласының жеке стереотиптері зерттеушілердің арнайы зерттеу мақсатына айналды.

Гендерлік лингвистиканың негізгі стереотиптерінің бірі саналатын әйел сұлулығы оған сәйкес сөз тіркестеріне назар аудару арқылы талдау негізіне ие болды. «Көз», «шаш», «қас», «жүз», «бет» ұғымдары қалыптасқан фразалық тіркес ретінде зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, мысалдармен дәлелденеді. Гендерлік лингвистикада ер мен әйелдің сөйлеу тілі ерекшелігі, болмыс-бітімі, дүниетанымы, мінез-құлқы мақалада келтірілген зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен зерттелсе, сұлулық стереотипі, тән, жан сұлулық жағдайы арнайы зерттеуді қажет ететін этнолингвистикалық стереотип болып табылады.

**Түйін сөздер:** гендерлік лингвистика, ер, әйел, ұлттық дүниетаным, стереотип, тілдік фактор, этномәдениет.

Әр халықтың танымдық бейнесі, ұлттық сипаты болмыс-бітімі тілдік факторлары арқылы айқын көрініс тапқан. Ұлттың ұлт болып қалыптасуын, мәдени кеңістігін бейнелейтін деректері салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы сияқты этностық деректері болса, ұлтты жасаушы басты құндылығы адам болып табылады. Ал адам жаратылысынан «ер» және «әйел» деп аталатын жыныстық түрлерге бөлінгендігі де заңды құбылыс. Ер мен әйелдің жаратылысы мен өмір сүру түріне қарай өздеріне тән болмыс-бітімдері, түрлі таным-түсініктері, ұлт өкілі ретіндегі ерекшеліктері де жалғасын тапқан. Осыған орай ер мен әйел бейнесі философиялық, психологиялық, физиологиялық және т.б. сияқты көптеген зерттеу салаларының басты нысанына айналып «гендер» атты ғылыми ұғымға ие болды, ғылыми айналымға енді.

Гендерлік ұғым бүкіл болмысты бейнелейтін лингвистика саласының зерттеу нысанынан да тыс қалған жоқ. Гендер терминінің орыс лингвистикасында қолданылуы жайлы зерттеуші А.В.Кирилина арнайы еңбек жазса [1; 21], Г.Вэшлэ ерлер мен әйелдердің мамандығына, кәсібіне байланысты тілдік ерекшелігіне назар аударды. Сол сияқты Е.Г. Голянный, Д.О.Добровольскийдің, Е.А.Земскаяның гендерлік лингвистика саласын әр қырынан қарастырғанын байқауға болады. Қазақ лингвистикасында да гендерлік лингвистика Б.Хасанұлы, Ж.Нұрсұлтанқызы, Е.Мамаева; А.Байғұтова және т.б.сияқты зерттеушілердің еңбектерінде арнайы талдау негізіне ие болғандығын көреміз.

Ер мен әйелге қатысты зерттеулер олардың сөйлеу тілін, ым-ишарысын, мінез-құлқын, болмыс-бітімін, салт-дәстүрді ұстанудағы ер адамды, әйел адамдық рөліне назар аударады. Бұл гендерлік стереотип арқылы анықталады. Орыс зерттеушісі Е.И.Горошко: «Гендерные стереотипы, представляющие собой стандартные, часто упрощенные и обобщенные мнения о представителях обоих полов, складываются и закрепляются в обществе посредством институализации и ритуализации пола» [2; 81] деген түсінікпен айқындай түседі. Ал зерттеуші А.Әмірбекованың пікірі бойынша, «стереотиптер – ақиқат дүние туралы күнделікті қолданыста кеңінен танылған, сол зат не құбылысты сол ситуация мен әрекетті, тұлға мен әлеуметті (дүнені) танудың санадағы қарапайым бейнесі, яғни дүние туралы таным-түсініктің қайталануынан тұрақталған адам санасындағы алғашқы сигналдар, яғни әрекеттер мен құлықтар шаблондары» [3; 47]. Байқағанымыздай стереотиптік ер мен әйелдің болмысындағы жеке құлықтар мен қасиеттердің жиынтығынан құралады. Осы орайда Г.Қожақова еркек пен әйел бейнесінің мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайтын гендерлік стереотиптер ретінде еркектердің шамданғыш, тапқыр, үстемшіл, тәуелсіз, салмақты, іскерлік қабілеті жоғары, тез шешім қабылдағыш, өз-өзіне сенімді, ал әйел адамдардың әдепті нәзік, сөзшең, ырымшыл, басқаларды түсінуге бейім, сыртқы түріне, бет-әлпетіне көп көңіл бөлетіндігі сияқты сапа белгілері мен бағалауларды тізбесін келтіреді [4, 1116.].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қашқари М. Түркі тілдер сөздігі. – Алматы: «Хант», 1997. I-588 б, II-585 б, III-597 б.
- 2 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғыл. кан.дисс... – Алматы, 2003. – 126 б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1974-1986. – Т.1-10.
- 4 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Өңделіп, толықтырылып екінші рет басылуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 258б.
- 5 Аққошқаров Е. Халық арасында кең таралған байырғы өлшемдер//Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2000. – №11. –50 б.
- 6 Қасым Б. Түркі тілдеріндегі аталымдардың сөзжасамдық уәжділігі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2015. – №3 (53).– 278 б.

Е.Маралбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт языкознания имени А.Байтурсынова

**СОМАТИЗМЫ ОБОЗНАЧАЮЩИЕ ПОНЯТИЯ КВАНТИТАТИВНОСТИ  
В СЛОВАРЕ М.КАШГАРИ «ДИУАНИ-ЛУГАТ-ИТ-ТУРК»**

Аннотация

В данной статье рассматриваются лексико-семантические, грамматические и этимологические особенности соматизмов в произведении М.Кашгари «Диуани-лугат-ит-турк», отражающих понятие квантитативности, квалификативности.

Отслеживается процесс трансформации названий частей тела в квантитативные языковые единицы, а основные мотивы обосновывают избранную тему. В аспекте квантитативной категории дается анализ квантитативных соматизмов, рассматривающихся в зависимости от их лексико-семантических особенностей в трех группах: *өлшеуіш соматизм, шамалауыш соматизм, сынауыш соматизм*.

Выясняется содержательный и функциональный потенциал отдельных соматизмов в рамках указанных трех понятийных групп.

Выявляется историческая преемственность и генетическое родство современного казахского языка и средневекового тюркского языка (X-XII в.).

Также определяется, что средневековый тюркский язык был богат на квантитативно-квалификативные языковые единицы, являлся мощным языком. Аргументируется, что категория квантитативности является значительной языковой категорией средневекового тюркского языка.

**Ключевые слова:** М.Кашгари, «Диуани-лугат-ит-турк», тюркский язык, казахский язык, категория квантитативности, категория количества, квантитативные соматизмы, количественные соматизмы, шамалауыш соматизм, сынауыш соматизм, квантитативный аффикс.

<sup>1</sup>E.Maralbek

<sup>1</sup>Institute of the Linguistics named after A.Baitursynov

**SOMATISMS WITH THE MEANING "QUANTITATIVE-QUALIFICATIONS"  
IN M.KASHGARI'S "DIYUANI-LUGAT-IT-TURK"**

Abstract

This article deals with the lexical-semantic, grammatical and etymological features of somatisms in the work of M.Kashgari "Diyuani-lugat-it-Turk", reflecting the notion of quantitativity, qualification.

The process of transforming the names of parts of the body into quantitative linguistic units is traced, and the main motives justify the chosen topic. In the aspect of the quantitative category, the analysis of quantitative somatisms is considered, depending on their lexical and semantic features in three groups: *olsheuish somatism, shamalauysh somatism, synauysh somatism*.

The content and functional potential of individual somatisms is clarified within the framework of these three-member groups.

The historical continuity and genetic relationship of the modern Kazakh language and the medieval Turkic language (X-XII c.) are revealed.

It is also determined that the medieval Turkic language was rich in quantitative-qualifying language units, was a powerful language. It is argued that the category of quantitativity is a significant linguistic category of the medieval Turkic language.

**Key words:** M.Kashgari, "Diyuani-lugat-it-Turk", Turkic language, Kazakh language, category of quantitativity, quantitative category, quantitative somatisms, quantitative somatisms, shamalauysh somatism, synauysh somatism, quantitative affix.

қолданылатын сөз болып, бойдың қысқалық, аласалық мағыналарын білдіреді. Біздіңше *тапы* сөзі мен *тапал* сөзі түбірлес. Орта ғасырда *тапы* сөзі адам бойының орташа деңгейін білдірсе, біздің заманымызға семантикалық даму нәтижесінде бойдың аласалығын білдіретін сөз ретінде жеткен. Бірақ қай дәуірде де бойға қатысты қолданылатын сөз ретіндегі қызметін сақтаған.

*Шөкүт // бәкене, қысқа бойлы. Шөкүт кіші // бәкене кісі. Басқаларға да осы мағынада қолданылады* [1, Т<sub>1</sub>-413]. *Шөкүт* – адам бойының қысқалығын білдіретін мөлшерлік лексема. Біздің ойымызша *шөкүт* пен қазіргі қазақ тіліндегі *шөк*, *шөкім* сөздері төркіндес. Қазақ тілінің халықтық қолданылысында *шөкімдей шал* деген тіркестер бар. Бұл *шөжім, кәрілік жетіп семіп қалған кішкене, қаңбақтай шал* деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан *шөкүт, шөкім* сөздері грамматикалық тұлғасы жағынан да, мағынасы жағынан да бір-бірінен алыс кетпейтін сияқты.

Сөздікте соматикалық түбір лексемалар ғана емес, жұрнақтардың көмегімен мөлшерлік ұғым білдіретін туынды тұлғалы соматизмдер де кездеседі. Мұндай мөлшерлік соматизмдерде туынды сөздің түбірі ешқандай мөлшерлік мағына білдірмейді де, ондағы мөлшерлік мағынаны жұрнақтар тудырады. Бұл – зат пен құбылыстың өзіне тән қасиетінің молдығын, көптігін білдіретін *лығ, -лұғ // -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары. Сөздікте бұған қатысты мынадай сөздер кездеседі және оған төмендегідей анықтамалар беріледі:

*«Боз, бодз // бой: ұзұн бодзлұғ кіші // ұзын бойлы кісі* [1, Т<sub>3</sub>-173-174]; *Табандығ // (табанды): табандығ теуі // табанды түйе* [1, Т<sub>1</sub>-557]; *Қарындығ // (қарынды). Бедүк қарындығ ер // үлкен қарынды адам* [1, Т<sub>1</sub>-558]. Бұл мысалдарда *бодзлұғ* – бойдың ұзындығын; *табандығ* – табанның көлемі үлкендегін; *қарындығ* – қарынның көлемі үлкен әрі жуандығын білдіреді. Мөлшер ұғымын берудің бұл аффикстік тәсілі де *сынауыш соматизмдердің* қатарына жатады. Өйткені *-лұғ* заттың *сындық мөлшерін* білдіретін жұрнақ.

Соматикалық өлшем бірліктердің мән-маңызы мен қызметі жайлы бұл тақырыпта біршама ізденістер жасаған ғалым Е.Аққошқаров былай дейді: *«Мәдениеті жоғары, сауда-саттық қатынасы жедел дамыған елдерде байырғы өлшемдер алғашқы шыққан күйінде қалып қоймай «цивилизацияланған», яғни нақтылана түскен. Бұл келтіріп отырған мысалдардан қазақтың халықтық терминдерінің шығу төркіні, қолданылу мақсаты, өміршеңдігі, аталу сәттілігі жағынан да басқа халықтардың ұлттық өлшемдерімен деңгейлес болғанын байқауға болады. Алайда түрлі тарихи себептерге байланысты өлшемдік мәні бар байырғы терминдеріміз ұлт шеңберінен аса алмай, нақты мәнге ие бола алмаған. Сондықтан да қазақтың «бармағы» мен «табаны» немесе «құлашы» мен «қарысы» арық пен семіздің, ұзын мен қысқаның жекелеген мөлшеріне тәуелді күйінде қалып қойған»* [5, 47]. Ғалым айтқандай, таным кеңістігінде ғасырлар бойы айрықша қызмет атқарған халықтық өлшем бірліктер бүгінгі таңда күн санап тілдің пассив қабатына ауысып, тіптен, қолданыстан мүлдем шығып барады. Оның басты себебі – ұлттық өлшем бірліктердің *өлшемдік бірлікке айналу процесін* толық аяқтай алмауында және нақты сандық мәнге теңестірілмеуінде.

Қорыта келгенде, М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде кездесетін мөлшер-өлшем ұғымын білдіретін соматизмдер лексико-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай *өлішеуіш соматизмдер, шамалауыш соматизмдер, сынауыш соматизмдер* болып үш үлкен топқа бөлінеді. Бұл үш үлкен топ тілдегі категориялық ұғымдардың, соның ішінде *мөлшер категориясының* даму иерархиясын және ұлт пен этностың дүниені тану ерекшелігін көрсетеді. Тұтас бір дәуір тілінің келбетін көрсететін «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігінде 260-қа тарта мөлшерлік бірліктердің кездесуі *мөлшер категориясының* сол дәуірдің өзінде өте ауқымды тілдік категория екенін түсіндіреді. Ал осынша сөздің 40-қа таяуы, яғни 15 % соматикалық мөлшерлік болып келуі тілдегі мөлшер категориясының ең үлкен бөлігін соматизмдер құрайтынын түсіндіреді. Табиғат дүниесінде мөлшер ұғымына балама бола алатын заттар көп, бірақ, соған қарамастан, оның ауқымды бөлігін соматизмдер иелеуі мөлшер категориясының, ең әуелі, қандай ұғымдар аясында өмір сүретінін түсіндіреді. Әрі түркілердің дүниетану ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан ғасырлар бойы ұлтпен, этноспен бірге туып, біте қайнасқан осы ұлттық өлшем бірліктерді заман талабына сай қайта жаңғыртудың тіл үшін де, руханият үшін де маңызы зор.

еркін сыйарлық мөлшерін білдіреді. Қол мен ауыз қуысының қызметі мөлшерлік ұғымның тууына басты негіз болып тұр.

*Сағым // сауым. Бір сағым сүт // бір сауым сүт* [1, Т<sub>1</sub>-457]. *Сағым* – сыйымдылық ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Сұйық заттардың нақты сыртқы пішіні болмайды. Сондықтан олар белгілі бір ыдысқа құйылу арқылы сыйымдылық мөлшері өлшенеді. Сүт беретін жануарды (*төрт түлік*) бір жол (*бір кезек*) сауғандағы сүтінің орташа мөлшерін білдіреді. Қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына басты негіз болып тұр.

*Шамалауыш мөлшерліктерге* жататын жоғарыдағы мөлшерліктердің бәрі де дене мүшелерінің қатысы арқылы орындалады. Бұл топтағы мөлшерліктерге мынадай қасиеттер тән: *бірізділік (жасалу формасы), болжалдық, бір мағыналылық (моносемантикалы), тәуелділік, арнайылық* т.б.

М.Қашқари сөздігінде мөлшер-өлшемдік табиғаты *шамалауыш соматизмдерден* де бір саты төмен тағы бір топ сөдер бар, ол – *сынауыш соматизмдер*. Олар, тіптен, өлшем бірлік емес те, тек мөлшерлік мағына беретін лексикалық бірліктер. Бұл топтағы сөздер зат пен құбылыстың мөлшерін дене мүшелердің қатысы арқылы өлшемейді. Керісінше сол дене мүшенің түрлі сындық белгілерін, мөлшерлік сапасын (*ұзын-қысқалығын, кең-тарлығын, жуан-жіңішкелігін т.б.*) білдіреді. Құрылымы да алдыңғы екі топ соматикалық мөлшерліктерден өзгешеленеді. Яғни жеке-дара тұрып белгілі мөлшерлік ұғымды білдіре алады. Көбіне екі компонентті анықтауыштық қатынастағы тіркес болып келеді. Бұл топтағы мөлшерлік соматизмдердің ішкі семантикалық қасиеті, жинақтап келгенде, мынадай: *айқындауыштық, дербестік, метафоралылық, ауыспалылық* т.б. Бұл топтағы соматикалық мөлшерліктердің қатары төмендегідей:

*Сұқарлаш // (ұзын құлақ). Сұқарлаш бөрк // ұзын құлақ бөрік* [1, Т<sub>1</sub>-551]. *Сұқарлаш* – дене мүшенің ұзындық қалпын білдіретін мөлшерлік лексема. Жеке тұрғандан нәрсенің болса да құлақ бөлімінің ұзындығын білдірсе, ал тіркес құрамында бағыныңқы сыңарда айқындауыш ретінде келіп, нақты затқа қатысты айтылады.

*Бедүк // биік; үлкен; зор. Бір нәрсенің биігі. Бедүк төві // үлкен түіе* [1, Т<sub>1</sub>-443]. *Бедүк* – биіктік ұғымын білдіретін мөлшерлік лексема. Жеке тұрып та, тіркес құрамында да бірнеше мөлшерлік ұғымдарды қатар білдіреді. Бірақ тіркес құрамында нақты қандай мөлшерлік ұғымды білдіретіні айқын көрінеді. *Бедүк* сөзінің тағы бір мағынасы сөздіктегі мына бір мысалдан көрінеді: «*Бағыр // бауыр. Ешкімге бойын имейтін кісіні «бедүк бағырлық // үлкен бауырлы» дейді. Онысы «бауыры бүтін» дегені. Садақтың орта тұсын да «иа бағыры // садақтың бауыры»* [1, Т<sub>1</sub>-105]. М.Қашқаридың бұл пайымдауынан *бедүк* сөзінің бауыр сөзіне қатысты туындайтын *үлкен* деген мағынасы анықталады. Қазақ тілінде «*бас аман, бауыры бүтін болсын»* деген мәтел бар, бұл – «*бала-шағасы аман-есен, дені сау»* деген мағынаны білдіреді. Бала шаға мен бастың амандығы – бойдағы қанды сақтайтын бауырдың амандығы. Адамның кеуде тұсының төменгі жағы, құрсақ бөлімі жалпақ тілде *бауыр* деп те аталады. Оған байланысты *бауырға басу* фразеологизмі қолданылады. Ал бастың иілгені – еңсенің төмен түсіп, бауырдың қысылғаны. Халық тіліндегі осындай образды мағыналар метафораланып, жаңа мағыналы қолданыстарға айналған.

*Сын // бой; тұрық. (сын-сымбат – А.Е.). Бодзлығ сынлығ кіші // ұзын бойлы кісі; бой-тұрқы ұзын кісі. (Бойшаң сындарлы кісі – А.Е.). Көрді де «сын» дейді. Өйткені, көрдің ұзындығы адамның бойымен бірдей шығатын* [1, Т<sub>3</sub>-195]. *Сын* – адам тұлғасының ұзындық қалпын білдіретін мөлшерлік лексема. Бойдың ұзындығын не боймен өлшенетін кез келген шаманың ұзындығын білдіреді. Қазақ тіліндегі «*сын түзелмей, мін түзелмейді»* деген мақал бар. Осы мақалдағы *сын* сөзі *бой* мағынасын білдіріп, «*бой түзелмей, мін түзелмейді»* деген ұғымды білдірмей ме деген ойға жетелейді.

*Бөң // бәкене; тайпақ. Бөң кіші // бәкене кісі; тайпақ кісі. Бұл сөздің негізі «шебең // шебең» болып, кейін қысқарған. Темірден жасалған астыяқ мағынасындағы сөз* [1, Т<sub>3</sub>-477]. *Бөң* – адамның бой тұрқының қысқалығын білдіретін мөлшерлік лексема. Сөздің бастапқы негізі зат (*құрал*) болса да, заттың бойындағы сол қасиет (*қысқалық*) метафораланып, адам бойына балама ретінде қалыптасқан.

*Тағұзмақ // (тайпақ). Тағұзмақ ер // бәкене адам; тайпақ адам. «F» әрпінің орнына «қ» әрпі айтылады. Басқаларға да осылай қолданылады* [1, Т<sub>1</sub>-563]. *Тағұзмақ* – адам бойының аласалығын білдіретін мөлшерлік лексема. Сөздің тұлғасына қарағанда, туынды сөз екені көрінеді.

*Тапы // орта. Бодзы тапы ер // орта бойлы адам* [1, Т<sub>1</sub>-296]. *Тапы* – адам бойының аласалығын білдіретін мөлшерлік лексема. Қазіргі қазақ тілінде *тапал* сөзі бар. Бұл адам бойына қатысты

семантикалық аясы бірдей емес. Сөздердің функционалды табиғаты да ұқсамайды. Қазақ тілінде *шаптырым жердің* түрлері көп. Мысалы, *ат шаптырым, тай шаптырым, құнан шаптырым, с...к шаптырым* т.б. Бұл тіркестердің білдіретін қашықтық мөлшері де әртүрлі. *Шаптырым* сөзінің өзі қазақ тілінде жеке қолданылмайды және түсіндірме сөздіктерде де тек тіркестік мағынасы болмаса, мағынасы жеке түсіндірілмейді. Ал М.Қашқари *иарышым* сөзін бөлек алып, оны қашықтық өлшемі ретінде арнайы түсіндіреді. Соған қарағанда, *иарышым* түркі тілінде, нақты болмаса да, болжалды қашықтық мәні бар өлшем бірлік болғанға ұқсайды. Өрі сол дәуірде тілдің белсенді (*актив*) қабатындағы сөз. Осылардың өзі орта ғасыр түркі тілінің мөлшерлік ұғымдар мен оған қатысты тілдік бірліктерге байлығын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі *ат шаптырым жер* тіркесінің қашықтық мәнін ғалымдар әртүрлі көрсетеді. Айталық: *Арғынбаев – 30-40 км, С.М. Абрамзон – 50 км, М.Әуезов – шамамен 20-25 км. Біздіңше бұл мөлшерлік конструкцияның нақты мәні жоқ. М.Әуезовтың шамамен айтқаны тегін емес. Бәйгеге түскен аттың бабы мен физикалық қуаты шамамен осыныша (20-25 км) қашықтықты бағындыра алады. Олай болса, орта ғасыр түркі тіліндегі йарышым // жарысым сөзінде де нақты қашықтық мән болуы екіталай. Бұл да жарысқа түскен (аламанға, бәйгеге) аттардың бағындыра алатын ара қашықтығына тең. Оның сандық мәні әр кез әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ бір-бірінен тым алысқа кетпейді.*

Сөздікте *иарышым // жарысым сөзі сияқты*-үм, -ум, -ұм, -ам -ым, -ім // -ым, -ім жұрнақтары жалғану арқылы жасалған мөлшерліктер көптеп кездеседі. Соның басым бөлігі *соматикалық мөлшерліктер*. Және бұл жұрнақтар негізінен етістік түбірлерге жалғанады. Сондықтан аталмыш жұрнақтарды *шамалауыш мөлшерліктер* жасаушы негізгі жұрнақтар деуге болады. Тағы бір айта кететіні, *физикалық процесті білдіретін йарышым // жарысым сөзінің дене мүшесіне қандай қатысы бар деген ой тууы мүмкін. Төменде талданатын шамалауыш соматизмдердің көпшілігі де осы типтегі сөздер. Сондықтан физикалық процестер мен соматизмдердің қатысын осы арада анықтап өткен абзал. Иарышым // жарысым сөзінде жарысатын – шынында ат. Бірақ сол аттың жарысы не шабысы төрт аяқтың қатысуымен, яғни дене мүше арқылы ғана жүзеге асады. Төрт аяқтың қуаты атты иарышым иер қашықтығына апарды. Сондықтан бұл – дене мүшенің физикалық қуаты арқылы мөлшерлік шамаға айналатын шамалауыш мөлшерлік. Төмендегі шамалауыш соматизм деп танылған мөлшерліктердің бәрінде осы принцип басшылыққа алынды.*

*Иүгрұм // (жүгірім – А.Е.). Бір иүгрұм иер // бір жүгірім жер: бір жүгіріп барып қайтатын жер* [1, Т<sub>3</sub>-66-67]. *Иүгрұм* – қашықтық ұғымын білдіретін мөлшерлік. Ол адамның бір рет жүгіріп бара алатын қашықтығына тең. Адамның физикалық қуаты мен екі аяқтың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына басты негіз болып тұр.

*Оқтам // бір оқтық, оқ жетерлік. Бір оқтам иер // бір оқ атым жер* [1, Т<sub>1</sub>-112]. *Оқтам* – қашықтық ұғымын білдіретін мөлшерлік. Садақтан атылған жебенің (*огының*) жеткен жеріне дейінгі қашықтық білдіреді. Мұнда садақ тарта алатын кез келген адамның оғы жетер орташа қашықтығы алынады. Адамның физикалық қуаты мен екі қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына басты негіз болып тұр. Қазіргі қазақ тілінде көбіне осы ұғым *оқ бойы жер, бір атым жер* тіркесі арқылы беріледі.

*Иүгрұм // (илем, жайым – А.Е.). Бір иүгрұм ұн // бір илем ұн; бір рет қамыр илейтін ұн* [1, Т<sub>3</sub>-66]. *Иүгрұм* – көлем, сыйымдылық ұғымдарын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Зат мөлшерінде кейде көлем мен сыйымдылық ұғымдары қатар жүреді. Өйткені сыйымдылықпен өлшенген қою, қатты заттардың қандай да бір көлемі болады. Ал бұл сөз бір реткі тамаққа жетелік көлемдегі немесе сыйымдылық шамадағы ұн мөлшерін білдіреді. Қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына басты негіз болып тұр.

*Пішім // тілім; кесім; пішім. Бір пішім қағұн – бір тілім қауын. Басқаларға да солай қолданылады* [1, Т<sub>1</sub>-455]. *Пішім* – көлем ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Ұстауға және жеуге қолайлы етіп тілінген қауынның қалыпты көлемін (*қалыңдығын*) білдіреді. Қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына басты негіз болып тұр.

*Өнұм // өбім; жұтым. Бір өнұм мұн // бір өбім сорпа; бір ұрттам сорпа* [1, Т<sub>1</sub>-104]. *Өнұм* – сыйымдылық ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Ұрттаған (өпкен) сорпаның ауыз қуысына



білдіреді (вербалданады). *Қары, қарыс* сөздері сияқты бұл да ертеден-ақ өлшем бірлік ретінде әбден қалыптасқан, бағзыдан келе жатқан көпмағыналы сөз.

Жоғарыда баяндалған *адзут, ағым, әлік, қары, қарыш, құлаш* сөздерінің қай қайсында болмасын, олардың бастапқы мағынасынан ауысып *мөлшер-өлшемдік* мағынасының тууында ортақ бір уәжділік бар, ол – белгілі *өлшеу процесінің, қимыл-әрекеттің* атауы ретінде қолданыла келіп, *өлшемдік мағына* ретінде тұрақтануы. Бұл туралы қазақ, түркі тілдерінің сөзжасам жүйесін қарастырған белгілі ғалым Б.Қасым түркі тілдеріндегі *қол* сөзінің мағыналық өрісі мен аталымдық сипатын баяндай келіп, былай дейді: «Ал қазір бұл көрсетілген екінші мағынасында әскер мағынасында, сонымен қатар «адамның дене мүшесі» ұғымындағы негізгі мағынасымен бірге «қол қою», «қолтаңба» күрделі аталымдардың ауыспалы мағынада қолданылады. Демек, «қол» атауының барлығына ортақ мағына қимылдық қасиеті уәж, себеп болып тұр» [6, 69]. Демек, дене мүше атауларының өлшем бірлікке айналуында заттық мағынаның ғана болуы жеткіліксіз, сонымен қатар соматизмдердің қимыл, іс-әрекет процесіне жиі енуінің маңызы зор. Сөздегі кез келген жаңа мағына – қимыл-қозғалыстан туады.

*Қары* мен *қарыс* сөздерінің төркіндестігі сияқты, сөздікте *құлаш* сөзімен этимологиялық жақындығы бар тағы бір сөз кездеседі. Ол – *құшам* сөзі. Сөздікте етіс негізді *-ұм, -ум, -ұм, -ам -ым, -ім // -ым, -ім* қосымшалы сөздер қатарында беріледі. Оның көпшілігі өлшем бірлік атаулары. Бұл сөзге: «*Құшам // құшақ. Бір құшам нәң // бір құшақ нәрсе*», -деп түсініктеме берілген [1, Т<sub>1</sub>-457]. Яғни *құшақ* толатайдай шамадағы сыйымдылық *мөлшер мағынасын* білдіреді. *Құлаш* сөзі «*иың деңгейіндегі екі қол ұшының арасы*» болса, *құшам* (*құшақ*) сөзі керісінше *иық деңгейіндегі екі қол ұшының түйісу* немесе саусақтардың байласу көлемі. Екеуі де бір дене мүше арқылы қалыптасқан өлшем бірліктер. Ал бұл екі сөздің айырмашылықтарына келсек, бірі (*құлаш*) ұзындық өлшемі, енді бірі (*құшам*) сыйымдылық, көлем өлшемдері. Мұның өзі бір дене мүшенің бірнеше өлшемдік қызметте жұмсала алатындығын көрсетеді. *Құшам* сөзінің нақты өлшем бірліктік қасиеті *құлаш* сөзіне қарағанда солғындау, яғни өлшем бірлікке айналу деңгейі бірдей емес. Екі сөз де *өлшеу құралы* ретінде қолданылады, бірақ *құшам* жалпылық мәнде болса, *құлаш* біршама нақты. М.Қашқари да оны *құлаш* сөзі сияқты нақты өлшем бірлік деп түсіндірмейді. Мұның өзі дене мүше атауларының өлшем бірлікке айналу процесінің сатылы дәрежесін көрсетеді.

Біздің ойымызша *құшам* (*құшақ*) сөзінің түбірі – *құш*, ал *-ам // -ақ* – етіс түбірлерден *қимыл атауын* немесе *өлшем бірлік* атауын тудыратын көне жұрнақ. Бұл сөздің бастапқы мағынасы қазіргі қазақ тілінде дербес сөз ретінде қолданылатын *құш* сөзінде сақталғанға ұқсайды. *Құш* сөздің көркем әдебиеттегі өзге мағыналарын айтпағанда, *құшақтау, бауырына басу* мағыналары бар. *Құш* пен *құшақ* арасында мағыналық байланыс, ортақ сема барлығын байқау қиын емес.

Мұндай *сипаттауыш мөлшерліктерде* бірнеше мөлшерлік мағына қатар жүреді. Яғни зат не құбылыстың қандай форма, қасиетке ие екенін барынша толық сипаттайды. Жоғарыда баяндалған *өлшеуіш соматизмдерден* оларға тән басты-басты ерекшеліктерді көруге болады. Айталық, *дәлдік, арнайылық, ауыспалылық, көпмағыналылық, функционалдылық, дербестік* т.б.

Қандай да бір мөлшер ұғымын білдіргенімен, аталған *өлшеуіш соматизмдерден* мөлшерлік сипаты бір саты төмендеуі – *шамалауыш соматизмдер*. Бұл топтағы соматикалық мөлшерліктер зат пен құбылыс мөлшерін, өлшемін дәлдікпен анықтап бере алмайды, тек болжайды, шамалайды. *Мөлшерлік конструкция* құрамында ғана мөлшер ұғымын білдіреді де, конструкциядан шығып дербес қолданылмайды, бөлек шығарсақ, мағынасыз *графемалық тұлғаға* айналады. Көпмағыналы да емес, конструкция құрамында бір ғана мөлшерлеуіш процестің атауы болып келеді. Сондықтан олар кейде тұрақты құрылымдарға (*фразеологизм*) ұқсаңқырайды, бірақ олай емес, олар – еркін тіркестер. Ондағы тұрақтылық мағынаның біреу екендігі мен белгілі мөлшерлеуші процеске арнайы қолданылуында. Аталған *шамалауыш соматизмдер* зат пен құбылыс мөлшерін өлшеуде адам не жан-жануарлардың физикалық қуатын, шамасын өлшем етеді. Мұнда мөлшерлік мағына тікелей соматизмдердің қатысымен анықталмаса да, *мөлшерлеу процесі* дене мүшелердің қатысы арқылы жүзеге асады. Тек бір сәттегі вербалды амалдар арқылы мөлшері шамаланады. Біз төменде бұларға нақтырақ тоқталайық.

*Иаршыым // (шаптырым – А.Е.). Бір иаршыым иер // бір шаптырым жер; бәйгеде бір шаптырым жер* [1, Т<sub>3</sub>-66]. Қазіргі қазақ тілінде *бір иаршыым иер // бір жарысым жер* қолданысы жоқ. Сондақтан болса керек, бұл тіркесті ақын А.Егеубаев *бір шаптырым жер* деп аударады. Бірақ тіл мамандары (*лингвисттер*) үшін бұл толымсыз аударма. Себебі, *йарышыым* мен *шаптырым* сөздерінің

алманың санын білдіреді, ал *бір қарыс* десек, қарыстың санын емес, оның бір рет қарыстағандағы ұзындық мөлшері ұғымын білдіреді. Осы тіркестен-ақ *қарыш // қарыс* сөзінің зат атауы емес, оған баламалы *өлшем бірлік, мөлшерлік* екені айқын көрінеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қарыс сөзіне: «*Қарыс – бас бармақ пен ортаңғы саусақтың аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі*», - деп анықтама берілген [2, Т<sub>6</sub>-119]. Біздіңше бас бармақ пен ортаңғы саусақтан басқа саусақтардың да арасы *қарыс* деп аталады. Қалай болса да, бұл – соматикалық өлшем бірлік.

Жоғарыдағы *қары* сөзі сияқты *қарыш* та сөздікте *өлшем бірлік* қызметінде қалыптасқан сөз ретінде түсіндіріледі. М.Қашқари *қарыш* сөзінің туынды формасы ретінде *қаршағ* сөзін былайша түсіндереді: «*Қаршағ: киімнің өлшемі. Аның қаршағы көр // оның (тонының) өлшемін көр*» [1, Т<sub>1</sub>-524]. Бұл сөздің туынды түбірі – *қарыш (қарыш+ағ)*, оған етістіктен зат есім тудырушы *-ағ* аффиксі жалғанып, затсымақ өлшем бірлік атауы ретінде қалыптасқан. Ал *-ағ* аффиксінің өзі қазіргі қазақ тіліндегі етістіктен зат есім тудырушы *-ау, -еу, -ақ, -ек* жұрнақтарымен мәндес жұнақ.

*Қарыш* сөзі сөздікте *қаршады* формасында да кездеседі. Оны М.Қашқари: «*Қаршады: қарыстады. Ол тонығ қаршады – ол тонды қарыстап өлшеді. Басқалары да осылай. Қаршар-қаршамақ / қарыстар-қарыстамақ*», - деп түсіндіреді [1, Т<sub>3</sub>-386-387]. Яғни өлшеу процесіне байланысты қимылдық ұғымды білдіретін етістік сөз. Мұнда *қаршады* сөзі белгілі нәрсені өлшеу, ұзындық шамасын анықтау мағыналарын білдіріп тұр.

Аталмыш сөз түркі тілдерінде *қарыш//қарич//қарыс//xarus* сияқты фонетикалық варианттарда кездеседі. Түрколог ғалымдар бұл сөздің ұзындық өлшемін білдіретінін мойындай отырып, оның этимологиясы жайлы түрлі болжамдар жасайды. Айталық: *қар+ы+ш, қары+ш* формасында *ш~с* сәйкестігі бойынша түзген фонетикалық варианттардан қалыптасқан; *қар+ич (қар – қол, иш(ич)– қолдың ішкі бөлігі)* қосылып келіп *қолдың ішкі бөлігінің ұзындығы* мағынасынан туындаған (Қ.Дыйқанов); иран тіліндегі *ен, ендік* мағынасын білдіретін *ғарыс* сөзінен *қарыс* болып өзгерген (Ө.Нұрмағамбетов). Бұл сөздің этимологиясы жөніндегі тұжырымдардың үлкен жобасы осылай. Біздіңше *құлаш* сөзінің буын жігін М.Қашқаридың өзі *қол+аш* деп ажыратып бергені сияқты, *қарыс* сөзінің де түбір құрамы *қар+аш* болып ажыратылады. Бүгінгі қазақ тіліне *қар+аш // қар+ыш // қар+ыс* формасында дамып жеткен тәрізді.

Демек, бұл сөзден семантикалық даму ғана емес, құрылымдық даму үрдісін көре аламыз. Тағы бір айта кететіні, біздің ойымызша, *қары, қарыс* сөздері түбірлес. Оның түбірі – *қар*. Ол қол немесе саусақты жазған кездегі ұзындығы, *тұрқы, бойы* мағыналарын білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде *пышақтың қары // пышақтың бойы, қанына тартпағанның қары сынсын // бой бүгіліп, сағы сынсын* деген тұрақты құрылымдарда сақталып қалған.

*Құлаш // құлаш. Мұның негізі «қол аш» деген болады. «Бір құлаш баршын // бір құлаш баршын; бір құлаш шәйі мата»* [1, Т<sub>1</sub>-406]. М.Қашқари сөздігінде кездесетін *мөлшерлік соматизмдердің* ішінде этимологиясы айқын көрсетілгені де осы *құлаш* сөзі. Жоғарыда айтылғандай, бұл сөз екі қолды кере жазған кездегі ұзындық мөлшерді білдіреді және сол қимыл процесінің атауы болудан барып мөлшерлік мәнге ауысқан. Бұл сөз қазақ тілінде бірдей дыбысталады және лексикалық мағынасы да ұқсас. Яғни, *құлаш* – ұзындық өлшемін білдіретін халықтық өлшем бірлік. Бірақ басқа соматикалық мөлшерліктерге карағанда біршама ұзындау заттық шаманы өлшеуге қолданылады. Айталық, қазақ тіліндегі *бір құлаш* тіркесі *заттың бір құлашқа тең ұзындық шамасын* білдірумен қатар «*ұзын*» деген *сындық мөлшер* ұғымын да білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Құлаш – иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының арасы*», деп түсіндірілген [3, Т<sub>6</sub>-458]. Қазіргі қазақ тілінде де, орта ғасыр түркі тілінде де *құлаш* мөлшерлігінің нақты қандай сандық мәнді білдіргенін дөп басып айту қиын. Оның ұзындық шамасы нақты әрі тұрақты сандық шамамен теңестірілмеген болса керек. Онда да нақты санмен емес, бір құлашқа тең белгілі зат (таяқ, ағаш) баламасы болуы ықтимал. Оның өзінде, қажет кезінде ғана болмаса, көбіне шамамен, мөлшермен алынып отырған. Бұл, бір жағы, ұлттық өлшем бірліктердің өзіне тән ерекшелігі. Ал екіншіден, ол дәуірлерде бүгінгідей өте дәлдікке қажеттілік жоқ та.

Сөздікте *құлаш* мөлшерлік соматизмі етістік сөз ретінде де беріледі. Мұны ғалым былай түсіндіреді: «*Құлашлады // құлаштады. Ол ұрұқны құлашлады // ол арқанды құлаштады; ол арқанды құлаштап өлшеді. Құлашлар-құлашламақ // құлаштар-құлаштамақ*» [1, Т<sub>3</sub>-442-443]. *Құлаш* мөлшерлігі етістік және *шақ* жұрнақтарын қабылдап, өлшеу, мөлшерлеу процесінің жүзеге асқанын

М.Қашқари *адым* мағынасындағы *ағым* сөзін зат есім тарауында баяндағанымен, бұл сөздің заттық мағынасын зат есім сөздерінше түсіндірмейді. Керісінше нақты мысалмен: «*бір ағым иер // бір адым жер, бір аттам үстіне шығуға болатын жер*», - деп түсіндіреді [1, Т<sub>1</sub>-105]. Бұл тұста да аталмыш сөздің басты функционалды мағынасы зат есімдік емес, мөлшер ұғымын білдіру екенін байқауға болады. Яғни *ағым – бір адым, бір аттам қашықтықтағы жер* ұғымын білдіреді. Жоғарыдағы мысалдардан мөлшер ұғымын білдіретін сөздердің бұлайша затсымақтанып, дербестену үрдісі сонау орта ғасыр, одан да бұрын басталғанын көруге болады.

*Әлік, елік // қол* [1, Т<sub>1</sub>-101-102]. Сөздікте *әлік, елік* сөзі қандай да бір мөлшерлік шаманы білдіретін өлшем бірлік ретінде емес, кәдімгі дене мүше атауы, *қол* мағынасында беріледі. М.Қашқари бұл сөзді былайша түсіндіреді: «*Оң әлік // оң қол. Оны оғызша «сағ әлік // оң қол» дейді. Сол қолды түрік халықтарының бәрі бірдей «сол әлік // сол қол»* [1, Т<sub>1</sub>-101-102]. *Әлік (елік)* орта ғасыр түркі тілінде *қол* мағынасын білдіретін сөз болғанымен, сөз мағынасы дамуының сан ғасырлық күрделі процесінен кейін, қазіргі қазақ тіліне *қолдың* өзі емес, оның тарам-тарам саусақтары мағынасында жеткен. Тіптен, *қол* саусақтарының да дәл өз атауы емес, оның қалыңдық мөлшерінің баламасы мәнінде қолданылады. Яғни өлшем атауы ретінде қалыптасқан. Аталған сөздің мағынасы туралы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Елі – саусақтың қалыңдығы, көлденең ұзындығы*», - деп берілген [2, т<sub>6</sub>-110]. Демек, бұл сөз ешқандай да дене мүше атауы емес, дене мүше арқылы өлшенетін белгілі қалыңдық (*қашықтық*) шаманың атауы

*Әлік, елік* сөзінің ең алғаш *қол* не *саусақ* ұғымдарының қайсысын білдіргені жайлы түрколог ғалымдар арасында тоқайласқан ортақ байлам жоқ. Көпшілігі түрлі болжамдар жасайды. Десе де, олардың пікіріне қарағанда, бұл сөз түркі тілдерінің көпшілігінде түрлі фонетикалық варианттармен айтылады. Мысалы: алтай тілдерінде – *äli, ely // elii, ölu // ölii*; татар, башқұрт тілдерінде – *или, ili, илли // illi, илиг // ilir*; тува тілінде – *ilir // ilig*; қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ тілдерінде *елі* түрінде кездеседі. Соңғы қыпшақ тобындағы тілдерді айтпағанда, көпшілік түркі тілдерінде *қол* мағынасын білдіреді. Ал қазіргі қазақ тілінде бұл сөз *қалыңдық ұғымы (қашықтық)* шеңберінде ең жиі қолданылатыны белгілі. Осы сөздің қатысымен қазіргі қазақ тілінде мөлшер-өлшем ұғымын білдіретін біршама тұрақты құрылымдар, тіркестер кездеседі. Мысалы, *маңдайының соры бес елі, бір елі қазы, екі елі қазы* т.б. Бұдан дене мүше атауларының мөлшерлік бірлікке айналу үрдісі (процесі) айқын көрініс табады.

*Қары // қолдың қары* [Т<sub>3</sub>, 304]. Сөздікте бұл сөздің мағынасы: «*Шынтақтан қолдың басына дейінгі аралық*», - деп түсіндірілген [Т<sub>3</sub>, 304]. Яғни нақты бір дене мүшенің атауы емес, дене мүше арқылы сипатталатын мөлшерлік шаманың (*ұзындық*) атауы ретінде түсіндіреді. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Қары – қолдың шынтақ қосындысынан иыққа дейінгі бөлігі*», - деп беріледі [3, т<sub>6</sub>-112]. Байқап қарасақ, екі сөздікте де *қары* сөзі қолдың ұзындығы арқылы өлшенетін өлшемнің атауы ретінде берілген. Бірақ бірінде қолдың жоғарғы бөлігін айтса, екіншісінде төменгі бөлігін көрсетеді.

*Қары* сөзі М.Қашқари сөздігінде бір емес, бірнеше жерде кездеседі. Соның бәрінде де өлшем бірлік ұғымдарымен байланысты түсіндірілген. Соған қарағанда, орта ғасыр түркі тілінде де кеңінен қолданылған өлшем бірлік екені анық. Бұған ғалымның мына сөзі де дәлел: «*Қары – бөз өлшейтін өлшем, кез. (Ұзындық өлшемі – А.Е.) Бұл алдыңғы сөзден алынған ұғым. Бұл ұғым араб тіліне де үйлеседі. Қол өлшемімен, қолдың қарымен мата өлшейтін өлшем екі тілде бір сөзбен айтылады* [1, Т<sub>3</sub>-304]. Ғалымның түсіндіруіне сүйенсек, *қары* сөзі, алғашқыда, дене мүше ұзындығына тең қашықтық ұғымының атауы да, сосын, нақты мәнге ие өлшем бірлік атауына айналған. Яғни өлшем бірлік ретінде қалыптасқан. Тіптен, бір түркі тілдес халықтар ғана емес, араб-парсы тілді халықтар арасында да кеңінен қолданыс тапқан өлшем бірлік болғаны және тамыры тереңде жатқан сөз екені байқалады. Сондықтан болса керек, аталмыш сөздің этимологиясы, семантикасы туралы көптеген түрколог ғалымдар зерттеулер жасап, құнды тұжырымдары қалдырған. Кейбір отандық зерттеушілердің мәліметіне сүйенсек, *қары* сөзі түркі-араб әлемінде ғана емес, Вавилон, Египет сынды ірі мәдениет ошақтарында да нақты ұзындық шаманы білдіретін (525 мм, 450 мм) өлшем бірлік ретінде кеңінен қолданылған [3]. Бұған қарағанда, *қары* сөзі сонау ескі заманның өзінде-ақ соматикалық атаудан нақты өлшемдік мәні бар өлшем бірлік атауы ретінде қалыптасқан.

М.Қашқари сөздігінде кездесетін *қары* сөзімен төркіндес келесі соматикалық өлшем бірлік – *қарыш // қарыс* [1, Т<sub>1</sub>-426]. Бұл сөзге байланысты *бір қарыш // бір қарыс* мысалы келтірілген. Мұнда *бір қарыс* сөзі қарыстың *заттық санын* білдірмейді, *ұзындық мәнін* білдіреді. *Бір алма десек,*

М.Қашқари сөздігінде кездесетін *соматикалық мөлшерліктерді* өз ішінен *өлшеуіш соматизмдер, шамалауыш соматизмдер, сынауыш соматизмдер* деп үлкен үш топқа бөлуге болады. Бұл үш топты құрайтын мөлшерлік соматизмдердің саны бір-бірімен негізінен шамалас. Мұнда *өлшеуіш соматизмдер* заттар мен құбылыстардың шамасын, мөлшерін тікелей өлшейді. Яғни белгілі дене мүшесі арқылы нақты бір нәрсенің мөлшері тікелей өлшенеді. Айталық, *бір қарыс мата* десек, *қол* (қарыс) арқылы *мата* тікелей өлшеніп тұр. Сонымен қатар, оның *бір қарыс* ұзындықтағы мөлшері аталады. Бұл топтағы соматизмдер басқа соматизмдерге қарағанда нақты өлшем бірлікке айналу мүмкіндігі (потенциялы) жоғары және нақты сандық мәнге біршама жақындау. М.Қашқари сөздігінде *өлшеуіш соматизмдердің* мынадай түрлері кездеседі:

*Адзут* // *уыс* [1, Т<sub>1</sub>-79]; *абут* // *уыс* [1, Т<sub>1</sub>-112] (*сөздікте абут сөзін А.Егеубаев абут деп транскрипциялаған*). Сөздікте *уыс* сөзі *адзут, абут* секілді екі түрлі нұсқада кездеседі. М.Қашқари зат есімдердің төрт әріпті бөлімінде *абут* сөзі *адзут* сөзінің варианты ретінде көрсеткен. Әрі осы *адзут* сөзі туралы: «*Азут – адзут секілді де айтылады*» деп түсіндіреді [1, Т<sub>1</sub>-112]. Бұл сөздер түркі тілінің әр бұтақтарында аздаған дыбыстық өзгерістермен айтылғаны болмаса, дене мүше атауын білдіретін бір сөз. *Уыс* сөзінде заттық мағынамен қатар, өлшемге, өлшеуге бейімделген белгілі кимылдық ұғым (вербалдану) да бар. Яғни алақанның белгілі сыйымдылық мөлшердегі формасының атауы. Мұның өзі осы сөздің басты функциясы зат емес, өлшеу құралы болу екенін айғақтайды. *Уыс* – халықтық өлшем бірліктердің бірі. Ол қазақ тілінің кей қолданыстарында жалғыз алақанның сыйымдылығын көрсетсе, кейде қос алақанды түйістіргендегі сыйымдылық мөлшерін білдіреді. Бұған байланысты тілдік қолданыста *қос уыс* тіркесі бар. Яғни екі алақанды біріктіргендегі (*қосқандағы*) зат мөлшері. Ал М.Қашқари *уыс* сөзін зат атауы ретінде зат есім тарауында бергенімен, сөз мағынасын түсіндіретін мысалда «*бір адзут нәң // бір уыс нәрсе*» деп береді [1, Т<sub>1</sub>-79]. Яғни бір *уыс* шамадағы белгілі заттың мөлшері. Демек, *уыс* сөзі, ең әуелі – өлшем құралы.

*Ағым* // *адым* [1, Т<sub>1</sub>-105]. Сөздікте бұл сөздің *қадам, адым* мағынасын беретіні айтылады. Бұл түркі тектес халықтардың бәрінде бар өте көне сөз. Көпшілік түрколог-этимолог ғалымдар *адым* сөзінің түбірін «*аяқ басу, жүру, аттау*» мағыналарын білдіретін *ат* (*ат, ад, атых*) етістік түбірі деп көрсетеді [4, 7]. Құрылымдық-семантикалық даму нәтижесінде қазіргі түркі тектес халықтар тілдерінде әртүрлі дыбыстық варианттармен кездеседі. Аталмыш сөздің түбірі түркі тілі дамуының орта ғасырлық (X-XII ғ.) кезеңінде-ақ *ат* формасынан *ағ* формасына өзгергенге ұқсайды. Өйткені М.Қашқари сөздігінде бұл сөз *ағым* түрінде кездесіп, үш әріпті есім сөздер бөлімінде жасалу формасы біркелкі (-*ум, -ум, -ым, -ім // -ым, -ім*) етіс негізді туынды сөздер қатарында беріледі. *Ағым* сөзіндегі *ағ* буыны *аттау, қадам босу* мағынасын білдіретін етістік түбір де, *-ым* аффиксі – етістерден есім сөз тудырушы жұрнақ.

Қазіргі қазақ тіліндегі *-ым, -ім* функционалды жұрнағы, шын мәнінде, зат есім емес, мөлшер мәнді сөздерді көбірек жасайды. Үш компонентті мөлшер мәнді тіркестерде (*мөлшерлік конструкция*) келетін *-ым, -ім* тұлғалы сөздердің тіркестен бөлек, жеке-дара қолданылмауының өзі осы сөздердің табиғаты зат есімдерден алшақ жатқанын түсіндіреді. Мысалы, *бір жұтым су* тіркесіндегі *жұтым* сөзі зат атауы ретінде дербес айтылмайды, тек сөз тіркесі құрамында ғана мөлшер ұғымын білдіретін бірлік ретінде қолданылады. *Жұтым* деген зат жоқ, керісінше мөлшер ұғымы бар екені сияқты, *ағым* деген зат жоқ, тек мөлшер ұғымы бар. Осыған қарағанда, *-ым, -ім* жұрнақтары функционалды жұрнақ емес, тұлғасы бір болғанымен, біреуі зат есім (*м.: өрім өрді*) тудырушы, енді біреуі мөлшер сөз (*м.: бір өрім қайыс*) тудырушы *тұлғалас жұрнақ* (омоним жұрнақ) па деген ой келеді. Ал қазақ тіліндегі *адым* сөзінің түбірі *ад* екені осы тұста байқалады. *-ым* – түбірге сіңісіп кеткен етістіктен мөлшер сөз тудырушы жұрнақ. Түбір мен аффикс жымдасып, ара жігі білінбей, түбір сөз ретінде қалыптасып кеткен. Әрі өлшемдік мәнде қолданыла келе, үш компонентті *мөлшерлік конструкция* құрамынан дербестеніп, *бір аттам* қашықтық ұғымының атауы ретінде *затсымақтанған* (субстантивтенген). Мұндай *затсымақтану* үрдісіне ұдайы өлшем құралы ретінде қолданылудың әсері зор. Сөздер ұдайы мөлшер ұғымын беру қызметінде жұмсалғанда, сөздің білдіретін мөлшерлік мәні мейлінше нақты шамаға жуықтап, санада дербес лексикалық мағынасы тұрақтанып, *затсымақ өлшем-бірлік* атауына айналады. Мұндай сөздер атауыш мәнді (номинативті) болғандықтан, зат есім категорияларымен де түрленіп, зат есім сияқтанып көрінеді. Қазіргі қазақ тілінде *адым* сөзінің зат есім ретінде танылуының мәні осында.

МРНТИ 16.01.09

Е.Маралбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ., Қазақстан

## М.ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ-ИТ-ТҮРІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ «МӨЛШЕР-ӨЛШЕМ» ҰҒЫМЫН БІЛДІРЕТІН СОМАТИЗМДЕР

Аңдатпа

Бұл мақалада М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде кездесетін мөлшер-өлшем ұғымын білдіретін соматизмдердің лексико-семантикалық, грамматикалық этимологиялық ерекшеліктері сөз болады. Сонымен қатар, дене мүше атауларының өлшем бірліктерге айналу процесі, оның табиғи жолдары тақырыпқа арқау болады. Сөздікте кездесетін мөлшерлік соматизмдер мөлшер категориясы аясында қарастырылып, лексико-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай *өлшеуіш соматизмдер*, *шамалауыш соматизмдер*, *сынауыш соматизмдер* деп үш үлкен топқа топтастырылады. Осы үш мағыналық топ шеңберінде мөлшер ұғымын білдіретін жекелеген соматизмдердің мағыналық және функционалды әлеуеті анықталады. Қазіргі қазақ тілі мен орта ғасыр (X-XII ғ.) түркі тілінің тарихи сабақтастығы, генетикалық туыстығы айқындалады. Сонымен қатар, заманында орта ғасыр түркі тілінің мөлшер-өлшем ұғымын білдіретін тілдік бірліктерге бай, қуатты тіл екені айқындалады. Мөлшер категориясы орта ғасыр түркі тілінің де үлкен тілдік категория екені дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** М.Қашқари, «Диуани лұғат-ит-түрік», түркі тілі, қазақ тілі, мөлшер категориясы, мөлшерлік соматизмдер, өлшеуіш соматизм, шамалауыш соматизм, сынауыш соматизм, мөлшерлік аффикс.

М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі X-XII ғасырдағы түркі тілінің табиғатын танытатын теңдесі жоқ мұра. Сөздікте сол дәуірдегі түркі тілінің бірнеше ірі бұтақтары бойынша ең жиі қолданылатын сөздер мен грамматикалық формалар жүйелі түрде топтастырған. Әрі сөздердің әріп саны және түрлі аффикстердің жалғану тәртібі қатаң сақталады. Аталмыш еңбек тілдік бірліктердің мағынасы ғана түсіндіретін, бір ғана тілдік мақсат көзделген жұтаң дүние емес. Тілдің даму тарихын, ішкі табиғатын, сөздің мәдени-тарихи семантикасын, этимологиясын, түркі тілі бұтақтары мен этнос құрамын т.б. көптеген мәселелер турасында терең мағлұмат беретін энциклопедиялық туынды. Өткен дәуірдің тарихи кеңістігінде өмір сүрген бір халықтың (*түркі халықтары*) тілі жан-жақты, жүйелі сипатталған мұндай еңбек әлемде кемде кем.

М.Қашқари сөздігінде сөздер мен грамматикалық формалар категориялық деңгейде топтастырылып, мағыналық түсініктеме беріледі. Тілдік ережелер мен заңдылықтар да назардан тыс қалмайды. Солардың қатарында мөлшер-өлшем ұғымын білдіретін тілдік бірліктер де кездеседі. Біздің анықтауымыз бойынша сөздікте 260-қа тарта мөлшер ұғымын білдіретін сөздер мен грамматикалық формалар кездеседі. Мұның бәрін бір мақала көлемінде сөз ету, әрине, мүмкін емес. Солрадың ішінде жүйелі түрде кеңінен көрініс табатыны – мөлшер ұғымын білдіретін *соматизмдер* мен *өлшем бірліктер*. Сөздікте мөлшер ұғымын білдіретін соматизмдердің жалпы саны 40-қа тарта. Бұл сөздікте кездесетін мөлшер мәнді тілдік бірліктердің жалпы санының 15% иелейді.

*«Соматикалық атаулар – дене мүше атауларының өте ежелгі лексика-семантикалық сөздер тобы. Тілдің эволюциялық дамуына сәйкес, дене мүше атаулары сөз мағыналарының дамуы мен кеңеюі үрдісінде өлшемге айналған. Мысалы, монғол тілінде гар-гара, қазақ тілінде қар, бармақ, табан, орыс тілінде «локоть», «пядь» сияқты атауларды атауға болады»,* -дейді К.Күркебаев [6, 62]. Адамның дене мүшелері жаратылыстан берілген түрлі физикалық-биологиялық табиғи функцияларға ие екені белгілі. Бұдан бөлек тұрмыс-тіршілік барысында әртүрлі қажеттіліктер үшін де қолданылады. Сондай қызметтің бірі – өлшем құралы. Айталық, *қол* – барлық жұмыстарды атқару құралы, сонымен қатар, ол – өлшем құралы; *аяқ* – көзделген бір нысанадан екінші нысанаға жетудің құралы, әрі ол да – өлшем құралы. Сол сияқты адам ағзалары, қажеттілікке қарай, өзінің басты функциясынан бөлек түрлі қызметтерде жұмсалады. Адам ағзаларының екінші, үшінші деңгейдегі мұндай функциялары, ең әуелі, тілдік санада ұғым ретінде пайда болады да, содан кейін нақты тілдік бірліктерге айналады. Бұл процес мұнымен тоқтамайды, алғашқыда *соматикалық мөлшер* болжаммен, шамамен айтылады да, сосын қолданыла келе шамасы нақты сандық мәнге жақындай бастайды, тіпті, ең соңында нақты сандық мәнге теңеседі. Бұл тек *соматикалық мөлшерліктердің* қасиеті ғана емес, өлшем-бірлікке айналған барлық мөлшерліктердің даму иерархиясы.

А.Ж. Кобланова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

## О РЕФЕРЕНЦИОННЫХ ОСОБЕННОСТЯХ ИМЕН СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ В ФОРМЕ ЕДИНСТВЕННОГО И МНОЖЕСТВЕННОГО ЧИСЛА

*Аннотация*

В данной статье говорится о том, что категория единственного и множественного числа имен существительных имеет разнообразные семантические грани, причина этого лежит в объективной стороне данной категории. Имена прилагательные и причастия во множественном числе субстантивируются, а окончание множественного числа имен прилагательных и наречий времени передает не значение множественного числа, а несет в себе семантику прогнозирования. В связи с этим в статье анализируется сложность референции слов, употребляющихся во множественном числе. Также в статье было выявлено, что в случае, когда определенное именное слово является референтом денотатного значения, то значение множественного числа передается посредством окончания множественного числа, а если именное слово является референтом сигнификативного значения, то к нему не всегда присоединяются окончания множественного числа. Определение, систематизация референтивных особенностей имен существительных в единственной и множественной форме, использование их в процессе обучения в высшей школе, в ходе методических работ способствует углублению филологического познания студентов. Для использования материала в ходе проведения аудиторных работ со студентами были охвачены различные типы языкового фактологического материала.

**Ключевые слова:** референция, референт, ортология, языковая норма, множественное значение, единственное значение, денотат, сигнификат, орфограмма, грамматическое значение, грамматическая категория, семантика, лексема.

*Koblanova A.Zh<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakhstan National Pedagogic University named Abai*

## ON THE REFERENTIAL FEATURES OF THE NOUN IN THE FORM OF SINGULAR AND PLURAL

*Abstract*

There is practically no special scientific research in Kazakh linguistics, which would rely on the theory of references. But some issues, the solutions of which cause numerous disputes, which face certain difficulties, can be identified using the theory of references. One of these problems is the definition of referents associated with the objective essence of nouns in singular and plural.

In this article said, that the category of singular and plural nouns contains substantial collapsible semantic facets. The names of adjectives and participles in the plural are nominalized, and the adjective endings in plural and the adverbial time do not transfer the meaning of the plural, but carries the semantics of prediction. In this connection, the complexity of the word reference is analyzed, used in plural form. Also it was revealed that in the case when a certain nominal word is a referent of the denotative value, that the value of the plural transferred by the plural ending, and if the nominal word is a referent of significant values, then the plural ending is not always added to it. Definition, systematization of reference features of nouns in a single and plural form, their use in teaching process in the higher education, promote the deepening of philological knowledge of students in the course of methodical works. The students covered various types of linguistic factual materials during the classwork course.

**Key words:** reference, referent, orthology, linguistic norm, multiple meaning, single meaning, denotation, significatum, orthogram, grammatical meaning, grammatical category, semantics, lexical item.

білдіреді. Ал тілдік таңбаның ұғыммен байланысты референті көптікті, жекелікті емес, жалпылаушытық мәнді білдіреді. Жекелік, көптік мағына бейтарап болады.

Ақиқат дүниеде денотаты бар *ұн, қант, күріш, тары, құм* т.б. ұнтақ және сусымалы заттардың атауларына көптік қосымшасы жалғанбайды деген пікір де ортологиялық тұрғыдан дұрыстыққа жатпайды. Бұл жерде де *ұн, қант, күріш, тары, құм* т.б. тәрізді заттардың атауы ұғымның референті болса, көптік қосымшасының жалғанбауы ортологиялық тұрғыдан дұрыс деп танылып нормаға жатқызылады. Ал аталмыш атаулар ақиқат дүниедегі денотаттардың референті болып жұмсалса, онда бұл атаулар көптік қосымшасымен түрлене береді. Мысалы, *ұндар* сөзі *ұнның ақ ұн, қара ұн; бірінші сортты ұн, екінші сортты ұн, жоғары сортты ұн* екенін ажыратып тұрады. *Күріш суда өседі* дегендегі *күріш* ақиқат дүниедегі денотаттың референті емес, санадағы ұғымның сигнификаттың референті. Ал *күріштер едәуір мол екен* дегенде *күріштер* атауының референті *күріштің*, мысалы, *Сыр күріші, Қаратал күріші, ақмаржан күріші* т.б. күріштің әртүрлі сортын, түр-түрін білдіреді.

*Ұн* атауының көптік қосымшасы немесе жекеше түрде қолдануы жайында осыны айтуға болады. *Тары* атауының бір референті ұғым деңгейінде болса, екінші бір референті объективті дүниемен байланысты болып, *Сырдың қызыл тарысы, Ойылдың ақ тарысы* делініп, түр-түрінің бірнеше екенін білдіреді.

Тағы бір айтылып жүрген жаңсақтықтың бірі – *мәдениет* атауына көптік қосымшасы жалғанбайды деген пікір. Объективті дүниеде «мәдениет» дегеніміз мынау деп көзге көрсететіндей денотаты жоқ атау. Абстракті ұғым болғандықтан көптік жалғауын қажетсінбейді деген пікірді уәж етіп алуға болмайды. Тіл тәжірибесінде *әртүрлі мәдениет* деген қолданыс бар. Ортологиялық тұрғыдан дұрыс қолданыс. Егер *әртүрлі мәдениет* деген қолданыс дұрыс болса, онда *мәдениеттер* деп айту да қисынсыз емес: *дала мәдениеті, қала мәдениеті, шығыс халықтарының мәдениеті, көшпенділер мәдениеті, отырықшылық мәдениет* т.б. қолданыстар мәдениеттің сала-сала, түр-түрін білдіреді. Халықаралық деңгейде өтіп жататын ғылыми-практикалық форумдар, мәдениетаралық басқосулар сияқты қоғамдық – мәдени шаралар тілімізде *мәдениеттер тоғысында* деп те аталып жүр. Бұл жерде көптік тұлғадағы *мәдениеттер* атауының референті мәдениеттің сала-сала, ұлттар мен халықтардың ажырамас ерекшелігі екенін білдіреді.

Мәтіндегі сөз қолданысты дұрыстық тұрғысынан талдауда, яғни дұрыс-бұрысына ортологиялық тұрғыдан баға беруде референция теориясына сүйену қажеттілігі байқалады.

*Спорттың әртүрлерінен жарыстар өтті;*

*Спорттан әртүрлі жарыстар өтті;*

*Спорттың әртүрінен жарыс өтті* - деген мысалдарда(грамматика

тұрғысынан) көптік қосымшасының қолданылуы грамматикалық нормаға сай емесін филолог студент, болашақ маман айқын ажырата білуге тиіс. Дұрысы – *спорттан әртүрлі жарыс (жарыстар емес) өтті*. Себебі көптік, әралуандық мағына *әртүрлі* деген сөз арқылы беріліп тұр. Көптік қосымшасын басы артық қолдану ортологиялық тұрғыдан дұрыстыққа жатпайды. «*Спорттың әртүрінен жарыс өтті*» мен «*Спорттан әртүрлі жарыс өтті*» деген қолданыс дұрыстық тұрғысынан бір-біріне қарама-қарсы қойылып, терістелмейді. Бұл жерде ілік септігі арқылы спорттың түр-түріне баса мән беріліп тұрса, *спорттан* дегендегі шығыс септігіндегі сөз басқа да жарыс түрлерімен қоса *спорттан* басқа да жарыс өткеніне мән беріп тұр.

Біз бұл мақаламызда, сонымен көптік және жекелік тұлғадағы бірліктердің денотаттық деңгейдегі және сингификаттық деңгейдегі референттерінің ерекшеліктерін айқындай түсу үшін мақсатты түрде лексикографиялық еңбектерден (түсіндірме сөздіктерден) тілдік фактологиялық материалдардың әртүрлі типін қамтып көрсеттік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1954.–180 б.

2 Данияров А. Категория множественности современном казахском языке. – А., АҚД 1965.

3 Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Елорда, 2002. – 784 б.

4 Большой толковый словарь русского языка. – Санкт Петербург: Норинт, 2006. – 1536 с.

5 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

6 Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым баспасы, 1988. – 180 б.

бар. Оған мына тәрізді мысалдарды келтіруге болады: *Көрісіп мауқын басқан соң, екі жас әйел бір-біріне таянысып, аяқтарын айқастырып, телмеңдесіп отырып, әңгімеге кірісті* (Ж.Аймауытов).

*Кетпенді ұста бітірді болмай-ақ түс,*

*Қолдардың қайраты бар мөлшерден тыс.*

*Түске дейін аршыды тоғыз құдық,*

*Көргендер кеп таңданды: бұл неткен күш.*

(Ш.Әбенев. Шыңғыстау).

*Басында сәлде, Аузында – Алла,*

*Молдаларда не гамал?*

*Көздерін сүзіп, жүздерін бұзып,*

*Алдап жұртты жинамақ мал*

*Жұмақ молда қолында, сауда-саттық жолында*

(А.Байтұрсынов).

*Үш қабат заңғар ғимараттың қай бөлмесін аттап басса да, көздері атыздай болады* (Ә.Кекілбаев).

*Қара көздер ұясынан шығып, біресе олай, біресе бұлай жүгіреді* (Ж.Жұмақанов).

*Жайшылықта құп-қу сұрғылт жігіт бүгін екі бетіне қан жүгірген, көздері жайнаған, күннің әлі қыс екенін де ұмытқандай* (М.Дулатов).

*Мөлдіреген қарақат көздері жаутаңдап, жақын тартып, арқалана қарайды* (Б.Соқпақбаев).

Қазақ тілінде ағаш деп сүрікті, бұтақты, жалпақ және қалқан жапырақты өсімдік атаулыны білдіретін ұғымды (сигнификатты) айтады. Ағаш атауы көптік мағынаны білдіріп тұрған жоқ, ұғымның, яғни сигнификаттың референті қызметін атқарып тұр. Бұндай қызметте жұмсалғанда атауға (ағашқа) көптік қосымшасы жалғанбайды. Тілдің ортологиялық заңы солай. Ал *ағаштың түбінде* тас жатыр десек, ағаш атауы ақиқат дүниедегі денотаттың (заттың) референті біреу ғана екенін білдіріп тұр. Грамматика тілімен айтқанда атау жекелік тұлғада қолданылған. Сол сияқты *былтырғы еккен ағашың жақсы өсіпті* десек, ағаш атауы жеке денотаттың референті ретінде жұмсалып тұр. Ал *былтырғы еккен ағаштарың жақсы өсіпті* десек, ағаштар ақиқат дүниедегі бірнеше денотаттың (объектінің) референті қызметін атқарып тұр. Ағаш атауы объективті дүниемен байланысты жұмсалғанда деректі мағынада қолданылады да не жекелік не көптік тұлғада тұрады. Жоғарыда айтылған мысалда *ағаштың түбінде, еккен ағашың* дегендегі *түбінде, еккен* сөздер ағаш атауын ақиқат дүниемен байланыстырып тұрған деректеуіштер.

Белгілі бір атаудың тілдік референциясы сөз қолданыста ақиқат дүниемен байланысты дедік. Сөйтіп, атау сөз екі деңгейде: бірде денотаттың (зат), бірде сигнификаттың (ұғымның) референті ретінде жұмсалады. Пысықтай айтқанда, мысалы, *ағаш – көпжылдық өсімдік* десек, атаудың референті ұғым деңгейінде жұмсалып тұр, ал *жолдың бойындағы ағаш* десек, заттың референті болып, ақиқат дүние деңгейіндегі объектіні меңзеп тұр.

Сондай-ақ *жылқы – тақ тұяқты төрт түліктің бірі* десек, жылқы атауы ұғымның референті, көптікті немесе жекелікті емес, күллі жылқы атаулыға тәнұғымдық категорияның референті қызметінде жұмсалып тұр. Ал *жылқың қыстан күйлі шығыпты* десек, бұндағы *жылқы* атауы жекелік мағынаны яғни объективті дүниедегі денотаттың біреу ғана екенін білдіреді. Ал *жылқыларың қыстан күйлі шығыпты* десек, осындағы *жылқыларың* атауы ақиқаттағы денотаттың бірнешеу екенін білдіріп, яғни грамматика тілімен айтқанда, көптік тұлғада тұр. Тілдегі атаудың ақиқат дүниедегі референті бірнешеу болуы мүмкін. Мысалы, *жылқыларың қыстан күйлі шығыпты* дегендегі *жылқыларың* атауының референті объектінің, сонымен қатар субъектінің (жылқышының) біреу ғана емес, бірнешеу екенін білдіреді.

Тілдегі *қой* сөзі көптік қосымшасыз да көптік мағынаны білдіреді деген жаңсақ пікірмен келісуге болмайды. Егер тілдік санадағы *қой* атауы ұғымның референті ретінде жұмсалса, онда бұл атау көптік қосымшасымен түрленбейді және жекелік мағынаны білдіреді деу дұрыстыққа жатпайды. Ұғым дегенде «жекелік», «көптік» деген болмайды. Атаудың бұндай жалпылауыштық қасиетін көптік категориясымен шатыстыру қателік саяды. Мысалы, *қой қылшық жүнді және биязы жүнді болып, екіге бөлінеді* десек, бұндағы *қой* атауы ұғымның референті болып саналады. «Көптікті» де, «жекелікті» де де білдірмейді. Ал *қойыңды отарға қос* десе, бұндағы *қой* ақиқат дүниедегі бір денотаттың референті және жекеше мағынада. *Қойларыңды отарға қос* дегендегі *қойларың* атауы ақиқат дүниедегі бірнеше денотаттың, яғни біреуден көп денотаттың референті болып тұр. Тұжыра айтқанда, тілдік санадағы таңбаның референті объективті дүниемен байланысты болып, денотаттың бір немесе бірнешеу екенін



табылады. Түптеп келгенде, тілдің өзін-өзі реттеу әрекетінде үнемдеу деп аталатын ішкі заңына сүйену ортологиялық принципке жатады.

Көптік қосымшасының тілдік құрылымдық бірлігі ретіндегі тағы бір ерекшелігі бар. Ғылыми әдебиетте, оқулықтарда термин ретінде қалыптасқан едәуір атауға көптік қосымшасы жалғанып, сөзжасамдық қызметте жұмсалады: мысалы, *жарғаққанаттылар, мүйізтұмсықтылар, сүтқоректілер, тамыржемістілер, бауырмен жорғалаушылар, күлтелігүлділер* т.б. Көптік қосымшасы бұл жерде ақиқат дүниедегі заттардың көптігінің референті емес, белгілі бір биологиялық отрядқа, классқа жататын жануарлар мен өсімдіктердің түрлерінің референті болып саналады. Сөйтіп, көптік қосымшасының грамматикалық формажасамдық қызметімен қатар сөзжасамдық қызметінің де бар екені байқалады.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін бұндай күрделі терминдік атаулардың орфограммасы әртүрлі болып, тіл тәжірибесінде ала-құлалық тудырған болатын. Бұдан былайғы емле сөздіктерінде бұлар біріккен сөз ретінде таңбаланатын болды. Кезінде күрделі атаулардың орфографиясын арнайы қарастырған Н.Уәли көптік қосымшасының күрделі атаулардың құрамында өзі жалғанып тұрған компонентке ғана емес, екі компонентке де ортақ екенін, екі атауды (*жарғақ+қанаттылар*) мағыналық жақтан ұштастырып, құрылымдық жақтан бірбүтінге айналдырып тұратын ұластырушылық қызметінің барлығын негіздеп берген болатын. Ғалымның пайымдауынша, күрделі атаулардың *сүт қоректі жануарлар, түзу тұмсықты құстар, тамыр жемісті өсімдіктер* деген бастапқы формасындағы *...жануарлар, ...құстар, ...өсімдіктер* редуцияланып, тілдің үнемі заңына сәйкестендіріліп *сүтқоректілер, түзутұмсықтылар, тамыржемістілер* деп алынуы, яғни орфографиясының ықшамдалуы ортологиялық принциппен үйлесімділікті көрсетеді. Бұл жерде зерттеуші күрделі атаулардың бірге жазылу уәжін негіздеп бергенін атап айтуға болады [6].

Қазақ тілтанымында *-лар, -лер (-дар, -тер)* қосымшасы *көптік жалғауы* делініп жүр. Қазақ тілінің мектеп грамматикаларында, жоғары мектеп оқулықтарында да солай. Терминнің дұрыс аталымын, біздің ойымызша, жалғаулар категориясынан гөрі грамматикалық формажасамдық қызметімен байланысты атаған орынды. Шындығында, *-лар// -лер* қосымшасы бір ғана жағдайда жалғаудың қызметін атқарады. *Сендер келіңдер* дегендегі көптік қосымшасы жалғаулық қызмет атқарып тұрғаны даусыз. Өйткені келесі сөзбен көптік форма бойынша байланысып тұр. Есімдіктің екінші жақтағы көпше түрі екінші жақтағы етістікпен көптік жалғауы арқылы синтаксистік байланысқа түскен. Ал *оқушылар мектепке келді* дегендегі *-лар (-лер)* жалғаулық қызмет атқарып тұрған жоқ. *Оқушы* сөзіне көптік мағына үстейтін формажасамдық қызметте жұмсалып тұр. Бұндайды көптік жалғауы емес, көптік қосымшасы деп атау терминологиялық тұрғыдан, сірә, дұрыс болар. Бұның өзі *-лар// -лер* қосымшасының қандай жағдайда жалғаулық қызмет атқаратынын ажырата карауға мүмкіндік берер еді.

Тілдегі *қой, жылқы, түйе, сиыр* т.б. атаулар ұғымның референті болғанда көптік // жекелік мағына жағынан бейтарап күйде болады. Бұлар тілдік қарым-қатынасқа түспей, өздігінен көптік мағынаны білдірмейді, жалпылама мәнде ұғынылады. Ал тілдік қолданысқа түскенде, яғни референцияланғанда не жекелікті, не көптікті білдіреді. Мысалы, *қой төлімен көбейеді* десек, *қой* атауы - көптік мағынада емес, жалпылама мәндегі ұғымның референті, сөзді нақты бір қойға емес, жалпылама қой атаулыға тән қасиет деп ұғамыз. Бұл келтірілген мысалда қой белгілі бір ұғымның, яғни сигнификаттың референті болып тұр, ақиқат өмірдегі белгілі бір денотатты меңзеп тұрған жоқ. Ал *жайлымнан кейін қойыңды сугарып ал* десе, (денотаттың) біреу екенін грамматика тілімен айтқанда, сөздің жекеше формада екенін білеміз. Сондай-ақ *қойларыңды сугарып ал* десе, референттің (денотаттың) көп екенін, меңзеп тұрған атаудың көпше формада екенін байқаймыз.

*Жылқы, түйе, сиыр* атаулары да өздігінен тұрып көптік мағыналарды білдірмейді. Бұлар жоғарыда айтылғандай, ұғымның референті болса, ондай кезде көптік жалғауы жалғанбайды. Ал атаулар ақиқат дүниедегі объектінің референті болса, әңгіме басқа. Ондай жағдайда атау көптік қосымшасыз жекелік, көптік қосымшасы арқылы көпше түрдегі мағынаны білдіреді. Мысалы, *жылқың қыстан күйлі шығыпты* десе, денотаттың біреу екенін, ал *жылқыларың қыстан күйлі шығыпты* десе, денотаттың бірнешеу және әртүрлі екенін білдіреді.

*Аяқ, көз, қол* тәрізді т.б. соматикалық атауларға көптік қосымшасы жалғанбайды деп, үзілді-кесілді үкім шығару тіл шындығымен сәйкеспейді. Бір өкініштісі осылай деп айтатын профессор С.Бизақов сынды тілші ғалымдар бар. Бұндай топтағы атауларға көптік қосымшасының жалғанатын өз тәртібі

аты да бар. Кезінде ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлының аталмыш сөз табын *зат есім* деп атауы сөз табының онтологиялық қасиетімен өте-мөте сәйкес түсіп жататынына ешкім күмән келтірмейді [5].

Зат есім сөз табына жататын атауларды онтологиялық табиғаты жағынан, көзбен көріп, құлақпен еститін, тері және иіс сезім мүшелері түйсінетін деректі заттар әлемі немесе денотаттар әлемі деуге болады. Алайда, зат есімге жататын атаулардың біралуаны түйсік арқылы емес, адамның ойлау қабілетімен байланысты болып келеді. Мысалы, *өмір, тағдыр, бақыт, махаббат, несібе, ырзық, зашықтық* т.б. көптеген зат есім нәрсе (денотат) түрінде емес, ой-сана арқылы ұғынылатын сигнификат сипатында болады.

Олай болса, студенттермен жүргізілетін әдістемелік жұмыста денотаты «бар» зат есімдерді *деректі зат* есімдер, ал денотаты «жоқ» зат есімдерді *бейдерек зат* есімдер абстракті деу орынды көрінеді.

Зат есімдерді бұлайша денотаттар мен сигнификаттар тобы деп екі үлкен топқа бөліп қарауымыздың ортологиялық тұрғыдан өзіндік принципті мәні жоқ емес. Деректі зат есімдерге көптік қосымшасының жалғануының өзіндік ерекшеліктері бар да, ал бейдерек зат есімдердің көптік қосымшасы мен түрленуінің өзіне тән өзгешеліктері бар.

Деректі зат есімдерге көптік жалғауы талғаусыз жалғана береді, мысалы, *қой – қойлар, қоян – қояндар, терек – теректер, қайың – қайыңдар, үй – үйлер, көше – көшелер, орындық – орындықтар, терезе – терезелер* т.б.

Бұндай атау сөздердің екі түрлі сипаты бар. Бірінші, ой-санада *қой, терек, үй* жалпылауыш мәнде болады, яғни *қой* қорадағы немесе отардағы *қой* емес, жалпы *қой* атаулыға қатысты ұғынылады. Сондықтан ұғым ситнификат түрінде болады. *Терек, үй* де осы тәрізді ойтанымдық бірлік ретінде ұғынылады. Осындай атаулардың жалпылауыш сипатын грамматикалық көптік мағына деп түсінуге болмайды. Мысалы, *қой – аша тұяқты, жүні қалың төрт түліктің бірі* десек, бұл жерде *қой* атауы грамматикалық көптік мағынаны білдіріп тұрған жоқ. Күллі *қой* атаулыға тән ерекшелікті танытып тұр. *Қой түлігі жусан, көкжусанды сүйсініп жейді* десек, *қойдың* көптігі емес, жалпылама *қой* түлігіне тән ерекшелікті аңғартады. Тілдегі лексикалық бірліктің (*қой*) сөз қолданыстағы референті бұл жерде ұғыммен сәйкес келіп тұр. Тілдік лексеманың референті ұғыммен сәйкес келіп, жалпылауыш сипатта болғанда оған көптік қосымшасы жалғанбайды. Мысалы: *қойдың биязы жүні аса бағалы (қойлардың емес)*. Ал *қойларыңды ащылатып жайып ал* десе, тілдегі лексикалық бірліктің (*қойдың*) сөз қолданыстағы референті көптік қосымшасы арқылы бірнеше *қойға*, сондай-ақ өмірдегі нақтылы бір (отардағы) *қойларға* қатысты айтылған. *Қойың күйлі екен* десек, жекелік, ал *қойларың күйлі* екен десек, көптік мағынада жұмсалып тұр. Тілдік лексеманың сөйлемдегі референті бұл жерде ұғымды (сигнификаты) емес, яғни жалпылауыш сипатта емес, нақты, деректі сипатты (денотатты) меңзеп тұр.

Тілдік лексеманың сөйлемдегі референті ұғымды емес, деректі зат, нәрсе, құбылысты айқындап тұрса, оған көптік қосымшасы жалғанып, нәрсенің, заттың, құбылыстың көпше түрін, ал көптік қосымшасынсыз айтылса, жекеше түрін білдіреді.

Көптік қосымшасы ұғыммен өзара байланысты жаппай бейдерек зат есімдерге жалғанбайды: мысалы, *игіліктер, қуаныштар, бақыттар, өмірлер* деу дұрыстыққа жатпайды. Объективті дүниеде бұндай атаулардың денотаты жоқ. Ал жалғанған жағдайда дерексіз ұғымның (өмір, қуаныш т.б.) көптігін емес, сол ұғымға қатысты субъектінің бірнешеу екенін, көп екенін білдіреді. Мысалы: *Қуаныштарың құтты болсын, мерекелеріңмен құттықтаймын, бақыттарың баянды болсын, игіліктеріңе ұстаңдар* дегендегі көптік қосымшалы сөз субъектінің көптігін білдіреді, яғни көптік тұлғалы сөз бірнеше субъектінің референті болып табылады.

*Адам өмірі бір қуаныш, бір қайғыдан тұрады; бақыт ынтымағы жарасқан үйге барады* дегендегі *қуаныш, қайғы* ұғымының референті бұндай жағдайда көптік қосымшасының аталмыш атауларға, яғни ұғымның референтіне жалғанбайды. *Қуаныш, қайғы, бақыт* атауларының ақиқат дүниемен тікелей емес, жанама байланыста болады.

Тілдің лексикалық қорында «көптік», «молдық» семантиканы білдіретін *арқилы, аркелкі, көптеген, аралуан, әртүрлі, қилы, бірнеше, едәуір* тәрізді біралуан сөз бар. Бұндай семантикалық топтағы сөздермен тіркесе келгенде, зат есімге көптік қосымшасы жалғанбайды. Сөз жұмсау тәжірибесінде бұл заңдылық кейде сақтала бермеуін ортологиялық нормадан жөнсіз ауытқуға жатқызамыз. Өйткені *көптеген кітаптар, қилы замандар* деу көптік жалғауын үстемелеу басы артық қолданыс болып

<sup>1</sup>E.S. Kasenov

University of foreign languages and business career<sup>1</sup>

## STYLISH USE OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE POETRY GHALI ORMANOVA

*Abstract*

This article considered the individual features of the use of phraseological units and phraseological phrases in the poetry of Gali Ormanov. It shows the skill, diversity, wealth, as well as the artistic phraseology that reveal the life experience of the poet in the paradigm of the characteristics of national knowledge, only his inherent view of the world when interacting with the surrounding society. In the poetry of Gali Ormanov, there are many phraseological units and phraseological phrases taken directly from the depths of the national wisdom, but also specific examples associated with individuality of the poet, entirely new phrases, in which his personal stylistic skills are emerging. The attractive power of Gali Ormanov's poetry, the internal energy of the individual and individual phraseological phrases, reinforce the meaning and emotional coloring of his poetry, and also contributes to the national treasury of the Kazakh language.

**Key words:** the national language, stylistic use of phraseological units artistry, conversational speech, life opyt.

МРНТИ 16.21.41

А.Ж. Қобланова <sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## КӨПТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕЛІК ТҰЛҒАДАҒЫ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ РЕФЕРЕНЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

*Аңдатпа*

Қазақ тіл білімінде референция теориясына сүйеніп жазылған арнайы зерттеу жоқтың қасы. Ал шешімі даулы көрінетін, қиындық келтіретін кейбір мәселелерді референция теориясы бойынша айқындауға болады. Солардың бірі, атап айтқанда көптік және жекелік тұлғадағы зат есімдердің объективті дүниелермен байланысты референттерін анықтау болып табылады.

Бұл мақалада көптік/жекелік категориясының семантикалық қырлары әралуан болып келетіні, оның себебі аталмыш категорияның объективті дүниемен байланысты екені айтылады. Көптік тұлғадағы сын есім, есімше сөздер субстантивтенеді, ал сан есім мен мезгілдік үстеуге жалғанған көптік қосымшасы көптік мағынаны емес, болжалдық семантиканы білдіреді. Осымен байланысты көптік тұлғалы сөздердің референциясының күрделі екені талданып көрсетіледі. Сондай-ақ бұл мақалада белгілі бір атау сөз денотаттық мағынаның референті болған жағдайда көптік тұлғаның талғаусыз жалғанатын ерекшеліктері, ал атау сөз сигнификативтік мағынаның референті болып жұмсалғанда оған көптік қосымшасының жалғана бермейтін өзгешелігі айқындалды. Көптік және жекелік тұлғадағы зат есімдердің референциялық ерекшеліктерін айқындап, жүйелеу оларды жоғары мектептердегі білім беруде және әдістеме жұмыстарында пайдалану студенттердің филологиялық танымын тереңдете түседі. Студенттермен өткізілетін аудиториялық жұмыстарда пайдалану үшін тілдік фактологиялық материалдың әотүрлі типі қамтылды.

**Түйін сөздер:** референция, референт, ортология, тілдік норма, көптік мағына, жекелік мағына, денотат, сигнификат, орфограмма, грамматикалық мағына, грамматикалық категория, семантика, лексема.

Көптік және жекелік категорияларының грамматикалық көрсеткіштері, олардың мағыналары мен семантикалық ерекшеліктері белгілі ғалым А.Ысқақовтың еңбектерінде [1], А.Данияровтың арнайы зерттеуінде [2] айтылып талданған болатын. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында көптік жалғауының мән-мағыналары ашылып, ерекшеліктері тұжырымдала сипатталған [3]. Дей тұрғанмен, референция теориясы тұрғысынан алғанда көптік және жекелік тұлғадағы сөздердің ерекшеліктері толық ашылды деуге болмайды. Шындық өмірдегі немесе ойдан шығарылған қиял дүниесіндегі зат, құбылыс, объект т.б. тәрізділердің сөз, сөйлем түрінде берілуі тіл ғылымында *референция* деп, ал белгілі бір тілдік бірліктің бізді қоршаған ақиқат дүниедегі зат немесе құбылысқа қатыстылығы *референт* деп аталады [4].

Қазақ тілінде құрылымы мен құрылысы, формасы мен мазмұны жағынан күрделі, семантикалық топтары әр алуан ұғымға бай сөз табының бірі – зат есім. Басқа сөз таптарынан гөрі зат есімді тілдің ақиқат дүниемен тікелей байланыстыратын дәнекерлер деуге болады. Өйткені, айнала дүниедегі, қоршаған ортадағы күллі зат, құбылыс атаулының тілде меншікті таңбасы бар. Тілде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, Жер мен Аспан әлемі түгелге жуық қамтылған деуге болады, яғни заты бардың

Тамшысын жолға талшық қып.

Тамсана жұтып кетейін!...

Мұнда қанша құмартса да, кетерде тамшысын ғана «тамшыны талшық қылу», «тамсана жұту» сынды авторлық фразеологизмдер орын алған. Сондай-ақ ақын өлеңдерінен мынадай фразеологизмдерді де кездестірдік:

Оқуда таптым ұямды,

Жаныма кеңес жар болып.

Қадырсыз басым сайланды,

Жайына қалды бар қорлық.

Ғажайып ақын жастығың

Қабағын шытпай тұр күліп. («Ағалық тілек»)

Қабағында мұз сақтап

Жатыр еді өзгені... («Жазғытұрым»). Міне, бұл жолдардан ақынның

фразеологизмдердің құра-мындағы сөздерді орындарын ауыстырып қолдану ерекшелігін аңғарамыз. Бұдан ақынның фразеологизмдерді қолдануындағы басқа ақын-жазушыларға ұқсамайтын өзіндік даралығы да байқалады. Ақынның фразеологизмдерді өлең мазмұнына сай қолданылғаны және сыртқы формасына да үлкен талғампаздықпен қарағаны байқалады. Ақын өз шығармаларында фразеологизмдерді молынан пайдалана отырып, шығарма тіліне мәнерлегіштік, бейнелегіштік әр берген.

Түйіндей келгенде, Ғали Орманов поэзиясындағы фразеологизмдердің қолданылу мәселесін қарастыру тек осы суреткер шығармаларын зерттеуде ғана емес, жалпы көркем шығармадағы тұрақты тіркестердің ерекшелігін тануға мүмкіндік береді. Ғали Ормановтың ақын ретіндегі өзіндік даралығын тануға да жол беретіндігі талас тудырмайды. Демек, Ғали Орманов поэзиясы – сөздердің қарапайым тізбегі емес, ұлт тілінің көркемдігін, әсемдік әлемін, дара дүниетанымын танытатын мазмұнға ие құнды поэзия.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

2 Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы: Санат, 1995. – 144 б.

3 Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ана тілі, 1992.

4 Айтбаев Ә. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы: Ғылым, 1975. – 228 б.

5 Сыздық Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

6 Қожасметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1972. – 109 б.

Е.С. Касенов

Университет иностранных языков и деловой карьеры

**СТИЛИСТИЧЕСКОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ**

**В ПОЭЗИИ ГАЛИ ОРМАНОВА**

**Аннотация**

В данной статье рассматриваются индивидуальные особенности использования фразеологизмов и фразеологических оборотов в поэзии Гали Орманова. В ней показано мастерство, разнообразие, богатство, а также художественность фразеологизмов, которые раскрывают жизненный опыт поэта в парадигме особенностей национального познания, только ему присущий взгляд на мир при взаимодействии с окружающим обществом. В поэзии Гали Орманова существует множество фразеологизмов и фразеологических оборотов, взятых непосредственно из недр национальной мудрости, но также приведены конкретные примеры, связанные с индивидуальностью поэта, совершенно новые словосочетания, при котором вырисовывается его личное стилистическое мастерство. Притягательная сила поэзии Гали Орманова, внутренняя энергия приведенных индивидуальных фразеологических оборотов, усиливают смысл и эмоциональную окраску его поэзии, а также вносят вклад в национальную сокровищницу казахского языка.

**Ключевые слова:** национальный язык, стилистическое применение, художественность фразеологизмов, разговорный язык, жизненный опыт.

**Сыр шерту** – «көңіл құпиясын ашу» деген ұғымды білдіреді. Яғни, ақын туған жеріне сырын шертуде.

«Жасармыз бірге» өлеңінде:  
Өзім де оны ойладым қанша,  
Өмірге жаңа оралған жанша.  
Сүйеніп иық, жүрекпен сүйіп,  
Жарасқан қалай жанымыз сонша!..

**Иық сүйеу** – «селбесу, екі жақ бірігіп әрекет ету, бір-біріне көмек беру, демеу болу» мәнінде жұмсалып тұр. Ғ.Орманов осы өлеңде *иық сүйеу* тіркесінің орнын ауыстырып, **сүйеніп иық** тіркесін шебер қолдана білген. Бұл өлеңде барлығымыз бір-бірімізге арқа сүйеп, қол ұшын беріп, бірлікте өмір сүргендігі және келешекте солай болуы керектігі туралы ой тастайды. Бұл тіркестер өзі тұрғанда-ақ бір образдылыққа жақын тұратын болса, ақын қолданысында олардың мағынасы жаңара түседі. Р.Сыздықованың айтуынша, «... белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып-тану ерекше орын алады[5 б.]. Осы пікірді басшылыққа ала отырып, қаламгердің көктем мен күз мезгілдеріне қатысты туындыларындағы тұрақты тіркестерге талдау жүргізуге болады. Мысалы, «Күзгі сырдан» өлеңінің:

Қарайды терек тоңып, қалтырап тал,  
Жамылып сары ала тон жатыр қаптал.

Өзгерген орман өңі бояуы оңып,

Лаулаған өрт секілді жапырақтар – деген жолдарында **«тон жамылу»** тіркесі көрініс тапқан. «Жамылу» сөзі бірде *арам, бұзық ниетін бүркемелеу* ұғымын берсе, мұнда *жаңа түске боялу, жаңа реңк алу* деген мағынада жұмсалып тұр.

Автор кейде танымал фразеологизмдердің құрамындағы сөздерді басқа сөздермен ауыстыра отырып, характер жасауда шебер қолданылады. «Адам образын жасауда мінездеудің алатын орны ерекше. Әрине, бұл тілдік құрал арқылы іске асады. Көздеген нысанаға дәл тигізетін эмоциялы бояуы күшті, айырықша мәнде сипаттама беретін тілдік тәсілдердің көмегімен жазушы адам мінезінің толып жатқан қыр сырын, оның ішкі жан дүниесін, портретін, жағымды не жағымсыз әрекетін бейнелейді, не кейіпкерлерді ажуа-сықақ, ирониялық тұрғыдан көрсетеді. Айрықша эмоционалды-экспрессивті мәнде мінездеме беру мүмкіншілігі әсіресе, фразеологиялық тіркестерде мол», - деп көрсетеді [6, 57 б.]. Мысалы, ақынның «Қасымға хат» өлеңінің:

Ел үшін ер қажы ма күйсе-жанса,  
Елей ме өнебойын жалын шалса!  
Қолыңда қалам найзаң қалт етпепті,

Қан жауған қабағынан батырларша! – деген жолдарында тіліміздегі «қабағына қар жауу», яғни «ашулы», ызғарлы» деген ұғымдағы фразеологизм ақын туындыларында *«қабағынан қан жауу»* түрінде қолданылса, *«көзінің сорасын ағызу»* фразеологизмі өзгертіліп, *«сақалынан сорасын ағызу»* түрінде қолданылады. Автордың осы тәсілге баруы да тегін емес. Мұның әрбіреуінде белгілі бір стильдік мақсат жатыр. Автор осылайша дағдылы фразеологизмдерді өзгерту арқылы оқырманның назарын ерекше аудартуға тырысқан. Әрі жазушы мұнда кез келген сөзді ауыстырмайды, мағыналық жағынан жақын сөздерді алады. **«Қабактан қар жауу»** тіркесінің құрамындағы **қар** сөзін **қан** сөзімен ауыстыру өте оралымды шыққан. Себебі, фразеологизмнің берер *«ызалы, қатулы, ашулы»* мағынасы «қан» сөзі арқылы қоюланып, қалыңдай түскен.

Ақын жалпыхалықтық тілде қолданылатын кәнігі фразеологизмдердің құрамындағы тілдік бірліктерді жекелеген сөздермен ауыстыра қолданып, басқаша мағына тудырады. Мысалы, тіліміздегі «асықша үйіру» тіркесі ақынның:

Қойтасты қағыстырып, допша үйіргем,  
Қайратпен малтадай ғып тас мүжігем,  
Бойыма табиғаттың берген күшін

Билеген адамзат жоқ өзім білген! – деген жолдарында допша үйіру

болып қолданылған. Осы жолдардағы **«малтадай ғып тас мүжу»** тұрақты тіркесі авторлық фразеологизм.

Ғ.Ормановқа тән авторлық фразеологизмдерді ақынның «Жол аузында» өлеңінен де кездестіруге болады. Мысалы,

Сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической и семантической многоплановостью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли» [1, 202 б.]. Демек, академик-ғалымның пайымдауынша, фразеологизмдер – бейнелі ойлаудың жемісі.

Фразеологизмдердің көркем әдебиет тіліндегі маңызы мен рөлі туралы Х.Кәрімов мынадай пайымдау жасайды: «Әдеби шығарма тілін көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар тілдегі бейнелі экспрессивті-эмоциялы бояуы қанық амалдардың қатарынан орын алады. Олар – ұлттық психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» [2, 134 б.]. Ғалымдардың «бейнелі ойлау» деп көрсеткен фразеологиялық тіркестер қазақ әдебиетінде орны ерек ақын Ғали Орманов поэзиясында молынан ұшырасады. Атап айтар болсақ, ақын халықтың фразеологиялық байлығын өзіне ғана тән шеберлікпен қолдана білген.

Ахмет Байтұрсыновтың: «Сөз өнері адам санасының жетілуінде. Көңілге тірелетіндігін айта келіп, тілдің міндеті арқылы аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше жарату», – деген пікірін ескерсек, ақын көркем туындыда ұлттың фразеологиялық байлығын шебер қолданыла отырып, жетілдірді, дамытты [3, 83]. Мысалы,

Жарбиған жаман тон-тымақ,  
Жабысып кетті үстімде.  
Жанайын деген бір шырақ,  
Жалтылдап кетті ішімде.  
Сағыныштан сарғайтып,  
Сары белден таң атты.  
Сахарада шалқайып,  
Сарғая бір жол жатты.

Осы шумақтар ақынның нұрлы әлемін елестетеді. Өлең шумақтарындағы «жалтылдап кету», «сағыныштан сарғаяу» тіркестерін ақын ауыспалы мағынада шебер қолдана білген. Мұндағы «сағыныштан сарғаяу» – зарыға күту деген мағынаны берсе, «жалтылдап кету» тіркесі үміт отының жануы ұғымын білдіріп тұр.

«Қай елдің, қай жазушының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни, қаламгерлердің қай-қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім» [4, 41 б.]. Мысалы, ақынның «Егін толқын» өлеңінен халықтық сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан мынадай фразеологизмді кездестіруге болады:

Еңбектің алабына түрсен құлақ  
Тынбайды бір қоңыр күй, әсем ырғақ.  
Толтыра тонналарды сықап тиеп,  
Түндер қош, өтіп жатыр күн жымындап. Бұл жерде «құлақ тұру» –

көңіл қойып тыңдады, зейін қойды, елеңдеді, елегзи тыңдады, құлағына құйып алды деген мағынаны білдіреді. Ал «Бетпақ дала» дастанынан алынған:

Тарбиған тарғыл сексеуіл  
Тамыры құсап даланың.  
Талықсып жатты ұзақ жыл,  
Тыныстап «ашпай қабағын» – деген жолдағы «қабағын ашпау» –

мұңаю, түнеру, көңілі түсу деген мағында қолданылып тұр. Осы өлеңнің:

Құшағын жайып замана  
Күлімдеп соған төнгендей,  
Құлазып өткен кең дала

Қуанып жатыр кеудемдей! – деген жолдарындағы құшағын жаю, күлімдеп төну сынды тұрақты тіркестерді кездестіруге болады. **Құшағын жаю** – шын ықпалы түсіп, кең пейілмен қарсы алу тіркесі қолданылады. «Ақсайым» деген өлеңінде де фразеологиялық тіркестер молынан кездеседі. Мысалы,

Сайрандап салқын саянда,  
Жаным бір байып қайтармын.  
Сырымды шертіп маңайға,  
Жырымды талай айтармын.

«Жалғыздық» концептісіне үнсіздік, тыныштық, қараңғылық, жұтандану, түс, сөну, өлім сияқты теріс коннотациялы бейнелілік тән екені атап көрсетіледі.

Мақалада келтірілген талдауда орыс халқының санасында «жалғыздықтан» ұғымы, оның ішкі әлемі, және жоғары әлеуметтік маңызға ие екенін аңғарамыз.

**Түйін сөздер:** тұжырымдама, жалғыздық, эмоционалды, тілдік сана, эмоция, күй, теріс қатынас, кері эмоциалар.

G.A. Kazhigaliyeva, Sh.Ybyraeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University

## THE CONCEPT OF LONELINESS IN RUSSIAN LANGUAGE CONSCIOUSNESS

### Abstract

The article deals with the reflection of "loneliness" concept in the Russian language consciousness. On a material of Russian proverbs, of phraseology, epithets and entries are analyzed semantic, functional, emotional and ethno-cultural components of the concept.

The article defines the conceptual core of "the loneliness of the concept, which is characterized by such basic features as separate from other similar, having no family, relatives, loved ones, occurring without the other, does not have like-minded associates. It is determined that in the minds of Russian culture media loneliness is associated with a variety of negative phenomena: the grief, despair, anguish. Actualized some "lack of communication with others", "unsociable", "uselessness".

The concept of "loneliness" is a reflection of the idea of the necessity of the marriage tie, a single man or single woman considered a deviation from the norm and conceptualized as a flawed, defective.

The above article shows the analysis, so that the concept of "loneliness" in the minds of the Russian people connected with the comprehension of the very nature of man, his inner world, and has a high social value.

**Key words:** concept, loneliness, emotional, linguistic consciousness, emotion, status, negative attitudes, negative emotions.

## ҒТАХР 16.21.49

Е.С. Касенов<sup>1</sup>

*Шет тілдер және іскерлік карьера университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## Ғ.ОРМАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚОЛДАНЫСЫ

### Аңдатпа

Мақалада ақын Ғали Орманов поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестерінің қолданылу ерекшелігі қарастырылған. Ақын қолданысындағы фразеологизмдердің ақынның өзіне ғана тән шеберлікпен қолданылғандығы және олардың ұлт танымымен байланысы сөз болған. Ақын Ғали Орманов поэзиясындағы фразеологизмдер ақынның өмірге деген көзқарасы мен өмірлік тәжірибелерінің бір көрінісі екендігі айтылған. Ақын өлеңдеріндегі фразеологиялық бірліктер бүтін бір ұлттың дүниеге деген көзқарасы, айнала қоршаған ортаға қарым-қатынасы, сондай-ақ халық даналығынан жинақталғандығы да мақалада көрініс тапқан. Сонымен қатар Ғали Орманов поэзиясындағы фразеологизмдердің көркем шығармадағы тұрақты тіркестердің ерекшелігін тануға мүмкіндік беретіндігі нақтылы мысалдармен берілген. Ғали Орманов поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестері тілдік бірліктердің қарапайым тізбегі емес, ұлт тілінің көркемдігін айшықтау құралы екендігі де дәлелденген. Жалпыхалықтық фразеологизмдер құрамындағы тілдік бірліктердің өзге бірліктермен алмастырыла қолданылуы, ақын поэзиясының эмоционалды бояуын арттырып, қазақ тілінің ұлттық қазынасына үлес болып қосылатындығы сипатталған.

**Түйін сөздер:** ұлттық тіл, стильдік қолданыс, фразеологизмдердің көркемдігі, ауызекі сөйлеу тілі, өмірлік тәжірибе.

Дүниенің тілдік бейнесі ұлт өкілдерінің өмірге деген көзқарасы мен өмірлік тәжірибелерін қамтиды. Сондықтан дүниенің тілдік бейнесі фразеологизмдерден, тұрақты тіркестерден, мақал-мәтелдер мен идиомалардан анық көрінеді. Себебі, бұл тілдік қабатта ұлт өкілдерінің дүниеге деген көзқарастары, айнала қоршаған ортаға қарым-қатынасы, сондай-ақ халық даналығы жинақталған. Академик Ә.Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты жинағында фразеологизмдердің қасиеті жөнінде мынадай ой айтады: «Фразеологизмы – весьма сложные лингвистические образования.

спровоцировать суицид. Поэтому в языке существует устойчивое выражение – рекомендация для лечения одиночества: излить душу.

Онтологическая сущность концепта одиночество обусловлена связью с концептами община, мир, человек и др. Это эмоциональный концепт высокой степени абстракции, отражающий многовековой опыт познания человеком эмоциональных переживаний и складывающихся представлений об этих переживаниях.

Содержание концепта одиночество можно сформулировать в виде идеи-понятия: эмоционально-психологическое состояние неудовлетворённости, дисгармонии, влияющее на взаимодействие субъекта с внешним и внутренним миром и порождающее чувства страха, тоски, грусти, страдания, безысходности и т.п. Это состояние не может быть межличностным, оно всегда индивидуально, как интимное переживание. В сознании концепт одиночество представлен в виде концептуальной схемы, содержащей общую информацию о наиболее существенных признаках концепта, связанных со стереотипной эмоциональной ситуацией одиночества. Концептуальная схема может дополняться новыми свойствами. Например, в художественном дискурсе актуальным становится такой признак, как «принадлежность автору-творцу». Концептуальная схема выполняет в работе функцию смыслового каркаса концепта. Для полного разностороннего описания концепта необходимо обращение к множеству различных источников, текстов.

Интерес представляет негативная оценка оставшегося одного мужчины или оставшейся одной женщины. Оценка даётся посредством актуализации ситуации «отклонение от нормы»: женщина без семьи – дом без крыши (пресуппозиция: у дома обязательно должна быть крыша), муж без жены – как без шапки (пресуппозиция: шапка нужна мужчине, чтобы закрыть голову от холода), мужчина без жены, как лошадь без хвоста (пресуппозиция: у лошади должен быть хвост) и т.п.

Пресуппозиции конкретных бытовых ситуаций лежат и в основе следующих выражений: одному ехать – и дорога долга (пресуппозиция: в дороге быстрее идти с кем-нибудь), одна пчела много мёду не натаскает (пресуппозиция: много мёду приносят только пчелиные рои), одной рукой узла не завяжешь (пресуппозиция: узел можно завязать только двумя руками) и т.д. Актуализируются ситуации, в которых одному субъекту (или объекту) справиться с чем-либо невозможно или когда становится некомфортно.

**Заключение.** Таким образом, в пословицах и поговорках актуализируются установки на негативное отношение к одиноким людям, которые осмысливаются как ущербные, неполноценные. Жизнь таких людей также оценивается как ненужная никому.

Одиночество представляет доминантное состояние человека, константно присутствующее как в личном сознании, так и на всей культурной территории этноса. Это один из наиболее осмысленных концептов в русском языковом сознании, что подтверждается многообразием языкового воплощения различных проявлений одиночества как состояния человека. Сказанное позволяет отнести концепт «одиночество» к опорным концептам русской концептуальной картины мира.

#### **Использованная литература:**

- 1 Андабаева Д.А., Авакова Р.А. Языковая картина мира через призму турецких и английских фразеологизмов // Вестник Казахского нац. пед. ун-та. – Алматы, 2015. – № 4 (54). – С. 15 – 18.
- 2 Кузнецов С.А. Большой толковый словарь русского языка. – 1-е изд., – СПб., 1998.
- 3 Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000. – 360 с.

Г.А. Қажығалиева<sup>1</sup>, Ш.Ыбыраева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

#### **ОРЫС ТІЛДІК САНАСЫНДАҒЫ «ЖАЛҒЫЗДЫҚ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Аңдатпа

Мақалада орыс тілді санасында «жалғыздық» тұжырымдамасының қалай көрініс табатынын қарастырады. Мақалдар, фразеологиялық сөздіктер, эпитеттер және жазбалар арқылы семантикалық, функционалдық, эмоционалдық және этно-мәдени компоненттер талданады.

Мақалада «жалғыздық» тұжырымдамасының тұжырымдамалық өзегін анықтайды, онда мұндай негізгі ерекшеліктермен сипатталады: басқалардан бөлініп қалған, отбасы, туыстары, жақындары жоқ, пікірлес серіктері жоқ. Жалғыздық тұжырымдамасының орыс санасында теріс құбылыстарға: қайғы, қасіретке ие екенін анықталды. Өзекті сема «басқалармен байланыс болмауы», «тұйық» болып табылады.

«Жалғыздық» түсінігі неке тең қажеттілігі идеясының көрінісі болып табылады, бір ер немесе бір әйел нормадан ауытқу болып саналады және ақаулы, жетілдірілмеген ретінде тұжырымдама беріледі.



«Концептуальный анализ языка позволяет провести параллели между языком и жизнью, национальным менталитетом, культурной спецификой определенного народа» [1].

**Результаты.** Одиночество: чувство, эмоция или состояние? На основе анализа дефиниций слова «одиночество», а также дискурсивных признаков концепта мы делаем вывод: одиночество может проявляться как чувство, эмоция и как состояние.

Концептуальный анализ русской паремиологии позволил подтвердить ключевой характер одиночества в языковом сознании русского народа.

Лингвокультурологический аспект исследования указывает на то, что в русской культуре связь человека с другими людьми является ценностью. Быть среди своих – желаемая ситуация для русского. И, наоборот, боязнь изоляции – характерное эмоциональное состояние. Отсюда и языковая оппозиция *семья – одинокий человек. Семья воюет, а один горюет* – данная русская поговорка характеризует тяготение русского народа к общинности, к слиянию с другими людьми. С другой стороны, сращенное «один-одинешенек» заряжено эмоционально на сострадание к одинокому человеку.

В языке также вербализуется связь одиночества с другими состояниями и эмоциями. При этом доминируют отрицательные эмоции. Анализ функциональных признаков концепта показал, что его вербализация связана с отрицательными эмоциями.

Компонентный анализ лексического значения слова «одиночества» выявил следующее: в большинстве толковых словарей русского языка одиночество определяется через прилагательное *одинокий* следующим образом: «Состояние одинокого человека».

#### *Одинокий*

1. Находящийся, пребывающий где-либо отдельно от других. Одинокий прохожий. Одинокий дом.

2. Не имеющий семьи, родственников, близких. Одинокий человек, без жены, без детей. Я совсем одинок, никого у меня нет. После смерти мужа осталась одинокой. // Не имеющий друзей, знакомых. Я здесь одинок, никого пока не знаю. В чужом городе обе женщины оказались одиноки и беспомощны. // Имеющий мало общего с окружающими, чуждый им, далёкий от них. В этой компании он чувствовал себя одиноким. Так и прожил жизнь одиноким, никем не понятым.

3. Проходящий, протекающий без других (людей), в одиночестве. Одинокая жизнь. Одинокая старость. Мне нравятся одинокие прогулки. Одинокими вечерами он много читал, размышлял, вспоминал прошлое [2].

#### Одинокий

1. Отделённый от других подобных, без других, себе подобных; без близких. Одинокий домик. В большом городе он чувствовал себя одиноким (нареч.).

2. полн. ф. Не имеющий семьи. Одинокий человек. Комната для одинокого (сущ.).

3. Происходящий без других, в отсутствие других. Одинокие прогулки. II сущ. одинокость, -и, ж. [3].

Таким образом, понятийное ядро концепта характеризуется следующими базовыми признаками: 1) отделённый от других подобных; 2) не имеющий семьи, родственников, близких; 3) происходящий без других; 4) не имеющий единомышленников, соратников.

Образные составляющие концепта «одиночества» представлены в «Словаре эпитетов»: безнадежное, безысходное, величественное, глубокое, глухое, гордое, горестное, горькое, грустное, жалкое, жестокое, жуткое, мучительное, невыносимое, полное, совершенное, страшное, тоскливое.

Данные сочетания показывают, что в сознании русского человека одиночество – это абсолютное зло и поэтому определяется прилагательными, в которых признак проявляется в максимальной степени: совершенное, полное, абсолютное, невыносимое.

Эмоциональное поле концепта, таким образом, включает страдания, грусть, тоску, безысходность, безнадежность.

В поговорках и поговорках выделяется оценочная пресуппозиция: во всех жизненных ситуациях легче коллективу, чем одному.

Одиночество оценивается негативно посредством следующих образов:

*медведь в берлоге, камень у дороги, бирюк, байбак, былинка в поле, перст, перекасти-поле.*

Актуализируются семы «отдельность», «отсутствие связи с другими», «изолированность», «нелюдимость», «ненужность».

**Дискуссия.** Состояние одиночества может стать мотивацией для поиска новой модели поведения человека. Это состояние способно выполнять адаптационную и социальную функции. Выполняя социальную функцию, одиночество может усилить активность человека, а может привести к панике и

Г.К. Исмаилова<sup>1</sup>, С.В. Измайлов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Государственный Университет имени Шакарима города Семей  
**СОВРЕМЕННЫЕ ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ  
НЕОЛОГИЗМОВ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

*Аннотация*

В статье анализируются актуальные тенденции и принципы построения современных лексикографических источников английского языка, включая evidence-based lexicography, принципы иллюстративности и энциклопедичности. Рассматривается понятие «когнитивное значение», которое является приоритетным в построении современных словарных статей и основано на описании слова в связи с его реальным употреблением в языке. Составители словарей выделяют следующие ключевые области, служащие источниками неологизмов: компьютерные и коммуникационные технологии, масс-медиа, финансовая сфера. Одной из причин влияния компьютерных технологий на язык являются изменения в образе жизни людей: Интернет не только служит для работы и поиска информации, но превратился в мощное средство процесса социализации и общения. Данная тенденция продолжает активно развиваться, что позволяет сделать предположение о полном исчезновении бумажных версий словарей через десятилетие. Причины такого подхода являются комплексными: они кроются в технологическом прогрессе, в активном использовании мобильных устройств, позволяющих хранить большие объемы информации.

**Ключевые слова:** неологизм, когнитивное значение, иллюстративный подход, энциклопедический подход.

**МРНТИ 16.01.11**

Г.А. Кажигалиева<sup>1</sup>, Ш.Ыбыраева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский государственный женский педагогический университет,

**КОНЦЕПТ ОДИНОЧЕСТВО В РУССКОМ ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ**

*Аннотация*

В статье рассматривается отражение концепта «одиночество» в русской языковом сознании. На материале русских пословиц, фразеологизмов, эпитетов и словарных статей анализируются семантические, функциональные, эмоциональные и национально-культурные составляющие концепта.

В статье определяется понятийное ядро концепта «одиночество», которое характеризуется такими базовыми признаками, как: отделённый от других подобных, не имеющий семьи, родственников, близких, происходящий без других, не имеющий единомышленников, соратников. Определяется, что в сознании носителей русской культуры одиночество связано с различными негативными явлениями: горем, безнадежностью, мучениями. Актуализируются семы «отсутствие связи с другими», «нелюдность», «ненужность».

В концепте «одиночество» находит отражение идея необходимости брачных уз, одинокий мужчина или одинокая женщина считаются отклонением от нормы и осмысливаются как ущербные, неполноценные.

Языковая репрезентация концепта «одиночество» отражает его образное восприятие, связь с тоской, разочарованием, сумрачным состоянием души, опустошенностью и смертью.

Проведенный в статье анализ демонстрирует, таким образом, что концепт «одиночество» в сознании русского человека связан с осмыслением самой сущности человека, его внутреннего мира и имеет высокую социальную значимость.

**Ключевые слова:** концепт, одиночество, эмоциональность, языковое сознание, эмоция, состояние, негативное отношение, отрицательные эмоции.

**Введение.** Одним из важных лингвокультурных концептов является «одиночество». Как элемент русской концептуальной картины мира он характеризуется тесной связью с национальной культурой, национальным характером и менталитетом народа.

Ценное наследие выдающихся личностей в истории развития казахского языка и литературы характеризует совокупность целостности языка и литературы. Поэзия Танжарыка Жолдыулы является художественной летописью и реальностью не только казахов из разных регионов, а также она несёт в себе познание наследия быта в начале века казахского общества, указывающей на её особенности. Единицы языковых особенностей Танжарыка Жолдыулы включают в себя запас слов, относящихся к казахскому обществу и их житейским вопросам. Лексика произведений поэта многогранна и густа и очень, что в ней ясно познается национально-культурная среда, быт и мировоззрение казахского народа. Понимание языковой картина мира в произведениях поэта способствует рассмотрению наследия в когнитивных и прагматичных уровнях, и позволит в будущем рассмотреть его как языковую личность художественного чтения, а также даёт возможность полностью познать языковую личность.

**Ключевые слова:** языковая личность, картина мира, поэзия, социальная.

Ауыл тұрмысы, халықтың этникалық суреттері де көрінеді:  
Мың артық үстел үсті болғанымен,  
Қой жайып тауда жүрген тастағы күн.  
Тай мініп, ата-ананың қасына еріп,  
Жарысқан айт пенен той, астағы күн...  
Тайынша жайдақ мініп жарысқан күн,  
Сазында көк шоқының алысқан күн.  
Өреден ірімшік пен ұрлап сықпа,  
Жотада жолдастармен табысқан күн...  
Түнде ойнап қырық, отыздан ақсүйекті,  
Уа, қайран тасқа аяқтай қағысқан күн...

Таңжарық Жолдыұлының өз айналасына деген көрқарасы бірнеше қырынан танылады. Біріншіден, көшпелі тұрмыс, үміт бұлыңғыр, санасы сәулесіз, бірақ жүрегі таза ұлтын сол түнектен алаулы тұрмысқа – өркениетке алып шығуға талабы байқалады:

Тағысы болып алдың таудың қазақ,  
Жая мен жалдың дәмін татып қазақ,  
Құзғындай құзар шатқа ұялаған,  
Әр сайға бірден қора салдың қазақ, – (8, 1-кітап, «Кеңес»)

деп көшпелі тіршіліктің шынайы болмысын мейлінше ашып көрсетеді.

Таңжарық қолданған теңеулердің өзі ақынның әлемді көрудегі тілдік бейнесін айқын береді. Ақын теңеулерінде ешкімге ұқсамайтын соны образдар, нағыз ұлттық, этникалық бояулар танылады: («Сұлары еркек қойдың сорпасындай», «Егер де дене болса, қолқасындай», «Өлкесі бәйбішенің денесіндей», «Екі тау екі жақта білегіндей», «Көрінген көк жазықтан көк төбелер – Бейне бір қыз-қатынның емшегіндей», «Жездесін ұрын келген көрген қыздай, Суырлап кіріп, шығып шұнаң қаққан», «Шетен тұр жағасында былқ-сылқ етіп, Байлардың жаңа өспірім мырзасындай» («Іле сипаты»), «Қара сұр, өң порымы тарлан сымал, Секілді серке тұлып, қойған ысқа» («Әбденбайға»), «Аннақ қардай денесі, Тоқпақтай бұлшық жебесі» (Нұптебектің асы) т.б.

Таңжарық бір өлеңінде қолданған теңеулердің қоюлығы ақын тілінің шұрайы мен шырайын, тіл байлығын, сөздік қорын айқын танытады.

Сөздің мағынасының контексте, әсіресе, көркем контексте өзгеріске ұшырап, ауысатындығы жалпыға белгілі жайт. Сөздің тура және ауыспалы мағынасының бір-біріне қатысы салыстырылынып отырған құбылыстардың ұқсастығы, мағына шекараластығы немесе қарама-қарсылығына негізделеді.

Көріктеу құралдарының сөздің жаңа ауыспалы мағынасын жасау мүмкіндігі өте зор. Ақын-жазушылар көркем шығармаларында көріктеу құралдарын көркем образдар, ерекше экспрессияға құрылған сюжеттер жасау үшін қолданады. Ақын-жазушылар шығармаларындағы метафораларды «танымдық, эвристикалық сипат тудыру тұрғысынан дүние бейнесін танытудағы ерекше қасиеттер» [3, 91 б.] ретінде, «тілдік тұлғасын сомдай түсетін негізгі көріктеу құралы» [4, 37 б.] сипатында, «метафораны символмен байланыста қарастыру» [3, 16 б.] арқылы, «ақынның айтар ойын образды жеткізуге қызмет атқаратын тілдік құрал» [3, 18 б.] ретінде саралау соңғы кездері жарық көрген көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарында көрнеді.

Зерттеуші А.С.Сыбанбаева: «Концептуалдық метафора жаңа ұғым «концепт жасауды мақсат ететін метафоралық процестің нәтижесінен туындайды», – дей келіп, «концептуалдық метафора дегеніміз – адам танымында аналогия, ассоциация сияқты ойлау процесі заңдылықтарының нәтижесінде туындаған деректі, дерексіз ұғымдардың атауы, тілде қолданыстағы сөз атауының жаңа лексикалық мағына алуы» [5, 19 б.], – деп қорытынды жасайды.

Ақын тіліндегі метафоралық қолданыстар:

Тісің – төс, тілің балға, көмей көрік,  
Азуды алмастай қып қайраған күн. («Өткен күн»)  
Іленің тауы биік, ені жалпақ,  
Жамылған жасыл көрпе, баста ақ қалпақ.  
Жіберіп екі бұтын екі жаққа,  
Көсіліп жатыр жайға, кеуде шалпақ.  
Көз жетпес бұлдыр кезең, мойғы қашық,  
Ақ мамық желкесінде, кеуде ашақ. («Іле сипаты»)  
Отырмын құйрық қойып осы күнде,  
Үш қырлы қасіреттің шегесіне... («Тұтқыңдалу») «Қасірет шегесі» тың

[2, 44 б.]. Ұлттық діл «белгілі бір халық өкілдерінің ғаламдық бейнесінде жалпы орын алатын, тұрақты болып табылатын, қайталанып отыратын» [2, 11 б.] ғаламның ұлттық бейнесінің жасалуының құралы болып табылады. Бұндай ғалам бейнесі шындық болмысты тану мен бейнелеу барысында пайда болады.

Таңжарық Жолдыұлының шығармаларында ұлттық болмыс пен ұлттың өзіне тән мінез-құлқы айқын көрінеді. Ақын шығармаларында бүгінде нормаланып отырған әдеби тілмен қабат қазақтың тұрмыс-тіршілігінде, салт-санасында, әлеуметтік жағдайында қолданылатын байырғы жалпақ тілі өзінше бір өрнек құрайды, образ жамсайды. Бұл тұрғыдан келгенде ақынның сөз образы – тың, жырлау стилі ерек. Ақын өлеңдерінде шындық сурет мол, затты, құбылысты, адамды, оның мінез құлқын, іс-әрекетін, сын-сипатын, нақты суреттеу басым. Поэтикалық образдар айналаны қоршаған болмыстан алынып, қоғамның өз тіршілігінен хабар етеді. Ең алдымен күн көрісі төрт түлік малға байланған қазақ тұрмысы айқын танылады. Айталық, жылқы жануарға қатысты:

Біздерде жабылық бар жүйріктік жоқ,  
Жарысқа бұрын түсіп сыналмаған... («Естелік»)  
Тағасы бар жылқының  
Тасқа жайма шашасын... («Оқы, жастар, қалам ал!»)  
Ұрт аттай жанған жүрек жарға соғып,  
Қайран күн өлдім десе өршеленген...  
Желдетіп жел атындай, желіктіріп,  
Албырттық бастап жүрген есел биің... («Жасшылық»)  
Жорғаға тиді тиді жұрттың желдігі енді.  
Мінсең, түссең ықтияр ертелі кеш,  
Атыңның кепкен кезі терлігі енді... («Кең заман»)  
Құдай-ау, құдіретіңе қалдым таңға,  
Кез болды мұсылмандар мұндай заңға...  
Сабада қорық етсе, саумал қалар,  
Жетеді ол ішкенмен қанша жанға...  
Бұл күнде арғымақтан жабы озды,  
Бауыршаң тең келерме қара нарға?! («Жұманға»)

Халықтың әлемді көрудегі тілдік бейнесі тұрмыс тіршілігіне қатысты болуы, соның ішінде төрт түлік малдың мінез құлқы, ерекшелігі көрініс табуы әбден заңды. Таңжарық халық ұғымына етене жақын осындай сөз образдарын шынайы қолданады.

Халықтың аңшылық, саятшылық кәсібіне қатысты қолданылған сөз образдары да бір сала. Жер, су, өсімдіктер әлемі ақын тілінде қайталанбас образдар құраған. Олардың жігін ажыратып, тақырыпқа топтастырар болса, қайталанбас тың образдардың мол қорын жинауға болады. Жан-жануар, өсімдіктер әлемі ақын қолданған пейзажда ел тұрмысы мен қабат өріледі. Солардан біреу мысал:

...Жаздықүн көтеріңкі көңіл тасып,  
Мамырлап жағасында аққу мен қаз,  
Жақтырмай жақындасаң қаңқылдасып,  
Балпандап үйрекпенен сары ала қаз  
Ұрысқан кемпір, шалдай мыңқылдасып.  
Таранып қанаттарын қара байлар,  
Күрсініп науқас шалдай ыңқылдасып.  
Әскердей мәш ойнаған сап-сап болып,  
Көкқұтан, тырна көлде сыңқылдасып.  
Жар басы, судың қасы, құрақ шеті,  
Тап-таза қойған шалдай мұртын басып...  
Ән қосып ұлар, бұлбұл, байғыз, көкек,  
Өлеңге жиылғандай сері жатар... («Іле сипаты»)

Таңжарық Жолдыұлы ұстазы Абай дәстүріне зерек шәкірттей өріс береді. Абайда: «кәрі құда - қыс», «қайыршы шал кемпірдей түсі кеткен жапырағынан айырылған ағаш, қурайы» сияқты тілінде адамдар әлемі табиғаттың басқа перзенттерімен астасып, жаңа бейне жасайды.

Б.Д. Жұмақаева<sup>1</sup>, А.Айтуар<sup>1</sup>  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ТАҢЖАРЫҚ ЖОЛДЫҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ»

### Аңдатпа

Қазақ тілінің даму тарихындағы көрнекті тұлғалардың құнды мұралары қазақ мәдениеті, тілі мен әдебиетінің тұтастығын сипаттайды. Таңжарық Жолдыұлы поэзиясы – шет аймақтардағы қазақтың көркем шежіресі, шынайы шындығы ғана емес, ғасырдың басында өмір кешкен жалпы қазақ қауымының да болмыс, ерекшеліктерін танытарлық бағалы мұра. Таңжарық Жолдыұлының тілдік тұлғасының бірліктерінде қазақ қоғамы мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты сөздердің мол қоры бар.

Ақын Таңжарық Жолдыұлы шығармаларының лексикалық қабаты қою: қазақтың ұлттық мәдени ортасы, болмыс, бітімі, тұрмысы, менталитеті, әлемді көруі мен дүниетанымы айқын танылады. Ақын шығармаларындағы «ғаламның тілдік бейнесін» зерделеу мұраны когнитивтік және прагматикалық деңгейлерде қарастыруға, көркемсөз шебері ретіндегі тілдік тұлғаны тануымызға, болашақта тілдік тұлғаны толықтай тануға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** тілдік тұлға, ғалам бейнесі, поэзия, әлеуметтік.

Адам өмір сүретін шынайы орта адам санасында оны қоршаған заттар мен құбылыстар туралы жинақталған білімнен тұратын түсініктер жүйесі түрінде бейнеленіп, жеке адамның ойында өз тәжірибесі мен түйсінуі нәтижесінде, сонымен қатар ұжымдық тәжірибенің әсері нәтижесінде қалыптасқан ғалам бейнесі түрінде көрініс табады. Ғалам бейнесі – адамның танымдық қызметінің нәтижесі, ақыл-парасатының өнімі. Адам санасындағы ғалам бейнесі, шындығына келгенде, оны қоршаған әлемнің өте оңды, идеалды бейнесі. Ғалам бейнесі ұғымын философия, психология, мәдениеттану, гносеология, когнитология, лингвистика ғылымдарының өкілдері қолданады. Бұл ұғым қосымша ғылыми, жалпығылыми, жеке ғылыми, тарихи, тілдік т.б. анықтамалармен нақтыланып, басқа да көптеген ғылыми білім салаларының зерттеу аясынна енген.

Зерттеушілер адамның қоршаған дүниені тануының екі маңызды тәсілін бөліп көрсетеді: 1) адамның күнделікті тәжірибесі мен қайта жасақталып отыратын қызметінің әртүрлі түрлерінің нәтижесінде қалыпты, саналы, эмоционалдық танымы барысында актуалданатын ғалам; 2) шынайы болмыстың бейнеленуі мен ғылыми таным барысында қалыптасқан ғалам. Бұл екеуіне пәк ғалам бейнесі мен ғылыми ғалам бейнесі сәйкес келеді. Сонымен, «ғалам бейнесі» ұғымының негізін адамның дүние туралы түсініктерін зерттеу құрайды.

«Ғалам бейнесі» терминінің тіл білімінде пайда болуына «тілдегі адам» мәселесіне бетбұрыс себепкер болды. Бұл терминге синоним ретінде психологиядан келген «ғалам образы» термині, кейбір зерттеушілердің еңбектерінде «ғалам моделі» терминдері де қатар қолданылып жүр.

Тілдік тұлғаны зерттеу барысында міндетті түрде адам және оны қоршаған дүние туралы түсініктердің жиынтығы ретіндегі ғаламның тілдік бейнесі қарастырылады. Ю.Н. Караулов «ғаламның тілдік бейнесін нақты тілдің толық жиынтықта алынған барлық концептуалдық мазмұны» [1, 246 б.] ретінде қарастырған.

Зерттеушілердің ойынша, ғаламның тілдік бейнесі мен ғаламның концептуалдық бейнесі арасында теңдік белгісін қоюға болмайды. Ғаламның тілдік бейнесі – ғаламның концептуалдық бейнесінің вербалдануы. Ғаламның концептуалды бейнесі – жеке адамның қызметінде белсенді түрде көрініс табатын объектілер туралы ақпараттар жүйесі.

Ғаламның тілдік бейнесі ұжымдық философия, көзқарастар жүйесі болуымен қатар, бір жағынан, әмбебап, екінші жағынан, ұлттық, жекелік өзгешеліктермен боялады. Ұлттық атауы ұлт ұғымымен байланысты мәселелерге жан-жақты келуді қажет етеді. Ондай мәселелердің қатарына ұлттық діл мәселесі де кіреді. «Ұлттық діл дегеніміз – ұлттың когнитивтік стереотиптерінің жиынтығымен анықталатын шындық болмысты түсіну мен қабылдаудың ұлттық тәсілі. Бір жағдай (ситуация) әртүрлі ұлттық діл шеңберінде әртүрлі қабылдануы мүмкін. Ұлттық діл көбінесе адамның қабылдау органдарын бір нәрсені көріп, екінші бір нәрсені байқамай қалуға мәжбүр еткендей болып көрінеді»

М.А. Жунисова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**КАШКАРИОВЕДЕНИЕ В КАЗАХСТАНЕ  
(ПО ТРУДАМ М.ТОМАНОВА)**

*Аннотация*

Актуальность работы обусловлено в зависимости от духовного возрождения в Казахстане, анализируются теоритические концепции Мархабат Тomanova по словарью Махмуда Кашкари «Диуани лугат-ит турк» (Словарь тюркских языков, XI век).

Рассмотрены существующие проблемы в сфере казахского языкознания исследования именно по казахской исторической грамматики. В статье а также проанализировано теоритические выводы ученого, автора программы и учебника «Историческая грамматика казахского языка». В зависимости от духовного возрождения статей в словаре Кашкари, грамматическое знание на основе казахского языка исторической грамматику ученого М.Томанова формируется теоритическими концепциями соответствующего анализа. В том числе казахского языка исторической грамматике, исторического элемента, а это означает, что историческое и грамматические формы их грамматическая интерпретации казахскими философами специальных учебников и автор программы М.Томанова словарь Махмуда Кашкари исследование было проанализированы результаты теоритических трудов. Происхождение слов казахского языка и использование языка в связи с этимологической точки предка Кашкари в ходе анализа слов и понятий.

**Ключевые слова:** историческая грамматика, история казахского языка, грамматический концепт, исторический элемент, этимология некоторых слов, диахронический анализ с языками письменных памятников.

М.А. Zhunisova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abay

**KASHKARIAN CONDUCT IN KAZAKHSTAN  
(ON THE WORKS OF M. TOMANOV)**

*Abstract*

The urgency of the work is conditioned by the spiritual revival in Kazakhstan, the theoretical concepts of Markhabat Tomanov are analyzed according to the dictionary of Mahmud Kashkari «Diyuani lugat-it Turk» (Dictionary of the Turkic languages, XI century).

The existing problems in the sphere of Kazakh linguistics are studied precisely according to the Kazakh historical grammar. The article also analyzes the theoretical conclusions of the scientist, the author of the program and the textbook «Historical grammar of the Kazakh language». Depending on the spiritual revival of the articles in the dictionary of Kashkari, grammatical knowledge on the basis of the Kazakh language, the historical grammar of the scientist M.Tomanov is formed by the theoretical concepts of the corresponding analysis. Including the Kazakh language of historical grammar, the historical element, and this means that the historical and grammatical forms of their grammatical interpretation by Kazakh philosophers of special textbooks and the author of the M.Tomanov's dictionary of Mahmud Kashkari's dictionary study analyzed the results of theoretical works.

**Key words:** historical grammar, the history of the Kazakh language, the grammatical concept, the isthocratic element, the etymology of some words, the diachronic analysis with the languages of written monuments.



«Махмуд Қашқаридың «Диванында» йувға – бой ұсынған, бағынған» - деп түсіндіріледі. Сонымен бұл фактілер жуас сөзінің жұмсақ сын есімімен түбірлестігін көрсетумен бірге, оның тарихи құрамы жу+(а)с екенін де дәлелдейді» [2, 84].

М.Қашқаридың жоғарыда аталған сөздігі мақала авторының 1998 ж. аталған кандидаттық диссертациясының тікелей нысаны болды. Қазіргі таңда осы ескерткіш негізінде «Тіл тарихы: етіс категориясы» атты монографиясы төртінші рет толықтырылып жарияланған (2006, 2008, 2014, 2016). Монографияның соңғы нұсқасы ғылыми картотекасымен ерекшеленеді. Онда ескерткіштерде берілген етіс категориясының түрлеріне қатысты мысалдар әліппелік тізіммен берілген [11].

Монографияда «М.Томанов «Етіс формаларының дамуы» деген тақырып бойынша М.Қашқаридың айтқан кейбір пікірлерін келтіре отырып, оның жазған мысалдарына шолу жасайды. Қайсыбір етіс түрлерінің «Диуанда» қолданылу тәсілі қазіргі қазақ тілінің говорларында да ұшыраса беретін орындарын көрсетеді: шығындық (шықты), болынды (болды). Ол: «қазақ тілінде майланды, тазаланды, әдеміленді, сыланды, безенді, т.б. етістіктер өздік етіс мәнін де, ырықсыз етіс мәнін де береді» - пікір білдірген болатынбыз [11, 15]. Осы тарихи элементтердің тіліміздің говорларында әлі де қолданыста екені анық. –н жұрнағының атқаратын қызметін түсіндіруде дәл алынған мысалдары қолмен қойғандай етіп түсініктеме беруі грамматикалық құрылысымызда күрделі құранды аталған жұрнақтарды ажырата алуға нақты жол ашаып келеді.

«М.Томанов былай деп жазады: д, р дыбыстары тарихи тұрақсыз дыбыстар деп аталатын сөздер қазақ тілінде аса көп емес: беркіт//бекіт [11, 62-63]. Бірақ тарихи тұрғыдан алып қарағанда, р түсірілу арқылы қалыптасқан фактілер едәуір ұшырасады» [11, 81]. Тілімізде редукцияға ұшыраушы осындай дыбыстардың тілдің үнемдеу заңына байланысты түсіп қалатындығы жөніндегі тарихи грамматикамызда бірнеше ірі-ірі ғылыми еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болғаны айтпаса да түсінікті.

Ғылыми жоба жаздыру тәжірибесі жөнінде жазылған мақаламызда: «мақсатқа өзекті проблеманың жаңа концепциясын табу деп анықтама» бергенбіз [12, 204].

Қорыта келгенде, ғалым М.Томановтың өткен дәуірлер материалдары бойынша жасаған ғылыми-теориялық концепциялары келешекте де етістіктің, яғни қимыл, іс-әрекеттердің тарихын зерделеуде де шоқтығы биік екеніне кәміл сенеміз. М.Қашқари сөздігінің қазақ тілінің тарихи грамматикасындағы орнын белгілеуде де М.Томановтың жоғарыда талданған еңбектерінің мәні мен маңызы келешекте қашқаритану ғылымы бойынша ірі ғылыми жобалардың антропоөзекті тіл білімі тұрғысынан қарастырылуына жол сілтейді деген үміттеміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру <https://egemen.kz> (22.05.2017)
- 2 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы (фонетика, морфология). – Алматы: Мектеп, 1981. – 206 б.
- 3 Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. – Алматы, 1965. – I-V том. – 180 б.
- 4 Жүнісова М.Ә. Қазақ тіл білімінде «Түркі тілдері сөздігінің» зерттелуі// II Халықаралық Түркі Әлемі зерттеулері симпозиумы жинағы. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – II том. – 405 б.
- 5 Томанов М.Махмуд Қашғари. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғғ.). – Алматы, 1964. – 153-166 б.
- 6 Томанов М.Махмуд Қашғари. – В кн.: «Великие ученые средней Азии и Казахстана (VIII-XIX вв.)». – Алма-Ата, 1965. – С. 104-187.
- 7 Жүнісова М.Ә. Қазақстандағы Қашқаритану (қазақ тіл білімі бойынша)// «Мемлекеттік тілді оқытудың ұлттық моделі: әлемдік тәжірибе және замануи әдістер» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 27 қаңтар 2017. – 72-76 б.
- 8 Томанов М.Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты туралы. Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). I шығуы. – Алматы, 1972). – 141-147 б.
- 9 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 192 б.
- 10 Томанов М.Етістіктің шақ тұлғаларының қалыптасуы туралы (М. Қашқари материалдарымен салыстыру негізінде). – Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). – 2 шығуы. – Алматы, 1973. – 79-88 б.
- 11 Жүнісова М.Ә. Тіл тарихы: етіс категориясы. – Қарағанды: «Medet Group», 2016. – 234 б.
- 12 Жүнісова М.Ә. Оқушыға қазақ тілінен ғылыми жоба жаздыру жолдары //Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2015. – № 2 (52). – 204-208 б.

ныстағы функционадық грамматиканың да, когнитивтік грамматиканың да алғашқы бейне-сұлбасын жасауда ерекше рөл атқарып келеді.

Елбасының: «Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретіменмаңызды екенін ерекше атаған жөн» деп атағанындай [1], Мархабат Томановтың тарихи грамматика бойынша, соның ішінде Махмұт Қашқаридың ғылыми теориясын қарастыруда тіл тарихын зерттеуші жастарға жарық жұлдыздай жол көрсетері хақ.

Ғалым Ш.Сарыбаевтың зерттеулерге жол ашатын тамаша библиографиялық көрсеткішінде қазақ тіл білімінде М.Қашқари сөздігі жайындағы ғылыми зерттеулердің жалпы саны - 58 еңбекті көрсетеді [3]. Зерттеу барысында осы жарияланымдардың жалпы атаулары тізіліп, тіл білімінің қай саласы бойынша қандай жұмыстар бар екені анықталған еді [4].

Нәтижесінде М.Қашқаридың өмірі туралы мәліметтерді *М.Томановтың екі еңбегі*: 1. Томанов М.Махмуд Қашғари. – Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғғ.) (Алматы, 1964, б. 153-166) [5]; 2.Томанов М.Махмуд Қашғари. (– В кн.: «Великие ученые средней Азии и Казахстана (VIII-XIXвв.)». Алма-Ата, 1965, с. 104-1187) деген еңбектерінен белгілі еді [6].

М.Қашқари еңбегінен алынған мәліметтер қазақ тіл білімінің әртүрлі салаларында зерттеліп, мысалдар берілген [7].

*Фонетикасаласы бойынша М.Томановтың*: Томанов М. «Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты туралы» деген еңбегінде қазақ тілінің тарихи фонетикасында ерекше орын алады [8].

«Тіл тарихын зерттеу ең алдымен салыстыру негізінде құрылады. Салыстыру туыс тілдердің арасындағы айырмашылықты анықтаудың ғана емес, сондай-ақ көне мұралар тілі мен қазіргі тіл арасындағы, бір ғана тілдің құрамындағы «айырмашылықтардың» сырын айқындау» деген нақты ғылыми қадаммен тарихи грамматикамызды жазып шыққан [2, 52].

Ғалым «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған мақаласында: «Махмуд Қашқари оғыз тіліне тән деп көрсететін кейбір сөздердің (әсіресе оларды дыбыстық құрам тұрғысынан қарастырсақ) сол калпында қазақ тілінде орнығып қалғанын байқауға болар еді» деген тұжырым жасаған [2].

Бұдан аңғаратынымыз, ұлттық сананың барлық бөлігінде өз қасиетімен бірге жымдасып жүретін грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категориялар бар. Сол сөз құрылысындағы тарихи элементтердің жиынтығын қарастыру бойынша М.Томанов біздің тіліміздің басқа түркі тілдерімен салыстырыла зерттелуіне жол ашып, «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегін жариялады [9].

*Морфологиясаласы бойынша М.Томановтың*: Томанов М.Етістіктің шақ тұлғаларының қалыптасуы туралы (М.Қашқари материалдарымен салыстыру негізінде) деген мақаласында осы күнге дейін тарихи грамматикамызда Қашқари сөздігіндегі талдаулармен үйлестіре отырып, теориялық тұжырымдар жасаған [10]. Бірнеше тарихи түбірдердің табиғатын ашқандығына көз жеткіздік, олар: *тұйуқ, өгре, шиеле*, йувға.

«Қашқарида: *тұйуқ – тұйуқ қапығ*». Сөйтіп, Қашқари заманында-ақ қимыл есім жасайтын –*ғ* й-ге ауысқан. Қазақ тіліндегі байырғы түбір *ту* дербес күйінде сақталмаған да, оның қимыл есім тұлғасы дыбыстық өзгеріске ұшыраған. Оның өзі де, тіл фактілері көрсеткендей, сол күйінде орныққан. Бірақ бастапқы байырғы түбірдің мәні өзгеріссіз сақталған: *Тұйық су, тұйық кісі, тұйық мінез* – барлығында да жабық, басқа нәрсемен байланыссыз дейтін мән сақталады» [2, 79]. Алматы облысының Кеген аулында, яғни Қашқаридың тулған қаласы Барсығанның қасында қазір Тұйық деген ауыл да бар. Ол ауылдың атауы ономастикалық жағынан тауға барып тірелетін дегенді білдірген, яғни тұйықталған.

«*Өгре* (немесе: үйре) негізі дербес қолданылмаған, онда да: (*өгрэн* – учиться, приобретать) какиелибо навыки... *өгрет* – учить, обучать» [2, 80]. *Үйір, үйрен, үйрет* сөздерінің тарихи болмысында үйірілу, үйір болу жатырғанын дәл мысалдармен өрнектеп түсіндірген.

«Қазақ тіліндегі *шиеле* (шеше алмайтындай етіп байлау) етістігі есім негізді екендігі -*ла* аффиксінен көрінеді. Қашқари: *ол түркек чығды* – ол түйін түйді, *йүкүн барча өзі чығды* – барлық жүгін өзі буды. Сондай-ақ «*чиген* – узда, недоуздок». Бұл фактілерге қарағанда, қазақ тіліндегі етістіктің бастапқы түбірі *шій –ығ//-іг> ій/*, соңғы -*е* қосымша *шійе* негізі мағыналық жағынан «көнерген» де оның үстіне барып -*ла* жалғанған» [2, 80]. *Шиеле, шиеленісті, шиелеп байлау, шиеленіп қалу* сөздерінің астарын анық аңғартып, дәл әрі нақты фактілермен дәлелдеулер береді.

М.А. Жунисова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ. Қазақстан

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАШҚАРИТАНУ (М.ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Аңдатпа

Мақалада Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі, XI ғ.) атты сөздігінің қазақ тіл білімінде зерттелуі қарастырылады. Мақала Қазақстандағы рухани жаңғыруға байланысты Қашқари сөздігіндегі грамматикалық білімді негіз ете отырып, қазақ тілінің тарихи грамматикасын қалыптастырған ғалым Мархабат Томановтың теориялық тұжырымдарын талдаумен өзекті. Соның ішінде қазақ тілінің тарихи грамматикасындағы тарихи элемент, тарихи грамматикалық формалар мен олардың беретін грамматикалық мағыналарын қазақы таныммен түсіндіруші, арнайы оқулықтар мен бағдарлама авторы Мархабат Томановтың Махмуд Қашқари сөздігіне байланысты ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі теориялық тұжырымдары талданған. Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің шығу тарихы мен тілдік қатынаста қолданысын этимологиялық тұрғыдан талдау жасағанда Қашқари бабамыздың сөздері мен тұжырымдарын өзек еткендігін дәлелдей түстік.

**Түйін сөздер:** тарихи грамматика, қазақ тілінің тарихы, грамматикалық тұжырым, тарихи элемент, кейбір сөздердің шығу тарихы, жазба ескерткіштер тілімен диахрондық талдау жасау.

Қазақ тілі – қазақ халқының, қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қызметін атқарып отырған, мемлекет тарапынан арнайы заңмен қорғалған, тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламалары бар, халық қолданысындағы мәртебеге ие тіл. Тіліміз – бір мемлекеттің саяси, экономикалық, қоғамдық, ақпараттық жағдайларын реттеуші негізгі құралы. Қазақ тіл білімі әлемдік лингвистика тарихында өзіндік зерттеу нысаны бар, ғылыми грамматикасы қалыптасқан, дәстүрлі тіл білімі қатарында қарастырылған, қазір қазақ тіл білімінің зерттеу нысандары әлемдік тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша жазылған зерттеулермен толығымен түсуде.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде атап көрсеткеніндей, «Еліміздің әрбір адамы болашақтағы үлкен рухани қоғамды құрайды, сол қоғам тарихының тамыры тереңінен бастау алатын *рухани коды* бар». Елбасымыз рухани жаңғыруды «тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» деп айтқан [1]. Ұлт жадында сақталып, қатталып қағазға түсіп, бүгінгі күндері әлемдік тіл білімінде талай зерттеу еңбектердің тікелей зерттеу нысанына айналған ұлы лингвист бабамыз – Махмұт Қашқаридың энциклопедиялық еңбегінің тілін қарауда қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі жұртының рухани әлеміндегі тілдік білімнің, яғни тіл грамматикасының сипатын аңғару қиын емес. Әрине, XI ғасырға дейінгі ұлы тұлғаларымыздың қалдырған ескерткіштері, қолжазба материалдары қазақ тіл білімінің тарихын жазуда, зерделеуде, зерттеу еңбектерде әр заманның сұранысы бойынша өзінше қарастырылып, өзінше жаңа қырларынан танылып келетіндігі тарихтан белгілі.

Қазақ тіл білімінің тарихи грамматика саласындағы алғашқы еңбектердің бірі болған сөздікті кенестік тарихи грамматика өкілдері де, шетелдік грамматистер де, тіпті қазақ елінің арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізумен шұғылданған ғалымдары да болғаны заңды деп білеміз. Себебі ескерткіштің бойында жазылған грамматикалық пайымдаулар мен тұжырымдар – түркі жұртын он-он бес жылдар бойы жаяу аралап жазылған құнды еңбектер, халқымыздың ауыз әдебиеті, сөйлеу өнері, сөз түбірін түсінуі, сөз саптауы, сөз жүйесі секілді Ұлы Дала халқының сарқылмас білімінің нағыз көрінісін береді. Сөз атасын таныған Махмұт бабамыздың осы сөздігін профессор Мархабат Томанов өзінің «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (фонетика, морфология) деп аталатын оқулығында сөз таптары, түбір, қосымшалардың атқаратын қызметтері, грамматикалық категорияларды талқыға түсіруі жайдан-жай емес. Кеңес өкіметінің уақытында да зерттеушінің түркінің сөзін қарастыруы – тануы, түркі тілдерінің грамматикалық құрылысындағы тарихи элементтерді белгілеуде сақталған дайын өнім ретінде де, сөз төркінін тануда теориялық тұжырымдар мен жаңалықтарға өзек болған еді [2].

Профессор М.Томановтың Қазақстанда Қашқаританудың жолын, жөнін көрсеткені ешбір дау туғызбайды. Ғалымның ерен еңбегі ғылыми грамматикамыздағы құрылымдық қана емес, тірі қолда-

лер жатқызылса, тәуелсіздік кезеңіндегі нақ лингвосаясаттанымдық зерттеулерде антропоэзеттік парадигма шешуші рөл атқарады; 3-ден, психоллингвистика, когнитивистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, шешендік өнер т.б. әдістерінің кеңінен пайдаланылуы байқалады. 4-ден түрлі ғылым салаларының материалдарға жүгіну қалыпты жағдай деп танылуы. Лингвосаясаттану әзірге толық қалыптасып бітпеген жаңа сала болғандықтан оның алдағы уақытта анықталатын белгілерінің болуы заңды. Оны дербес ғылым саласы ретінде талдап, саралау – болашақ еншісінде.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Чудинов А.П. *Российская политическая лингвистика: этапы становления и ведущие направления* // Вестник Уральского государственного педагогического университета. – №1. – Екатеринбург, 2003. – С. 19-31.
- 2 Демьянков В.В. *Политический дискурс как предмет политической филологии* // Политическая наука. Политический дискурс: история и современные исследования. – М.: ИНИОН РАН, 2002. – №3. – С. 32-43.
- 3 Әбілқасымов Б. *Алғашқа қазақ газеттерінің тілі*. – Алматы: Ғылым, 1971. – 182 б.
- 4 Момынова Б. *Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам*. – Алматы, 2005. – 139 б.
- 5 Бүркіт О. *Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі*. – Алматы: Ғылым, 2001. – 270 б.

К.У. Есенова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный педагогический университет им. Абая

### **ЛИНГВОПОЛИТОЛОГИЯ КАК САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ ОБЛАСТЬ НАУКИ**

Аннотация

В последние годы на стыке различных наук возникли и успели сформироваться такие области лингвистики, как социоллингвистика, психоллингвистика, прагматическая, коммуникативная, когнитивная лингвистика. Значение данного процесса возрастает в отношении очень важной области общественной жизни – политической коммуникации. Поскольку к политике как главному признаку государственности любой страны, характерной для нее политической ситуации всегда было приковано внимание народа, лингвисты издавна проявляли интерес к языку СМИ, через которые в первоначальном виде либо выборочно распространялась любая информация, сведения относительно власти. Отдельные вопросы, такие как язык СМИ, политическая лексика, термины политологии стали объектами научных работ различного уровня, а в рамках разнообразных политических событий, имевших место в жизни общества в последние годы, стала ощущаться необходимость в новой междисциплинарной дисциплине. Так на стыке языкознания и политологии возникла новая дисциплина – лингво-политология. Известно, что каждая дисциплина должна иметь собственный объект исследования, свои цель, методологию и понятийный аппарат. Поэтому в статье специально рассматриваются фундаментальные понятия, лежащие в основе лингвополитологии.

**Ключевые слова:** лингвополитология, политический дискурс, политический субъект, адресат, политическая коммуникация, политическая лексика, теория метафорического моделирования, лингвистика текста, ораторское искусство и культура речи.

К.О. Esenova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical university

### **LINGUISPOLITOLOGY AS THE SELF-PROOF SCIENCE**

Abstract

In recent years, at the junction of various sciences, such fields of linguistics as sociolinguistics, psycholinguistics, pragmatic, communicative, and cognitive linguistics have emerged and managed to form. The significance of this process increases with respect to a very important area of public life - political communication. Since the attention of the people has always been focused on politics as the main sign of the statehood of any country, the characteristic political situation for it, linguists have long been interested in the language of the media, through which, in the initial form or selectively, any information or information about the authorities was disseminated. Certain issues, such as the language of the media, political vocabulary, political science terms, have become the objects of scientific work at various levels, and within the framework of various political events that have taken place in the life of society in recent years, there has been a need for a new intersectoral discipline. So at the junction of linguistics and political science a new discipline arose-linguopolitology. It is known that each discipline must have its own object of study, its purpose, methodology and conceptual apparatus. Therefore, the article specifically discusses the fundamental concepts that underlie linguopolitology.

**Key words:** linguopolitology, political discourse, political subject, addressee, political communication, political vocabulary, theory of metaphorical modeling, text linguistics, oratory and speech culture.

мәдениеттану, этнография, этнология т.б. салаларымен тығыз байланыста дамиды. Лингвоясаясаттанудың негізгі пәні – саяси қатысымды дискурс теориясы тұрғысынан зерттеу болып табылады. Осыған қатысты В.В.Демьянковтың көрсетуінше, саяси лингвистиканың зерттеу пәнін 1-ден, саяси дискурстардың синтаксисі, семантикасы және прагматикасы; 2-ден, ол дискурстарды зерделеу модельдері құрайды. Атап айтқанда, мұнда саясаттанымдық мәні бар концептілер атауларының саяси қолданысы қарапайым тілмен салыстырылады [2, 35].

Қорыта айтқанда, ел өміріндегі ең басты және маңызды сала болғандықтан ішкі және сыртқы саяси ахуалға қатысты тіл қолданысын зерттейтін лингвоясаясаттану пәні ғылым дамуының қазіргі кезеңінде маңызды зерттеулер саласы болып табылады және ол әлі қалыптасу үстіндегі жаңа пән болғандықтан өзгермелі сипатта болады. Қазіргі қазақ лингвоясаясаттану ілімінде жекелеген саясаткерлердің танымал мемлекеттік қайраткерлердің тілдік тұлғайы әзірге өз зерттеушісін күтіп тұрған мәселе деуге болады. Сондықтан лингвоясаясаттану саласының шеңбері жылдан жылға арнасы кеңейе бермек.

Лингвоясаясаттану тіл біліміндегі жаңа бағыт деп саналғанымен оның бастауы ретінде мынадай құрылымдық зерттеулерді атап көрсеткеніміз жөн: патшалық Ресейге қарасты қазақ даласында таралған «Дала уәлаяты» газеті сияқты алғашқы мерзімді баспасөз тілін зерттеген профессор Б.Әбілқасымовтың, С.Сапинаның қазақ сөздік құрамының саяси лексика қабатын қарастырған О.Бүркіттің, Б.Момынованың [3, 4, 5] еңбектерінде негізінен публицистикалық стиль мәселелері, газет мәтінінің сөздік құрамы, саяси терминдер жүйесіне назар аударылып, баспасөз тілінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы және нормалаудағы рөлі анықталған. Ал тікелей саяси кеңістіктегі тіл қолданысына, оның тұтынушы тілдік субъект және газеті мәтін адресаты мен адресанты арақатынасы тұрғысынан зерделеу кейінгі антропоэкеті зерттеулердің еншісіне тиді деуге болады. Аталмыш зерттеулерді шартты түрде БАҚ тілінің диахрониялық тұрғыдан зерттелуі және саяси дискурстың тіл – қоғам-саяси кеңістік арақатынасы негізінде синхрониялық тұрғыдан зерделенуі деп екі кезеңге бөлуге болады. Осындағы диахрониялық зерттеулерде дәстүрлі лингвистикалық талдау әдістері қолданылса, синхрониялық зерттеулерде антропоэкетік парадигма басымдық алды. Бірінші топқа жататын еңбектерде газет тіліндегі кірме сөздер, олардың мағынасындағы өзгерістер, жалпы кітаби қазақ әдеби тілінің қалыптасу барысы тұрғысынан қарастырылса, екінші топтағы еңбектерде тіл оны қолдаушы тілдік ұжым, социумдағы экстралингвистикалық факторлар тіл иесі – халықтың дүниетанымы мен ойлау жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері БАҚ кеңістігіндегі көрінісі жан-жақты бағамдалады. Саяси қатысым саласында жүргізіліп жатқан заманауи зерттеулердің айрықша белгісі ретінде оларда алуан түрлі әдіснаманың қолданыс табуын атауға болады. Әсіресе мәдениеттанымға, мәтін лингвистикасына, сондай-ақ шешендік өнер мен сөз мәдениетіне тән әдістердің тиімділігі қазіргі кезде дәлелдеуді қажет етпейді.

Саяси лингвистикада когнитивті лингвистиканың метафоралық модельдеу теориясы барынша жиі қолданылады. Мұнда сөз арқылы ойлау әрекетіне сай сөзжұмсап айрықша ойлау жүйесінің бір көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл бағытты ұстанған субъектілердің авторлары қандай да бір саяси феноменнің метафоралық тұрғыдан метафоралану үлгілерін анықтауға ұмтылады. Социоллингвистикалық тұрғыдан жүргізілген зерттеулерде еліміздегі саяси дискурс ондағы қатысымдық әрекет, мазмұны мен формасы өткен ғасырмен салыстырғанда түбегейлі өзгергендігін, ұғым атауларының мағыналық құрылымдағы өзгерістерді зерттеуде байқалады. Тәуелсіздік кезеңіндегі саясат тіліне, дара стильге ұмтылу, экспрессивтіліктің басымдығы, ой және тіл еркіндігі көзге айқын түседі. Саяси дискурстың өзіндік ерекшеліктері қазіргі әлеуметтік санаға тән концептуалдық бағыттарға сенімсіздік, қауіпсіздік, қалыптасқан ахуалға, қолданыстағы заң дұрыстығына күмәнмен қарау, ұлттық идеяның әлсіреуі сияқты мәселелермен байланыста айқындалады. Зерттеулердің басым бөлігінде мәтінді лингвостилистикалық талдау әдісі қолданылады. Онда дәстүрлі және заманауи шешендік өнердің әдіс-тәсілдері негіз болған жарияланымдар ерекше орын алады. Сонымен, тіл білімінің түрлі салаларынан ауысып келетін әдістер лингвоясаясаттануды белгілі бір дәрежеде байытады. Әрбір әдіс өзге зерттеушілер назарынан тыс қалған тілдік құбылыстар мен заңдылықтарды анықтауға жол ашады. Қорыта айтқанда, қазіргі лингвоясаясаттану саласын сипаттайтын мынадай белгілерді көрсетуге болады: 1-ден саяси лингвистикалық зерттеулерде саясат тілінің жекелеген элементтері сипатталады; 2-ден ондай зерттеулерді хронологиялық тұрғыдан Кеңес кезеңіндегі және тәуелсіздік кезеңдеріндегі еңбектер деп бөлуге болады. Кеңестік кезеңде құрылымдық лингвистикалық зерттеу-

логия, әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, этнография сияқты ғылымдармен тығыз байланыста болады.

Лингвосаясаттанудың зерттеу нысаны – саяси қатысым, яғни қоғамдағы алуан түрлі көзқарастар арасынан билік қабылдаған әлеуметтік саяси шешімдерді негіздеу үшін және ел азаматтарын түрлі саяси әрекеттерге тарту мақсаты мен қандай да белгілі бір идеяларды насихаттауға, сол арқылы қоғамдық санаға әсер ету, жекелеген субъектілерге эмоционалдық тұрғыдан ықпал ету, сөйтіп қажетті қоғамдық келісімді қажетті ыңғайға қалыптастыруға бағдарланған сөйлеу әрекеті болып табылады.

Лингвосаясаттанудың пәнін саяси дискурс құрайды. Онда саяси дискурсқа қатысушылардың сөзжұмсамдық ерекшеліктері және саяси қатысымның нақты тақырыптамасын қалыптастыратын дискурстық тәжірибелер жиынтығы қамтылады, яғни лингвистика тұрғысынан алғанда белгілі бір саяси субъектіге тән саяси қатысым барысында нақты бір талқылауға қажетті тұрақты қолданылатын тілдік құралдар жиынтығы дискурстық тәжірибе деп түсініледі. Жалпы, саяси дискурстың макро құрылымы және микродеңгейлері болады. Аталмыш дискурсты, яғни ондағы сюжеттер ауысымы мен уәждемесін, уәждерді, себептерді т.б. қамтитын макроқұрылымды саясаттану саласы зерттейді. Ал лингвосаясаттану микро деңгейлерді, атап айтқанда саяси дискурстар синтактикасын, семантикасын және прагматикасын зерттейді, сондай-ақ дискурстарды зерделеу модельдерін арнайы қарастырады. Атап айтқанда, саясаттану тұрғысынан маңызды деп саналатын концептілер атауларын, қарапайым сөзжұмсаммен салыстыра отырып саралайды.

Саяси лингвистиканың **негізгі мақсаты** – тіл, ойлау, қатысым, саясат саласындағы субъектілердің және қоғамдағы саяси ахуалдың алуан сипатты өзара арақатынастарын зерттеу болып табылады. Бұл өз кезегінде саясат саласындағы қатысымы адамдардың санасында (сайлаушылар, шенеушілер, депутаттар) саяси шешім қабылдауы барысында әсер етуші негізгі құрал болып табылады. Ондай қатысымы кезінде ақпарат хабарланып қана қоймайды, сонымен қатар адресатқа эмоционалдық тұрғыдан ықпал етеді. Сөйтіп, адам санасындағы ғаламның саяси бейнесін өзгертеді немесе жаңғыртады. Сонымен лингвосаясаттану тұтастай саяси қатысым проблемасымен айналысады, атап айтқанда өзге салалардан ерекшеленетін қатысым белгілерін, саяси сөзжұмсамдағы түрлі жанрлардың (ұран, үнпарақтар, газет материалдары, саяси бағдарламалар, түрлі жиынтықтардағы шаршы сөздер, парламенттегі айтыс-тартыстар т.б.) сипатын және саяси мәтіндердің қолданылу ерекшеліктерін зерделейді. Сондай-ақ белгілі бір ұлт тілі мен мәдениеті шеңберінде алынған жекелеген саяси концептілерді талдау, тарқатуда саяси лингвистиканың маңызды бағытын құрайды. Түйіндей келгенде, лингвосаясаттану пәнінің **негізгі мақсаты** – саяси дискурстың коммуникативті-прагматикалық және когнитивтік қырларын тіл қолданысымен тығыз байланыста алып қарастыру.

Лингвосаясаттану салааралық пән болғандықтан онда саясаттанудың да, жалпы тіл білімінің де жекелеген зерттеу әдістері мен тәсілдері қолданылады. Алайда, саясаттанудан гөрі лингвистикалық әдістемеге басымдық беріледі. Атап айтқанда, жекелеген саяси қайраткерлердің, саяси аренада беделі зор көпшілікке, шетелдерге аты кең жайылған тілдік тұлғалардың ресми сөзжұмсамдық ерекшеліктері, қатысымдық лингвистика және тіл экологиясы, прагмалингвистикалық, социолингвистика, психолингвистика әдіснамасы тұрғысынан талданып, зерделенеді. Біз әсіресе БАҚ-та жарық көрген саяси хабарламалар ретіндегі мәтіндерге прагмалингвистикалық, психолингвистикалық талдаулар жасаймыз. Онда жекелеген тілдік бірліктердің мағыналық аясы өріс теориясы тұрғысынан тармақтала қарастырылады. Яғни, саяси терминдердің және бейтарап атаулардың саяси дискурста атқарып тұрған прагматикалық қызметі оларға артылатын лингво-прагматикалық жүк, олардың мәтін түзуші компоненттер ретіндегі рөлі, мәтінде ашық білдіретін мағынасы мен олар арқылы жеткізілетін астарлы ойды анықтау, саяси тұлғаларға және жалпы ұлтқа тән саяси концептосфера және оны құрайтын концептілер жүйесі қарастырылады. Мұнда негізінен лингвистикалық зерттеу әдіс-тәсілдері кеңінен пайдаланылады. Сондай-ақ лингвосаясаттану саяси қатысымды зерттей отырып, мемлекеттегі тіл саясаты саласына да белгілі бір дәрежеде назар аударатынын айта кеткен жөн. Шындығында, әлеуметтік лингвистика мамандары тіл саясаты мәселелеріне (саясаткерлер тілді барынша тиімді пайдалану үшін не істей алады немесе не істеуі тиіс) қызығушылық танытса, ал лингвосаясаттанушылар әрбір саясаткер тілді қалай, қайтіп, қаншалықты тиімді дәрежеде қолданады деген сұрақтарға баса мән береді. Сонымен, саяси лингвистика қоғамдағы саяси ахуалдың ақпараттық кеңістікте саяси мәтіндер түрінде айшықталуын тіл қолданысы тұрғысынан зерттейді. Негізінен саясаттану мен тіл білімінің тоғысында қалыптасқан ол социолингвистика, прагмалингвистика,

<sup>1</sup>A.A. Hajiyeva

<sup>1</sup>Head of department of Turkic languages Institute of Linguistics National Academy of Sciences of Azerbaijan

### CASES OF THE NOUN IN “DIVAN” OF RUHI BAGHDADI

*Abstract*

The diachronic observation of Morphology of the Azerbaijani language in different periods proved that the grammatical meaning and object of parts of speech, word-forming and word-changing features in Azerbaijani Morphology have always been stable; there aren't so many basic qualitative differences. But in spite of this, it is possible to generally realize the historical morphology of our language as the history of phonetic changes, the history of formation of morphological system. Among the distinguished writers of the XVI c. who worked under the pseudonym Baghdadi, one of the special places is taken by Ruhi Chalabi Baghdadi, who wrote his works in Azeri Turkish. The study of Ruhi heritage from the textual point of view gives it a great opportunity of being learnt from the Linguistic point of view and proves it to be actually necessary. And this is one of the real reasons of considering Ruhi Baghdadi as one of the poets, who used the tender, common and emotional units of folk language with great proficiency and art, and preserving the features of our language have spread them up to now. The literary and characteristic features of Ruhi Baghdadi poems describing the real folk language as a raw material in his “Divan” always attract our attention and are highly appreciated by us. The article deals with the diachronic and synchronic studies of case suffixes in “Divan” by Ruhi Baghdadi.

**Key words:** Ruhi Baghdadi, “Divan”, the Noun, Case Suffixes.

ГТАХР 16.01.11

Қ.Ө. Есенова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

### ЛИНГВОСАЯСАТТАНУ ДЕРБЕС ҒЫЛЫМ САЛАСЫ РЕТІНДЕ

*Аңдатпа*

Кейінгі жылдары әртүрлі ғылымдар тоғысында пайда болып, қалыптасып үлгірген социологиялық, психологиялық, прагматикалық коммуникативті лингвистика, когнитивтік лингвистикаларды атауға болады. Бұл үрдістің қоғамдағы аса маңызды сала – саяси қатысымға байланысты алғанда мәні арта түспек. Яғни кез келген елдің мемлекеттілігінің басты белгісі – саясат, өзіне тән саяси ахуалы үнемі халық назарында болатындықтан билікке қатысты кез келген ақпарат, мәліметтерді бастапқы күйінде немесе сұрыпталған, сараланған күйінде тарататын БАҚ тіліне тілшілер қауымы ертеректен-ақ қызығушылық танытқан. БАҚ тілі, саяси лексика, саясаттану терминдері сияқты ірілі-ұсақты проблемалар түрлі дәрежедегі ғылыми еңбектерге нысан болса, соңғы жылдары қоғам өмірінде орын алған әр алуан саяси оқиғалар шеңберінде жаңа салааралық пәннің қажеттілігі бой көтерді. Сөйтіп тіл білімі мен саясаттану ілімінің тоғысында жаңа пән – лингвосаясаттану пәні пайда болды. Кез келген пәннің өз зерттеу нысаны, мақсаты, әдіснамасы және ұғымдық аппараты болуы тиіс екені белгілі. Сондықтан мақалада лингвосаясаттану пәні құрайтын іргелі ұғымдар арнайы сөз етіледі.

**Түйін сөздер:** лингвосаясаттану, саяси дискурс, саяси субъекті, адресат, саяси қатысым, саяси лексика, метафоралық модельдеу теориясы, мәтін лингвистикасы, шешендік өнер мен сөз мәдениеті.

Лингвосаясаттануға тіл және саясат проблемаларынан бөлек этнология, әлеуметтік психология, әлеуметтану және басқа да гуманитарлық ғылымдардағы жетістіктер ескеріледі. Салыстырмалы түрде жаңа бағыт болғанымен оны дамыту қоғамда өрістеп келе жатқан саяси қатысым жағдайлары мен шарттарына деген қызығушылықтың артуы өз ықпалын тигізуде. Осымен байланысты лингвосаясаттану тіл мен қоғамның өзара әрекеттестігі, проблемаларымен айналысатын әлеуметтік лингвистика, функционалды стилистика, әсіресе публицистикалық стильге арналған зерттеулер мен шешендік өнердің классикалық және заманауи үлгілері, когнитивті лингвистика және мәтін лингвистикасы сияқты бағыттармен тығыз байланыста дамиды. Жаңадан қалыптасқанымен лингвосаясаттануға да заманауи тіл білімі сияқты тән мультипәндік (түрлі ғылымдар әдістанамасының қолданылуы), антропоэкетілік (тілдік құбылыстарды зерттегенде адам, тілдік тұлға ұғымдарына табан тіреу), саласын барынша кеңейтуге ұмтылу), функционализм (тілді өзінің негізгі қызметтерін орындауы барысында, дискурста, жалпы әрекет аясында зерделеу), экспланатарлық (деректерді сипаттап қана қоймай, оларға түсіндірме беріп, талдау жүргізуге сын ұмтылу) сынды белгілер тән болады [1,6]. Сонымен лингвосаясаттану жеке адамның, социумның және ұлт санасын зерттеумен айналысатын әлеуметтік психо-

Вообще некоторые ученые объясняют употребление винительного падежа вместо родительного определенной связью, существующей между ними [7,62], другие же отмечают более древнюю связь между этими двумя падежами (винительным и родительным) [8,90].

